

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ**

**С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ  
АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**М.Ш.Бауэр**

**МАКРОЭКОНОМИКА**

Оқу құралы

Астана, 2018

УДК 330 (075)  
ББК 65.012.297  
Б 30

**М.Ш. Бауэр** Макроэкономика: Оқу құралы. - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің баспасы, 2018. - 210 б.

ISBN 978-9965-824-59-2

Пікір жазғандар:

**Б.Ұ. Сыздықбаева**– Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Туризм» кафедрасының профессоры, э.ғ.д.

**Ж.А. Анафияева**– С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ «Менеджмент» кафедрасының профессоры, э.ғ.д.

Оқу құралында макроэкономиканың негізгі сұрақтары мен үлгілері жинақы және жүйелі түрде жазылған. Басты макроэкономикалық түсініктер теория жүзінде және кестелер, сызбалар, математикалық функциялар көмегімен түсіндірілген. Әр тараудың соңында негізгі терминдер мен түсініктер, талдау сұрақтары берілген.

Оқу құралы экономистер даярлайтын жоғары оқу орындарының студенттеріне, докторанттарға, оқытушыларға және макроэкономиканы өздігінен оқып үйренушілерге арналған.

Университеттің Ғылыми кеңесінде оқу құралы  
ретінде бекітілді

ISBN 978-9965-824-59-2

© Бауэр М.Ш. 2018

© С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, 2018

## МАЗМҰНЫ

<b>Алғы сөз.....</b>	<b>6</b>
<b>I тарау. Макроэкономикаға кіріспе.....</b>	<b>7</b>
1.1 Макроэкономика пәні және зерттеу әдістері.....	8
1.2 Макроэкономикалық үлгілер. ....	11
1.3 Экзогендік және эндогендік өзгермелілер. Қорлар мен ағындар. ....	12
1.4 Шығындар мен табыстар айналымы үлгісі.....	15
<b>II тарау. Ұлттық экономиканың негізгі көрсеткіштері.....</b>	<b>25</b>
2.1 Ұлттық есеп – шот жүйесі. Жалпы ұлттық өнім және жалпы ішкі өнім.....	26
2.2 Жалпы ұлттық өнімді есептеудің әдістері. Баға индекстері.....	27
2.3 Көлеңкелі экономика.....	34
<b>III тарау. Жалпы макроэкономикалық теп-теңдік «AD-AS» үлгісі.....</b>	<b>37</b>
3.1 Жиынтық сұраныс және оның құрауыштары.....	38
3.2 Жиынтық ұсыныс, оның классикалық және кейнстік үлгілері..	40
3.3 Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың өзара байланысы. AD-AS үлгісі.....	43
<b>IV тарау. Макроэкономикалық тепе-теңдікті анықтаудың классикалық үлгісі.....</b>	<b>48</b>
4.1 Классикалық мектептің негізгі қағидалары.....	49
4.2 Еңбек нарығындағы тепе-теңдік.....	50
4.3 Ақша нарығындағы тепе-теңдік.....	52
4.4 Жалпы тепе-теңдіктің классикалық үлгісі. Экономиканы мемлекеттік реттеу .....	55
<b>V тарау. Тұтыну және қор жинағы.....</b>	<b>58</b>
5.1 Классикалық теорияны Кейнстің сынауы. Тиімді сұраныс теориясы.....	59
5.2 Тұтыну және қор жинағы.....	60
5.3 Инвестиция функциясы.....	72
5.4 Кейнстік үлгідегі тиімді сұраныс және тепе-теңдік өндіріс көлемін анықтау. ....	77
<b>VI тарау. Ақша нарығы.....</b>	<b>84</b>
6.1 Ақша жиыны және ақша агрегаттары.....	85
6.2 Ақшаға сұраныстың классикалық және кейнстік теориялары Баумоль-Тобин үлгісі.....	87

6.3 Ақша ұсынысы. Ақша мультипликаторы.....	92
6.4 Ақша нарығындағы тепе-теңдік.....	93
<b>VII тарау. Тауар және ақша нарықтарындағы тепе-теңдік.</b>	
<b>IS-LM үлгісі .....</b>	<b>96</b>
7.1 Біріккен қос тепе-теңдік. IS және LM қисықтарын құру.....	97
7.2 Баға деңгейі өзгергендегі IS-LM. IS-LM үлгісінен жиынтық сұраныс қисығын құру. ....	102
7.3 Баға тұрақты болғанда IS-LM үлгісіндегі ақша-несие және қазыналық саясат.....	103
<b>VIII тарау. Мемлекеттің фискалдық саясаты .....</b>	<b>106</b>
8.1 Фискалдық саясат: мәні, мақсаттары, құралдары мен түрлері.....	108
8.2 Мемлекеттік бюджет және бюджет тапшылығы.....	110
8.3 Салық: мәні түрлері. Лаффер қисығы. ....	113
8.4 Лаффер қисығы. Лоренц қисығы және Джинни коэффициенті.	115
8.5 Мемлекеттік шығындар мультипликаторы. Салық мультипликаторы. Тендестірілген бюджет мультипликаторы.....	119
<b>IX тарау. Монетарлық (ақша-несие) саясат. Банк жүйесі.....</b>	<b>124</b>
9.1 Монетарлық саясаттың мақсаты мен құралдары.....	125
9.2 Несиенің мәні мен нысандары. Банктер.....	126
9.3 Қазақстан Республикасының банктік жүйесі.....	129
9.4 Салыстырмалы қатаң ақша саясаты және салыстырмалы икемді ақша саясаты.....	130
<b>X тарау. Инфляция және жұмыссыздық.....</b>	<b>133</b>
10.1 Инфляция: мәні, себептері және түрлері.....	134
10.2 Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық зардаптары.....	136
10.3 Жұмыссыздық: мәні, себептері және түрлері. Оукен заңы.....	139
10.4 Еңбек нарығы және оны мемлекеттік реттеу.. ....	143
10.5 Инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысы. Филлипс қисығы.....	147
<b>XI тарау. Ашық экономикадағы макроэкономикалық тепе-теңдік.....</b>	<b>150</b>
11.1 Ашық экономика: түсінігі, түрлері.....	151
11.2 Бір мезгілдегі ішкі және сыртқы тепе-теңдік.....	152
11.3 Манделл-Флемингтің ашық экономика үлгісі.....	156
<b>XII тарау. Төлем балансы. Валюта нарығы.....</b>	<b>159</b>
12.1 Төлем балансы: мәні, баптары мен құрылымы.....	160

12.2 Валюта нарығы. Валютаның еркін айналымдағы және тағайындалатын бағамы.....	164
<b>XIII тарау. Халықаралық сауда және сауда саясаты .....</b>	<b>168</b>
13.1 Халықаралық сауда: мәні, факторлары, теориялары.....	169
13.2 Сауда саясаты: протекционизм және фритредерство.....	171
13.3 Халықаралық саудадағы Қазақстанның алатын орны.....	175
<b>XIV тарау. Экономикалық өсу.....</b>	<b>180</b>
14.1 Экономикалық өсу: мәні, факторлары, көрсеткіштері мен типтері.....	181
14.2 Экономикалық өсудің неокейнстік (Харрод-Домар) үлгісі....	185
14.3 Экономикалық өсудің неоклассикалық (Солоу) үлгісі.....	186
14.4 Экономикалық өсудің посткейнстік үлгісі.....	192
14.5 Экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі мемлекеттің ролі...	195
<b>XV тарау. Экономикалық кезең (цикл)теориясы.....</b>	<b>199</b>
15.1 Экономикалық кезең: мәні, сатылары, көрсеткіштері.....	200
15.2 Экономикалық кезең түрлері мен факторлары.....	201
15.3 Экономикалық кезең себептерінің теориялық тұжырымдамалары.....	205
<b>Қолданылған әдебиеттер тізімі.....</b>	<b>208</b>

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастарға өтуі жаңа қоғамдық экономикалық жүйені және соған сай адамдардың экономикалық ой-өрісінің қайта қалыптасуын талап етеді. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін, алдымен заман талабына сай баламалы оқулықтар дайындап, оқырмандардың жалпы экономикалық ойлау қабілетін кеңейту қажет. Мұндай жаңа үлгідегі оқулықтар қазіргі заманғы демократиялық қоғам қалыптастыру идеясынан туындайтын, стратегиялық мақсаттарды шешу жолдарын нұсқап, отандық әрі әлемдік экономикалық проблемаларды көтере алатындай болуы қажет.

Ерекше атап өтетін жағдай, макроэкономика өзінің үнемі даму үрдісіндегі ғылым болып табылады. Сондықтан қазіргі белгілі оқулықтардың құрылымы, логикасы, қарастырылатын мәселелерді бейнелеу сипаты мен талдау тереңдігіне байланысты бір-бірінен үлкен айырмашылықтары бар. Сондай-ақ мемлекеттік тілде оқу құралдарының көп болуы оқу орындары студенттері мен басқа да оқырмандар үшін таңдау мүмкіндігін тудырады сөзсіз.

Ұсынылып отырған оқу құралы автордың 2009 жылы шығарған оқу құралы негізінде қайта өңделіп, толықтырылған.

Оқу құралы макроэкономика курсы бойынша оқу бағдарламаларындағы талаптарға сай келеді және онда қаралған негізгі тақырыптарды толық қамтиды.

Оқу құралының негізгі мақсаты – макроэкономикалық теорияның негізгі жағдайлары мен маңызды макроэкономикалық қағидаларды жүйелі баяндау. Оқу құралында жеке нарықтардағы жалпы тепе-теңдік пен экономикалық жүйенің жалпы тепе-теңдігі әртүрлі мектептер тұрғысынан қарастырылған. Сонымен қатар макроэкономиканың өзіндік спецификасына сәйкес біртекті проблемаларды әртүрлі көзқарас тұрғысынан зерттеу барысында отандық ғалымдардың еңбектерімен қатар шетелдік әдебиеттер кең қолданылған.

Оқу құралының мәтіні жатық, түсінікті тілде жазылып, тақырыптардың маңызды ережелері логикалық схемалар, диаграмма, кестелер мен сызбалар түрінде берілген.

Оқу құралы 15 тараудан тұрады және әр тараудың құрылымы жалпы қабылданған дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес: теориялық бөлімнен, тақырыпта қаралатын негізгі терминдер мен түсініктерден, талдау сұрақтарынан тұрады.

## I тарау

### МАКРОЭКОНОМИКАҒА КІРІСПЕ

- 1.1 Макроэкономика пәні және зерттеу әдістері
- 1.2 Макроэкономикалық үлгілер
- 1.3 Экзогендік және эндогендік өзгермелілер. Қорлар мен ағындар
- 1.4 Шығындар мен табыстар айналымы үлгісі

#### *Қаралатын мәселелер*

Макроэкономиканың ғылым ретінде дамуы. Макроэкономиканың негізгі проблемалары. Макроэкономиканың зерттеу әдістері. Макроэкономикалық үлгілердегі сыртқы және ішкі өзгермелілер мен тәуелділіктер. Макроэкономикадағы күту тұжырымдамаларының маңызы. Қорлар мен ағын ұғымдарының мәні. «Шығындар мен табыстар айналымы» сызбасын құру.

## 1.1 МАКРОЭКОНОМИКАНЫҢ ПӘНІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Экономикалық субъектілердің шаруашылық қызметі екі деңгейде қарастырылады: микроэкономикада жеке тұтынушы мен фирмалар төңірегінде, макроэкономикада ұлттық экономика шеңберінде. Макроэкономика – ұлттық экономиканың даму заңдылықтары мен бағыттарын, оны реттеудің құралдары мен әдістерін тұтас түрде зерттейтін экономикалық ғылымның саласы.

Макроэкономика жиырмамыншы ғасырларда пайда болды деп есептейміз. Алайда оның түп тамыры одан әрі екі ғасырға ұласады. Макроэкономиканың заңдылықтарын ашуда алғашқы қадам жасаған француз мектебінің өкілі Франсуа Кенэ болды. Ол өзінің “Экономикалық кесте” деген еңбегінде жиынтық қоғамдық өнім құрылымын тұтас халық шаруашылық тұрғысынан анықтап берді.

XIX ғасырда К.Маркстың кеңейтілген ұлғаймалы ұдайы өндіріс схемасы мен Л.Вальрастың жалпы тепе-теңдік теориясы дүниеге келді. Ал макроэкономиканың дербес ғылым ретінде қалыптасуына XIX ғасырдың 30 жылдарында жарыққа шыққан Дж.М.Кейнстің “Жұмысбастылық, пайыз және ақшаның жалпы теориясы” атты еңбегі үлкен жол ашты. Макроэкономикалық теорияның дамуына орасан зор үлес қосқан ғалымдар Р.Аллен, Дж.Гельбрейт, Э.Дениссон, Е.Домар, В.Леонтьев, Дж.Робинзон, П.Самуэлсон, Р.Харрода, Н.Кондратьев, В.Немчинов болды.

Макроэкономиканың зерттеу объектісі жиынтық экономикалық көрсеткіштер.

Макроэкономикалық талдаудың объектісіне төмендегідей негізгі проблемалар жатады: инфляция, жұмыссыздық, экономикалық өрлеу, экономикалық субъектілердің табыс деңгейі мен оны пайдалану.

Макроэкономиканың субъектілері:

- үй шаруашылығы;
- фирмалар (бизнес);
- мемлекет;
- сыртқы орта (шетелдік сектор).

1) **Үй шаруашылықтары** – ол жеке, тиімді, оңтайлы жұмыс жасайтын агент, оның экономикалық қызметінің мақсаты – ең жоғары пайдалыққа жету.

Үй шаруашылықтары: *экономикалық қорлардың* (еңбек, жер, капитал және кәсіпкерлік қабілеттіліктің) *иесі болып табылады* Экономикалық қорларды сатып, үй шаруашылықтары табыс табады



және олардың көп бөлігін тұтынуға (тұтыну шығындарға) жұмсайды.


Сондықтан үй шаруашылықтары *тауарлар мен қызметтердің негізгі сатушысы* болып табылады. Табыстың қалған бөлігін үй шаруашылықтары сақтайды, сондықтан олар негізгі қор жинақтаушы немесе несие беруші (кредитор) болады, яғни экономикада несие қаражаттарының ұсынысын қамтамасыз етеді.

2) **Фирмалар** – жеке дербес, оңтайлы әрекеттегі макроэкономикалық агент, оның экономикалық қызметінің мақсаты – пайданың өсуі. Фирмалар:

- өндіріс үдерісін қамтамасыз ететін экономикалық қорлардың сатып алушысы болып табылады;

- экономикада тауарлар мен қызметтердің негізгі *өндірушісі болып табылады*. Өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтерді сатқаннан түскен түсімді фирмалар үй шаруашылықтарына факторлық табыстар түрінде төлейді. Өндіріс үдерісін кеңейтіп, капиталдың қорын өсіруге және капиталдың тозуының, ескіруінің орнын толтыруын қамтамасыз ету үшін инвестициялық тауарлар қажет (бірінші кезекте, жабдық), сондықтан фирмалар *инвесторлар*, яғни инвестициялық тауарлар мен қызметтердің сатып алушылары болып табылады.

Әдетте фирмалар өз инвестициялық шығындарын қаржыландыру үшін қаржы құралдарын пайдаланады, сондықтан олар экономикадағы *негізгі қарыз алушы* болып табылады. Үй шаруашылықтары мен фирмалар жеке секторды құрайды.



3) **Мемлекет** – экономиканы реттеуге, экономикалық үдерістер барысына әсер ету саяси және заң құқығы бар мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жиынтығы.

Мемлекет – ол дербес (жеке), оңтайлы әрекеттегі макроэкономикалық агент. Оның негізгі міндеті – нарықтың сәтсіздікке ұшырауын болдырмау және қоғамдық игілікті көбейту.


Сондықтан мемлекет *қоғамдық игіліктердің өндірушісі* болып табылады.

Сондай-ақ өзінің көптеген міндеттерін атқару үшін және мемлекеттік сектордың қызметін қамтамасыз ету үшін мемлекет тауарлар мен қызметтерді *сатып алушы* болып табылады.

Мемлекет ұлттық табысты (салықтар мен трансферттер жүйесі арқылы) *қайта үйлестіруші* және мемлекеттік бюджеттің жағдайына байланысты – қаржы нарығында *қарыз, несие беруші* немесе *қарыз алушы*.

Бұдан басқа мемлекет нарық экономикасы қызметінің *реттеушісі* мен *ұйымдастырушысы* болып табылады. Ол экономика қызметінің *институционалдық негіздерін* (заңнамалық базасы, қауіпсіздік жүйесі, салық салу жүйесі, сақтандыру жүйесі және т.б.) құрайды.

Жеке сектор мен мемлекет жабық экономиканы құрайды.



4) **Сыртқы орта (шетелдік сектор)** – дүниежүзінің барлық басқа елдерін біріктіріп, жеке оңтайлы қызмет жасайтын макроэкономикалық агент. Сыртқы орта өзара байланысты мынадай қыметтерді іске асырады:

а) халықаралық сауда арқылы (тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импорты);

б) капиталдардың ауысуымен (капиталдың экспорты мен импорты, яғни қаржы активтердің).

Талдауға шетел секторының қосылуы *экономиканың ашық* болуына мүмкіндік береді.

Макроэкономика нақты мақсаттарды көздейді және оған жету жолында түрлі құралдарды қолданады. Оның *мақсаттар жүйесі* төмендегідей элементтерден құралады:

1. Ұлттық өндірістің жоғары деңгейде дамуы.

2. Табиғи жұмыссыздық жағдайында толық жұмыспен қамту және ресурстарды тиімді пайдалану.

3. Тұрақты баға деңгейін сақтау.

4. Төлемдік баланстың нөлдік сальдосына қол жеткізу.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыруда мемлекет қажетті құралдарды қолданады. Макроэкономикалық саясаттың негізгі құралдары: бюджеттік-салық саясаты, ақша-несие саясаты, табыс саясаты, сыртқы экономикалық саясат, сауда саясаты

*Негізгі макроэкономикалық проблемалар:*

- экономикалық циклдарды талдау;
  - инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысы;
  - тұрақты экономикалық өрлеуге қол жеткізу;
  - экономиканың нақты және ақша секторларының байланысы;
  - елдің төлем балансын талдау;
  - ішкі ұлттық рынок пен сыртқы шетелдік сектордың өзара байланысы
- мемлекеттің тиімді макроэкономикалық саясатына қол жеткізу.

Макроэкономика басқа да ғылымдар сияқты зерттеудің жалпы және айрықша әдістерін қолданады.

*Жалпы ғылыми әдістер:*

- ғылыми абстрактылы;
- талдау және қорыту;
- тарихи және логикалық бірлік;
- жүйелі-функционалдық;
- экономикалық-математикалық үлгілеу;
- нормативті және позитивті тәсілдердің сәйкестігі.

Дегенмен әрбір ғылымда өзіндік айрықша әдістері болады. Макроэкономикалық талдаудың негізгі әдісі – агрегаттау. **Агрегаттау** - әр түрлі жекелеген құбылыстар мен процестерді тұтас жүйеге біріктіру. Агрегатталған шамалар (нарықтық пайыз мөлшерлемесі, ЖҰӨ (ЖІӨ), бағаның жалпы деңгейі, жұмыссыздық деңгейі) нарықтың ахуал-жағдайлары (конъюктурасы) мен оның өзгерісін сипаттайды.

## **1.2 МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛГІЛЕР**

Макроэкономикада экономикалық үлгілер кең қолданылады. Макроэкономикалық үлгілер дегеніміз әр түрлі экономикалық құбылыстар мен процестердің өзара байланысын анықтау, оларды логикалық, сызбалық, математикалық, алгебралық түрде бейнелеу. Кез-келген үлгі (теория, теңдеу, сызба) шынайы өмірдің қарапайым абстрактылы бейнесін сипаттағанмен нақты бөліктерін толығымен қамти алмайды. Соған орай макроэкономикадағы үлгілерді әр түрлі белгілеріне байланысты төмендегідей жіктеуге болады.

-жалпылау деңгейіне қарай (абстрактылы теориялық және нақты экономикалық);

-құрылымдық деңгейіне қарай (шағын көлемді және көп көлемді);

-элементтерінің өзара байланыс сипатына қарай (сызықтық және сызықтық емес);

-шеңберіне (ауқымына) қарай (жабық және ашық, жабық-ұлттық экономиканы зерттеу үшін, ашық-халықаралық экономикалық қатынастарды зерттеу үшін);

-уақыт факторына байланысты (статикалық – уақыт факторы есепке алынбайды, динамикалық – уақыт фактор ретінде қаралады).

Макроэкономикалық үлгілер бюджеттік-салық, ақша-несие, валюталық және сыртқы сауда саясаты құралдарының үйлесімділігін оңтайландыруға, экономиканың циклдық ауытқуларын басқарудағы үкіметтің қолданатын шаралары мен Орталық Банктің саясатын келістіруге мүмкіндік береді. Соның ішінде экономикалық агенттердің инфляциялық күту динамикасын ескеретін үлгілердің маңызы зор. Оларды макроэкономикалық болжауда қолдану экономикаға орасан зор зиян әкелетін күтпеген инфляцияның болу қаупін төмендетеді.

Макроэкономикада қолданылатын жалпылама үлгілер: айнымалы ағындар үлгісі, Кейнс үлгісі, IS-LM үлгісі, Маркс үлгісі, Солоу үлгісі, Домар үлгісі, AD-AS үлгісі, Самуэльсон үлгісі, Харрод үлгісі т.б. макроэкономикалық талдаудың жалпы құралдары болып табылады және ұлттық сипатқа ие емес. Кез келген үлгі нақты елдің экономикасына «қолайлы» немесе «қолайсыздық» белгісіне байланысты емес, оның көрсеткіштерінің экономикалық үрдістер динамикасын зерттеудегі пайдалылық белгісіне байланысты бағалануы тиіс.

#### **1.4 ЭКЗОГЕНДІК ЖӘНЕ ЭНДОГЕНДІК ӨЗГЕРМЕЛІЛЕР. ҚОРЛАР МЕН АҒЫНДАР**

Макроэкономикалық үлгілерде нақты проблеманы нақты уақыт кезеңінде талдау үшін қажетті факторды таңдау маңызды болып табылады.

Әрбір үлгіде екі өзгермелі анықталады: а) экзогенді; б) эндогенді.



**Экзогенді (сыртқы)** өзгермелілер үлгілерге сырттан беріледі. Бұл бастапқы ақпараттар. Оларға үкіметтің қазыналық саясаты мен ұлттық банктің монетарлық саясатының негізгі құралдары салық мөлшерлемесі, ақша жиынын өзгерту және мемлекеттік шығындар жатады.

Ал **эндогендік (ішкі)** өзгермелілер үлгілердің ішінде қойылған міндеттерді шешу процесінде қалыптасады, яғни оның нәтижесі болып табылады. Оларға жұмысбастылық деңгейі, инфляция деңгейі, өнім өндіру деңгейі, валюта бағамы, пайыз мөлшерлемесінің деңгейі т.б. жатады.

Үлгілерді құру барысында төрт түрлі функционалдық тәуелділіктер қолданылады.

**Дефинициондық** (латын тілі definitio – анықтама) зерттеліп отырған құбылыс немесе процестің мазмұны мен құрылымын бейнелейді. Мысалы: жиынтық сұраныс үй шаруашылықтарының тұтыну тауарларына сұранысы, инвестициялық сұраныс, мемлекеттік шығындар және шетел тарапынан сұраныс жиынтығын құрайды. Бұл анықтаманы былайша көрсетуге болады:

$$Y = C + I + G + X_n$$

мұнда  $Y$  – жиынтық сұраныс (ұлттық табыс);

$C$  – тұтыну шығындары;

$I$  – инвестициялық шығындар;

$G$  – мемлекеттік шығындар;

$X_n$  – таза экспорт.

**Мінез-құлықтық** – экономикалық субъектілердің талғамын көрсетеді. Тұтыну функциясы  $C = C(Y)$ , сақтау функциясы

$$S = S(Y).$$

**Технологиялық** – экономикадағы технологиялық, ұйымдастыру – техникалық тәуелділіктерді бейнелейді. Оның мысалы ретінде өндіріс көлемі мен өндіріс факторлар арасындағы байланысты білдіретін өндірістік функцияны айтуға болады.

$$Y = f(L, K, N),$$

мұндағы  $Y$  – өнім көлемі,  $L$  – еңбек,  $K$  – капитал,  $N$  – жер.

**Институционалдық** – экономикалық көрсеткіштер мен экономикалық қызметті реттейтін мемлекеттік институттар арасындағы байланысты анықтайды. Мысалы: салық түсімдері табыс пен жеке салық мөлшерлемесіне тәуелді.

$$T = t_y \times Y,$$

мұндағы  $T$  – салық түсімдері,  $t_y$  – салық мөлшерлемесі,  $Y$  – табыс.

Макроэкономикада уақыт факторы үлкен роль атқарады. Сондықтан макроэкономикалық субъектілердің болашақты “күтуіне” үлкен мән беріледі. “Күту” проблемасын ең алғаш

шведтің экономисі Нобель сыйлығының лауреаты (1974) Г.К.Мюрдаль ұсынды. Ол экономикалық теорияға екі түсінік енгізді “ex ante” (“күту”) және “ex post” (“жүзеге асу”).

Экономикалық күту екі топқа бөлінеді:

1. “Ex post” күту– экономикалық субъектілердің тәжірибелерді бағалауы, нақты бағалауы, өткенді бағалауы.

2. “Ex ante” күту– экономикалық субъектілердің болжамдық бағалауы.

Макроэкономикада күтудің үш тұжырымдамасы қалыптасқан:

**Статикалық күту** концепциясы – бұл концепция бойынша экономикалық субъектілер болашақта өткен жағдайлар қайталанады деп күтеді. Мысалы: өткен жылы баға 3%-ға өссе, үстіміздегі жылы да 3%-ға өседі.

**Адаптациялық (бейімделу) күту** концепциясы бойынша экономикалық субъектілер бұрын жіберілген қателерін ескере отырып болашақты күтуде түзетулер енгізеді.

**Түімді күту** концепциясы. Экономикалық субъектілердің болашақты болжауы өздерінде бар ақпараттың барлығын өңдеу арқылы оңтайлы нәтиже негізінде құрылады, оның ішінде қазіргі кездегі мемлекеттің жүргізіп отырған экономикалық саясаты туралы ақпараттар да қолданылады. Бұл концепцияның негізін қалаушы Р.Лукас. Аталмыш концепция ХХ ғасырдың 70 жылдары дүниеге келді.

### **Қорлар мен ағындар**


Макроэкономикалық өзгермелерді эндогендік (ішкі) және экзогендік (сыртқы) деп бөлумен қатар, оларды “ағындар” және “қорлар” деп бөлеміз. **Ағын өзгермелілері** уақыт бірлігімен өлшенеді (бір айда, бір тоқсанда, бір жылда т.б.) және экономикалық проблемалардың уақыт аралығындағы өзгерісін (ағымын) сипаттайды. Мысалы: бір жылдағы тұтынушылық шығындар, бір жылдағы инвестиция көлемі, бір тоқсанда жұмыстан босаған адамдар саны, бір жылда салым үшін төленетін пайыз мөлшерлемесі.

**Қор өзгермелілері** тек белгілі уақыт сәтіне белгіленеді және зерттеліп отырған объектінің жағдайын белгілі күнге қарай сипаттайды, -жылдың басы немесе аяғы. Оның мысалы ретінде жылдың аяғындағы мемлекеттік қарыз, экономикадағы капитал көлемі, жұмыссыздардың жалпы санын қарастыруға болады.

Мысалы: егер біз жұмысшының бір айда алатын жалақы көлемін ақша ағыны ретінде қарастырсақ, оның белгілі күнге банктегі жеке есеп шотындағы салымын қор ретінде алуға болады. Ол жылдың басында немесе аяғында анықталады.

Ағындар қорларды өзгертіп отырады: бірнеше жылғы бюджеттік тапшылық мемлекеттік қарыздың көбеюіне әкеледі. Биылғы жылдың аяғындағы капитал қорының өзгеруін өткен жылдың аяғындағы көлемімен салыстыру арқылы бір жылдағы таза инвестиция ағымын анықтауға болады. Қорлар мен ағымдардың өзара байланысы “айнымалы ағындар” үлгісінің негізін құрайды.

## Шығындар мен табыстар айналымы үлгісі



**2 секторлы экономикадағы шығындар мен табыстар айналымы үлгісі**

Фирмалар өндіретін тауарлар мен қызметтерді (ұсыныс) үй шаруашылықтары сатып алады да (сұраныс) тауарлар мен қызметтер нарығына апарды. Тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін фирмалар экономикалық ресурстарды (еңбек, жер, капитал және кәсіпкерлік қабілеттіліктер) үй шаруашылықтарынан сатып алады.

Тауарлар мен қызметтерді сатып алғанда үй шаруашылықтары олар үшін ақша төлейді. Бұл шығындарды *тұтыну шығындары* деп атайды. Фирмалар өз өнімдерін үй шаруашылықтарына сатып, одан түсім алады.

Сол түсімнен фирма үй шаруашылықтарына экономикалық ресурстары үшін төлем жасайды, фирма үшін ол – шығындар, ал үй шаруашылықтары үшін – факторлық табыстар – жалақы (еңбек үшін), пайыз (капитал үшін) төлейді және пайда (кәсіпкерлік қабілеттілік үшін), олардың сомасы ұлттық табысты құрайды.

Тапқан табыстарды үй шаруашылықтары тауарлар мен қызметтерді сатып алуға жұмсайды (тұтыну шығындары). Табыстар мен шығындар шеңбер бойынша айналады. Әр экономикалық агенттің табысы екінші экономикалық агенттің табысын құра отырып, шығындалады.


Табыстар, өз кезегінде, оның шығындарының негізі болып келеді. Шығындардың көбеюі табыстың өсуіне әкеледі, ал табыстың өсуі шығындардың ары қарай көбеюінің алғышарты. Сондықтан сызбаны *шығындар мен табыстар айналымы үлгісі* немесе *шеңберлі ағындар үлгісі* деп атайды. Материалдық ағындар сағат тіліне қарсы жылжиды, ал ақша ағындары – сағат тілі бойынша. Сұраныс сағат тілі бойынша, ал ұсыныс – сағат тіліне қарсы жылжиды.

Сызбада көрсетілгендей: 1) әр материалдық ағынның құны ақша ағынның құнына тең; 2) ұлттық өнім ұлттық табысқа тең; 3) жиынтық сұраныс жиынтық ұсынысқа тең; 4) жиынтық табыстар жиынтық шығындарға тең болады.

Айналымның толық сызбасын талдағанда (2.2 - сурет) біз тек қана ақша ағындарын зерттейміз.

Үй шаруашылықтары тұтынуға табыстарын толық жұмсамайды. Табыстың бір бөлігін қор жинағына бөледі, ал қор жинағы табыс әкеледі. Фирмалар өндірісін кеңейту үшін қосымша қаражаттарды қажет етеді (несие қаражаттарын). Бұл қаржы нарығының пайда болу қажеттілігін тудырады, онда үй шаруашылықтарының жинақтары фирмалардың инвестициялық ресурстарына айналады.





### Ағындар (шығындар-табыстар) айналымының толық үлгісі

Бірінші жағдайда үй шаруашылықтары мен фирмалар араларындағы байланыс жаңама түрде – ақша нарығы арқылы, екінші жағдайда – бағалы қағаздар арқылы жүзеге асырылады.

Қаржы нарығында алынған қаражаттарды фирмалар инвестициялық тауарларды сатып алуға жұмсайды. Үй шаруашылықтарының тұтыну шығындары (C) фирмалардың инвестициялық шығындарымен (I) толықтырылады. Мұнда ұлттық табыс пен ұлттық өнімнің тепе-теңдігі сақталады, сондықтан ұлттық табыс пен ұлттық өнім бір әріппен –  $Y$  белгіленеді. Бұл жағдайда ұлттық өнімнің шамасы тепе-теңдік жағдайда жиынтық шығындардың сомасына тең:

$$Y=E$$

Экономиканың 2 секторлы үлгісінде жиынтық шығындар (ұлттық өнім) үй шаруашылықтардың тұтыну шығындары (C) мен фирмалардың инвестициялық шығындарынан (I) тұрады:

$$E=C+I$$

Ал ұлттық табыс – тұтынадан (C) және жинақтардан (S):

$$Y=C+S$$

$$\text{Осыдан: } C+I = C+S$$

Бұл жиынтық шығындар жиынтық табысқа тең екендігін білдіреді, ал  $I=S$ , яғни инвестициялар жинақтарға тең.

Инвестициялар экономикаға *құйылу*, ал қор жинақтары экономикадан *алуды (алып тастауды)* білдіреді.

*Құйылу* дегенге шығындар ағынын, демек, табыстар ағынын да көбейтетіндердің бәрі жатады (тұтыну шығындарын санамағанда, олар не құйылуға, не алып тастауға жатпайды). *Алып тастау* – ол шығындардың, демек, табыстардың да ағынын қысқартатындардың бәрі жатады.

Инвестициялардың көбеюі жиынтық шығындарды көбейтеді (жиынтық сұраныс), тұтынушылардың қосымша табыстарын қамтамасыз етіп, ұлттық өнімнің көбеюіне (шығаруына) жағдай жасайды. Жинақтардың өсуі жиынтық шығындарды азайтып, өндірістің қысқаруына себеп болады.

*Тепе-теңдік экономикада құйылулар алып тастауларға тең болады  $I=S$ .*

Мемлекеттің пайда болуы макроэкономикалық өзара байланыстардың пайда болуына және 2 секторлы экономика үлгісінің 3 секторлыға айналуына әкеледі.

1) Мемлекет тауарлар мен қызметтердің сатып алуын (G) жасайды, бұл экономиканың мемлекеттік секторын (бөлігін) ұстау қажеттілігімен, қоғамдық игіліктердің өндірісін қамтамасыз етумен, елді басқару және экономиканы реттеу бойынша міндеттерді орындаумен байланысты. мұнда мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы ресурстық нарықтағы экономикалық ресурс үшін төлем сияқты емес, тауарлар мен қызметтер нарығындағы қызметтер төлемі ретінде қаралады, өйткені бұл төлем мемлекеттік бюджет қаражаттарынан жасалатын (алынып) табыстардың қайта үлестіруінің нәтижесі болып табылады. тауарлар мен қызметтердің мемлекеттік сатып алуы ұлттық өнімге жиынтық сұранысты жоғарылатады, яғни жиынтық шығындарды.

2) Мемлекет бәрін *салықтарды* төлеуге міндеттейді ( $T_x$ ). Олар мемлекеттік бюджет табыстарының негізгі көзі болып табылады. Сондай-ақ мемлекет салық жинағанымен бірге, *трансферттерді* төлейді ( $T_r$ ).

**Трансферттер** – ол үй шаруашылықтары мен фирмалар ақысыз (тауар мен қызметтерге айырбастамай) мемлекеттен алатын төлемдер. Үй шаруашылықтарына мемлекеттің трансферт төлемдері - әр түрлі әлеуметтік төлемдер: зейнетақылар, стипендиялар, жұмыссыздық бойынша жәрдемақылар, жұмысқа жарамсыздық бойынша жәрдемақылар, кедейлік бойынша жәрдемақылар және т.б. Мемлекеттің фирмаларға беретін трансферт төлемдері жәрдемақы деп аталады.

3) Мемлекеттік бюджеттің жағдайына қарай мемлекет қаржы нарығында не қарыз беруші, не қарыз алушы болады. Егер мемлекеттің шығындары (мемлекеттік сатып алулары) (мемлекеттік сатып алулары + трансферттер) мемлекет табыстарынан асса (салықтар), бұл мемлекет бюджетінің тапшылық жағдайына сәйкес келеді, онда мемлекет өз шығындарын төлеу (өтеу) үшін қарыз алушы ретінде қаржы нарығынан ақшаны қарыз алуға тиісті. Ол үшін мемлекет облигацияларды шығарады (ішкі зайымды, қарызды іске асырады) да оларды бағалы қағаздар нарығында үй шаруашылықтарына сатады.

Үй шаруашылықтары жинақтарының жартысын мемлекеттік облигацияларын сатып алуға жұмсайды, сонымен шығындарының жартысын мемлекетке төлеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, яғни мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландырады. Сонымен бірге, мемлекет өз облигациялар бойынша пайыз төлейді, оларды тартымды қылу үшін.

Мемлекеттік облигациялар бойынша пайыздарды төлеу үй шаруашылықтардың табыстарын көбейтеді, бірақ олар мемлекеттік бюджеттің шығындары болып келеді де «мемлекеттік қарыз қызметі бойынша шығындар» деп аталады. Егер мемлекеттің табыстары шығындардан асып түссе (мемлекеттік бюджеттің артығы (профицит) орын алса, мемлекет жеке фирмалардың бағалы қағаздарын алып, қаржы нарығында несие беруші болып келеді. Экономиканың үш секторлы үлгісі үшін екі секторлы үлгіге жасалға қорытындылар келеді, яғни ұлттық өнім ұлттық табысқа тең, жиынтық шығындар жиынтық табысқа тең, құйылулар алуларға тең.

Енді жиынтық шығындар 3 бөліктен тұрады: тұтынудан (C), инвестициялардан (I), мемлекеттік сатып алулардан (G):

$$E = C+I+G$$

Ал жиынтық табыс тұтынуға (C), жинақтарға (S) және салықтарға (T) бөлінеді:

$$Y = C+S+T$$

Мұнда салық дегеніміз – салықтар ( $T_x$ ) мен трансферттер ( $T_r$ ) араларындағы айырма болып табылатын таза салықтар.

$$T = T_x - T_r$$

(Айналым үлгісін талдағанда мемлекеттік қарыз бойынша пайыздар төлемі арнайы көрсетілмейді, трансферттер мөлшерінде есептеледі, өйткені, трансферттер сияқты тауар немесе қызмет үшін айырбас ретінде емес төленеді).

Тауарлар мен қызметтердің мемлекеттік сатып алуы құйылулар болып табылады, ал (таза) салықтар – шығындар мен табыстар ағынынан алулар, сондықтан құйылулар мен алулар теңдігінің формуласының түрі келесідей:

$$I+G = S+T$$

(Трансферттер мен мемлекеттік облигациялар бойынша пайыздарды төлеу құйылу болып саналады, себебі табыстар және шығындар ағындарын көбейтеді). Экономиканың 3 секторлы (бөлікті) үлгісінің талдауы (жабық экономика үлгісі) көрсеткендей, факторлық табыстар сомасы болатын ұлттық табыстың ( $Y$ ) үй шаруашылықтары өз еркімен жұмсай алатын табыстардан айырмашылығы бар. Айналым сызбасына сәйкес қолдағы бар табыс ұлттық табыстан үй шаруашылықтары мемлекетке төлейтін салықтар мөлшерімен және мемлекет үй шаруашылықтарына төлейтін трансферттер мөлшерімен өзгешеленеді. Сондықтан, қолдағы бар табыстың мөлшерін табу үшін ұлттық табыстан салықтарды ( $T_x$ ) алып тастап, трансферттерді ( $T_r$ ) қосу керек (және егер болса, мемлекеттік облигациялар бойынша пайыздар төлемін), яғни таза салықтарды алу (алып тастау)

$$T = T_x - T_r$$

Жалпы түрде осылай жазуға болады:

$$Y_d = Y - T_x + T_r$$

немесе

$$Y_d = Y - T$$

Қолдағы бар табыстарды үй шаруашылықтары тұтынуға (тұтыну шығындары) және жинақтарға пайдаланады:

$$Y_d = C+S$$

Айналым сызбасына шетелдік секторын (бөлігін) қосу экономиканың 4 секторлы үлгісін (ашық экономика үлгісін) береді де, ұлттық экономиканың басқа елдер экономикасымен өзара қатынастарын есепке алу қажеттілігін білдіреді Олар тауарлар мен

қызметтердің халықаралық саудасы арқылы (тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импорты) жүзеге асырылады.

Таза экспорт ( $X_n$ ) экспорт пен импорт араларындағы айырмашылық:

$$X_n = E_x - I_m$$

Жиынтық шығындардың формуласын жазуға болады. Олар барлық макроэкономикалық агенттердің (үй шаруашылықтардың, фирмалардың, мемлекеттің, шетел секторының) шығындар сомасына тең:

$$E = C + I + G + X_n$$

Жиынтық табыстың формуласы:

$$Y = C + S + T$$

(Бұл табыстың тұтынуға, жинақтарға және салықтарды төлеуге жұмсалатынын білдіреді). Тепе-теңдік жағдайда  $E=Y$  болғандықтан:

$$C + I + G + X_n = C + S + T$$

Бұл теңдікті *макроэкономикалық бірлестік, тепе-теңдік* деп атайды. Мұнда жиынтық шығындар мөлшері жиынтық (валдық) ішкі өнімнің құнына тең (ЖІӨ):

$$Y = E = C + I + G + X_n$$

Макроэкономикалық талдауда басқа да маңызды теңбе-теңдіктер пайдаланылады.

**Қор жинағы мен инвестициялардың теңбе-теңдігі.**

Экономика жабық, мемлекеттік сектор жоқ деп есептейміз  
Шығыстар бойынша  $ЖІӨ = Тұтыну + Инвестициялар$  немесе  $C+I$ .

Кірістер бойынша  $ЖІӨ = Қор жинағы + Тұтыну$  немесе  $S+C$ .

Шығыстар бойынша  $ЖІӨ$  кірістер бойынша  $ЖІӨ$ -ге тең болғандықтан,

$$C+I = S+C \text{ немесе } I = S \text{ өрнегі шығады.}$$

Талдауға мемлекетті және сыртқы әлемді енгіземіз.

Жинақтық жинақ ақша: жеке жинақ ақша ( $S_p$ ) мемлекеттік қор жинағы ( $S_g$ ) және қалған әлемнің жинақ ақшасы ( $S_r$ ) деп бөлінеді:

$$S = S_p + S_g + S_r$$

**Жеке қор жинағы**, салықтар ( $T$ ) мен тұтынуды ( $C$ ) шегергенде, кірістердің ( $Y$ ), трансферттердің ( $TR$ ), мемлекеттік қарыз бойынша проценттердің ( $N$ ) сомасына тең:

$$S_p = (Y + TR + N - T) - C$$

**Мемлекеттік жинақ ақша**  $S_g = (Y + TR + N - T) - G$  болып айқындалады.

Егер  $S_g = (Y + TR + N - T) - G > 0$  болса, онда бюджеттік артықшылық болады.

Егер  $S_g = (Y + TR + N - T) - G < 0$  болса, онда бюджеттік тапшылық ( $BD$ ) орын алады:  $BD = -S_g$ .

Сыртқы дүниенің (қалған әлемнің) қор жинағы:

**Im** – импорт, біз ол үшін ақша төлейміз;

**Ex** - экспорт, біз ол үшін ақша аламыз, сонда:

$$S_r = Im - X \text{ немесе } S_r = -Ex \text{ шығады.}$$

Сыртқы дүниенің жинақ ақшасын төмендегілер үшін пайдалануға болады:

- елімізде қаржы активтерін сатып алу үшін;
- шетелге бершекті азайту үшін, ол кезде елімізге капитал ағыны келеді.

Қор жинағы мен инвестициялардың теңдігі тұтас экономика үшін орындалады, бірақ секторлардың әрқайсысы – жеке, мемлекеттік, сыртқы дүние үшін орындалмайды. Мысалы, жеке және мемлекеттік жинақ ақша қысқартылған кезде де, шетелден капитал ағынының өсуі есебінен инвестициялар көбейе беруі мүмкін.

Қор жинағын нақты активтердегі инвестициялар үшін де, қаржы активтерін ұлғайту үшін де пайдалануға болады. Қаржы активтерінің екі түрі: мемлекеттік облигациялар мен қолма-қол ақша бар деп жорамал жасайық. *Облигациялар* – ол мемлекеттің пассивтері (міндеттемелері), қолма-қол – жеке сектор активтері. Нақты инвестициялар үшін пайдаланылмаған жинақ ақшаның

артығы не активтерді көбейтуге, не пассивтерді қысқартуға жұмсалуды мүмкін.

Макроэкономикада инвестициялар мемлекеттің емес, жее сектордың ғана шығыстары ретінде қаралады. Ол кезде мемлекеттің қор жинағын не мемлекеттің қарызын өтеуге, не ақша жиынын азайтуға пайдалануға болады:

$S_g = - (\Delta M + \Delta B)$  – мемлекеттік бюджеттің теңбе-теңдігі, мұнда:

$\Delta M$  – ақша жиынының өзгеруі;  $\Delta B$  – шығарылған мемлекеттік облигациялар сомасының өзгеруі.

Мемлекет бюджетінің тапшылығының ( $S_g < 0$ ) екі: қосымша ақша шығару ( $\Delta M$ ) немесе мемлекеттік облигациялар шығару ( $\Delta B$ ) тәсілімен қаржыландыруға болады:

$$BD = (\Delta M + \Delta B)$$

Жеке қор жинағын нақты активтерді көбейтуге пайдалануға, немесе мемлекеттік облигациялар, немесе қолма-қол (қолда бар) ақша түрінде қалдыруға болады:

$$S_p = I + \Delta M + \Delta B_p$$

Қалған әлемінің қор жинағын еліміздің мемлекеттік облигацияларын сатып алу үшін пайдалануға болады:  $S_r = \Delta B_r$ .

Айналым сызбасы экономикадағы өзара байланыстар мен өзара тәуелділіктердің барлық түрлерін көрсетеді.

*Сонымен Макроэкономика- макроэкономикалық нарықтарда макроэкономикалық агенттер іс-әрекеттерінің заңдылықтарын зерттейді.*

### ***Негізгі түсініктер:***

Макроэкономика пәні.

Макроэкономиканың объектісі.

Макроэкономиканың субъектісі.

Макроэкономикалық үлгілер.

Экзогендік өзгермелілер.

Эндогендік өзгермелілер.

Ex post. Ex ante.

Статикалық күту концепциясы.

Адаптациялық (бейімделу) күту концепциясы.

Тиімді күту концепциясы.

Қорлар. Ағындар.

Макроэкономикалық бірлестік, тепе-теңдік

Трансферттер

Құйылу

Алып тастау

Екі секторлы экономикадағы шығындар мен табыстар айналымы үлгісі  
Ағындар (шығындар-табыстар) айналымының толық үлгісі

**Талдау сұрақтары:**

1. Макроэкономикалық талдаудың негізгі проблемалары қандай?
2. Макроэкономиканың мақсаттарын атаңыз.
2. Макроэкономикадағы негізгі үлгілерге түсініктеме беріңіз.
3. Макроэкономикада күтудің негізгі тұжырымдамалары.
4. Экзогендік өзгермелілер дегеніміз не, олардың эндогендік өзгермелілерден айырмашылығы.
5. Ex-post және ex-ante макроэкономикалық талдау.
6. Шығындар мен табыстар айналымы үлгісі қалай құрылады?
7. Макроэкономикалық бірлестік, тепе-теңдіктің мағынасы неде?
8. Экономикаға құйылу қалай жүзеге асады?
9. Тепе-теңдік экономикада құйылулар алып тастауларға тең болуын түсіндіріңіз.



## **II тарау**

### **ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

- 2.1 Ұлттық есеп-шот жүйесі. Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) және жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)
- 2.2 ЖҰӨ –ді (ЖІӨ) есептеудің әдістері. Баға индекстері
- 2.3 Көлеңкелі экономика

### **Қаралатын мәселелер**

Ұлттық есеп-шот жүйесінің мәні мен мақсаты. Макроэкономикада қолданылатын негізгі экономикалық көрсеткіштер. ЖҰӨ-ді табыс бойынша және шығындар бойынша есептеу жүйесі. ЖҰӨ-нің номиналды және нақты көрсеткіштері арасындағы айырмашылық. Нақты ЖҰӨ-ді есептеудегі дефляторы мен тұтынушылық баға индексінің (ТБИ) ролі. Шығындар мен табыстар айналымының екі секторлы және толық үлгісі. Көлеңкелі экономиканың ұлттық табысқа әсері және оны анықтаудың жолдары.

## 2.1 ҰЛТТЫҚ ЕСЕП-ШОТ ЖҮЙЕСІ. ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ӨНІМ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

Ұлттық экономиканың көрсеткіштерін статистикалық есепке алмай макроэкономикалық процестерді тиімді жүргізу мен реттеу мүмкін емес. Экономиканы макродеңгейде сипаттау үшін қолданылатын негізгі стандарт *ұлттық есеп-шот жүйесі (ҰЕЖ)*.

ҰЕЖ-нің негізгі мақсаты ұлттық өнімнің (ұлттық табыс) қалыптасуы мен пайдалану үдерісін кешенді әрі жан-жақты талдау үшін, экономикалық саясат жүргізу мен үлгілер құру және болжау жасау үшін қажетті мәліметтермен қамтамасыз етіп отыру.

Қазіргі ҰЕЖ экономикалық процестер мен экономикалық операцияларды бейнелейтін көрсеткіштер жиынтығын құрайды.

ҰЕЖ-нің негізгі көрсеткіштері: *жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ)*, *жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)*, *таза ұлттық өнім (ТҰӨ)*, *ұлттық табыс (ҰТ)*, *азаматтардың жеке табысы және қолда бар табыс*.

**ЖҰӨ** – кез-келген ел азаматтарының бір жылдағы өз елі ішінде және басқа елде өзінің ұлттық капиталы көмегімен бір жылда өндірген және сатқан тауарлары мен қызметтерінің нарықтық құндарының жиынтығы.

ЖІӨ – ді резиденттер өндіреді. *Резиденттер* – олардың ұлтына, азаматтығына қарамастан, белгілі бір елдің экономикалық аумағында өндірістік қызметпен айналысатын немесе сол елде бір жылдан кем емес мерзім тұрып жатқан заңды немесе жеке тұлғалар, барлық экономикалық бірліктер (кәсіпорындар, үй шаруашылықтары). **ЖІӨ** – бұл сол елде тұратын өндірушілер капиталының ұлттық сипатына қарамастан бір жылда өндірген және сатқан тауарлары мен қызметтерінің нарықтық құндарының жиынтығы.

Мысалы, Жапондық фирма «Хондай» өзінің өнімін Қазақстан нарығында сатса, онда сатылған өнім құны жапон елінің ЖҰӨ-нің құрамына кіреді де, олардың ЖІӨ құнына кірмейді. Бірақ, Қазақстанның ЖІӨ-не кіреді, ал ЖҰӨ құрамына кірмейді. Сол сияқты Жапонияда жұмыс істейтін америка азаматының табысы Америка ЖҰӨ-нің бір бөлігі болады да, АҚШ-ң ЖҰӨ-не кірмейді, ал Жапонияның ЖІӨ-не кіреді де, ЖҰӨ-не кірмейді.

ЖҰӨ-ді дұрыс есептеу үшін бағаның өзгеруін ғана емес, сондай-ақ қайта есептеуді де ескеру қажет. Қайта есептеу қалай болады?

Көптеген өнімдер базарға түспес бұрын өндіріс сатыларынан өтеді. Сондықтан көптеген өнімдердің құрамдас бөлшектері

бірнеше рет сатылып алынады. Қайта есептеуді болдырмас үшін ЖҰӨ-ді есептегенде соңғы өнімнің нарықтық бағасы алынады.

*Соңғы өнім* – бұл пайдалану үшін сатып алынатын өнім.

*Аралық өнім* – өңдеуге және қайта қымбатқа сатуға арналған өнімдер. М: машинаның доңғалағы.

ЖҰӨ құрамына мыналар кірмейді:

- мемлекеттік трансферттік төлемдер, зейнетақы, стипендия, жәрдем ақы, сақтандыру төлемдері.
- Қор нарығындағы құнды қағаздарды сату.
- Ұсталған тауарларды сату /second – hand/.

## **2.2 ЖҰӨ-ДІ (ЖІӨ) ЕСЕПТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ. БАҒА ИНДЕКСТЕРІ**

Ұлттық есеп шот жүйесінде ЖҰӨ (ЖІӨ) есептеудің үш әдісі қолданылады.

1. Қосылған құн бойынша (өндірістік әдіс)
2. Шығындар бойынша (түпкілікті пайдалану әдісі)
3. Табыстар бойынша (бөлу әдісі)

Тәжірибеде қайта есептеуді болдырмас үшін тек қосылған құнды есептейді.

*Қосылған құн* – бұл шикізат пен материалдарға кеткен шығындарды шегергендегі өнімнің нарықтық құны. Кез-келген тауардың құны шикізат бағасы, басқару, жұмысшы жалақысынан тұрады. Сондықтан біз өнім құнынан барлық шикізат пен материалдарға кеткен шығындарды шегерсек, онда қалған бөлігі қосылған құнды құрайды.

Қазақстан Республикасының 2012-2016 жылдар кезеңі аралығындағы әр-түрлі әдістер бойынша анықталған жалпы ішкі өніміне көңіл аударайық.

2.1 кестеде Қазақстан Республикасының өндірістік әдіспен алынған жалпы ішкі өнімі берілген.

**Кесте 2.1 Өндірістік әдіспен алынған жалпы ішкі өнім, ағымдағы бағалармен**

млн.тенге

<b>Көрсеткіштер</b>	<b>2012 ж.</b>	<b>2013 ж.</b>	<b>2014 ж.</b>	<b>2015 ж.</b>	<b>2016 ж.</b>
Негізгі бағалардағы шығарылым	49657988,4	56160882,3	61860129,6	63958086,2	74 731 304,6
Аралық тұтыну	21129989,3	23264281,3	25208557,4	25174185,8	30 393 719,1
Негізгі бағалардағы жалпы қосылған құн	28 528 090,1	32 896 601,0	36 651 572,2	38 783 900,4	44 337 585,5
Өнімдер мен импортқа салынатын салықтар	2 585 020,8	3 193 949,1	3 140 575,7	2 223 043,8	2 777 016,3
Өнімдерге арналған демеуқаржылар (-)	97 924,3	91 525,0	116 315,0	122 810,6	143 451,8
<b>Жалпы ішкі өнім</b>	<b>31 015 186,6</b>	<b>35 999 025,1</b>	<b>39 675 832,9</b>	<b>40 884 133,6</b>	<b>46 971 150,0</b>

*Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика агенттігі мәліметтері бойынша құрылған. Қазақстан 2016 жылы / Статистикалық жылнамалық, Астана, 2017. – 478 бет.*

**Шығындар бойынша** – барлық экономикалық агенттердің шығындары қосылады: **ЖҰӨ = С + I + G + Xn**

мұнда: С – үй шаруашылықтарының тұтыну тауарларына шығындары (тамақ, киім, тұрғын үй төлемдері, демалыс шығындары, ұзақ пайдаланылатын тауарларға шығындар). Мұнда үй салуға немесе сатып алуға жұмсалған шығындар есептелмейді. Олар инвестициялық шығындарға кіреді.

**I** – фирмалардың инвестициялық шығындары (машина, станоктар, шикізат, құрылысқа шығындар)

Инвестицияны жалпы және таза деп бөледі. Егер жалпы инвестициядан өндіріс процесінде ескірген машиналар мен станоктарды жаңартуға жұмсалған бөлігін (амортизация) шегерсек, онда таза инвестицияны табамыз.

**Таза инвестиция = Жалпы инвестиция – Амортизация**

Таза инвестициялар экономикадағы ірі қаржы қорларын көбейтеді.

**G** – тауарлар мен қызметтерді мемлекеттің сатып алуы. (мектеп, аурухана, жол құрылысы, мемлекеттік аппарат пен армияны ұстауға шығындар, мұнда трансферттік төлемдер кірмейді).

**Xn** – сыртқы сауда байланысының сальдосы немесе экспорт пен импорт арасындағы айырмашылық. Мұны «таза экспорт» деп атайды.

$$X_n = X - I_m$$

Егер экспорт импорттан жоғары болса, таза экспорт оң болады, керісінше болса, Xn – теріс сан болады.

2.2 кестеде Қазақстан Республикасының шығындар бойынша әдісімен алынған жалпы ішкі өнімі берілген.

Кесте 2.2 Шығындар бойынша әдісімен алынған жалпы ішкі өнім, ағымдағы бағалармен

	млн.тенге				
	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
<b>Үй шаруашылықтарының тұтынуға шығындары</b>	<b>13937217,2</b>	<b>17962285,7</b>	<b>19235837,4</b>	<b>21424082,7</b>	<b>25620092,9</b>
<b>Мемлекеттік басқару</b>	3 573 446,7	3 662 309,2	4 241 218,1	4 755 939,3	5 463 145,6
<b>Жалпы қорланым</b>	<b>7 825 026,2</b>	<b>8 844 818,4</b>	<b>10 232 495,4</b>	<b>11 409 909,5</b>	<b>13 070 935,7</b>
негізгі капиталдың жалпы қорланымы	7 072 441,5	7 877 374,3	8 552 487,1	9 354 911,6	10 671 499,7
материалдық айналым құралдары қорларының өзгеруі	752 584,7	967 444,1	1 680 008,3	2 054 997,9	2 399 436,
<b>Таза экспорт</b>	<b>4 495 835,4</b>	<b>4 257 412,5</b>	<b>5 440 144,5</b>	<b>1 628 696,0</b>	<b>1 585 830,9</b>
тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспорты <sup>1</sup>	13 680 694,3	13 901 757,1	15 609 170,2	11 658 809,0	14 957 440,7
Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импорты <sup>1</sup>	9 184 858,9	9 644 344,6	10 169 025,7	10 030 113,0	13 371 609,8
Статистикалық алшақтық	1 183 661,1	1 272 199,3	526 137,5	1 127 525,9	1 231 144,9
<b>Жалпы ішкі өнім</b>	<b>31 015 186,6</b>	<b>35 999 025,1</b>	<b>39 675 832,9</b>	<b>40 884 133,6</b>	<b>46 971 150,0</b>

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика агенттігі мәліметтері бойынша құрылған. Қазақстан 2016 жылы / Статистикалық жылнамалық, Астана, 2017. – 478 бет.

**Табыстар бойынша** – барлық экономикалық агенттердің табыстары қосылады.

$$\mathbf{ЖҰӨ = C + S + R + r + T + A}$$

мұнда:  $J = (C + S)$  – бұл тұтынуға (C) және (S) қор жинағына жұмсалатын халықтың жалақы түріндегі табысы;

R – рента және жалгерлік (аренданың) ақы түріндегі табыс;

r – қор жинағынан түсетін пайыз;

T – кәсіпкерлік қызметке салық, олар фирмалардан алынып, мемлекетке түседі;

A – амортизация, фирма табысынан алынып пайдаланылған өндіріс құралдарын алуға жұмсалады да қайтадан қайтарылады.

2.3 кестеде Қазақстан Республикасының табыстар бойынша әдісімен алынған жалпы ішкі өнімі берілген.

Кесте 2.3 Табыстар бойынша әдісімен анықталған жалпы ішкі өнім, ағымдағы бағалармен

	млн.тенге				
Көрсеткіштер	2012	2013	2014	2015	2016
Еңбек ақы төлеу	10 133 606,0	11 060 875,8	12 474 013,6	13 161 352,4	14 253 989,5
Өндіріс пен импортқа салықтар	2 814 431,3	3 516 534,9	3 481 816,8	2 562 782,0	3 322 271,9
Негізгі капиталдың тұтынылуы	3 732 517,1	4 352 759,9	4 869 370,7	5 199 146,5	5 009 473,7
Таза пайда/ таза аралас кірістер	14334 632,2	17068 854,5	18850 631,8	19960 852,7	24385 414,9
<b>Жалпы ішкі өнім</b>	<b>31 015 186,6</b>	<b>35 999 025,1</b>	<b>39 675 832,9</b>	<b>40 884 133,6</b>	<b>46 971 150,0</b>

*Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика агенттігі мәліметтері бойынша құрылған. Қазақстан 2016 жылы / Статистикалық жылнамалық, Астана, 2017. – 478 б.*

ҰЕШ жүйесінде тағы да бірнеше көрсеткіштер қолданады.

**Таза ұлттық өнім (ТҰӨ)** тозған жабдықтардың орнын толтырғаннан кейін тұтынуға қалған түпкі өнімдер мен қызметтердің жиынтығы. Ол ЖҰӨ-нен амортизацияны шегеру арқылы анықталады:

$$\mathbf{TҰӨ = ЖҰӨ - A}$$

TҰӨ - ЖҰӨ-нің халық тұтынуына кететін бөлігін көрсетеді.

TҰӨ-ң құрамында тұтыну саласына түспейтін әр түрлі салықтар бар. Оларға жанама салықтар: акциздер, кедендік салық, қосымша

құнға салынатын салық т.б. жатады. Осыларды ТҰӨ-нен шегерсек, ұлттық табысты табамыз.

$$\text{ҰТ} = \text{ТҰӨ} - \text{кәсіпорынға жанама салықтар}$$

ҰТ – ұлттық табыс елдің барлық тұрғындарының табысының жиынтығы. (жалақы, пайда, рента, пайыз). Бірақ, табыстардың барлығы түгел тұтыну мен сақтауға жұмсалмайды. Сондықтан, жеке табысты табу үшін ҰТ-тан азаматтардың әлеуметтік сақтандыруға салымдарын, корпорациялардың бөлінбеген пайдасын, корпорациялардың пайдасына салықтарды шегеріп, трансферттік төлемдерді қосамыз.

***ЖТ = ҰТ – әлеуметтік қауіпсіздік шығындары – пайдаға салық – кәсіпорындардың бөлінбеген пайдалары + трансферттік төлемдер.***

Жеке табыстан азаматтардың жеке салықтарын: табыс салығы, мұраға салық, мүлік салығын шегерсек, қолда бар табыс (ҚБТ) қалады. Ол тұтыну мен қор жинағына жұмсалады.

$$\text{ҚБТ} = \text{жеке табыс} - \text{мұраға салық} - \text{мүлікке салық} - \text{табыс салығы}$$

ЖҰӨ көрсеткішіне баға үлкен әсер етеді. Сондықтан ЖҰӨ-ді номиналды (атаулы) және нақты деп бөлеміз.

**Номиналды (атаулы) ЖҰӨ** – сол жылғы ағымдағы бағамен есептелген тауарлар мен қызмет көлемі.

**Нақты ЖҰӨ** – баға өзгерісін ескеретін немесе базалық бағамен есептелген ЖҰӨ көлемі.

Номиналды ЖҰӨ-ді нақты ЖҰӨ-ге келтіру үшін екі индекс қолданылады. Тұтынушылық бағалар индексі (ТБИ) және ЖҰӨ дефляторы.

ЖҰӨ есептеудің кейбір қиыншылықтары бар. Мысалы: егер жеке адам машина сатып алса, ол С болады, ал кәсіпорын сатып алса, І болады. ТБИ-ды анықтау үшін «тұтыну қоржынын» пайдаланады.

$$\text{ТБИ} = \frac{\text{есепті жылғы «тұтыну қаржынының» бағасы}}{\text{базалық жылғы «тұтыну қоржынының» бағасы}}$$

**ТБИ (тұтынушылық бағалар индексі)** тек тұтыну тауарларына есептелген баға индексі. Бұл индекстің өзіндік кемшіліктері бар.

Ал тек тұтыну емес, сонымен бірге инвестициялық және басқа да тауарлар бағаларының өзгерісін ескеретін баға индексі **ЖҰӨ дефляторы**.

$$\text{ЖҰӨ дефляторы} = \text{ЖҰӨ номиналды} / \text{ЖҰӨ нақты}$$

Кесте 2.4 Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ дефляторы, өткен жылға %

	2012ж.	2013ж.	2014ж.	2015ж.	2016 ж.
Түпкілікті тұтынуға жұмсалған шығындар	106,3	107,2	105,6	111,6	114,7
үй шаруашылықтарының	106,1	108,6	105,6	112,3	115,4
мемлекеттік басқару органдарының	106,4	100,8	105,5	109,5	112,3
жеке тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге	108,2	103,1	107,1	103,6	118,4
ұжымдық көрсетілетін қызметтерге	104,5	98,3	103,9	115,5	106,5
үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың	114,7	109,8	107,4	106,3	109,9
<b>Жалпы қорланым</b>	<b>106,9</b>	<b>106,0</b>	<b>106,5</b>	<b>105,6</b>	<b>111,8</b>
негізгі капиталдың жалпы қорланымы	106,2	105,6	104,0	105,0	110,8
материалдық айналым құралдары қорларының өзгеруі	113,4	109,0	121,5	108,7	116,3
<b>Таза экспорт</b>					
тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспорты	99,5	98,9	115,2	77,9	134,3
тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импорты	97,8	97,4	109,8	98,7	136,1
<b>Жалпы ішкі өнім</b>	<b>104,8</b>	<b>109,5</b>	<b>105,8</b>	<b>101,9</b>	<b>113,6</b>

*Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика агенттігі мәліметтері бойынша құрылған. Қазақстан 2016 жылы / Статистикалық жылнамалық, Астана, 2017. – 478 б.*

Кестеден көріп отырғандай ЖҰӨ дефляторы 2016 жылы алдыңғы 2012 жылмен салыстырғанда көбейген. Бұл экономикадаға жалпы баға деңгейінің өскенін көрсетеді.

ЖҰӨ дефляторы мен ТБИ арасындағы айырмашылық:



1) ТБИ – нақты тұтыну тауарлар құнын анықтайды. Яғни, «тұтыну қоржынының» құрылымы өзгермейді. (мысалы: қант, нан, шай). Ал, ЖҰӨ құрамына кіретін өнімдер көлемі алуан түрлі, әрі көлемі де өзгеріп отырады. Мысалы: бидайды көп өндірсек, ЖҰӨ құрамындағы оның үлесі жоғары болады. Дефлятор экономикада өндірілетін барлық тауарлар мен қызметтердің бағаларының өзгерісін көрсетеді. Мысалы: құрылыс объектілеріне баға өзгерісін, шикізат, т.б.

2) ТБИ құрамына импорттың бағасы кіреді, дефлятор тек сол елде өндірілген тауарлар бағасына байланысты анықталады.

Баға индекстері Ласпейрас, Пааше, Фишер индекстеріне негізделеді.

Тұтынушылық бағалар индексі Ласпейрас индексінің типі бойынша есептеледі.

*Ласпейра индексі бойынша* тауарлар мен қызметтер құрылымы өзгермейді және базалық жылғы тауарлар мен қызметтер көлемі негізгі деп алынады.

$$I_L = \frac{\sum_{i=1}^n P_i^t \times Q_i^o}{\sum_{i=1}^n P_i^o \times Q_i^o}$$

Мұнда:  $Q_i^o$  базалық (тұрақты) жылғы өндірілген  $i$  тауарының көлемі.

$P_i^o$  – базалық (тұрақты) жылғы тауарлар бағасы.

$P_i^t$  – ағымдық жылғы тауарлар бағасы.

*Пааше индексі* ағымдық жылғы тауарлар мен қызметтер бағасына негізделеді.

$$I_P = \frac{\sum_{i=1}^n P_i^t \times Q_i^t}{\sum_{i=1}^n P_i^o \times Q_i^t}$$

Мұнда:  $Q_i^t$  – ағымдық жылғы тауарлар көлемі.

Пааше индексінде тауарлар жиынтығы өзгереді және оны ЖҰӨ дефляторы деп те атайды.

*Фишер индексі* – Ласпейрас пен Пааше индекстерінің орташа геометриялық шамасы.

$$I_F = \sqrt{I_L I_p}$$

мұнда:  $I_L$  – Ласпейрас индексі;

$I_p$  – Пааше индексі.

Баға индекстері инфляция қарқынын, өмір сүру құнының динамикасын анықтау үшін қолданылады.

## 2.4 КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКА

Ұлттық экономикада көлеңкелі немесе жасырын экономиканың болуы ЖІӨ және ҰЕЖ-нің басқа да көрсеткіштерінің нақты шамасын анықтауда қиыншылықтар тудырады.

Экономикалық есеп-шоттарда көрсетілмейтін экономикалық іс-әрекет жасырын жасалады.

**Көлеңкелі экономика** дегеніміз – бұл мемлекетке салық төлеуді жасыратын және заңсыз түрде пайда табуды көздейтін экономикалық қызмет.

Көлеңкелі экономика көрсеткішінің әдістемесі ОЭСР әдістемесі бойынша тұтас экономика және экономикалық қызмет бойынша есепке алынады. Ал оларды жалпылама «бақыланбайтын экономика» деп атайды. Бұларға «көлеңкелі экономика», «бейресми экономика» және «заңсыз экономика» жатады.

Ғалымдар көлеңкелі экономика жағдайларына мыналарды жатқызады:

**Заңсыз жүргізілетін қызмет түрлері** – заңсыз тауарларды өндіру және тарату (есірткілерді өндіру және тарату);

- заңсыз қызметтерді өндіру (жезөкшелік);
- арнайы рұқсаты жоқ өндірушілердің заңды тауарлар мен қызметтерді өндіруі (алкоголь өнімдерін өндіру);
- жасанды тауарлар мен шығармашылық түпнұсқалардың авторланбаған көшірмелерін өндіру және сату;
- браконьерлік (ағаштарды заңсыз кесу, заңсыз аң аулау, заңсыз балық аулау);
- контрабанда.

**Табыс табатын жұмыссыздар** – жұмыссыз болып тіркеліп, мемлекеттен жұмыссыздыққа байланысты түрлі жәрдемақы алатындар. Олардың табыс көзі болғандықтан жәрдемақы алуға құқықтары жоқ.

**Қосалқы жұмыс істейтіндер**, егер қосалқы қызмет орнында салық төлемесе.

**Алдау қызметі** – табысты заңсыз түрде иемдену: материалдық байлықты ұрлау, тұтынушылармен дұрыс есептеспеу, тауарды дұрыс жеткізбеу.

**Қолма – қол ақша, не затпен төлеу.** Кейбір жалданып жұмыс істейтіндер жұмыс уақытында қолма-қол ақшаға жеке мәмілелер жасайды (көпшілік жағдайда олар жалгердің құрал-саймандарын жеке мүддесіне пайдаланады) немесе пара алу.

**Заңсыз іскерлік шығындар** – қосымша жеке шығындардың іскерлік шығындар түрінде рәсімделуі.

Сонымен бірге көлеңкелі экономиканың негізгі элементтері сыбайлас жемқорлық пен қызмет құзырын артық сілтеу жағдайлары.

Көлеңкелі экономика ауқымын және оның аясындағы табыс көлемін анықтау өте қиын, алайда сарапшылардың бағалауынша жалпы ұлттық өнімдегі оның үлесі шамамен АҚШ-та 8-14%, Англияда 6-8%, Канада мен Францияда 5-8%, Норвегия мен Швецияда 6-17% арасында болады. Әсіресе Италия экономикасының көлеңкелі секторы ЖҰӨ-нің 30% құрайды.

Шетел мамандарының бағалауынша, бұрынғы КСРО-ның «жасырын экономикасы» дүние жүзіндегі дамыған 20 елдің қатарына кірген. Олардың есептеуінше, жалпы ұлттық өнімнің 5-7% «көлеңкелі» секторда өндірілген. Көлеңкелі экономиканың мұндай ауқымы мемлекеттік меншіктің монополиялық үстемдігіне байланысты болғаны белгілі.

Көлеңкелі экономиканы бақылау мен есептеу мүмкін болмаса да, оның бар екенін анықтаудың қарапайым екі әдісін ажыратуға болады:

1. Шығындар мен табыстар арасындағы айырмашылық арқылы, яғни ұлттық деңгейде шығындар табыстан артса.
2. Өте ірі ақша белгілеріне сұраныстың өсуі.

Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономика элементтері: жасырын меншік түрлері мен жалған экономика субъектілері, негізгі тәсілдері көптен бері қалыптасқан. Олармен күресу шараларын арнайы құқық сақтау органдары жүргізеді. Отандық ғалымдар көлеңкелі экономикамен күресудің бірден-бір тәсілі болашақта жаппай электрондық ақша жүйесіне көшу деп есептейді.

### ***Негізгі түсініктер:***

Ұлттық есеп-шот жүйесі (ҰЕЖ).

Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ).

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ).

Таза ұлттық өнім (ТҰӨ).

Ұлттық табыс (ҰТ).  
Жеке табыс (ЖТ).  
Қолда бар табыс (ҚБТ).  
Тұтыну (С).  
Инвестиция (І).  
Қор жинағы (S).  
Амортизация.  
ЖҰӨ-ді табыс бойынша есептеу.  
ЖҰӨ -ді шығын бойынша есептеу.  
Ласпейрас индексі.  
Пааше индексі.  
Фишер индексі.  
Нақты ЖҰӨ.  
Номиналды (атаулы) ЖҰӨ.  
ЖҰӨ дефляторы.  
Көлеңкелі экономика.

***Талдауға арналған сұрақтар:***

1. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеу әдістері.
2. Макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеудегі қиыншылықтар.
3. Қайта есептеу дегеніміз не?
4. Баға индекстері дегеніміз не, оның қандай түрлері бар?
5. Көлеңкелі экономика, оның ұлттық экономикаға әсері.
6. Көлеңкелі экономика нәтижелерін ЖІӨ-де есепке алу проблемалары.

## III тарау

### ЖАЛПЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІК. «AD-AS» ҮЛГІСІ

3.1 Жиынтық сұраныс және оның құрауыштары

3.2 Жиынтық ұсыныс, оның классикалық және кейнстік үлгілері

3.3 Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың өзара байланысы. AD-AS үлгісі

#### *Қаралатын мәселелер*

Жиынтық сұраныс, оған әсер ететін факторлар. Жиынтық сұраныстың құрауыштары. Жиынтық ұсыныс, оған әсер ететін факторлар. Жиынтық ұсынысты классикалық және кейнстік тұрғыдан талдау. Жабық экономикада макроэкономикалық тепе-теңдік қалай орнайды. Храпавик әсерінің жағдайы мен нәтижелері. AD-AS үлгісі негізінде сұраныс пен ұсыныстың кенеттен өзгеруі (шок) салдарының экономикаға әсерін талдау.

### 3.1 ЖИЫНТЫҚ СҰРАНЫС, ОНЫҢ ҚҰРАУЫШТАРЫ

Макроэкономикалық тепе-теңдік мәселелерін ең алғашқы зерттеген классикалық теорияның өкілдерінің бірі - француз экономисі Леон Вальрас (1834-1910)

Ғылыми жаңалықтары:

1. Алғашқы болып нарықтық тепе-теңдіктің жалпы қағидаларын ұсынды: *Сұраныс ұсынысқа теңеседі* және оны математикалық тұрғыдан түсіндіріп берді.

2. 4 нарықты енгізді: еңбек, капитал, қаржылық, тұтыну тауарлары мен қызметтер.

3. Жоғарғы математиканы экономикалық ғылымның міндетті бөлігі ретінде енгізді.

*Жиынтық сұраныс* (AD) – белгілі баға деңгейінде сатып алынатын өнімдердің жиынтық көлемі. Жиынтық сұраныс агрегатталған сұранысты білдіреді, яғни барлық экономикалық агенттердің жалпы сұранысы.

Жабық экономикада сыртқы ортамен байланыс болмайды. Сондықтан *жиынтық сұраныс* көлемі ұлттық сатып алушылардың берілген баға деңгейінде сатып алғылары келетін және алуға мүмкіндіктері бар тауарлар мен қызметтердің жиынтық көлемі:

$$Y_D = C + I + G,$$

мұнда:  $Y_D$  – жиынтық сұраныс (ұлттық табыс)

$C$  – тұтыну шығындары;

$I$  – инвестициялық шығындар;

$G$  – мемлекеттік шығындар.

*Жиынтық сұраныс қисығы* – экономикада сатып алынатын өнімдер көлемі мен бағаның жалпы деңгейі арасындағы тәуелділік (3.1 - сурет).


Жиынтық сұраныс қисығының төменге бағытталуы немесе теріс көлбеу орналасуы негізгі үш әсерге байланысты:

**Кейнс әсері (пайыз мөлшерлемесінің әсері)** – баға өскен сайын ақшаға сұраныс өседі; ақша ұсынысының тұрақтылығына байланысты пайыз мөлшерлемесі өседі. Пайыз мөлшерлемесінің өсуі экономикаға салынатын инвестиция көлемін қысқартады. Ол жиынтық сұраныс көлемінің қысқаруына әкеледі.

**Пигу әсері (нақты қасалық қалдық әсері немесе байлық әсері)** – бағаның жоғары деңгейінде қоғамның жинақ қорының нақты құны төмендейді. Мысалы, құны тұрақты болатын есеп-шот пен облигациялардың құны. Мұндай сатып алу қабілетінің төмендеуі нәтижесінде халық кедейленеді де шығындарын

азайтады. Бұл жағдай жиынтық сұранысты азайтады. Керісінше, баға деңгейі төмендегенде адам байлығының сатып алу қабілеті мен құны артады да тұтыну шығындары көбейеді. Нәтижесінде жиынтық сұраныс көлемі молаяды.

**Импорттық тауарларды сатып алу әсері.** Импорт пен экспорт көлемі елдегі және шетелдердегі баға деңгейіне байланысты болады. Егер елдегі баға деңгейі шетелге қарағанда жоғары болса, онда жергілікті тұтынушылар импорттық тауарларды көбірек алып, отандық тауарларды аз тұтынады. Сөйтіп елдегі баға деңгейінің өсуі таза экспортты азайтады. Бұл жиынтық сұранысқа кері әсерін тигізеді. Елдегі баға деңгейінің төмендеуі таза экспортты көбейтеді, нәтижесінде жиынтық сұраныс көлемі артады.



3.1 - сурет Жиынтық сұраныс

**Импорттық тауарларды сатып алу әсері.** Импорт пен экспорт көлемі елдегі және шетелдердегі баға деңгейіне байланысты болады. Егер елдегі баға деңгейі шетелге қарағанда жоғары болса, онда жергілікті тұтынушылар импорттық тауарларды көбірек және отандық тауарларды аз ала бастайды. Сөйтіп елдегі баға деңгейінің өсуі таза экспортты азайтады. Бұл жиынтық сұранысқа кері әсерін тигізеді. Елдегі баға деңгейінің төмендеуі таза экспортты көбейтеді нәтижесінде жиынтық сұраныс артады


Жоғарыда берілген бағалық факторлардан басқа AD қисығына бағалық емес факторлар әсер етеді. Бұл факторлардың әсері жиынтық сұраныс қисығының оңға немесе солға жылжуына әкеледі. Бағалық емес факторлар дегеніміз – бұл тұтыну

шығындарына, инвестициялық шығындарға, мемлекеттік шығындарға, таза экспортқа әсер ететін факторлар.

*Тұтынушылық шығындарға тұтынушылардың табысы, болашақты күтуі, табыс салығының өзгерісі* әсер етеді. Мәселен, тұтынушылардың ақшалай табыстарының өсуі жиынтық сұранысты көбейтеді және AD қисығын оңға жылжытады, табыстың азаюы керісінше, солға жылжытады.

*Инвестициялық шығындарға пайыз мөлшерлемесінің деңгейі, несие жеңілдіктері, өндірушілердің болашақты күтуі, бизнеске салық, субсидиялар әсер етеді.* Бизнеске салықтың өсуі инвестицияны қысқартады, AD қисығы солға  $AD_1$  -ге жылжиды, салықтың төмендеуі керісінше, AD қисығын оңға  $AD_2$ -ге жылжытады. (3.2 - сурет).

*Мемлекеттік шығындардың өсуі* жиынтық сұранысты көбейтеді, бұл жағдай AD қисығын оңға жылжытады, ал мемлекеттік шығындардың қысқаруы AD қисығын солға жылжытады.



3.2 – сурет Жиынтық сұраныс қисығының жылжуы

*Таза экспортқа валюта бағамының өзгерісі, сыртқы нарықтағы жағдайлар.* Ұлттық валюта бағамының өсуі импорттың көбейіп, экспорттың қысқаруына әкеледі, нәтижесінде жиынтық сұраныс қысқарады және AD қисығы солға жылжиды, ал ұлттық валюта бағамының төмендеуі AD қисығын оңға жылжытады.

Сондай-ақ бағалық емес факторларға ақшаның сандық теориясына сәйкес **ақша ұсынысы мен ақша айналымының жылдамдығы** жатады.



### 3.2 ЖИЫНТЫҚ ҰСЫНЫС, ОНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КЕЙНСТІК ҮЛГІЛЕРІ

*Жиынтық ұсыныс (AS)* – экономикада белгілі баға деңгейінде өндірілген соңғы өнім көлемі немесе нақты ЖҰӨ.

*Жиынтық ұсыныс қисығы* – экономикадағы әр түрлі баға деңгейінде өндірушілердің нарыққа ұсына алатын жиынтық өнім көлемін көрсетеді.


AS қисығы классикалық және кейнстік мектептер тұрғысынан әртүрлі түсіндіріледі.

Бір фактордың, мысалы, жиынтық сұраныстың әсерінен жиынтық ұсыныс әртүрлі шамада болады. Бұл жағдай уақыт факторына байланысты. Уақыт факторының әсерін қысқа және ұзақ мерзім кезеңдерінде қарастыруымызға болады.

Классикалық үлгі ұзақ мерзім кезеңін қарастырады. Жиынтық ұсынысты талдау классикалық теория тұрғысынан төмендегідей жағдайларға негізделеді:

- өнім көлемі тек өндіріс факторларына (еңбек пен капиталға) және технологияға байланысты анықталады, баға деңгейіне тәуелді емес;
- өндіріс факторларындағы өзгерістер баяу жүреді;
- экономика жұмыспен толық қамтылған жағдайда қаралады;
- баға мен жалақы өте икемді, жылдам өзгереді, олардың өзгерісі нарықтардағы тепе-теңдікті ұстап тұрады.

AS қисығы классикалық үлгіде тік сызық түрінде болады. AS өндіріс көлемінің әлеуетті деңгейі мен жұмыссыздықтың табиғи деңгейін, яғни жұмыспен толық қамтылған жағдайдағы өндіріс көлемін сипаттайды (3.3 - сурет).



3.3 - сурет AS қисығы, классикалық үлгі


Ұзақ мерзім кезеңінде жиынтық сұраныстың өзгерісі тек баға деңгейіне әсер етеді, ал өндіріс көлемі тұрақты болып қалады. Мысалы, тұтынушылық шығындар көбейгенде жиынтық сұраныс қисығы жоғары-оңға жылжиды ( $AD_1 \rightarrow AD_2$ ). Экономикалық тепе-теңдік  $E_1$  нүктесінен  $E_2$  нүктесіне ауысады, баға  $P_1$ -ден  $P_2$ -ге өседі, ал өндіріс көлемі сол деңгейде қалады (3.4 - сурет). Жиынтық ұсыныс қисығының жылжуы тек технология деңгейі өзгерген жағдайда ғана мүмкін болады.

Кейнстік үлгі экономиканы қысқа мерзім кезеңінде қарастырады.

AS қисығы кейнстік үлгіде көлденең сызық түрінде болады (4-сурет).

Жиынтық ұсынысты кейнстік тұрғыдан талдау төмендегідей жағдайларға негізделеді:

- экономика өндіріс факторларының толық қамтылмаған жағдайында әрекет етеді;
- баға, номиналды жалақы және басқа да номиналды шамалар тұрақты, оларға нарықтық өзгерістер баяу әсер етеді. Нақты шамалар (өнім көлемі, нақты жалақы, жұмысбастылық) нарықтық өзгерістерге өте сезімтал.




3.4 -сурет AS қисығы, кейнстік үлгі

Қысқа мерзім кезеңінде жиынтық сұраныстың өзгерісі тек өнім көлеміне әсер етеді, ал баға деңгейі тұрақты болып қалады. Мысалы, ақша ұсынысы көбейгенде жиынтық сұраныс қисығы жоғары-оңға жылжиды ( $AD_1 \rightarrow AD_2$ ). Экономикалық тепе-теңдік  $E_1$

нүктесінен  $E_2$  нүктесіне ауысады, ал өндіріс көлемі  $Y_1$ -ден  $Y_2$ -ге көбейеді.

Сонымен жиынтық ұсыныс қисығы үш бөліктен тұрады (сурет 3.5): *кейнстік бөлікте* факторлар өндірісте толық қамтылмаған. Бағаның тұрақты деңгейінде жұмыссыздық орын алады.

*Аралық бөлікте* бос факторлардың өндіріске біртіндеп тартылуы өнім көлемін көбейтеді ( $Y - Y_1$ ). Өнім көлемі шығындардың өсуіне әкеледі де баға көтеріле бастайды ( $P - P_1$ ). Жиынтық ұсыныстың *классикалық бөлігінде* экономика толық жұмыспен қамтылған жағдайда өндіріс көлемі ең жоғары деңгейде ( $Y_1$ ) болады. Бос ресурстар болмағандықтан өндіріс көлемін кеңейту мүмкін емес. Сондықтан ресурстарға баға өседі де ол жалпы баға деңгейінің өсуіне ( $P_1 - P_2$ ) әкеледі. Нәтижесінде жиынтық ұсыныс қисығы вертикалды түрге келеді.



3.5 – сурет Толық жиынтық ұсыныс қисығы


Жиынтық ұсынысқа бағадан басқа факторлар әсер етеді: ресурстар бағасының өзгерісі, технология деңгейі, салықтар мен дотациялар, ауыл шаруашылық климат жағдайы, басқа да факторлар. Ол факторлардың әсерінен AS қисығы оңға немесе солға жылжиды. Мысалы: қосымша ресурс көздерінің ашылуы шикізаттың арзандауына әкеледі. Бұл жиынтық ұсыныс қисығын солға жылжытады, керісінше ресурстардың арзандауы AS қисығын оңға жылжытады. Сондай-ақ AS қисығы жұмыс күшіне, жерге, капиталға бағаның өзгерісіне байланысты да оңға немесе солға жылжуы мүмкін.

### 3.3 ЖИЫНТЫҚ СҰРАНЫС ПЕН ЖИЫНТЫҚ ҰСЫНЫСТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ. AD-AS ҮЛГІСІ

AD мен AS қиылысқан жағдайда барлық өндірілген өнім берілген баға деңгейінде сатып алынады, яғни макроэкономикалық тепе-теңдік орнайды.


Ұзақ және қысқа мерзім кезеңдеріндегі макроэкономикалық тепе-теңдікті қарастырсақ. Мысалы, ақша массасы көбейген жағдайда жиынтық сұраныс көбейеді ( $AD_1 \rightarrow AD_2$ ), қысқа мерзімдегі тепе-теңдік A нүктесінен B нүктесіне ауысады, ал баға деңгейі өзгермейді, өнім көлемі  $Y_1$ -ден  $Y_2$ -ге көбееді (3.6 - сурет).

Сұраныс өте жоғары болғандықтан тауарлар ескі бағамен сатыла береді. Бірақ біртіндеп шығындар өсе бастайды, өйткені өндіріс ресурстары (жұмысшылар) аз. Ал ресурстарға сұраныс өскендіктен (мысалы: жалақы өседі) дайын өнімге де баға өседі. Сөйтіп сұраныс қисығы кеми бастайды да, B нүктесінен C нүктесіне ауысады. Нәтижесінде экономика бұрынғы қалпына қайта келеді, бірақ жоғары баға деңгейінде ( $P_1$ ). Ұзақ мерзім кезеңіндегі тепе-теңдік C нүктесінде орнайды.



3.6 - сурет AD мен AS өзара байланысы

Біз жоғарыда жиынтық сұраныс көбейген жағдайда экономикада қандай өзгерістер болатынын қарастырдық. Енді жиынтық сұраныс қысқарғанда экономикада не болуы мүмкін. Бұл жағдайда «*хрпанавик әсері (эффектісі)*» пайда болады (3.7- сурет).



3.7 - сурет Храповик әсері

Алғашқы жиынтық сұраныс жағдайында тепе-теңдік көлемі  $Y$  мен баға  $P$  деңгейінде қалыптасқан. Жиынтық сұраныс  $AD$ -дан  $AD_1$ -ге дейін төмендегенде, тепе-теңдік нүктесі  $E$  нүктесінен  $E_1$  нүктесіне дейін жылжуы тиіс, яғни ұлттық өндірістің нақты көлемі  $Y$ -дан  $Y_1$ -ге дейін, ал баға деңгейі  $P$ -дан  $P_1$ -ге дейін төмендеуі қажет. Алайда нақты өмірде баға төмендемеуі мүмкін. Сондықтан жаңа тепе-теңдік  $E_2$  нүктесінде орнайды.

Бұл жағдайда баға деңгейі сақталады ( $P$ ), өндіріс көлемі алғашқы көлемнен аз болады ( $Q_2 < Q_1$ ). Храповик әсері (эффeктивтісі) нәтижесінде  $AS$  қисығы жоғары көтеріледі де  $PE_2E$  жағдайына ығысады.

Баға мен жиынтық ұсыныс қисығының бұлай өзгеруі өндіріс шығындарының бағасына байланысты. Кәсіпкер шикізат, аренда ақысы, жұмысшыларға жалақы туралы белгілі баға бойынша келісімге отырады. Сондықтан кәсіпкер ол шығындарды еркін түрде азайта алмайды және сұраныс қысқарса да, зиян шекпес үшін өзінің өнімін алғашқы қалыптасқан бағамен сатуға және өндіріс көлемін қысқартуға мәжбүр болады.

Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың кенеттен өзгеруі (шок немесе есеңгіреу) өндіріс көлемі мен жұмысбастылықты қалыпты деңгейден ауытқытады.


*Сұраныс жағынан (шок) есеңгіретудің* мысалы ретінде ақша ұсынысының кенет өзгеруін немесе инвестициялық сұраныстың өзгеруін айтуға болады.

*Ұсыныс жағынан (шок) есеңгіретуге* ресурстарға бағаның кенет өзгеруін (мұнайға бағаның өзгеруі), табиғи апат жағдайларын, заңдардың өзгеруін, жаңалықтардың ашылуын,

қоршаған ортаны қорғауға шығындардың көбеюін жатқызуға болады. Аталған құбылыстар экономикадағы өндіріс көлемі мен жұмысбастылықтың тепе-теңдік жағдайына айтарлықтай әсер етеді.

AD-AS үлгісі негізінде осы кенеттен өзгерген жағдайлардың экономикаға әсерін, оны тұрақтандырудағы мемлекеттің рөлін талдап көрсетуге болады.

Мысалы: мұнайға бағаның өсуі жалпы баға деңгейінің өсуіне әкеледі. Қысқа мерзімдік жиынтық ұсыныс қисығы жоғары көтеріледі ( $SRAS_1$ -ден  $SRAS_2$ -ге). Бұл жағдай өндіріс көлемін  $Y_1$ -ге төмендетеді (В нүктесінде)(3.8-сурет).



3.8 –сурет Ұсыныс жағынан (шок) есеңгірету

Егер мемлекет пен Орталық банк араласпаса, экономика өздігінен бейімделе бастайды. Өндіріс көлемі мен жұмысбастылықтың төмен деңгейінде баға біртіндеп төмендеп, бұрынғы қалпына қайта келуі мүмкін (В нүктесінен А нүктесіне). Алайда мұндай жағдай ұзаққа созылуы мүмкін. Сондықтан Орталық банк ақша ұсынысын молайтады, соған байланысты жиынтық сұраныс көбейеді ( $AD_1$ -ден  $AD_2$ -ге). Нәтижесінде өндіріс көлемінің төмендеуі тоқтайды, бірақ жоғары баға деңгейінде. Сөйтіп С нүктесінде жаңа тепе-теңдік орнайды. Мемлекеттік шығындарды көбейту арқылы да дәл осындай нәтижеге жетуге болады.

Сонымен мемлекеттің тұрақтандыру әрекеті нәтижесінде экономикалық саясат белгілі қарама-қайшылықпен кездеседі: ұзақ күйзелу мен жұмыссыздық немесе жұмысбастылық пен өндіріс көлемін сақтай отырып, баға деңгейін көтеру (инфляция).

**Негізгі түсініктер:**

Жиынтық сұраныс.

Кейнс әсері (пайыз мөлшерлемесі әсері).

Пигу әсері (нақты кассалық қалдық әсері).

Импорттық тауарлар әсері.

Жиынтық ұсыныс.

Жиынтық ұсыныстың кейнстік үлгісі.

Жиынтық ұсыныстың классикалық үлгісі.

AD-AS үлгісі.

Жиынтық сұраныс шоғы.

Жиынтық ұсыныс шоғы.

***Талдауға арналған сұрақтар:***

1. Жиынтық сұранысқа әсер ететін факторлар.
2. Қысқа мерзім кезеңіндегі жиынтық ұсыныс.
3. Ұзақ мерзім кезеңіндегі жиынтық ұсыныс.
4. Храповик әсерінің нәтижесі.
5. Жиынтық ұсыныс шоғы.

## IV тарау

### МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ АНЫҚТАУДЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ ҮЛГІСІ

- 4.1 Классикалық мектептің негізгі қағидалары
- 4.2 Еңбек нарығындағы тепе-теңдік
- 4.3 Ақша нарығындағы тепе-теңдік
- 4.4 Жалпы тепе-теңдіктің классикалық үлгісі. Экономиканы реттеудегі мемлекеттің рөлі.

#### *Қаралатын мәселелер*

Классикалық мектептің даму тарихы. Сэй заңының мәні. Қор жинағы, инвестиция және пайыз мөлшерлемесінің өзара байланысы. Еңбек рыногындағы тепе-теңдікті анықтау. Классикалық дихотомия. Классикалық үлгідегі ақша нарығының рөлі. Ақшаның сандық теориясындағы айналымға қажет ақша массасының көлемін анықтау. Экономикалық қатынастарды реттеудегі мемлекеттің рөлі. Ашық экономикадағы тепе-теңдікке әсер ететін факторлар.



## 4.1 КЛАССИКАЛЫҚ МЕКТЕПТІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Қазіргі экономикалық теорияларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады: классикалық және кейнстік.

Бұл мектептер қазіргі экономикалық ілімдердің екі негізгі бағыттарын білдіреді.

Классикалық мектеп өкілдеріне кең мағынада А.Смит пен Д.Рикардоның барлық ізбасарларын Ж.Б.Сэй, К.Маркс, Т.Р.Мальтус, Д.С.Милльді қоса ХІХ ғасырдың аяғына дейінгі экономистерді жатқызуға болады. Жалпы алғанда А.Маршалдан басталатын экономикалық ілімді неоклассиктерге жатқызады.

Классикалық мектептің негізгі бастапқы постулаты «игіліктер ұсынысы өздігінен сұранысты тудырады» деген тұжырым. Бұл теория, әсіресе Ж.Б.Сэйдің (1767-1832) заңында айқын, терең ашылды. Аталмыш заңға сәйкес әр өндіруші өзінің тауарын рынокта сатып, одан түскен қаржыға бірден басқа тауарлар сатып алады. Сэй рыноктағы еркін сұраныс пен ұсыныс жағдайында қандай да бір игіліктің артық өндірілу мүмкіндігін ескерді, алайда оның ойынша бұл кезеңде басқа салада тапшылықтың болуы ықтимал. Сөйтіп барлық экономикалық жүйеде тепе-теңдік сақталады. Бұдан Сэй заңының негізгі мәні: ұсыныс өзіне сәйкес сұранысты тудыратындығы.

Қазіргі экономика тұрғысынан Сэй заңы жетілмеген, өйткені ол ақша нарығын, яғни қаржының ақша түріндегі қорлануын қарастырмайды. Сэй теориясының кемшіліктерін Маркс те кезінде былайша атап көрсеткен “... тек бір нәрсе сатқандықтан басқа нәрсені сатып алуға ешкім де міндетті емес”<sup>1</sup>. Әрине, Сэй экономикадағы ақша қатынастарын жоққа шығарған жоқ, бірақ ол тек оның тауарлар айырбасындағы техникалық роліне ғана көңіл бөлді.

Сонымен классикалық мектеп тұрғысынан экономикалық жүйе тепе-теңдігін сипаттаудың екінші ерекшелігі: *тепе-теңдік үш рынокта орнайды: еңбек, игіліктер және ақша нарықтарында.*

Нәтижесінде қоғамда екі нарық қалыптасады: біріншісі тауарлар мен қызметтер және жұмыс күші сатылатын нақты нарық, екіншісі – бірінші нарыққа қызмет ететін ақша рыногі. **Сөйтіп, экономикада классикалық дихотомия деген түсінік пайда болды, яғни екі паралельді нарықтардың: нақты және ақша рыноктарының әрекет етуі.**

---

<sup>1</sup> Маркс К. Капитал.-Маркс К., Энгельс Ф., Т. 23. с. 124.

Ақшаның экономикалық жүйедегі ролі туралы А.Маршалл былай деген, «... адамдардың тауарларды сатып алуға мүмкіндіктері бар, бірақ олар ондай мүмкіндіктерді пайдаланбауы да мүмкін».

Осыған орай экономист-классиктер мынадай шешімге келді: қор жинағы тек инвестиция түрінде жүзеге асса ( $S = I$ ) ғана Сэй заңы орындалады, басқаша айтқанда, халықтың тұтыну тауарларына жұмсамаған ақша қоры инвестициялық мақсаттарға тартылуы тиіс.

Нақты және ақша рыноктарындағы тепе-теңдік автоматты тұрақтандырғыштар арқылы реттеледі деген қағида экономикалық саясатқа мемлекеттің араласуының қажет еместігін дәлелдеді.

## 4.2 ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ТЕПЕ-ТЕНДІК

Бұл мәселені зерттеуге кіріскенде алдын-ала келісетін жағдай: алдымен қысқа мерзімдік экономикалық үлгіні қарастырамыз және мемлекет пен халықаралық сауданы шектейміз. Классикалық мектептің алғышарттарының бірі баға мен жалақының икемділігі. Онда еңбек ұсынысы жалақы деңгейіне байланысты анықталады.

Еңбек нарығының классикалық үлгісінде тепе-теңдік жұмыс күшіне сұраныс функциясы мен ұсыныс функциясы арқылы анықталады. Мұнда еңбек бағасы жалақы болып табылады. Егер номиналды жалақыны  $W$  деп белгілесек, онда нақты жалақы  $\frac{W}{p}$ .

Нарықта жұмыс күшіне сұранысты кәсіпкер білдіреді. Кез келген кәсіпкер жалақының төмен деңгейінде аз жұмысшы жалдайды. Ал егер жалақы жоғары болатын болса, онда жұмысшылар саны азаяды. Сондықтан *-еңбекке сұраныс қисығы теріс көлбеу болады.*

Микроэкономика курсынан бізге белгілі жағдай кез-келген фирманың қосымша өндіріс факторын пайдалану шарты:  $MR = MC$ . Ал жұмыс күшіне қатысты кәсіпкердің қосымша жұмысшыны жалдау шарты


$MPR \geq \frac{W}{p}(w)$ . Яғни кәсіпкер қосымша жұмысшыны жұмысшының

шекті еңбек өнімі нақты жалақыдан жоғары болғанша немесе оған теңескенге дейін жалдай береді. Қорытынды жасасақ, жұмыс күшіне сұраныс нақты жалақының функциясы болып табылады.  $L_a = f(w)$ .

Еңбек нарығындағы еңбек ұсынысы да нақты жалақыға байланысты қалыптасады. Нақты жалақы өскен сайын еңбек ұсынысы артады және керісінше  $\frac{W}{p}$  төмендегенде жұмысшылардың

ынтасы болмайды. Сондықтан еңбекке ұсыныс қисығы оң көлбеу болады.

Еңбекке сұраныс пен ұсыныс қисықтарын қосу арқылы өндірістегі оңтайлы жұмысшылар санын көрсететін нақты жалақы деңгейін анықтаймыз (4.1 - сурет).




4.1 - сурет

Жалақы тепе-теңдік деңгейден ( $w/p_0$ ) жоғары болғанда ( $w/p_2$ ) рынокта жұмыссыздық орнайды және керісінше, жалақы тепе-теңдік деңгейден төмен болғанда ( $w/p_1$ ) жұмысшылар төмен жалақыға келіспейді де рынокта жетіспеушілік орнайды.

Классикалық теория бойынша еңбек нарығында жалақының икемділігіне байланысты сұраныс пен ұсыныс үнемі тепе-теңдік жағдайға келіп отырады.

Өндіріс көлемін анықтау үшін классикалық үлгіде макроэкономикалық деңгейдегі өндірістік функция қарастырылады (4.2-сурет).




4.2 - сурет Өндірістік функция

Экономикалық жүйеде өндіріс көлемі үш факторға тәуелді: жер, капитал, еңбек. Қысқа мерзім кезеңінде алдыңғы екеуін тұрақты, өзгермейтін деп ұйғарамыз. Сонда 4.3 - суретте көрсетілгендей функционалдық тәуелділік өнім көлемі мен жұмысшылар саны арасында қарастырылады  $Y = f(L)$ .

Егер өндіріс функциясын ұзақ мерзім кезеңінде қарастыратын болсақ, онда капитал өзгереді деп ұйғарамыз. Пайдаланылған капиталдың өсуіне қарай өндірістік функция графигі жоғары жылжиды (4.3-сурет).

Бұл жағдайда бұрынғы жұмысшылар саны деңгейінде өндіріс көлемі  $Y_1$ -ден  $Y_2$ -ге өседі.



4.3 - сурет

Айта кететін жағдай, еңбек рыногындағы тепе-теңдіктің теориялық негізіне қарамастан жұмыспен толық қамтудың тербелісі практикада кездеседі.

### 4.3. АҚША НАРЫҒЫНДАҒЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІК

Ақша нарығы макроэкономикалық талдауда өте күрделі болып табылады. Жоғарыда айтып кеткендей, классикалық мектеп өкілдері ақша тұтынуға бірден жұмсалмайтындығын, ал жиналған қордың инвестицияға теңесетінін мойындауға мәжбүр болды. Ал жалпы алғанда ақша нарығындағы тепе-теңдік табыс пен шығындар тепе-теңдігі арқылы орнайды:

$$(Y_D = Y_S)$$

Ұлттық табыс халықтың табысынан құралады. Ол тұтыну мен сақтауға жұмсалады:  $Y_D = C + S$ .

Ал ұлттық шығындар, бұл халықтың тұтыну тауарларына шығындары мен фирмалардың инвестицияға шығындарынан құралады:


$$Y_s = C + I$$

Демек, рынокта тепе-теңдік болу үшін  $S = I$

Халықтың сақтау қоры пайыз мөлшерлемесіне байланысты. Ол өскен сайын халықтың сақтауға ынтасы көтеріледі. Классиктердің теориясы қор жинағын пайыз мөлшерлемесінің өсу функциясы ретінде қарастырады:  $S=f(r)$ .

Қор жинағы инвестицияның қайнар көзі болып табылады. Ал кәсіпкер банктен несие алу үшін пайыз мөлшерлемесін жобаны жүзеге асырғаннан түсетін пайдамен салыстырады. Егер банктік пайыз мөлшерлемесі күтілетін пайдадан төмен болса, онда ол инвестицияға көбірек қаржы салады. Классиктер инвестицияны пайыз мөлшерлемесінің кему функциясы ретінде қарастырады:  $I = f(r)$ .

Пайда мөлшері, инвестиция және қор жинағының арасындағы байланыстың графиктік көрінісі 4.4-суретте берілген. Е нүктесінде  $r_0$  деңгейінде инвестиция мен қор жинағы теңеседі ( $I = S$ ),  $r_0$  – тепе-теңдік пайыз мөлшерлемесі.



4.4 - сурет

Егер пайыз мөлшерлемесі өссе ( $r_2$ ), онда бос ақша иелері (үй шаруашылықтары) салымдарды көбейтеді, ал кәсіпкерлерге ондай пайызбен қаржы алу тиімсіз болады да инвестицияны азайтады. Сондықтан қаржы институттары пайыз мөлшерлемесін төмендетуге мәжбүр болады. Керісінше, егер пайыз мөлшерлемесі төмендейтін болса ( $r_1$ ), онда кәсіпкерлер инвестицияны өсіреді, ал басқа тұлғалардың қор жинағына деген ынтасы төмендейд. Бұл жағдайда пайыз мөлшерлемесі тепе-теңдік деңгейге дейін көтерілуі мүмкін.

Сөйтіп, инвестиция мен қор жинағы арасындағы өздігінен реттелетін арақатынас тепе-теңдік пайыз мөлшерлемесін айтарлықтай тұрақты етеді.

Классикалық үлгі ақшаның сандық теориясын қолданады. Ол теория төмендегілерге негізделеді:

а) ақшаның сатып алу қабілеті тауарлар бағасы секілді нарықта анықталады;

ә) барлық шығарылған ақшалар айналыста болады;

б) ақшаның сатып алу қабілеті оның көлеміне кері пропорционалды;

в) баға деңгейі ақша көлеміне тура пропорционалды.

Ақшаның сандық теориясында ақша көлемі мен баға деңгейін анықтаудың екі тәсілі қалыптасқан. Бірінші тәсілі Гервинг Фишердің теңдеуіне, екіншісі Кембридждік мектеп теңдеуіне негізделеді.

Классиктер Фишердің теңдеуін ақшаға сұранысты анықтағанда қолданады:

$$MV = PY,$$

мұнда:  $M$  – айналыстағы ақша көлемі;  $V$  – айналыс жылдамдығы;  $P$  – баға деңгейі;  $Y$  – өндіріс көлемі.

Классиктер бұл теңдеудегі  $V$  мен  $Y$  тұрақты деп алады және ол ақша көлеміне ( $M$ ) тәуелді емес деп пайымдалады. Соған байланысты бағаның жалпы деңгейі ( $P$ ) ақша көлеміне пропорционалды өзгереді:

$$M = \frac{PY}{V}.$$

Бұл пайымдаулар классикалық үлгідегі  $AS$  қисығының тік орналасуын дәлелдейді. Жұмыспен толық қамтылған жағдайда бағаның өзгеруі өнім көлеміне әсер етпейді. Бағаның жоғары және төмен өзгеруі сұраныстың артықшылығы мен кемшілігін көрсетеді, бірақ өнім көлеміне әсер етпейді.

Кембридждік мектеп ақша көлемі, баға және нақты өнім көлемі арасындағы байланысты басқаша бейнелейді:


$$M = kPY$$

мұндағы  $k$  – бұл индивидтің өз қолында (ликвидтік түрде) қалдырғысы келетін табыс бөлігі. Ол ақша айналымының жылдамдығына кері қатынаста  $k = 1 / V$ .

Кембридж мектеп өкілдері ақшаға сұранысты ликвидтік тұрғыдан қарастырды. Ол ағымдық мәмілеге қажетті ақша көлемімен анықталады.

Егер жеке тұлғалар мен фирмалардың ағымдық шығындары жоғары болса, онда олардың ликвидтік түрдегі табыстары да өседі. Демек ақша массасының айналым жылдамдығы да жоғары болады да  $k$  коэффициенті төмендейді.

Классикалық теорияда ақшаға сұраныстың графиктік көрінісі баға деңгейі мен ақша массасы арасындағы тура тәуелділікті білдіреді (4.5 - сурет).



4.5 – сурет Ақшаға сұраныс

Сұраныс қисығының ( $M_D$ ) көлбеу бұрышы экономикада өндірілетін өнім көлеміне байланысты. Ақша ұсынысы ( $M_S$ ) тұрақты шама ретінде қарастырылады, яғни оны мемлекет белгілейді.

Классиктер теориясында ақшаның нақты ұсыныс көлемі сұранысқа тең  $M_S = M_D$ , ал  $M_D$  табысқа байланысты өзгеріп отырады. Демек тепе-теңдік ( $P_0$ ) баға ақшаға сұраныс пен ұсынысқа байланысты анықталады.

#### 4.4 ЖАЛПЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІҢ КЛАССИКАЛЫҚ ҮЛГІСІ

Қысқа мерзім кезеңіндегі жалпы тепе-теңдік жоғарыда қарастырылған үш нарықтағы тепе-теңдіктен құралады.

*Еңбек нарығындағы тепе-теңдік:*

1.  $L = L(W)$  – еңбек ұсынысының функциясы.
2.  $Y = f(L)$  – өндірістік функция.
3.  $MPR \geq \frac{W}{P}$ . – өндірушінің тепе-теңдік жағдайы.

*Тауарлар нарығындағы тепе-теңдік:*

4.  $S = S(r)$  – қор жинағы функциясы.

5.  $I = I(r)$  – инвестиция функциясы.
6.  $S = I$  – тауар рыногіндегі тепе-теңдік.

*Ақша нарығындағы тепе-теңдік:*

7.  $M = k \cdot P \cdot Y$  – Кембридж мектеп нұсқасы.

Алдыңғы үш теңдеу жүйесі экономикадағы жұмысшылар саны мен табыс деңгейін анықтауға мүмкіндік тудырады. Мұнда әрине, жұмысшылар саны белгілі және нақты жалақы деңгейі өзгермелі. Мұндағы тепе-теңдік басқа рынокқа және пайыз мөлшерлемесіне әсер етпейді.

Бұл жүйеден бөлек тауарлар мен қызметтер рыногы қалыптасады. Классикалық теорияға сәйкес барлық өндірілген тауарлар өз тұтынушыларын табады ( $S = I$ ) және ол пайыз мөлшерлемесіне байланысты.

Соңғы теңдеу ақша рыногын сипаттайды. Ол баға деңгейіне байланысты ақша көлемін анықтайды және классикалық дихотомияға сәйкес басқа рыноктарға байланысты емес.

Тараудың басында біз мемлекеттің экономикаға араласуы мен халықаралық сауданы шектеген болатынбыз. Енді осы екі фактордың экономикалық жүйенің тепе-теңдігіне қалай әсер ететінін қарастырамыз.

Классиктер еңбек, игіліктер және ақша рыноктарындағы тепе-теңдікті анықтай келе, бәсекелестік ортаға мемлекеттің араласуының қажеті жоқ деген шешімге келді. Олардың ойынша бұл рыноктардағы тепе-теңдік тұрақты. Классикалық мектеп экономистері мемлекеттің ролін мынадай шаралар шеңберінде қарастырды:

- экономикалық агенттердің қызметін минималды шектейтін заңдар қабылдау және бақылау;
- ақша массасын реттеу арқылы қажетті баға деңгейін ұстап отыру;
- мемлекеттің территориялық тұтастығын сақтау;
- қоғам үшін маңызды салаларға қолдау көрсету.

Классикалық теория XIX ғасырда пайда болып тепе-теңдіктің Кейнстік тұжырымдамасына дейін өмір сүріп келді. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін елдер арасындағы валюта арақатынасы алтын стандарт негізінде белгіленді. Қазіргі кезде валюта паритеті құбылмалы валюта бағамы негізінде қалыптасады.

Тұрақты валюта бағамы жағдайында импорт экспорттан жоғары болғанда төлем балансының тапшылығы орнайды. Бұл



жағдайда тепе-теңдік ішкі алтын қоры есебінен қалыптасады. Елден алтынның «кетуі» сол елдегі ақшаның азаюын білдіреді. Ақшаның сандық теориясына сәйкес тауарларға баға төмендейді. Ал төлем балансы қалыпты елдерге қосымша алтынның «келуі» бағаны өсіреді де, ақша массасының көбеюіне әкеледі. Тауарлар мен қызметтер арзан елдер баға деңгейі жоғары елдерге экспортты көбейте бастайды. Бұл үрдіс екі елдің сауда және төлем балансы тепе-теңдікке келгенше жалғаса береді.

Құбылмалы валюта бағамы жағдайында төлем балансының тапшылығы әр елдегі тауарлар бағаларының арақатынасы емес, валюталар арақатынасы негізінде қалыптасады.

Екі жағдайда да экономикалық тұрақтандырғыштар екі елдің өзара байланысы механизмiне автоматты «енгізілген». Сондықтан үкіметтің араласуын қажет етпейді

***Негізгі түсініктер:***

Классикалық мектеп.

Сэй заңы.

Классикалық дихотомия.

Ақшаның сандық теориясы.

Фишер теңдеуі.

Кебридждік мектеп теңдеуі.

***Талдауға арналған сұрақтар:***

1. Классикалық мектептің қағидалары.
2. Сэй заңының мәні.
3. Жалпы тепе-теңдіктің классикалық үлгісі.
4. Экономиканы реттеудегі мемлекеттің ролі.

## V тарау

### ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ҚОР ЖИНАҒЫ

- 5.1 Кейнстің классикалық теорияны сынауы. Тиімді сұраныс теориясы
- 5.2 Тұтыну және қор жинағы
- 5.3 Инвестиция функциясы
- 5.4 Кейнстік үлгідегі тиімді сұраныс және тепе-теңдік өндіріс көлемін анықтау
- 5.5 Рецессиялық және инфляциялық үзіліс. Үнемділік қайшылығы (парадоксы)

#### *Қаралатын мәселелер*

Кейнстік теорияның классикалықтан айырмашылығы қандай. Кейнстің тиімді сұраныс теориясының мәні неде. Тұтыну және қор жинағы қолда бар табыспен қандай байланыста. Тұтыну және қор жинағы динамикасына қандай факторлар әсер етеді. Инвестицияның өзгерісі ұлттық өндіріске қалай әсер етеді. Мультипликатор дегеніміз не, оның шамасына қандай факторлар әсер етеді. Акселератордың мәні. Жоспарланған инвестициялар және жоспарланбаған инвестициялар мәні. Жоспарланбаған инвестициялар қор жинағы мен инвестициялардың нақты көлеміне қалай әсер етеді. Рецессиялық және инфляциялық үзілістер.

## 5.1 КЕЙНСТІҢ КЛАССИКАЛЫҚ ТЕОРИЯНЫ СЫНАУЫ. ТИІМДІ СҰРАНЫС ТЕОРИЯСЫ

Классикалық макроэкономиканың теориясы ең алдымен Сэй заңының «тауар ұсынысы өзінің жеке сұранысын қалыптастырады» деген тұжырымдамасына негізделді, яғни ол заң бойынша өндірілген өнім автоматты түрде табысты қамтамасыз етеді.

Классиктердің макроэкономикалық талдаулары жалақы, баға, пайыз мөлшерлемесі сияқты өзгермелілерге сүйенді. Мұндай икемді өзгермелілер тауарлар рыногінде, еңбек рыногінде, ақша рыногінде тепе-теңдікті автоматты түрде қамтамасыз етіп отырады.

Сонымен классиктердің теориясы бойынша экономика мемлекеттің араласуынсыз өздігінен реттеліп, нарықтық тепе-теңдік қалыпты орнап отырады.

Алайда классикалық теориясының 30-шы жылдардағы капиталистік елдерде ұзақ уақыт болған «Ұлы депрессия» құбылысына түсініктеме беруге қабілеті болмады.

Сөйтіп 1936 жылы ағылшын экономисі Дж.М.Кейнс өзінің жаңа макроэкономикалық идеяларын ұсынды. Ол Сэй заңына келіспеушілік білдіріп былай деді: кейбір кезеңде жеке тұлғалар табысының барлығын өндірілген өнімге толық жұмсамауы мүмкін, нәтижесінде қоймаларда сатылмай қалған тауар қорлары жиналады. Соған байланысты өндірушілер өндірісті қысқартуға мәжбүр болады, нәтижесінде экономика құлдырай бастайды.

Кейнс рыноктық экономикада толық жұмысбастылық деңгейінде өнім өндіруге кепілдік беретін механизмнің болмайтыны туралы нақты қорытынды жасады. Тепе-теңдік жұмыспен толық қамтылмаған жағдайда және экономикада күйзеліс байқалған кезде де қалыптасуы мүмкін.

Сондай-ақ Кейнс классиктердің өндіріс пен жұмысбастылықты автоматты түрде реттейтін икемді баға идеясын да сынға алды. Ол жиынтық сұраныс қысқарғанда өнімге бағаның төмендейтінін жоққа шығарған жоқ. Бірақ бұл жағдай өнім көлемін әлеуетті деңгейге әкеледі дегенмен келіспеді. Рыноктық экономика тек жетілген бәсекеге негізделмейді. Еңбек нарығындағы кәсіподақтар монополизмі кәсіпкерлерге тепе-теңдік орнатуға қажетті деңгейге дейін жалақыны төмендетуге мүмкіндік бермейді. Басқа ресурстардың (көмір, мұнай, болат, т.б) иелері олигополистер де бағаның төмендеу жағына икемділігін қаламайды.

Өзінің пайымдауларында Кейнс Сэй заңындағы жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс арасындағы себеп-салдар байланысының бағытын өзгертті, нақтырақ айтқанда: «жиынтық

сұраныс жиынтық ұсынысты тудырады». Оның мағынасы: «сұраныс бар тауар өндіру керек». Сондықтан да Кейнс теориясы «**тиімді сұраныс теориясы**» деп аталады..

## 5.2 ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ҚОР ЖИНАҒЫ

Макродеңгейдегі тұтынушы таңдауы экономикалық субъектінің өз табысын бөлудегі шешіміне байланысты: қандай бөлігін бүгін жұмсау қажет, ал қаншасын болашаққа сақтап қою керек.

Тұтынудың әртүрлі теориялары қалыптасқан. Дж.Кейнс тұжырымдамасы бойынша тұтынудың көлемі мен құрылымын *қолда қалатын табыс* анықтайды. Мұндағы қолда қалатын табыс

$$Y_d = (Y - T), \text{ яғни табыс минус салықтар.}$$

Тұтыну функциясының Кейнстік өрнегі:  $C = C(Y - T)$ ,

мұнда:  $C$  – тұтыну шығындары;

$Y$  – жеке табыс;

$T$  – салықтар.

Кейнстің классикалық мектеп өкілдерінен айырмашылығы, оның ойынша адамдардың өз табыстарын тұтыну мен қор жинағына бөлуі пайыз мөлшерлемесіне емес олардың *талғамына* байланысты. Осы тұжырымдама негізінде Кейнс адамдардың іс-әрекетін бейнелейтін негізгі психологиялық заңды ашты. Ол заң бойынша: «адамдар табыстары өскен сайын тұтынуды көбейтуге бейім, бірақ оның көлемі өскен табыстың көлеміндей болмайды». (Кейнс Дж.М. Жұмысбастылық, пайыз және ақшаның жалпы теориясы. М.: Прогресс, 1978г. 157 бет). Яғни табыс өскен сайын тұтынуға бейімділік төмендейді, ал қор жинағына бейімділік артады. Тұтыну мен қор жинағы функциялары 5.1 - суретте берілген.

Психологиялық фактор тұтынуға шекті бейімділік пен тұтынуға орташа бейімділік негізінде қарастырылады.

**Тұтынуға шекті бейімділік (MPC)** – қолдағы табыстың қосымша бірлігінің тұтынуға жұмсалатын бөлігі (пайызбен),

$$MPC = \Delta C / \Delta Y_d,$$

мұнда:  $MPC$  – тұтынуға шекті бейімділік;

$\Delta C$  – тұтыну көлемінің өзгерісі;

$\Delta Y_d$  – қолда қалатын табыс өзгерісі.

**Тұтынуға орташа бейімділік (APC)** – жалпы табыстың тұтынуға жұмсалатын бөлігі (пайызбен),

$$APC = C/Y_d,$$

мұнда: APC – тұтынуға орташа бейімділік;  
 C – тұтыну шығындарының көлемі;  
 $Y_d$  – қолда қалатын табыс көлемі.

**Қор жинағына шекті бейімділік (MPS)** – қолдағы табыстың қосымша бірлігінің қор жинағына жұмсалатын бөлігі (пайызбен),


$$MPS = \Delta S / \Delta Y_d,$$

мұнда: MPS – қор жинағына шекті бейімділік;  
 $\Delta S$  – қор жинағының өзгерісі;  
 $\Delta Y_d$  – қолда қалатын табыс өзгерісі.

**Қор жинағына орташа бейімділік (APS)** – жалпы табыстың қор жинағына жұмсалатын бөлігі (пайызбен)

$$APS = S / Y_d,$$

мұнда: APS – қор жинағына орташа бейімділік;  
 S – қор жинағының көлемі;  
 $Y_d$  – қолда қалатын табыс.



5.1 - сурет Тұтыну мен қор жинағы функциялары

Тұтынуға шекті бейімділік пен қор жинағына шекті бейімділік қолда бар табыстың қосымша бірлігінің қаншасы тұтынуға және қаншасы қор жинағына жұмсалатынын көрсетеді. Сондықтан олардың қосындысы 1-ге тең болады:  $MPC + MP S = 1$ .

Тұтыну мен қор жинағы функциялары оң көлбеулі орналасады. Егер қолда бар табыс пен тұтыну шығындары тең болса, онда тұтыну қисығы 45 градуста болады. Нақты өмірде табыстың бір бөлігі қор жинағына жұмсалуы мүмкін. Сондықтан тұтыну қисығы одан төмен орналасады.

Тұтыну мен қор жинағы бір табыстың екі бөлігін құрайтындықтан қор жинағының қисығын тұтыну қисығының «айнадағы көрінісі» ретінде қарастыруға болады. Табыс  $Y_0$ -ден төмен болғанда (Е нүктесінің сол жағы) тұтыну қолда бар табыстан артады. Төменгі графикте бұл жағдай «теріс қор жинағына» сәйкес келеді. Е нүктесінде тұтыну мен табыс теңеседі, қор жинағы нөлге тең.

Табыс  $Y_0$ -ден жоғары болғанда (Е нүктесінің оң жағы) тұтыну қолда бар табыстан төмен болады. Бұл жағдайда табыстың бір бөлігін сақтап қоюға мүмкіндік туады.

Тұтыну және қор жинағына әсер ететін негізгі фактор *табыс көлемі*.

Табыс деңгейі өзгергенде тұтыну мен қор жинағының өзгерісі  $C$  және  $S$  қисықтарының бойында орналасады.

Тұтыну және қор жинағы қисықтарының оңға (төмен) немесе солға (жоғары) жылжуына әсер ететін факторлар:

1. *Үй шаруашылығында жиналған байлық*. Отбасы байыған сайын, тұтыну өседі. Соған сәйкес тұтыну қисығы ( $C$ ) жоғары жылжиды.

2. *Баға деңгейі*. Бағаның өсуі халықтың нақты тұтыну мүмкіндіктерін төмендетеді де табысының белгілі бөлігін құнсыздандырады. Бұл тұтыну қисығының төмен жылжуына әкеледі.

3. *Болашақты күту*. Егер тұтынушылар болашақта тауар тапшылығы болады деп жорамалдаса, онда ағымдағы тұтынуды көбейтіп, қор жинағын қысқартады. Тұтыну қисығы жоғары жылжиды.

4. *Тұтынушы қарыздарының көлемі*. Несиелік қарыз өссе тұтыну қисығы төмен жылжиды.

5. *Салық салу деңгейі*. Салық мөлшерлемесі мен көлемінің өсуі тұтынуды да қор жинағын да қысқартады. Бұл жағдайда  $C$  қисығы төмен,  $S$  қисығы жоғары жылжиды.

Сонымен тұтыну функциясының Кейнстік өрнегі:

$$C = a + b(Y - T)$$

мұнда:  $a$  – автономды тұтыну (қолда бар табысқа байланысты емес);

$b$  – тұтынуға шекті бейімділік.

Қор жинағының қарапайым функциясы:

$$S = -a + (1 - b)(Y - T)$$

мұнда:  $S$  – жеке меншік сектордағы қор жинағы;

$(1 - b)$  – қор жинағына шекті бейімділік.

Кейнстің теориясы 1942 жылы 1929-1941 жылдардағы статистикалық деректерде тексерілді. Осы мәліметтер негізінде алынған тұтыну функциясы былайша көрініс тапты:


$$C = 47,6 + 0,73(Y - T)$$

Ғалымдардың зерттеулері бойынша бұл өрнек тек қысқа мерзім кезеңіне сәйкес келді.

1946 ж. Саймон Кузнецтің «1869 жылдан кейінгі ұлттық өнім» атты жұмысы жарыққа шықты, онда 1869 – 1930 ж.ж. аралығында кең ауқымды статистикалық материалдар негізінде тұтынудың ұзақ мерзімді функциясы есептеліп шығарылды:

$$C = MPC * Y$$

Кейнстің тұтыну функциясынан ерекшелігі, бұл функцияда автономды тұтыну болған жоқ, тұтынуға орташа бейімділік тұрақты өлшемде болды және шекті бейімділікке тең болды  $APC = MPC$  (5.2 - сурет).



5.2 - сурет. Қысқамерзім (1) және ұзақмерзім (2) кезеңдеріндегі тұтыну функциясының графигі

Американдық экономика мәліметтері бойынша есептелген Саймон Кузнец өрнегі келесідей:

$$C = 0.86 * Y$$

Сайман Кузнец мынадай қорытындыға келді: ұзақ мерзім кезеңінде табыс өскенде тұтынуға орташа бейімділік тұрақты болады. Бұл жаңалық ұзақ жылдар бойы зерттеушілер үшін жұмбақ болып келді.

Сонымен, қысқа мерзім кезеңінде қолда бар табыс өскен сайын тұтынуға орташа бейімділік (APC) кемиді, ал қор жинағына орташа бейімділік (APS) өседі, яғни қолда бар табыс өскенде тұтынуға жұмсалатын шығын бөлігі салыстырмалы қысқарады және қор жинағы салыстырмалы өседі. Бірақ ұзақ мерзім кезеңінде тұтынуға орташа бейімділік тұрақтанады, өйткені тұтыну шығындарының көлеміне ағымдағы қолда бар табыс көлемі ғана емес, сонымен қатар отбасының жалпы өмір сүру деңгейі және күтілетін тұрақты табыс көлемі де әсерін тигізеді.

Соғыстан кейінгі жылдарда (40-50ж.ж.) тұтыну функциясы жайлы бірнеше теориялар пайда болды. 1949 ж. Дж.Дьюзенберри салыстырмалы теориясы, 1955 ж. – Милтон Фридманның парманетті табыс теориясы, 1950 ж. Франко Модильянидің уақыт аралық таңдау мен өмірлік цикл гипотезасына тән Ирвинг Фишердің теориясы пайда болды.

### Салыстырмалы табыс теориясы


Дж.Дьюзенберридің салыстырмалы табыс теориясында тұтынушының тәуелсіздік аксиомасынан бас тартып келесі ережені негізге алды: адам қоғамда өзінің әлеуметтік деңгейін сақтауға тырысады және оны абсолютті табысқа емес салыстырмалы табысқа тәуелді тұтыну деңгейімен бекітеді.

Салыстырмалы табыс ұзақ мерзімде ғана анықталады және адамдар қалыптасқан тұтыну деңгейіне жауапты.

Егер табыс  $Y_0$  –ден  $Y_1$ –ге төмендесе (5.3 сурет), онда адамдар өзінің әлеуметтік деңгейін сақтай отырып,  $C_1'$  деңгейінде тұтынады. Егер табыстың төмендеуі ұзақ созылса, тек сонда ғана олар  $C_1$  тұтыну деңгейіне түседі.



Егер индивидте табыс  $Y_2$ -ге дейін өссе, онда ол  $e_2E_2$  көлемінде қосымша қор жинай отырып белгілі бір уақытқа дейін тұтыну  $C_2$  деңгейінде сақтайды.



5.3 - сурет. Дьюзенберридің салыстырмалы табыс теориясын көрсететін график

$C_s$  – қысқа мерзімдегі тұтыну функция графигі;  
 $C_1$  – ұзақ мерзімді кезеңде

Егер белгілі бір индивидтің табысы  $Y_2$  бекітіле, тек сол кезде ғана деңгейі  $C_2$ -ге дейін көтеріледі.

Дьюзенберри келесі шешімге келді: әртүрлі әлеуметтік сатыда орналасқан белгілі бір адамдардың талпынысы өзінің әлеуметтік деңгейін сақтау үшін бағытталған. Бұл **демонстрациялық әсер** деп аталды, яғни адамдардың қоғамдағы алатын орны мен беделін сақтау үшін жинақталған қорды қолдануы. Дәл осымен тұтынудың қысқа мерзімді функциясының  $C_s$  ұзақ мерзімге  $C_1$  айналуы анықталады.

50 ж.ж.-ғы кейінгі теориялар (М.Фридман мен Ф.Модильяни) Ирвинг Фишермен ұсынылған тұтыну теориясына сүйенеді.

### И.Фишердің уақыт аралық бюджеттік шектеуі

Ирвинг Фишер экономикалық айналымға уақыт аралық бюджеттік шектеу атты түсінігін енгізді. Бұл терминнің мәні тұтынушы өзінің ағымдық тұтыну деңгейін азайта отырып, табысының бір бөлігін «қара күнге» белгілі бір пайызбен қалдыра алады. Табыстың жеткіліксіз мөлшерінде индивид несие ала алады,

бұдан ағымдық тұтынуы артады, бірақ болашақта азаяды. Бұл сұрақты толығымен қарастыру үшін индивидтің табысын бірінші кезеңде  $Y_1$  қабылдаймыз, тұтыну -  $C$ , қор жинағы –  $S$ .

Екінші кезеңде келесідей болады:  $Y_2$ ,  $C$ ,  $S_2$  және  $r$  - қор бойынша пайыз мөлшерлемесі. Онда бірінші кезең бойынша:

$$Y_1 = C_1 + S_1, \text{ бұдан } Y_1 - C_1 \quad (1)$$

Екінші кезеңде тұтыну  $Y_2$  табыстан құрылады, пайыздық мөлшерлеменен есептегендегі бірінші кезеңнің қорын қоса алғанда.

$$C_2 = (1+r)*S_1 + Y_2 \quad (2)$$

(2) өрнегіне (1) өрнегін  $S_1$ -ді қоямыз:

$$C_2 = (1+r)*(Y_1 - C_1) + Y_2 = Y_1 + r*Y_1 - C_1 - r*C_1 + Y_2$$

$C_1$  және  $C_2$  мәнін теңдеудің сол жақ бөлігіне ауыстырайық:

$$\begin{aligned} C_2 + C_1 + r*C_1 &= Y_1 + r*Y_1 + Y_2 \\ C_2 + C_1*(1+r) &= (1+r)*Y_1 + Y_2 \end{aligned} \quad (3)$$

(3) Теңдеуді екі бөлігін  $1+r$  –ге бөлейік:

$$C_1 + C_2 / 1 + r = Y_1 + Y_2 / 1 + r \quad (4)$$

(4) Теңдеуде екі кезеңдік ағымдық тұтынуы сол кезеңнің ағымдық табысы мен болашақ кезеңдегі табыстың дисконтталған құнынан құрылатыны берілген.

Ирвинг Фишер Кейнске қарсы тұра, келесі шешімге келді: пайыз мөлшерлемесі тұтыну деңгейіне ешқандай әсерін тигізбейді. Тұтыну деңгейі адамның сол кездегі алатын табысына ғана емес, болашақта қанша табыс алатынына да байланысты.

### **Ф.Модильянидің өмірлік цикл теориясы**

Фишердің пікірі Ф.Модильянидің «өмірлік цикл» теориясына негізделген. Негізгі гипотезада өмірдегі кездесетін жағдай алынған, яғни адам өмір бойы жұмыс істеу барысында ерте, не кеш болсын зейнеткерлікке шығады. Зейнеткерлік кезең келген кезде табыс азаяды, бірақ адам өзінің тұтыну деңгейін сақтауға тырысады. Ол үшін өмір бойы істеген табысының бір бөлігін болашақта (зейнетке шыққан кезде) қолдану үшін жинақтайды.

Индивид өмірінде тұтыну деңгейін сақтау үшін қандай модельді таңдауы тиіс?

Адамның өмір сүру кезеңіндегі тұтыну деңгейі екі құрама бөлікпен анықталады: байлық ( $W$ ) және алатын табыс ( $Y$ ).

Мысалы, индивид  $T$  жыл өмір сүруге жоспарлайды, оның ішінде  $R$  жыл бойы тұрақты табыс алады дейік. Бұл жағдайда оның жалпы табысы  $W+R*Y$  болады. Бұл табысты индивид әр жылға бірдей бөлікке бөлуге тырысады:

$$C = \frac{W + R * \dot{I}}{T},$$

Мұнда  $C$  – индивидтің орташа жылдық тұтыну деңгейі. Тұтыну функциясын құрастырайық:

$$C = \frac{W}{T} + \frac{R * \dot{I}}{T} = \frac{1}{T} W * \frac{R}{T} * \dot{I} \quad (5)$$

(5) Өрнекте  $T$  – тұрақты өлшем емес, ауыспалы, ол тұтынудың  $C$  өмірдің қай жылына анықталатынына байланысты.

Сондықтан,  $\frac{1}{T} = \alpha$  – жинақталған қаржы бойынша шекті бейімділік,  $\frac{R}{T} = \beta$  – табысты қолданудың шекті бейімділігі, оның өлшемі табыстың белгілі бір бірлікке артса, тұтынудың қаншаға артатынын көрсетеді.

Онда өрнек (5) келесідей болады:

$$C = \alpha * W + \beta * Y \quad (6)$$

Бұл өрнек өмірлік цикл теориясының негізгі саласы болып табылады.  $\beta$  коэффициентінің экономикалық мәні MPC түсінігіне жақын (фактілік мәліметтер бойынша  $\beta = 0,7$  яғни тұтынудың шекті бейімділігіне сәйкестігін дәлелдейді).  $\alpha$  коэффициенті индивидтің белгілі бір жылда жинақталған қаржының қаншалықты бөлігін жұмсайтынын көрсетеді, сондықтан оның өлшемі ( $\alpha\beta \approx 0,006$ ) пайыздық бағамына жақын.

Қысқа мерзімде қор (байлық) тұрақты өлшемде болады, сондықтан тұтынудың ауытқуы  $Y$  табыстың өзгеруіне байланысты. Ал ұзақ мерзімді кезеңде табыстың бір бөлігі қорға ұласады және тұтыну функциясы жоғары қарай жылжиды.

5.4 - суретте өмірлік цикл кезеңінде табыс пен жинақталған қордың өзгерісі көрсетілген. Егер адам өмір жолының басында

табысынан қаржы бөлсе, онда адам өмір соңында сол жинақталған қорды пайдаланады.

Өмірлік цикл теориясынан шыққан шешімдер талдау барысында шындыққа айналды. 1920 ж. Дж. М. Кейнс жинақталған қаржы ұрпақтан ұрпаққа қарай берілетінін байқады және тұтыну функциясына  $\bar{C}$  автономды тұтынуды енгізуді ұсынды.

50-80 ж.ж. статистикасы бойынша жасы үлкен адамдардың біразы өздерінің жинақталған қаржысын қартайғандағы тұтынуға жұмсауға тырыспады.

Бұл жағдайды экономистер зерттеп, мұраны қалдыру себебіне жауап беретін төрт негізгі бағытты атап кеткен жөн:

Біріншіден, өздерінің балалары үшін «бастама» капиталымен қамтамасыз ету үшін және тұрмыс жағдайының жоғары деңгейін қалыптастыру үшін.



5.4 – сурет Өмір циклі кезеңіндегі тұтыну, қор және табыс

Екіншіден, баланың мінез-құлқына әсер етуші инструмент ретінде (әлемдік әдебиетте «әке мен бала» арасындағы қарама-қайшылықтар мен мұра «тетігі» арқылы әке-шешелер жағынан әсер жиі қолданылады).

Үшіншіден, мұраның болуы жас ұрпақтың болашақта қарт болған кезде «қормен» қамтамасыз етумен анықталады, өйткені ол өзінің өмір сүру уақытын ешқашан білмейді.

Төртіншіден, кейбір адамдар байлықты «Вебер әсері» ретінде бағалайды (өмір бойы беделді өмір сүру, билік).

Барлық төрт бағыттар өмір сүру құқығына ие, ал бағыттың қайсысы сәйкес келетіні әр тұлғаның өзіндік жеке-дара себептеріне байланысты.

### **М.Фридманның үздіксіз табыс гипотезасы**

Тұтыну функциясын зерттеуде маңызды үлес қосқан Милтон Фридман болып табылады. 1955 ж. оның «Тұтыну функциясы теориясы» атты зерттеуі жарыққа шықты. Ол еңбекте алғашқы рет тұрақты табыс туралы сұрақтар қарастырылды.

Барлық мәселелердің себебі Дж. Кейнстен бастап және оның ізбасарлары тек индивидтің тек ағымдық табыстарын қарастырған. Әр адам табысының шыңы мен басылуы болып тұрады. Ағымдық табыспен есептелген тұтыну функциясы әрине бір қалыпты болмайды.


Милтон Фридман үй шаруашылығы өзінің тұтыну траекториясын қалпына келтіруге тырысатыны туралы пікір білдірді.

М.Фридман бойынша тұтыну тәртібі конъюктураның сол немесе басқа кезеңінде тіркелген табысымен емес, ал барлық жұмыс циклындағы күтілетін орташа табыспен анықталады. Бұл табысты М.Фридман перманентті немесе тұрақты деп атап кеткен.

Перманентті табысты график түрінде көрсетуге болады. 5.5 - суретте тұтынудың екі функциясы көрсетілген, бірі – қысқамерзімді (Cs), екіншісі – ұзақмерзімді (CL).

Екі перманентті табыс функция сызықтарының қиылысқан жері нақты табысқа тең, яғни  $U_p = U_o$ . Мысал ретінде дағдарыстық жағдайды қарастырайық. Дағдарыс ағымдық табысты  $U_1$ -ге дейін төмендетеді, ал тұтынушылар өзінің тұтыну деңгейін  $C_1$ -ден  $C_0$ -ге дейін қысқартады.

Бірақ перманентті табыс гипотезасына сәйкес тұтынушының мінез-құлқы В нүктесінде емес, D нүктесінде анықталады. Сондықтан дағдарыс кезеңінде перманентті табыс ағымдық табыстан гөрі азаяды.



5.5- сурет. Перманентті табыс

Қарама-қайшы жағдайда экономикалық өзгеріс кезінде ағымдық табыс  $Y_2$  –ге дейін өседі, онда перманентті табыс керісінше азаяды.

Тұтыну барысында  $C_2$  деңгейін қамтиды, М. Фридман бойынша тұтыну функциясын Е нүктесі емес, F нүктесі көрсетеді.

Перманентті табыс гипотезасының аса маңызды факторларының бірі, ең соңғы табыс ағымдық табыспен салыстырғанда тұрақты. Бұл 5.6-суретте көрсетілген, онда перманентті табыс тұтас сызықпен белгіленген, ал ағымдық табыс үзік-үзік сызықпен белгіленген.

Ұзақмерзімді кезеңде немесе перманентті табыспен байланысты тұтыну шығындары өмірлік цикл теориясын ұқсатады.

Бірақ бұдан екі сұрақ туындайды: біріншісі, ағымдық тұтыну мен перманентті табыс арасындағы мәселе, ал екіншісі – перманентті табысты қалай өлшейтіні немесе есептейтіні.


Перманентті табыс базасындағы тұтынушы мінез-құлқының қарапайым гипотеза формасында тұтыну перманентті табысқа пропорционалды деп құптайды:  $C = MPC * Y_p$ .

Перманентті табысты есептеуге қатысты айта кететін жағдай, М.Фридманда  $Y_p$  стандартты анықтамасы жоқ.

Теория барысында перманентті табысты келесі амалмен есептеуге болады. Алдымен барлық болашақ табыстың көлемін анықтау керек.

Оның құрамы адам капиталы (H) мен физикалық капиталдан (V) тұратын тұтынушының мүлкі ретінде (W) болуы мүмкін:

$$W = H + V$$



5.6- сурет. Перманентті және ағымдық табыстың динамикасы

Сондықтан тұтынушының табысы адам капиталынан (еңбекақы) және физикалық капиталдан (капиталдан табыс) қалыптасады. Бұдан перманентті табыс жалпы мүлкінен (капиталдан) болатын пайыз түрінде табысқа тең:

$$y_p = r * W,$$

Мұнда  $r$  - мүлкінің қайтарма пайызы. Адам капиталы өмір бойы орындалатын адамға бөлінетін инвестицияға байланысты: білімге бөлінетін шығын, біліктігін жоғарылату, денсаулығын жақсартуға кететін шығын және т.б.

Жеке тұлға өзінің болашақ табысын ұлғайту үшін адам капиталын арттыру керек. Физикалық капитал ақша, облигация, акция, ұзақ мерзімде қолданыста болатын заттар және т.б. түрінде болады. бұдан экономикалық делдалдың актив портфелі барлық мүлкітерден (капитал) қайтарма пайыздары теңестірілген кезде ғана теңгеріледі.

Статистикалық жақсы көрсеткіштер бар болғанмен де, жеке немесе жалпы перманентті табысты есептеуге мүмкін емес. Өйткені  $W$  құрамына кіретін көптеген активтерді бағалауға болмайды (табыстылық орташа нормасы, болашақта түсетін табыс және дисконт бағам). Сондықтан тәжірибелік мақсатта перманентті табыс

алдыңғы кезеңдегі табыспен ағымдық кезеңдегі табыстың өзгермелі үлесінің қосындысымен есептелініп шығарылады:

$$Y_p = Y - 1 + \beta (Y - Y_{-1}) = \beta Y + (1-\beta) Y_{-1},$$

Мұнда,  $\beta$  – тепе-теңдік коэффициенті, ол бойынша ағымдық және алдыңғы кезеңдегі табыс бағаланады ( $0 < \beta < 1$ ).

Бұл теңдеу орташа есептелген ағымдық және өткен табыстар ретінде перманентті табысты анықтайды. Мысалы:  $\beta = 0.6$ ,  $Y = 25\ 000$  долл.,  $Y_{-1} = 24\ 000$  долл., онда перманентті табыс:  $Y_p = 0.6 * 25\ 000 + 0.4 * 24\ 000 = 24\ 600$  АҚШ долл.

Сонымен жалғыз аргументі бар  $C = C(Y)$  тұтынушының кейнстік функциясының орнына, монетаристтер тұрақты табысты есепке ала отырып, бұл функцияның жаңа нұсқасын ұсынды.

Осы кезде ағымдық табыстың кейнстік теориясы перманентті табыстың кездейсоқ жағдайына айналды.  $\beta = 1$  болған кезде, ағымдық табыс перманентті табысқа тең болады.

Тұрақты табыс гипотезасы кейнстік баяндамаға қарағанда экономикалық жүйе жағдайына өзге көрініс береді. Егер экономикалық делдал ағымдық табысқа емес, ал перманентті табысқа қалыптасса, онда оның тұтыну деңгейі өзгеріссіз қалады немесе кейнстік тұтыну функциясы бойынша азаюы мүмкін. Экономиканың жеке секторында жағдай қалыпты болған кезде, мемлекеттік реттеу керексіз болады немесе экономикаға үкіметтің араласуы минимумға азаяды.

### 5.3 ИНВЕСТИЦИЯ ФУНКЦИЯСЫ

Егер жиынтық сұраныстың бірінші құраушы ретінде тұтыну шығындары салыстырмалы тұрақты болса, онда екінші құраушы – инвестиция керісінше, өзгермелі.

**Инвестиция** – бұл пайда табу мақсатында мемлекеттік немесе жеке капиталдың ел экономикасына немесе шетел экономикасының әртүрлі салаларына ұзақ уақытқа салынуы.

Инвестициялардың негізгі түрлері:

1. Өндірістік инвестициялар (ғимараттар, құралдар).
2. Тауарлы-материалдық қордағы инвестициялар (шикізаттар, материалдар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнімдер).
3. Тұрғын үй құрылысына инвестициялар.



Инвестицияны жалпы және таза деп бөледі.


*Жалпы (брутто) инвестиция* – ескі құралдарды алмастыруға және өндірісті кеңейтуге арналған капитал.

*Таза (нетто) инвестиция* – бұл жалпы инвестициядан негізгі капиталдың амортизациясын шегергенде қалатын капитал.

Инвестицияға сұраныс – жиынтық сұраныстың ең өзгермелі құрауышы болып табылады. Ол объективті факторларға (экономиканың жағдаяты: күтілетін таза пайда мөлшері мен пайыз мөлшерлемесі) және субъективті факторларға (кәсіпкерлердің шешімдері) тәуелді.

*Инвестицияға сұраныс қисығы* пайыз мөлшерлемесінің әртүрлі деңгейінде салуға мүмкін болатын инвестиция көлемін көрсетеді. 5.7 - суреттен көріп отырғандай пайыз мөлшерлемесі мен инвестиция көлемі арасында кері байланыс бар.

**R** пайыз мөлшерлемесі



5.7 - сурет Инвестицияға сұраныс қисығы

Пайыз мөлшерлемесінен басқа инвестицияға төмендегідей факторлар әсер етеді:

1. Техникалық құрылғылар мен оларды пайдалануға шығындар. Егер мұндай шығындар көбейсе, пайда мөлшері кемиді де инвестицияға сұраныс қисығын солға жылжытады және керісінше.

2. Салық салу деңгейі. Егер бизнеске салық төмендесе, кәсіпкерлер өндіріске көп капитал салуға тырысады. Бұл жағдайда инвестицияға сұраныс қисығы жоғары-оңға жылжиды (5.8-сурет).


3. Технологиядағы өзгерістер.

4. Тауар қорларының болуы. Егер кәсіпорын немесе сала өндіріс құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген жағдайда оларда артық тауарлар болатын болса, пайда мөлшері төмендейді де инвестицияға сұраныс қисығын солға жылжытады.

5. Кәсіпкерлердің болашақты күтуі. Инвестиция ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарға салынады (10-20 жыл). Егер ол инвестицияны

алатын фирма басшылары болашақтағы пайда алатынына сенімді болса, әрине, инвестицияның сұраныс қисығы оңға жылжиды.

**R** пайыз мөлшерлемесі



**I** инвестицияға шығындар

5.8 - сурет Инвестицияға сұраныс қисығының жылжуы

Инвестиция көлемі жиынтық табыс мөлшеріне де тәуелді. Өйткені, инвестиция кәсіпкерлік пайдаға байланысты, ал кәсіпкерлік пайда жиынтық табысқа байланысты.


Сондай-ақ мұнда басқа да сыртқы факторлардың өзгеруін ескеру қажет. Оларға ішкі саяси жағдай, халықаралық қатынастар, демографиялық және табиғи климат жағдайлары, қор биржасындағы жағдай, т.б. жатады

Инвестицияның экономикалық өсуге, өндірістің циклдык дамуына әсері және керісінше, ұлттық табыс өсімінің инвестицияға әсері инвестицияны бірнеше түрге бөлуге ықпал етеді. Таза инвестицияны екі түрге бөледі:

1. Автономды (тәуелсіз) – ұлттық табыстың өзгерісіне байланысты емес, тұрақты инвестиция. Автономды инвестицияның пайда болу себептері – техникалық прогресстің ауытқымалы болуы, халық санының өсімі, сыртқы нарықтардың кеңеюі, адамдар талғамының өзгеруі. Автономды инвестицияның қаржылық көзі көбінесе мемлекеттік бюджет болады, сондай-ақ сыртқы займдар да кездеседі.

Индуцирлі (тәуелді) – ұлттық табыстың өзгеруіне байланысты инвестиция:  $I_i = f(\Delta Y)$  (5.9 -сурет).

Инвестицияның жиынтық сұранысқа (ұлттық табысқа) әсерін мультипликатор және акселератор әсерлері негізінде зерттеуге болады .



5.9 - сурет Автономды және индуцирлі инвестициялар

Мультипликатор теориясы 1929-1933 жылдардағы тоқырау кезеңінде экономикасы өте ауыр қоғамға байланысты пайда болды.

«Мультипликатор» ұғымын ағылшын экономисі Р.Ф. Кан 1931 жылы ендірген, кейінірек Дж.М.Кейнс ғылыми жағынан кеңінен дамытты. Бұл ұғымды А.Хансен, Р.Харрод, Дж.Хикс, П.Самуэльсон, Н.Калдор және басқалары өз еңбектерінде қарастырды.

**Мультипликатор** – көбейткіш (**multiplico**), нақтырақ айтқанда, мультипликатор – бұл қолда бар күрделі қаржының (инвестицияның) өсуі кезіндегі ұлттық табыстың қанша есе өсетіндігін көрсетеді.

Мультипликатор әсерін былайша көрсетуге болады:

$$I \uparrow, \Rightarrow N \uparrow, \Rightarrow Y \uparrow, \Rightarrow C \uparrow,$$

яғни, инвестиция өскен сайын жұмысбастылық өседі, одан кейін табыс және тұтыну көбейеді.

Сонымен инвестициялық мультипликатор – бұл табыс өзгерісінің инвестициялық шығындар өзгерісіне тәуелділігін көрсететін сандық коэффициент.:  $\Delta Y = M \times \Delta I$ , мұндағы  $\Delta Y$  – табыс өсімі;  $\Delta I$  – инвестиция өсімі;  $M$  – мультипликатор.

$$M = \Delta Y / \Delta I.$$

Мультипликатор тұтынуға шекті бейімділікке (MPC) тікелей тәуелділікте және қор жинағына шекті бейімділікке (MPS) кері тәуелділікте болатынына байланысты өрнек мынадай түрге келеді:

$$M = \frac{1}{1 - MPC} = \frac{1}{MPS}$$

Инвестиция өзгерісі мен табыс өзгерісі арасындағы тәуелділікті мынадай мысалдан көруге болады.

Мысалы, өндіріске салынған инвестиция өсімі 50 мың теңге делік. Онда табыс та өседі (жалақы, пайда, рента, пайыз). Табыс алушылар табыстарын тұтынуға шекті бейімділікке сәйкес жұмсайды. Мәселен, табыс өсімінің 80% немесе 40 мың теңге (40x0,8) тұтынуға жұмсалды делік. Нәтижесінде тұтыну тауарларын өндіретін салаларда табыс өседі. Бұл табысты алушылар, өз кезегінде, өзінің тұтынуға шекті бейімділігіне қарай тұтынуға 80%-ын, немесе 32 мың теңгесін (40x0,8) жұмсайды. Бұл сома тауар сатушылардың табысына айналады, олар тағы да 80%-ын, немесе 32 мың теңгесін (32x0,8) тұтынуға жұмсайды, т.с.с. жалғаса береді. Нәтижесінде табыстың жалпы өсімі 250 мың теңгеге жақындайды. Сонымен

$$M = \frac{1}{1 - MPC} = \frac{1}{1 - 0,8} = 5$$

Табыс өсімі мына шамаға тең болады:

$$\Delta Y = \Delta I \times M = 50 \times 5 = 250 \text{ мың теңге.}$$

Демек, инвестициямен тікелей байланысты табыс жиынтығы 250 мың теңгені құрайды немесе алғашқыдан 5 есе көп деген сөз. Бұл жағдайда мультипликатор 5-ке тең.

Акселератордың іс-әрекеті мультипликатормен байланысты: мультипликатор инвестицияның көбеюіне байланысты ұлттық табыстың өсуін (еселенуін) қарастырса, **акселератор** дайын өнімге сұраныс өсімінің инвестициялық шығындар өсіміне қатынасын білдіреді, яғни ұлттық табыстың өсуі инвестицияның өсуіне алып келеді. Өз кезегінде бұл құбылыс барлық жүйені қозғалысқа алып келеді. Сөйтіп экономикалық өсудің біртекті, бір бағытта іс-әрекет жасайтын мультипликациондық процесі пайда болады.

Акселерация принципін мағынасы: тұтыну шығындарының өсуі немесе қысқаруы капиталдың қорлануына әсер етеді

Акселерация принципін алғашқы рет 1913 жылы француз экономисі Альберт Афтальон ұсынған. Кейінірек, ол Дж.М.Кларк, Я. Тинберген, Р.Харрод, Дж.Хикс, П.Самуэльсон еңбектерінде одан әрі дами түсті.

## 5.4 КЕЙНСТІК ҮЛГІДЕГІ ТИІМДІ СҰРАНЫС ЖӘНЕ ТЕПЕ-ТЕНДІК ӨНДІРІС КӨЛЕМІН АНЫҚТАУ

Өндірістің құлдырауы салдарынан қоғам көп зиян шекпес үшін, жиынтық сұранысты реттейтін мемлекеттің белсенді саясаты қажет. Сондықтан кейнстік экономикалық теорияны көбінесе *жиынтық сұраныс теориясы* деп атайды.


*Нақты инвестициялар* құрамына жоспарланған және жоспарланбаған инвестициялар кіреді. Соңғысы тауарлы-материалдық қорларға (ТМҚ) инвестициялардың қарастырылмаған өзгерісі болып табылады. Осы жоспарланбаған инвестициялар қор жинағы мен инвестициялардың нақты көлемін қалпына келтіретін және макроэкономикалық тепе-теңдікті орнататын тетік ретінде қызмет етеді.

*Жоспарланған шығындар* – үй шаруашылықтары, фирмалар және үкіметтің тауарлар мен қызметтер сатып алуға жоспарлап отырған шығындар жиынтығы. *Нақты шығындар* кенеттен болған өзгерістер болғанда тауарлы-материалдық қорларға жоспарланбаған инвестициялар салуға мәжбүр болған кезде пайда болады.

Жоспарланған шығындар функциясы  $E=C+I+G+X_n$  тұтыну функциясы негізінде құрылған. Оны «Кейнс кресі» деп аталады.

Барлық жоспарланған шығындар (жиынтық шығындар) барлық өндірілген өнім көлеміне (жиынтық ұсыныс) теңескенде экономикада тепе-теңдік орнайды. Тепе-теңдіктің кейнстік үлгісінің классикалықтан айырмашылығы, олар тепе-теңдікті тұрақты баға жағдайында қарастырды. 5.10 –суретте Кейнс кресі (қиғашы) берілген.

А нүктесінде жиынтық шығындар жиынтық табысқа теңеседі. Егер ұлттық табыс ( $Y_1$ ) тепе-теңдік деңгейден ( $Y_E$ ) жоғары болса, онда жиынтық шығындар шығарылым көлемінен аз болады ( $E_1 < Y_1$ ), бұл жағдай тауар қорларының көбеюіне әкеледі. Оны болдырмас үшін өндірушілер өндірісті ( $Y_E$ ) шамасына дейін қысқарта бастайды.



5.10 – сурет Кейнс кресі


Керісінше, өндірілген ұлттық табыс ( $Y_2$ ) тепе-теңдік деңгейден ( $Y_E$ ) төмен болса, онда жиынтық шығындар өндіріс көлемінен көп болады ( $E_2 < Y_2$ ), нәтижесінде тауар қорларының тапшылығы пайда болады. Тауар қорларын қалыпты деңгейге жеткізу үшін фирмалар өндірісті ( $Y_E$ ) шамасына дейін кеңейте бастайды. Кейнсшілдер бойынша екі жағдайда да тепе-теңдіктің орнауы қалыптасқан баға деңгейінде жүзеге асады.

Үлгінің қарапайым нысаны негізгі кейнстік қағидаға сәйкес құрылады: *жиынтық сұраныс ұлттық табысты анықтайды:*

$$Y = C + I$$


Екі секторлы экономикадағы жиынтық жоспарланған шығындар қисығын (мемлекеттің араласуынсыз және сыртқы ортаны есепке алмай) табу үшін тұтынуға  $C$  инвестицияны  $I$  қосамыз.  $\Delta I$  – экономикаға қосымша инвестиция құю. Жоспарлы шығындар қисығы жоғары-оңға жылжиды (5.10-сурет).

Өнім көлемінің тепе-тең деңгейі  $Y_1$  жиынтық шығындардың кез келген құрауышы: тұтыну, инвестициялар, мемлекеттік шығындар немесе таза экспорт көлемінің өзгерісіне сәйкес өзгереді. Осы құрауыштардың кез келгенін өсірсе, жоспарланған шығындар қисығы жоғары жылжиды және өнімнің тепе-теңдік деңгейінің өсуіне әкеледі. Жиынтық сұраныстың кез келген құрауышының төмендеуі жұмысбастылық пен тепе-теңдік өнімнің құлдырауын тудырады.



5.10-сурет Екі секторлы экономикадағы Кейнс кресі

Жоспарланған шығындардың құрамдас бөлігі мемлекеттік шығындар мен таза экспортты есепке алу арқылы 4 секторлы ашық экономикадағы макроэкономикалық тепе-теңдікті анықтаймыз. Ол үшін Кейнс кресіндегі жоспарланған шығындар қысығына мемлекеттік шығындар мен таза экспортты қосамыз (5.11 –сурет).



5.11-сурет Ашық экономикадағы мемлекеттік шығындар мен таза экспортты есепке алғандағы «Кейнс кресі»


Макроэкономикалық тепе-теңдік  $E_1, E_2, E_3, E_4$  нүктелерінде орнайды. Ол нүктелерде жиынтық шығындардың әр компоненті қосылған сайын табыс деңгейі өсіп отырады.  $F$  сызығы ұлттық табыс  $E_4$  тең жағдайдағы толық жұмысбастылықты көрсетеді.

### 5.5 РЕЦЕССИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮЗІЛІСТЕР. ҮНЕМДІЛІК ҚАЙШЫЛЫҒЫ (ПАРАДОКСЫ)

Ресурстарды толық пайдаланған жағдайда макроэкономикалық тепе-теңдіктің ( $E$  нүктесінде) ұлттық табыс көлеміне сәйкес келмейтін екі жағдайы бар.

Егер нақты өнім көлемі әлеуетті өнім көлемінен аз болса ( $Y_0 < Y^*$ ), онда экономикада рецессиялық үзіліс пайда болады. Мұндай жағдай Кейнс үлгісіне сәйкес, жұмыспен толық қамтылу жағдайында өнім шығару деңгейін қамтамасыз ету үшін жиынтық шығындардың жетіспеуінен туады. Сондықтан әлеуетті өнім көлеміне  $Y^*$  қол жеткізу үшін жоспарланатын жиынтық шығындарды арттыру керек.

Сонымен *рецессиялық үзіліс* – тепе-теңдік ЖҮӨ (ЖІӨ) -ді толық жұмысбастылықтың инфляциялық емес деңгейіне дейін көтеру үшін жиынтық сұраныстың (жиынтық шығындардың) өсуіне қажетті көлем (5.12-сурет).



5.12-сурет Рецессиялық үзіліс


Бастапқы тепе-теңдік  $A$  нүктесінде орналасқан, нақты өнім көлемі  $Y_0$ , онда  $Y^*$  өнімді қамтамасыз ету үшін жоспарланатын жиынтық шығындарды  $B$  нүктесіне дейін көтеру қажет. Нәтижесінде жиынтық шығындар қисығы  $E=C+I+G+Xn$  жоғары – оңға жылжиды.



Егер нақты өнім көлемінің тепе-теңдік деңгейі  $Y_0$  әлуетті өнім көлемінен  $Y^*$ -тан үлкен болса ( $Y^* < Y_0$ ), онда бұл жиынтық шығындар артық екенін білдіреді. Жиынтық сұраныс артықшылығы экономикада инфляциялық үзіліс тудырады: баға деңгейі өседі, себебі фирмалар өндірісті өсіп жатқан жиынтық сұранысқа баламалы түрде кеңейте алмайды, өйткені барлық ресурстар жұмсалып отыр.

Бұл жағдайда жоспарланатын жиынтық шығындарды қысқарту қажет болады. Нәтижесінде  $E = C + I + G + X_n$  төмен – солға жылжиды.

Инфляциялық үзілістен шығу жиынтық сұраныстың тежелуін және тепе-теңдіктің А нүктесінен В нүктесіне ауысады (5.13-сурет).



5.13-сурет Инфляциялық үзіліс


Сонымен *Инфляциялық үзіліс* – ЖҰӨ-ді толық жұмысбастылықтың инфляциялық емес деңгейіне дейін төмендету үшін қысқаруға тиісті жиынтық сұраныс көлемі (5.13-сурет).

### Үнемділік қайшылығы (парадоксы)

Мультипликаторлық әсерді талдау экономикада ерекше құбылыс «үнемділік қайшылығының» бар екенін көрсетеді.

*Үнемділік қайшылығының мәні:* белгілі жағдайларда халықтың көбірек сақтауға ұмтылуынан азырақ көлемде қор жиналуы. Егер қор жинау өсімі инвестициялар өсімімен бірге жүрмесе, онда үй шаруашылықтарының көбірек қор жинауға ұмтылысы мультипликаторлық әсермен тепе-теңдік ЖҰӨ-ң төмендеуі салдарынан тиімсіз болады.

Экономиканың алғашқы жағдайы  $E$  нүктесінен басталады. Экономика құлдырайды деп болжаған үй шаруашылықтары көбірек қор жинауға ұмтылады. Бұл жағдайда қор жинағының қисығы  $S$ -тен  $S'$ -қа ауысады (5.13-сурет).



5.13-сурет Үнемділік қайшылығы

Егер классикалық теорияға сүйенсек, онда қор жинағының өсуі инвестицияның өсуіне әкелер еді. Ал графиктік түрде қор жинағының  $S$ -тан  $S'$ -қа дейін өсуімен бір уақытта инвестициялар  $I$ -дан  $I'$ -ға дейін өсер еді. Онда өнімнің тепе-теңдік деңгейі  $Y_0$ -ге тең болып қала береді және өндірістің құлдырауы пайда болмайды. Бұл экономикалық өсуге қолайлы жағдай тудырады, бірақ халық ағымдағы тұтынуын салыстырмалы шектеуі мүмкін.

Алайда кейнстік теорияға сәйкес инвестиция қисығы жоғары  $I'$ -қа жылжымайды, өйткені тұтынудың қысқаруы инвестицияны ынталандырмайды. Сондықтан  $I$  деңгейінде қор жинағының  $S$ -тан  $S'$ -қа өсуі экономиканы тепе-тең жағдайдан ауытқытады, өндіріс көлемі  $Y_0$ -ден  $Y_1$ -ге қысқарады. Тепе-тең өнім көлемі  $E$ -ден  $E_1$  -ге жылжиды.

Айтылғандардың нәтижесінде баламалы таңдау пайда болады: не ағымдық тұтынуды салыстырмалы шектеу арқылы болашақтағы экономикалық өсуді қамтамасыз ету, не тұтынуды шектеуден бас тартып ұзақ мерзімді экономикалық өсуді тежеу.

**Негізгі түсініктер:**

Тиімді сұраныс.

Тұтыну функциясы.

Тұтынуға шекті бейімділік.

Қор жинағына шекті бейімділік.  
Тұтынуға орташа бейімділік.  
Қор жинағына орташа шекті бейімділік.  
Инвестиция функциясы.  
Автономды инвестиция.  
Индукциялы инвестиция.  
Пайыз мөлшерлемесі.  
Инвестициялық мультипликатор.  
Акселератор.  
Жоспарланған шығындар  
Жоспарланбаған шығындар  
Нақты шығындар  
Кейнс кресі.  
Рецессиялық үзіліс.  
Инфляциялық үзіліс.  
Үнемдеу парадоксы.

***Талдауға арналған сұрақтар:***

1. Тұтыну функциясының графигі қалай құрылады?
2. Инвестиция функциясы нені анықтайды?
3. Қор жинағы функциясына қандай факторлар әсер етеді?
4. Тепе-теңдік өндіріс көлемінің деңгейі қалай анықталады?
5. Мемлекеттік шығындар мультипликаторын қалай түсінуге болады?
6. Категориялар: мультипликатор және акселератор, олардың айырмашылығы.
7. Жоспарланбаған шығындар тепе-теңдікке қалай әсер етеді?
8. Рецессиялық үзіліс және инфляциялық үзіліс құбылыстарын түсіндіріңіз.
9. «Үнемділік қайшылығы» әсерінің мәні.

## **VI тарау**

### **АҚША НАРЫҒЫ**

- 6.1 Ақша жиыны және ақша агрегаттары
- 6.2 Ақшаға сұраныстың классикалық және кейнстік теориялары  
Баумоль-Тобин үлгісі
- 6.3 Ақша ұсынысы. Ақша мультипликаторы
- 6.4 Ақша нарығындағы тепе-теңдік

#### ***Қаралатын мәселелер***

Ақша жиыны дегеніміз не, оның құрамы қалай анықталады. Қазақстандағы және басқа да дамыған мемлекеттердегі ақша агрегаттары. Ақша жиыны көлемінің өзгеруіне қандай жағдайлар әсер етеді. Ақшаға сұранысты кейнстік және классикалық тұрғыдан түсіндіру. Ақшаға сұраныстың үш мотиві. Ақша ұсынысы функциясы және оның қалыптасуы. Ақша мультипликаторының әсері қалай пайда болады. Баумоль-Тобин үлгісінің мәні.

## 6.1 АҚША ЖИЫНЫ ЖӘНЕ АҚША АГРЕГАТТАРЫ

*Ақша жиыны (массасы)* – бұл экономикадағы айналыс және қор жинау қызметін атқаратын қолма-қол және қолма-қолсыз нысандағы барлық ақша қаражаттарының жиынтығы.

Қазақстанда ақша массасы Ұлттық Банк пен екінші деңгейдегі банкілердің баланстық шоттарын шоғырландыру негізінде анықталады және оның құрамына айналыстағы қолма-қол ақша және резидент заңды тұлғалар мен үй шаруашылығы (жеке тұлғалардың) депозиттері жатады.

Белгілі бір күндегі және белгілі бір кезеңдегі ақша айналысының сандық өзгерісін талдау үшін, сондай-ақ ақша массасының өсуі мен көлемін реттеуге байланысты шараларды жасау үшін әр түрлі көрсеткіштер пайдаланылады. Ондай көрсеткіштерді *ақша агрегаттары* деп атайды.

Өнеркәсібі өркендеген мемлекеттерде ақша жиыны құрамын анықтау үшін негізгі ақша агрегаттарының төмендегі жиынтығы пайдаланылады:

$M_1$  – айналыстағы қолма-қол ақша (банкноттар, тиындар, ал кейбір мемлекеттерде қазыналық билеттер) және банктік ағымдағы шоттардағы қаражат (депозиттер) жатады;

$M_2$  құрамына  $M_1$  агрегаты және мерзімі 4 жылға дейінгі коммерциялық банктердегі мерзімді және жинақ салымдары кіреді;

$M_3$  құрамына  $M_1$  агрегаты және арнаулы несие мекемелеріндегі жинақ салымдары кіреді;

$L$  – оған  $M_3$  агрегаты және ірі коммерциялық банктердің депозиттік сертификаттары қосылады.

Қорыта айтқанда, әрбір келесі ақша агрегаты өзінен алдыңғылардың барлық элементтерін өзіне біріктіріп үлкен ақша жиынын құрайды. Бірақ оның алдыңғыға қарағанда өтімділігі төмен.

Ақша жиыны нақты әр мемлекеттің өзіне тән ақша-несие жүйесімен анықталады. Мысалы, АҚШ-та ақша жиынын анықтау үшін – 4, Швейцария, Жапония, Германия, Ресейде – 3, Ұлыбританияда – 5, Англия мен Францияда – 2 ақша агрегаты қолданылады.

Қазақстандағы неізгі ақша агрегаттарына мыналар кіреді:

$M_0$  - айналыстағы қолма-қол ақша, немесе банк жүйесінен тыс ақша;

$M_1 = M_0 +$  банктік емес заңды тұлғалар мен халықтың теңгедегі аудармалы (ағымдық) депозиттері;

$M_2 = M_1 +$  теңгедегі мерзімдік жинақтары мен депозиттері және банктік емес заңды тұлғалар мен халықтың шетел валютасындағы аудармалы (ағымдық)депозиттері;

$M_3$  (ақша массасы) =  $M_2 +$  банктік емес заңды тұлғалар мен халықтың шетел валютасындағы басқа да депозиттері.

Қазақстандағы соңғы жылдардағы ақша агрегаттарының жағдайы 6.1-кестеде берілген.

Кесте 6.1 Қазақстан Республикасының соңғы 3 жылдағы ақша агрегаттарының жағдайы

	млн.тенге		
	2015	2016	2017
<b>1. Ақша базасы (резервтік ақша)</b>	<b>4 750 746</b>	<b>5 162 573</b>	<b>5 538 747</b>
1.1 Ұлттық Банктен тыс қолма-қол ақша	1 494 930	2 050 087	2 257 218
1.2 ЕДБ-дің және басқа ұйымдардың ҚҰБ-дегі депозиттері	3 255 816	3 112 486	3 281 530
<b>Ақша базасы (тар мағынада)</b>	<b>4 670 994</b>	<b>4 793 020</b>	<b>5 162 344</b>
ЕДБ-дің ҚҰБ-дегі резервтік депозиттері	2 755 913	2 310 652	2 316 717
<b>2. <math>M_0</math> (айналыстағы қолма-қол ақша)</b>	<b>1 236 973</b>	<b>1 748 810</b>	<b>1 946 338</b>
<b>3. <math>M_1</math></b>	<b>3 032 711</b>	<b>4 589 768</b>	<b>4 967 695</b>
3.1 халықтың теңгедегі аудармалы депозиттері	395 630	548 379	632 807
3.2 банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі аудармалы депозиттері	1 400 109	2 292 579	2 388 550
<b>4. <math>M_2</math></b>	<b>8 600 511</b>	<b>12 566 465</b>	<b>13 513 426</b>
4.1 халықтың теңгедегі басқа депозиттері және шетел валютасындағы аудармалы депозиттері	1 184 282	2 621 803	3 428 213
4.2 банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі басқа депозиттері және шетел валютасындағы аудармалы депозиттері	4 383 517	5 354 894	5 117 518
<b>5. <math>M_3</math> (ақша массасы)</b>	<b>17 207 804</b>	<b>19 798 592</b>	<b>19 456 023</b>
5.1 халықтың шетел валютасындағы басқа депозиттері	5 212 823	4 659 311	4 059 908
5.2 банктік емес заңды тұлғалардың шетел валютасындағы басқа депозиттері	3 394 470	2 572 815	1 882 689

Дерек көзі: ҚҰБ-нің статистикалық бюллетені. Астана, 2017

Ақша агрегаттарының құрылымы тұрақты қалыпта болмайды. Ол ақша нарығы құрылымдарының дамуына байланысты өзгереді.

Ақша жиыны бірнеше жолмен өсуі мүмкін:

- Банкноттар мен тиындарды эмиссиялау есебінен;
- Орталық банктен коммерциялық банктердің несиесі алуымен;
- Мемлекеттік бюджеттің кемшілігін жабу үшін Орталық банктің үкіметке несиесі беруімен;
- Орталық банктің асыл металдары, шетел валютасын және мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуымен;
- Чек шығаруымен немесе коммерциялық банктердің салым тарту негізінде қарыз беруімен (депозиттер негізінде несиесі ақшаларын шығару).

Ақша жиыны көлемінің өзгеруіне айналыстағы ақша жиынының өзгермелілігімен қатар, оның айналым жылдамдығы да әсер етеді. Ақшаның айналым жылдамдығы жалпы экономикалық факторларға: экономиканың циклмен өркендеуіне, экономикалық дамудың қарқынына, бағаның өзгеруіне, сонымен бірге таза монетарлық факторларға, яғни төлем айналымының құрылымына, несиелік операциялар мен өзара есеп айырысудың дамуына, ақша рыногіндегі пайыз деңгейіне және т.б. байланысты өзгереді.

Ақша жиыны айналымының баяулауы – ұлттық жиынтық өнімді орналастыру коэффициентінің төмен екендігінің көрсеткіші. Егер ақша айналысының жылдамдығы артса, ол жоғары жағдаяттың (конъюнктура) барлығы және ақша қаражатын жұмсаудың шапшаңдығын көрсетеді. Ақша айналысы жылдамдығы айналыстағы ақша санына кері пропорционалды әсер етеді, яғни ақша неғұрлым көп айналыс жасаса, соғұрлым қосымша ақша эмиссиясының қажеттілігі азаяды. Ақша айналысының баяулауы шаруашылық субъектілерінің ақша қорын жинауға ұмтылысын және ақша жиынының құрылымында банктердегі ұзақ мерзімді салымдардың ұлғаюын көрсетеді.

## **6.2 АҚШАҒА СҰРАНЫСТЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КЕЙНСТІК ТЕОРИЯЛАРЫ. БАУМОЛЬ-ТОБИН ҮЛГІСІ**

Классиктер ақшаға сұранысты оның сандық теориясы негізінде түсіндіреді. Ақшаның сандық теориясы ақшаға сұранысты мына өрнек арқылы анықтайды:

$$MV = PY,$$

мұнда:  $M$  – айналымдағы ақша көлемі;

$V$  – ақша айналымының жылдамдығы;

$P$  – баға деңгейі;

$Y$  – өнім шығару көлемі.

Ақша айналымының жылдамдығы тұрақты деп есептелінеді. Бұл жағдайда номиналды ЖҰӨ ақша жиынына тура қатынаста өзгереді. Классикалық теория сәйкес нақты ЖҰӨ баяу өзгереді. Сондықтан номиналды ЖҰӨ-нің өзгерісі баға деңгейінің өзгерісін көрсетеді. Сөйтіп ақша көлемінің өзгерісі нақты өзгергіштерге әсер етпейді, тек номиналды көрсеткіштерге әсер етеді. Оны «ақшаның бейтараптылығы» деп атайды.

Ақшаға сұраныстың кейнстік теориясы – *өтімділіктің артықшылық теориясы* болып табылады. Ол теория бойынша адамдарды қолма-қол ақша сақтауға итермелейтін негізгі үш жағдай қарастырылады:

1. *Келісімдер мотиві*, мұнда ақшаға сұраныс әрдайым тауарлар мен қызметтерге төлем ретінде немесе ағымдағы мәмілеге қажет қолма-қол ақша ретінде қаралады;

2. *Сақтық мотиві*: болашақтағы күтпеген кездейсоқтық жағдайларға байланысты ақшаға сұранысты білдіреді. Ол адамдарда көзделмеген төлемдерге кез болғанда пайда болады.

3. *Алыпсатарлық мотив*: адамдардың өз байлықтарын қаржылық активтер түрінде сақтауға тілек етуіне байланысты ақшаға сұраныс білдіреді. Жалдаптық сұраныс кезінде ақша қаржы активтерін сату және қайта сату арқылы табыс әкеледі. Ақшаға сұраныстың бұл түрі пайыз мөлшерлемесі мен құнды қағаз бағамына байланысты. Пайыз мөлшерлемесі өскен сайын құнды қағаздар құны төмендейді, соған сәйкес құнды қағаздарға сұраныс өседі. Бұл қолма қол ақшаны азайтады, яғни ақшаға сұраныс төмендейді. Бұдан пайыз мөлшерлемесі мен ақшаға сұраныс арасындағы кері байланысты байқауға болады.

*Келісімдер мотиві мен сақтық мотиві* ақшаға трансакциялық сұранысты білдіреді, яғни қазіргі және болашақ кезеңдерде мәмілеге қажет ақша көлемін анықтайды.

*Ақшаға трансакциялық сұраныс* табыс деңгейіне тәуелді, ал пайыз мөлшерлемесіне байланысты емес. Сондықтан оның сызығы тік орналасады. (6.1-сурет).

*Ақшаға алыпсатарлық сұраныс* пайыз мөлшерлемесіне тәуелді, оның қисығы теріс көлбеулі болады. (6.2-сурет).


Кейнс бойынша ақшаға жиынтық сұраныс екі өзгермелі функцияны көрсетеді:

а) табыс; б) пайыз мөлшерлемесі:  $M^d = M(Y, r)$




Сонымен екі теорияны қорыта келе, ақшаға сұраныстың мынадай факторларын атап көрсетуге болады:

- 1) табыс деңгейі;
- 2) ақша айналымының жылдамдығы;
- 3) пайыз мөлшерлемесі.



6.1 -сурет

Ақшаға трансакциялық сұраныс



6.2 -сурет

Ақшаға алыпсатарлық сұраныс

Классикалық теория ақшаға сұранысты нақты табыспен байланыстырса, кейінгі теория ақшаға сұраныстың негізгі факторы пайыз мөлшерлемесі деп есептеді.

Ақшаға сұраныстың негізгі үлгісі **Баумоль-Тобин үлгісі**. Ол үлгі бойынша қолма-қол ақша көлемі банктік пайыз мөлшерлемесі мен банкке бару уақытын салыстыру арқылы анықталады. Аталмыш үлгі ақшаға сұранысты анықтағанда трансакциялық (мәміле үшін ақшаға сұраныс) және баламалы шығындарды ескереді.

Баламалы шығындарды ескеретін мәміле үшін ақшаға сұраныс үлгісін бір-біріне тәуелсіз екі экономист У.Баумоль және Дж.Тобин ұсынды (АҚШ экономистері).

Баумоль-Тобин үлгісі қолдағы ақша жинағының артықшылықтары мен кемшіліктерін талдауға негізделген. Басты артықшылығы: индивид (жеке тұлға) ақшасын қолында ұстаса, қажет тауарға ақша алу үшін банкке барудың қажеті жоқ. Кемшілігі – индивид ақшасын банкте сақтамаса банктік пайыз мөлшерлемесі көлемінде пайда алу мүмкіндігінен айырылады.


Индивидтің банкке барғандағы үш жағдайын қарастыралық.

1. Банкке бір рет барғандағы жеке тұлғаның қолындағы ақша 6.3 –суретте берілген. Жылдың басында шоттан  $Y$  теңге алып оны

жыл бойы жұмсауға болады. Оның мөлшері жыл басында  $Y$  теңге, ал жылдың аяғында –  $0$  теңге, бір жылдағы орташа –  $Y/2$ .


2. Индивид бір жылда банкке екі рет баруды жоспарлайды. Жылдың басында ол шоттан  $Y/2$  мөлшерінде ақша алады да, оны жылдың бірінші жартысында жұмсайды. Одан кейін ол өзінің шотынан тағы екінші рет сондай мөлшерде ақша алады да, оны жылдың екінші жартысында жұмсайды. Сөйтіп жеке тұлғаның қолындағы ақша көлемі бір жылда  $Y/2$ -ден  $0$ -ге дейін өзгеріп, орташа алғанда  $Y/4$  тең болады. Оның графикалық көрінісі 6.4-суретте берілген.

#### Индивидтің қолындағы ақша



1  
6.3 - сурет


#### Индивидтің қолындағы ақша



6.4 - сурет

3. 6.5–суретте индивидтің банкке  $N$  рет баратын мүмкіндігі қарастырылған. Бұл жағдайда ол өз шотынан  $Y/N$  теңге ақша алады. Ол ақшаны жыл бойы  $1/N$  кезеңдерінде бірдей бөлшектерге бөліп жұмсайды. Индивидтің қолындағы ақша көлемі жыл бойы  $Y/2$ -ден  $0$ -ге дейін өзгеріп, оның орташа жылдық шамасы  $Y/2 N$  тең болады.

## Индивидтің қолындағы ақша



6.5 – сурет

Сонымен индивидтің қолындағы орташа жылдық ақша көлемі оның банкке бір жылда қанша барғанына байланысты анықталады. Банкке барудың оптималды саны мына өрнек арқылы анықталады:

$$N^* = \sqrt{iY/2F},$$

Мұндағы  $N^*$  - банкке барудың оптималды саны;  $Y$  - қажетті ақша көлемі;  $i$  - банктік пайыз мөлшерлемесі;  $F$  - банкке бару шығындарын ақшалай бағалау.

Қолдағы ақшаның орташа көлемі мынадай шамаға тең болады:

$$Y/2N^* = \sqrt{YF / 2i}.$$

Банкке барудың оптималды санын анықтағанда ақшаны өтімділік (ликвидтік) түрде ұстау шығындарын есепке алу қажет. Ол шығындар екі жағдайға байланысты: а) алынбай қалған пайыз; ә) банкке бару уақытын ақшалай бағалау.

Банкке барудың жалпы шығындары мынадай өрнек арқылы анықталады:

$$iY / (2N) + FN,$$

мұндағы  $iY / (2N)$  - алынбай қалған пайыз;  $N$  – банкке бару саны;  $F$  – банкке бару шығындары.

Экономикалық субъектілер жиынтық шығындары минималды болатын банкке бару санын таңдайды.

Баумоль-Тобин үлгісі ақшаның айналыс құралы ретіндегі ролін қарастырады. Бұл үлгіге сәйкес ақшаға сұраныс табысқа тура қатынаста, ал пайыз мөлшерлемесіне кері қатынаста болады.

### 6.3 АҚША ҰСЫНЫСЫ. АҚША МУЛЬТИПЛИКАТОРЫ

**Ақша ұсынысы** ( $M^s$ ) - банктен тыс айналымдағы ақша көлемі. Ол қолма-қол ақша ( $C$ ) мен экономикалық агенттер талап еткенге дейінгі депозиттерден құралады ( $D$ ). Немесе оны  $M_1$  агрегаты деп қарастыруға болады.

$$M^s = C + D$$

Банктер депозиттерінің бір бөлігін ғана резерв түрінде сақтайды, ал қалған бөлігін қарыз беру үшін және активті операциялар үшін пайдаланады. Басқа қаржылық институттармен салыстырғанда, банктің ақша ұсынысын өсіру мүмкіндігі бар. Несие мультипликаторы – коммерциялық банктер жүйесі шеңберіндегі төлем құралдарының эмиссиялық үрдісі.

Қосымша ақша ұсынысының жалпы түрі жаңа депозит пайда болуының нәтижесінде туындайды.

$$M^s = 1 / rr$$

мұндағы  $rr$  – банк;

$D$  – алғашқы салым;

$1/rr$  – банк мультипликаторы немесе депозиттік мультипликатор.

Орталық банк ең алдымен *ақша базасын* реттейді. Өйткені елдегі ақша массасы ақша базасының көлеміне байланысты болады. Ақша базасы банк жүйесінен тыс қолма-қол ақша ( $C$ ) мен Орталық банкте сақталатын коммерциялық банктердің резервтерінен ( $R$ ) құралады.

$$MB = C + R,$$

мұндағы  $MB$  – ақша базасы;

$C$  – қолма-қол ақша;

$R$  – резервтер.

Ақша ұсынысының жалпы үлгісіне ақша мультипликаторы да кіреді.

Ақша мультипликаторы ( $m$ ) – ақша ұсынысының ақша базасына қатынасы:

$$m = M^s / MB = M^s / (C + R) = m \times MB.$$

Ақша мультипликаторы – ақша базасы бір бірлікке өскенде, ақша ұсынысының қалай өзгеретіндігін көрсетеді.

Ақша мультипликаторын қолма-қол ақша депозиттерінің депозит коэффициентіне ( $cr$ ) және депозиттерді резервтеу нормасына ( $rr$ ) қатынасы арқылы де анықтауға болады.

$$m = M^s / MB = C + D / C + R$$

Егер өрнектің алымын да бөлімін де **D**-ға бөлсек, онда

$$m = \frac{cr + 1}{cr + rr}, \text{ мұнда } cr = C/D; rr = R/D$$

**cr** - депозит коэффициенті, оның шамасы халықтың қолма-қол ақша мен депозитті қандай пропорцияда бөлетініне байланысты.

**rr** – резервке салынған банктік салымдардың үлес салмағы. Оның шамасы Орталық банк тағайындаған міндетті резерв нормасына және коммерциялық банктердің артық резервтеріне байланысты. Демек ақша ұсынысын төмендегідей жазуға болады.

$$M^s = \frac{cr + 1}{cr + rr} \times MB, \quad M^s = m \times MB.$$

Осыған байланысты ақша ұсынысына мультипликативті әсер ететін ақша базасын және **тиімділігі жоғары ақшалар деп атайды.**

Сонымен елдегі ақша көлемі мына жағдайларда өседі, егер:


- ақша базасы өссе;
- міндетті резерв нормасы төмендесе;
- коммерциялық банктердің артық резервтері қысқарса;
- халықтың жалпы қаржысындағы қолма-қол ақшаның үлес салмағы азайса.

## **6.4 АҚША НАРЫҒЫНДАҒЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІК**

Ақша рыногындағы тепе-теңдік – бұл ұсынылатын ақша көлемі және жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер қолдарында ұстағысы келетін ақша көлемінің теңесуі. Ақша рыногындағы тепе-теңдік Ұлттық банктің қызметіне байланысты.


Ақша ұсынысының қисығы ( $M_s$ ) тік сызық түрінде болады. Бұл Ұлттық банк ақша ұсынысын бақылау мақсатында пайыз мөлшерлемесінің өзгерісіне қарамастан оның көлемін тұрақты деңгейде сақтауға тырысуында (6.6-сурет).

Ақша рыногындағы тепе-теңдік А нүктесінде  $R_0 M_0$  деңгейінде орнайды. Пайыз мөлшерлемесі төмендегенде облигациялардың құны төмендейді, ақшаға сұраныс өседі. Бұл жағдайда экономикалық субъектілер құнды қағаздарын сата бастайды, нәтижесінде облигацияларға сұраныс төмендейді. Ол өз кезегінде пайыз мөлшерлемесінің өсуіне әкеледі. Сөйтіп қайтадан тепе-теңдік орнайды




6.6-сурет

Табыс өскенде ақшаға сұраныс өседі де, ақшаға сұраныс қисығы оңға-жоғары жылжиды (6.7-сурет).



6.7-сурет

Ұлттық банктің ақша ұсынысын қысқартқан жағдайда ақшаға ұсыныс қисығы солға жылжиды, пайыз мөлшерлемесі өседі (6.8-сурет).



6.8-сурет

Ақша нарығындағы тепе-теңдіктің ұзақ сақталуы құнды қағаздар рыногы жақсы дамыған жағдайда ғана мүмкін болады.

***Негізгі түсініктер:***

Ақша жиыны.

Ақша агрегаттары.

Ақшаға трансакциялық сұраныс.

Ақшаға алыпсатарлық сұраныс.

Келісімдер мотиві.

Сақтық мотиві.

Өтімділіктің артықшылық теориясы.

Ақша базасы.

Ақша ұсынысы.

Ақша мультипликаторы.

Несие мультипликаторы.

Баумоль-Тобин үлгісі.

***Талдау сұрақтары:***

1. Ақшаның сандық теориясы.
2. Ақшаға сұраныстың кейнстік үлгісі.
3. Ақша массасы және оның өлшемі.
4. Ақша мультипликаторы.
5. Ақшаға сұраныс және ақша ұсынысы
6. Ақша нарығындағы тепе-теңдік.

## **VII тарау**

### **ТАУАР ЖӘНЕ АҚША НАРЫҚТАРЫНДАҒЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІК. IS-LM ҮЛГІСІ**

7.1 Біріккен қос тепе-теңдік. IS және LM қисықтарын құру

7.2 Баға деңгейі өзгергендегі IS-LM. IS-LM үлгісінен жиынтық сұраныс қисығын құру

7.3 Баға тұрақты болғанда IS-LM үлгісіндегі ақша-несие және қазыналық саясат

#### *Қаралатын мәселелер*

Біріккен қос тепе-теңдік мәні. Тұрақты баға деңгейінде IS-LM қос тепе-теңдігінің қалай орнайтыны. IS-LM үлгісі негізінде жиынтық сұраныс қисығын қалай құруға болады. IS-LM үлгісі шеңберіндегі ақша-несие және бюджеттік – салық саясаты. Икемді баға деңгейінде IS-LM үлгісіндегі экономикалық талдау



## 7.1 БІРІККЕН ҚОС ТЕПЕ-ТЕҢДІК МӘНІ. IS ЖӘНЕ LM ҚИСЫҚТАРЫН ҚҰРУ

AD-AS үлгісі мен Кейнс кресінде пайыз мөлшерлемесі сыртқы (экзогендік) өзгермелі болып табылады және тауар рыногының тепе-теңдігіне тәуелсіз бола отырып ақша рыногында өздігінен орнайды. IS-LM үлгісі арқылы экономиканы зерттеу - осы ақша рыногы мен тауар рыногын бір жүйеге келтіру. Соның нәтижесінде рыноктық пайыз мөлшерлемесі ішкі (эндогендік) өзгермеліге айналады және оның шамасы тек ақша рыногындағы үрдістерді емес, сондай-ақ тауар нарығындағы жағдайларды сипаттайды.

Біріккен қос тепе-теңдік үлгісін, яғни тауар нарығы мен ақша рыногында бір мезгілде орнайтын тепе-теңдік ең алғаш рет кейнстік мектептің белгілі өкілі Дж. Хикс 1937 жылы «Мистер Кейнс және классиктер» деген еңбегінде ұсынды. Ал 1949 жылы А.Хансеннің «Ақша теориясы және қазыналық саясат» атты кітабы арқылы ол көпшілікке тарады, соған орай ол Хикс-Хансен үлгісі деген атқа ие болады.

IS-LM үлгісі (инвестиция-қор жинағы, өтімділік артықшылығы – ақша) – экономиканың нақты және ақша секторларының өзара байланысын, игіліктер рыногы мен қаржы активтері рыногының экономикалық тепе-теңдігін бейнелейді. Аталмыш үлгі тауар және ақша рыноктерінде бір мезгілде тепе-теңдік орнау үшін қажетті табыс көлемі ( $Y$ ) мен рыноктық пайыз мөлшерлемесі ( $R$ ) арасындағы сәйкестікті табуға мүмкіндік береді.

Сондықтан да IS-LM үлгісі AD-AS үлгісінің нақтыланған түрі болып табылады.

Үлгінің ішкі өзгермелілері –  $Y$  (табыс),  $C$  (тұтыну),  $I$  (инвестиция),  $n$  (таза экспорт),  $R$  (пайыздық мөлшерлеме).

Үлгінің сыртқы өзгермелілері –  $G$  (мемлекеттік шығындар),  $M_s$  (ақша ұсынысы),  $t$  (салықтық мөлшерлеме).

Қысқа мерзім кезеңінде бағаның атаулы және нақты шамалары сәйкес келеді, жиынтық табыс ( $Y$ ) пен пайыз мөлшерлемесі ( $R$ ) өзгермелі болады.

Ұзақ мерзім кезеңінде баға деңгейі өзгермелі,  $M_s$  (ақша ұсынысы) атаулы шама, ал үлгідегі басқа өзгермелілер нақты шама болды.

## IS қисығын құру

IS қисығы тауар рыногындағы тепе-теңдікті көрсетеді.

IS қисығы басқа факторлар тұрақты болған кездегі  $(G, T)$  пайыз мөлшерлемесі  $(R)$  мен жиынтық табыс  $(Y)$  арасындағы байланысты көрсетеді.



IS қисығын инвестиция мен қор жинағы функциялары негізінде құрамыз. IS қисығының бойындағы кез келген нүкте қор жинағы мен инвестицияның тепе-теңдігін көрсетеді.

7.1-суретте қор жинағы функциясы бейнеленген табыстың (өнім көлемінің)  $Y_1$ -ден  $Y_2$ -ге көбеюіне байланысты қор жинағы  $S_1$ -ден  $S_2$ -ге өседі.


7.2-суретте инвестиция функциясы бейнеленген, қор жинағының өсуі пайыз мөлшерлемесін  $R_1$ -ден  $R_2$ -ге азайтады, ал инвестиция  $I_1$ -ден  $I_2$ -ге өседі. Бұл жағдайда  $I_1=S_1$ , ал  $I_2=S_2$  болады.

7.3 -суретте IS қисығы берілген, пайыз мөлшерлемесі төмендеген сайын, табыс деңгейі (жиынтық сұраныс) жоғары болады және керісінше.

7.1- сурет Қор жинағы функциясы



7.2сурет Инвестиция функциясы



7.3-сурет IS қисығы

IS қисығының бойымен жылжу игіліктер рыногында тепе-теңдік сақталуы үшін пайыз мөлшерлемесі өзгергендегі ұлттық табыс деңгейінің қалай өзгередінін көрсетеді.

Жоғарыда тұрақты деп болжанған басқа факторлар ( $G, T$ ) әсер еткенде IS қисығы жоғары немесе төмен жылжиды. Мәселен, егер кез келген пайыз мөлшерлемесінде мемлекеттік шығындар өсетін болса, онда жиынтық сұраныс көбейеді. Мұндай жағдай IS қисығын оңға қарай жылжытады, керісінше, берілген пайыз мөлшерлемесінде қолда бар табыстың төмендеуі сұранысты төмендетеді, IS қисығы солға қарай жылжиды.



IS қисығын Кейнс кресінің үлгісін пайдаланып көрсетуге болады. 7.4-суретте инвестиция функциясы бейнеленген. Пайыз мөлшерлемесінің  $R_1$ -ден  $R_2$ -ге өсуі жоспарлы инвестицияны  $I(R_1)$ -ден  $I(R_2)$ -ге азайтады.

7.5-суретте «Кейнс кресі» бейнеленген: жоспарлы инвестицияның  $I(R_2)$ -ге азаюы табыс деңгейін  $Y_1$ -ден  $Y_2$ -ге қысқартады.


7.6-суретте IS қисығы пайыз мөлшерлемесі мен табыс арасындағы өзара байланыс нәтижесі түрінде берілген.

7.5 - сурет Кейнс кресі

Е жоспарланған шығындар




7.4 сурет Инвестиция функциясы



7.6 -сурет IS қисығы

IS қисығы экономикалық кеңістікті екіге бөледі: IS қисығының жоғарғы жағында орналасқан нүктелерде ұсыныс сұраныстан артық, яғни ұлттық табыс көлемі жоспарланған шығындардан жоғары болады. IS қисығының төменгі жағында игіліктер нарығында тапшылық орнайды, яғни сұраныс ұсыныстан артық болады (7.7 -сурет).



7.7-сурет IS қисығы

### LM қисығын құру

LM қисығы ақша рыногындағы тепе-теңдікті көрсетеді.


LM қисығының графигі – ақша ұынысының ( $M_s$ ) белгілі бір мөлшерінде ақша нарығындағы тепе-теңдікке сәйкес келетін пайыз мөлшерлемесі мен жиынтық сұраныс (табыстың) арасындағы байланысты көрсетеді.

LM қисығының бойындағы кез келген нүктеде ақшаға сұраныс пен ақша ұсынысы тең болады.


7.8-суретте – Ақша нарығының нақты қоры бейнеленген. Табыстың  $Y_1$ -ден  $Y_2$ -ге өсуі ақшаға сұранысты өсіреді. Бұл жағдайда пайыз мөлшерлемесі  $R_1$ -ден  $R_2$ -ге өседі. Сұраныс қисығы оңға жылжиды.

7.9-суретте – LM қисығы бейнеленген. Неғұрлым табыс өскен сайын пайыз мөлшерлемесі де жоғары болады.

Ақша ұсынысының ( $M_s$ ) молайуы немесе баға деңгейінің төмендеуі LM қисығын оңға қарай жылжытады.




7.8-сурет Ақша нарығы




7.9-сурет LM қисығы

LM қисығы экономикалық кеңістікті екі бөлікке бөледі: LM қисығының жоғарғы жағында  $M > L$ , яғни ақша ұсынысы сұраныстан жоғары, қисықтан төмен орналасқан нүктелерде  $M < L$ . ақша ұсынысы сұраныстан аз болады (7.10-сурет).



7.10-сурет LM қисығы

Игіліктер нарығы мен ақша нарығының тепе-теңдік жағдайы IS және LM қисықтарының қиылысқан нүктесінде ( $R_0$ ,  $Y_0$ ) орнайды (7.11-сурет).



7.11-сурет IS-LM тепе-теңдігі


Игіліктер нарығы мен ақша нарығының тепе-теңдік деңгейіне сәйкес келетін жиынтық сұраныс көлемі **тиімді сұраныс** деп аталады.

## 7.2 БАҒА ДЕҢГЕЙІ ӨЗГЕРГЕНДЕГІ IS-LM ҮЛГІСІ. IS-LM ҮЛГІСІНЕН ЖИЫНТЫҚ СҰРАНЫС ҚИСЫҒЫН ҚҰРУ.


Жиынтық сұраныс қисығын IS-LM үлгісі негізінде құруға болады. Ақша ұсынысы тұрақты, ал баға деңгейі өсті деп есептейік. Онда нақты ақша қалдықтары кемиді, LM қисығы  $LM(P_1)$ -ден  $LM(P_2)$ -ге жылжиды.  $Y$ - $P$  графигіне екі  $Y_1P_1$  және  $Y_2P_2$  тепе-теңдік нүктелерін түсіру арқылы AD қисығын орнатуға болады (7.12-сурет).

Баға деңгейінің  $P_1$ -ден  $P_2$ -ге көтерілуі ақша ұсынысының нақты көлемін азайтады. Бұл жағдай LM қисығын солға жылжытады.

Ақша ұсынысының қысқаруы пайыз мөлшерлемесін  $R_1$ -ден  $R_2$ -ге көтерілуіне әкеледі. Соған байланысты инвестиция көлемі азайып, салыстырмалы түрде экспорт ( $X_n$ ) қысқарады. Нәтижесінде өнім көлемі  $Y_1$ -ден  $Y_2$ -ге азаяды.



(А) IS-LM қисығы



(Ә) Жиынтық сұраныс қисығы


7.12-сурет

Мемлекеттік шығындардың молаюы, салық деңгейінің төмендеуі немесе ақша ұсынысының өсуі жиынтық сұраныс қисығын оңға жылжытады. AD қисығының өзгерісі IS және LM қисықтарына әр түрлі әсер етеді. Бұл жағдай ынталандыратын ақша-несие және ынталандыратын салық-бюджет саясатын бейнелейді.

### 7.3 БАҒА ТҰРАҚТЫ БОЛҒАНДА IS-LM ҮЛГІСІНДЕГІ АҚША-НЕСИЕ ЖӘНЕ ҚАЗЫНАЛЫҚ САЯСАТТАР.

IS-LM үлгісі ақша-несие және қазыналық саясаттарының экономикаға әсерін талдау үшін қолданылады.


**Ынталандыратын ақша-несие саясатының ұлттық табысқа әсері.** Егер мемлекет ұлттық табысты көбейтуді мақсат етсе, онда ол мемлекеттік құнды қағаздарды жаппай сатып алу арқылы ақшаны көбейтуі мүмкін. Ақша ұсынысының артуы LM қисығын төмен  $LM_1$  жылжытады. Тепе-теңдік A нүктесінен B нүктесіне ауысады. Нәтижесінде пайыз мөлшерлемесі  $R_1$  -ден  $R_2$ -ге төмендейді, ал ұлттық табыс  $Y_1$  –ден  $Y_2$  –ге көбейеді. Сөйтіп ақша ұсынысының артуы пайыз мөлшерлемесін төмендетіп инвестицияны ынталандырады. Бұл жағдай тауарлар мен қызметтерге сұранысты кеңейтеді. Мұны «кейнстің жеткізбелі механизмі» деп атайды (7.13-сурет).



7.13-сурет


Кейнстік ақша-несие саясатын сынаушылар (посткейнсиандықтар) IS-LM үлгісінде жүргізілетін тежеуші және ынталандыратын саясаттардың тиімсіздігін дәлелдейтін мынадай екі жағдайды айтады:

Біріншіден, егер пайыз мөлшерлемесі бастапқыда төмен болса, онда ақша ұсынысының көбеюіне ол ешқандай сезімталдық білдірмейді. Керісінше, пайыз мөлшерлемесінің жақын арада өсуін күткен қолдарында ақшасы бар адамдар қаржыларын құнды қағаздарға жұмсамай, өздерінің «портфельдерінде» ұстап отырады. Графиктік түрде бұл құбылыс төмендегідей көрсетіледі (40-сурет). Ақшаға сұраныс қисығы (MD) пайыз мөлшерлемесі төмен болғанда көлденең - жатық орналасады. Сәйкесінше, LM қисығы да көлденең болады.



7.14- сурет Пайыз мөлшерлемесі төмен болғандағы LM қисығының ерекшеліктері

Екіншіден, сынаушылардың айтуынша инвестиция деңгейі де пайыз мөлшерлемесіне сезімтал болмауы мүмкін. Пайыз мөлшерлемесінің айтарлықтай төмендеуі инвестициялық жоспарларға ешқандай әсер етпеуі мүмкін. Бұл жағдайда жоспарлы инвестиция (ID) қисығы тым тік болады. Осы екі жағдайды есепке алғанда IS-LM үлгісі былайша орналасады (7.15-сурет).



7.15- сурет Өтімділік қақпаны



Мұндай құбылысты «*өтімділік қақпаны*» деп атайды.


LM қисығының айтарлықтай өзгерісі (1) пайыз мөлшерлемесін аз шамаға төмендетеді (2) және ұлттық табыс деңгейіне көп әсер етпейді (3). Демек, жүргізілген белсенді ынталандырушы монетарлық саясаттың мақсаты жүзеге аспады.

Өтімділік қақпанының болуын «Ұлы дағдарыс» кезінде ақшанесие саясатының тиімсіздігі дәлелдейді.

Монетаристер кейнсиандықтарға қарағанда ақша массасының ұлттық экономикаға әсерін кең ауқымда қарастырды. Олардың айтуынша пайыз мөлшерлемесінің өзгерісі тек жеке жоспарлы өндірістік инвестицияға ғана емес, сондай-ақ жиынтық шығындардың басқа да құрауыштарына: ұзақ мерзім пайдаланылатын тауарлар санына, тұрғын үй құрылысы мен мемлекеттік инвестициялар (мектептер, жолдар, ауруханалар құрылысы т.б.) көлеміне де әсер етеді.

Монетаристердің ойынша, ақша ұсынысының артуы тек мемлекеттік облигациялар бағасын ғана емес, сонымен бірге өнеркәсіп орындары сататын құнды қағаздарға да бағаны өсіреді. Құнды қағаздар құнының өсуі халық пен фирмалар байлығын арттырады. Бұл жағдай тұтыну мен инвестицияны молайтады және ұлттық табыстың өсуіне әкеледі.

**Ынталандыратын қазыналық саясаттың ұлттық табысқа әсері.** Мемлекеттің бюджеттік-салық саясаты, мысалы, шығындарды көбейтуі немесе салықты төмендетуі IS қисығын оңға жылжытады. Тепе-теңдік А нүктесінен В нүктесіне ауысады (7.16-сурет). Нәтижесінде ұлттық табыс  $Y_0$ -ден  $Y_1$ -ге көбейеді. Табыстың өсуі ақшаға сұранысты өсіреді. Ақшаға сұраныстың өсуі пайыз мөлшерлемесінің  $R_1$ -ден  $R_2$ -ге өсуіне әкеледі.



7.16-сурет Инвестицияны ығыстыру әсері

Пайыз мөлшерлемесінің өсуі инвестицияны қысқартады. Сөйтіп ынталандыратын бюджеттік-салық саясаты пайыз мөлшерлемесін өсіріп инвестицияның бір бөлігін ығыстырады. Мемлекеттік шығындардың көбеюі салдарынан пайыз мөлшерлемесі өсіп, оның инвестицияға әсер етуі **«инвестицияны ығыстыру әсері»** деп аталады. Егер ығыстыру әсері болмаса, онда мемлекеттік шығындардың өсуі немесе салықтың төмендеуі нәтижесінде табыстың өсуі ( $Y_0 - Y_2$ ) мәніне тең болар еді. Бірақ ығыстыру әсері салдарынан табыстың өсуі ( $Y_0 - Y_1$ ) мәніне тең.

Сөйтіп ынталандыратын қазыналық саясат нәтижесінде бір жағынан жұмысбастылық пен өнім көлемі өседі, екінші жағынан ығыстыру әсері салдарынан өнім көлемі азаяды.

Бюджеттік-салық және ақша-несие саясаттарын бірге қолдану пайыз мөлшерлемесін өзгертпей өнім көлемін көбейтуге немесе тұрақты өнім көлемінде пайыз мөлшерлемесін төмендетуге әкеледі.

***Негізгі түсініктер:***

IS қисығы.

LM қисығы.

IS – LM қос тепе-теңдігі.

Кейнстің жеткізбелі механизмі.

Өтімділік қақпаны

Инвестицияны ығыстыру әсері.

Ынталандыратын ақша-несие саясаты.

Ынталандыратын қазыналық саясат.

***Талдау сұрақтары:***

1. Тауар және ақша рыноктарындағы тепе-теңдік.
2. IS – LM үлгісінен жиынтық сұраныс қисығы қалай құрылады.
3. Ынталандыратын ақша-несие саясатының ұлттық табысқа әсері.
4. Мемлекеттің шығындарды өсіруі қандай құбылысты тудырады.

## **VII тарау**

### **МЕМЛЕКЕТТІҢ ФИСКАЛДЫҚ САЯСАТЫ**

8.1 Фискалдық саясат: мәні, мақсаттары, құралдары және түрлері

8.2 Мемлекеттік бюджет және бюджет тапшылығы

8.3 Салық: мәні, түрлері. Лаффер қисығы

8.4 Лаффер қисығы. Лоренц қисығы және Джинни коэффициенті

8.5 Мемлекеттік шығындар мультипликаторы. Салық мультипликаторы. Теңдестірілген бюджет мультипликаторы

#### ***Қаралатын мәселелер***

Фискалдық саясаттың мәні, мақсаттары мен құралдары. Мемлекеттік бюджеттің тепе-теңдігіне (балансталуына) қалай қол жеткізуге болады. Мемлекеттік бюджет, оның тапшылығын жою жолдары. Мемлекеттік қарыз проблемасы. Салықтың мәні, түрлері. Қазақстанда салықтың қандай түрлері белгіленген. Салықтық түсімдер мен бюджеттік шығындарды автоматты түрде реттеу тетігі (механизмі) қалай әрекет етеді. Табысты бөлудегі теңсіздік деңгейі қалай анықталады. Лоренц қисығы. Джинни коэффициенті. Мемлекеттік шығындар мультипликаторы, салық мультипликаторы, теңдестірілген бюджет мультипликаторының қандай әсерлері бар.

## 8.1 ФИСКАЛДЫҚ САЯСАТ: МӘНІ, МАҚСАТТАРЫ, ҚҰРАЛДАРЫ

**Фискалдық саясат (бюджет-салық саясаты)** — мемлекеттік бюджет жағдайын, салық салуды және мемлекеттік шығындардың өзгерісін реттеу мақсатында үкімет тарапынан жүргізілетін шаралар. Бұл шаралар жұмыспен толық қамтылуды, төлем балансының тепе-теңдігін және экономиканың өсуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Фискалдық саясаттың бірнеше мақсаттарын ажыратады:

- экономикалық цикл ауытқуларын қалыпқа келтіру (түзету);
- тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету;
- инфляцияның қалыпты жағдайында жұмысбастылықтың жоғары деңгейіне қол жеткізу.

**Ынталандыратын бюджеттік-салық саясаты (қазыналық экспансия)** – бұл саясат қысқа мерзімді кезеңде экономикадағы циклдік құлдырауды жою мақсатын қояды. Мұны жүзеге асыру үшін мемлекет шығындарды өсіріп, салық мөлшерін төмендету арқылы немесе біріктірген, құрастырма шаралар арқылы жүзеге асырады.

Ұзақ мерзімдік кезеңде салықты төмендету саясаты, өндіріс факторларының ұсынысын кеңейтуге және экономикалық әлуеттің өсуіне алып келуі мүмкін. Мұндай мақсаттардың жүзеге асуы кешенді салық реформасының жүргізілуіне байланысты болады. Бұл шаралардың орындалуы Орталық банк жүргізетін тежеуші ақша-несие саясатымен және мемлекеттік шығындардың құрылымын оңтайландырумен байланысты.

**Тежеуші бюджеттік-салық саясаты (қазыналық шектеу)** - экономикадағы циклдік өсуді тежеу мақсатын көздейді. Бұл саясатты жүзеге асыру үшін, мемлекеттік шығындар төмендеп (G), салық мөлшері (T) жоғарылайды немесе біріктірген, құрастырма шаралар арқылы жүзеге асырылады. Қысқа мерзімдік кезеңде бұл шаралардың нәтижесінде, өндірістің құлдырауы және жұмыссыздық деңгейінің өсуі салдарынан болған сұраныс инфляциясын төмендетуге мүмкіндік береді.

Қазыналық саясаттың екі түрі (типi) болады: дискрециялық және дискрециялық емес.

**Дискрециялық қазыналық саясат** – үкіметтің арнайы шешімі бойынша салықты, мемлекеттік бюджеттің сальдосын және мемлекеттік шығындардың көлемін мақсатты бағытта өзгерту. Бұл шаралар төлем балансының жағдайын, инфляция қарқынын, өнім

көлемін, жұмысбастылық деңгейін өзгертуге бағытталған. Бұл жағдайда көбінесе заңдар қабылданады.

Дискрециялық саясаттың негізгі құралдары:

- салық мөлшерлемесін өзгерту;
- қоғамдық жұмыс жобалары;
- халықты жұмыспен қамту.

Дискрециялық қазыналық саясат экономикадағы құлдырау кезеңінде жиынтық сұранысты ынталандыру мақсатында мақсатты түрде мемлекеттік шығындарды өсіріп, немесе салық мөлшерін төмендетіп мемлекеттік бюджетте тапшылық тудырады. Экономиканың өрлеу кезеңінде сәйкес түрде бюджет артықшылығы құрылады.

**Дискрециялық емес қазыналық саясат** – үкіметтің арнайы шешімін талап етпейді, өйткені ол мемлекеттік бюджетке түсетін табыс пен шығындардың автоматты өзгеруін қамтамасыз етіп отыратын кіріктірме тұрақтандырғыштарға негізделеді.

**Кіріктірме (автоматты) тұрақтандырғыштар** – үкіметтің экономикалық саясатын жиі өзгертпей-ақ, өнім көлемі мен жұмысбастылық деңгейінің циклдік ауытқуын төмендетуге мүмкіндік беретін экономикалық тетік. Мұндай тұрақтандырғыштарға табыс салығы, қосылған құнға салық, мемлекеттік трансферттер жүйесі, жұмыссыздықтан сақтандыру және пайданы бөлуге қатысу жүйесі жатады.

*Табыс салығының* әрекет етуін былайша түсіндіруге болады. Экономика құлдыраған кезде өнім өндіру деңгейі төмендейді де пайда қысқарады. Соған байланысты *табыс салығы* азаяды. Ал экономика қызған кезде, яғни нақты өнім көлемі жоғары болған кезде, салық түсімдері артады.

*Қосылған құнға салық (ҚҚС)* кіріктірме тұрақтылықты былайша қамтамасыз етеді. Экономиканың құлдырауы кезінде сатылатын өнім көлемі қысқарады, ал ҚҚС жанама салық, яғни тауар бағасының бір бөлігі болғандықтан, сату көлемі азайғанда жанама салықтардан салық түсімдері (экономикадан алу) қысқарады. Экономика көтерілгенде, керісінше, жиынтық табыстар өсетіндіктен, сату көлемі ұлғайып, жанама салықтардан түсетін түсімдерді арттырады. Экономика бірден тұрақтанады.

*Жұмыссыздықтан сақтандыру және пайданы бөлуге қатысу жүйесі.* Экономика құлдыраған кезде жұмыссыздық бойынша және кедейшілік бойынша жәрдемақылар төлемдерінің жалпы сомасы артады, ал экономика жақсарғанда, яғни «жұмыспен қамту тым жоғары» және табыстардың өсуі байқалған кезде – қысқарады. Бұл жәрдемақылар – трансферттер, яғни экономикаға «қуат беру»

болып табылады. Олардың төленуі шығыстардың артуына себеп болады, ал бұл құлдырау кезінде экономиканың көтерілуін ынталанады. Бұл экономика жоғары болғанда төлемдердің азаюы экономикаға тежегіш әсер береді.

Дамыған елдерде экономика 3/2 дәрежеде – дискрециялық қазыналық саясаттың көмегімен, ал 3/1 дәрежеде кіріктірме тұрақтандырғыштардың қызметімен реттеледі.

Экономиканың өрлеуі кезеңінде кіріктірме тұрақтандырғыштар бюджетке салық төлемдерінің көп түсуіне және бюджет артықшылығына әкеледі. Экономиканың құлдырауы кезінде керісінше әсер етеді.

Экономиканың «кіріктірме тұрақтандырғышы» дискрециялық қазыналық саясаттың уақытша кешеуілдеу мерзімі ұзақтығының проблемасын салыстырмалы түрде жұмсартады, өйткені бұл механизмдер парламенттің қатысуынсыз да жұмыс істейді.

## **8.2 МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ**

Қаржы жүйесінің негізгі буыны мемлекеттік бюджет болып табылады.

*Мемлекеттік бюджет* – мемлекеттің негізгі қаржылық жоспары. Ол мемлекеттің шығыны мен табыстарының балансы. Бюджет ұғымы (француздың сөзі «budget») табыс пен шығындарды бөлу.

Мемлекеттік бюджет табысы ең алдымен жергілікті және орталық билік органдары алатын салықтардың есебінен, әлеуметтік сақтандыру бойынша түсімдердің есебінен, капиталмен операциялардан түсетін кірістер т. б. есебінен қалыптасады.

8.1 кестеде Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің 2012-2016 жылдар аралығындағы динамикасы берілген. Кестеден көріп отырғандай табыс бөлігінің 65 пайызын салықтар құрайды.

Мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігі: экономиканы қаржыландыру, әлеуметтік-мәдени, ғылыми бағдарламалар, мемлекеттік басқару, қорғаныс, сыртқы экономикалық қызметті іске асыру, мемлекеттік қарыздарды жабу бағыттарында жұмсалады.

## Кесте 8.1 Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджеті

	2012	2013	2014	2015	2016
<b>Табыстар</b>	<b>5 813 003</b>	<b>6 382 353</b>	<b>7 321 277</b>	<b>7 634 805</b>	<b>9 308 485</b>
оның ішінде:					
салық түсімдері	4 095 366	4 779 004	5 115 744	4 883 913	6 023 263
<b>Шығындар</b>	<b>6 268 972</b>	<b>6 852 711</b>	<b>7 791 867</b>	<b>8 227 097</b>	<b>9 433 745</b>
оның ішінде:					
жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	326 129	382 136	483 663	697 302	622 484
қорғаныс	341 104	396 512	431 664	453 682	438 499
қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	558 218	608 346	601 048	557 439	584 170
білім беру	1 210 115	1 237 422	1 358 669	1 364 737	1 669 398
денсаулық сақтау	730 820	795 092	856 222	863 899	1 039 576
әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	1 239 018	1 359 664	1 548 638	1 713 451	1 977 315
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	438 586	472 369	554 696	443 022	507 185
мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	223 065	258 431	297 795	293 774	326 653
отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану	126 613	119 607	128 656	111 533	100 423
ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары	292 573	258 839	349 079	376 038	414 528
өнеркәсіп; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	26 492	32 188	42 538	61 775	46 324
көлік және коммуникация	482 060	511 366	614 202	681 697	761 990
өзгелер	143 659	242 682	292 204	310 014	410 181
борышқа қызмет көрсету	130 520	178 057	232 793	297 327	523 214
трансферттер	-	-	-	1 407	11 804
Таза бюджеттік кредит беру	28 588	25 805	43 207	84 702	249 842
бюджеттік кредиттер	135 374	93 151	91 872	152 897	322 611
бюджеттік кредиттерді өтеу	106 786	67 347	48 665	68 195	72 769
Қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо	405 752	204 765	572 873	238 711	362 616
қаржылық активтерді сатып алу	406 820	214 434	575 160	246 940	368 616
мемлекеттік қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер	1 068	9 669	2 287	8 229	6 000
<b>Бюджет тапшылығы (профициті)</b>	<b>-890 309</b>	<b>-700 928</b>	<b>-1 086 670</b>	<b>-915 705</b>	<b>-737 718</b>

*Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика агенттігі мәліметтері бойынша құрылған. Қазақстан 2016 жылы / Статистикалық жылнамалық, Астана, 2017. – 478 бет.*

Мемлекеттік бюджеттен төленетін төлемдер: **қаржы бөлу** – мекемелер мен кәсіпорындарды қаржыландыруға берілетін ақшалай қаржы, **субсидиялар** – мемлекеттік ақшалай көмек түрі, **субвенциялар** – дамудың нақты мақсаттарына арналған мемлекеттік ақшалай көмек, **дотациялар** – шығындарды жабуға арналған ақшалай қаржы.

Егер шығындар табыстардан асып кетсе ( $G > T$ ), онда бюджет тапшылығы пайда болады. Оның негізгі себептері: мемлекеттік аппарат шығындарының көбеюі, әскери мақсаттарға шығындардың көбеюі, мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық қызметінің кеңеюі, сондай-ақ шектен тыс өндіру нәтижесінде бюджетке түсетін салық көлемі азаяды, сол кезде мемлекет әлеуметтік қажеттіліктерге шығындарын көбейтуге мәжбүр болады (жұмыссыздарға жәрдемақы беру).

Бюджет тапшылығын жою үшін табыс бөлігін толтыру қажет немесе мемлекеттік бюджеттің шығын бөлігін қысқартқан жөн.

Бюджет тапшылығының тұрақтандыру деңгейіне әсері қаржыландыру тәсілдеріне байланысты.

Мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыру тәсілдері:

- 1) Ақша-несие эмиссиясы (ақша шығару);
- 2) Займ шығару;
- 3) Мемлекетке түсетін салық мөлшерін көбейту.

Тапшылықты жою үшін ақша шығару жағдайында мемлекет сеньораж табады. *Сеньораж* – мемлекеттің айналымға қосымша ақша шығару арқылы табатын пайдасы.

Нақты ЖҰӨ өсуінің қарқынынан ақша жиынының өсу қарқыны артық болған жағдайда сеньораж пайда болады, бұл құбылыс орташа баға деңгейін өсіреді. Бұл жағдайда экономикалық агенттер *инфляциялық салық* төлейді және олардың табыстарының бір бөлігі бағаның жоғарылауы арқылы мемлекетке түседі.

Қазіргі кезде сеньораж ақша шығару арқылы пайда табу ғана емес, сондай-ақ коммерциялық банктердің резервтерін құру арқылы да жүзеге асырылады.

Егер мемлекеттік бюджет тапшылығы мемлекеттік займ шығару арқылы қаржыландырылса, онда орташа рыноктық пайыз мөлшерлемесі өседі, ол жеке секторларға берілетін инвестицияны төмендетеді. Бұл таза экспорттың және тұтыну шығындарының төмендеуіне алып келеді. Осыдан *ығыстыру әсері* пайда болады, ол қазыналық саясаттың ынталандырушы әсерін төмендетеді.

Мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыру тәсілдерінің ешқайсысы бір-бірінен аса оқшауланбайды және де ешқайсысын инфляциялық емес деп айтуға болмайды.

Бюджет тапшылығын циклдік және құрылымдық деп бөледі.

*Құрылымдық тапшылық* – толық жұмысбастылық жағдайында мемлекеттік шығындардың салық түсімдерінен асып кетуі.

*Циклдік тапшылық* – нақты бюджет тапшылығы мен құрылымдық тапшылық арасындағы айырма.



Мемлекетке түсетін салықтар (мемлекет табысы) мемлекеттік шығындардан жоғары болған жағдайда бюджет артықшылығы пайда болады.

Бюджет артықшылығы экономикалық өрлеу кезінде болады. Сондықтан қаржының бір бөлігі халыққа төлемақы ретінде берілетіндіктен сұраныс инфляциясы өседі.

Мемлекеттік қарызды талдамай бюджеттік тапшылық деңгейін анықтау мүмкін емес.

Мемлекет Ұлттық банктің несиелік қорынан, тұрғындардың халықтық банктегі салымынан, сақтандыру қоғамдары қорынан белгіленген бөлігін алып отырады. Олардың жиынтығы мемлекеттік қарызды құрайды. Бұл мемлекеттің ішкі қарызы.

Бюджет тапшылығын бәсеңдету үшін мемлекет тек қана ішкі мүмкіндіктермен ғана шектелмей сыртқы займдарды да пайдаланады. Ол мемлекеттің сыртқы қарызын құрайды.

Мемлекеттік қарызды басқару шаралары:

- 1) Жаңа займдар шығару;
- 2) Конверсия – табыстылығына қатысты займдардың шарттарын өзгерту;
- 3) Консолидация – қысқа мерзімдік облигацияларды орташа және ұзақ мерзімдікке ауыстыру.

### 8.3 САЛЫҚ: МӘНІ, ТҮРЛЕРІ

Салықтар экономиканы реттеудің ең тиімді нысаны болып табылады. Салық жүйесі арқылы мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігі қалыптасады, мемлекеттің кәсіпкерлік мүмкіндіктері анықталады.

**Салық** – жеке адамдардың, кәсіпорындардың жеке мекемелердің мемлекеттік немесе жергілікті бюджетке төлейтін міндетті төлемі.

Салықтың элементтеріне төмендегілер кіреді:

- салық субъектілері – заң бойынша салық төлеуге міндетті заңды және жеке тұлға;
- салық объектілері – салық салынатын табыс немесе мүлік;
- салық мөлшерлемесі – салық объектісінің бірлігіне салық есептеулерінің мөлшері;
- салық мөлшері - шекті, жеңілдікпен, орташа, нөлдік болады;
- салықтың қайнар көздері: пайда, пайыз, жалақы, дивидент, рента;
- салықтық жеңілдіктер - салық мөлшерінің азаюы немесе салықтан толық босату.

Қазіргі заманғы салық жүйесі бірнеше принципті қолданады:

- жалпылай - табыс табатын барлық тұлғаларды қамту;
- тұрақтылық - салық мөлшері мен салық түрінің тұрақтылығы;
- тең күштеу - салық салу барлық салық төлеуші үшін бірдей болуы керек;
- міндеттеме - салықтың мәжбүрлілігі, төлемнен құтқармау;
- салықты төлеуде және есептеуде тұлғаның дербестігі;
- әлеуметтік әділдік - салық мөлшері мен салық жеңілдігін құру.

Салықтар бірнеше қызметтер атқарады: фискалдық, реттеу және қайта бөлу.

*Фискалдық қызметі* – мемлекет табысын қалыптастыру.

*Реттеу қызметі* - экономиканың кейбір салаларын дамытуды ынталандыру немесе тежеу арқылы экономиканы реттеу.

*Қайта бөлу қызметі.* Салық жүйесі арқылы мемлекеттік бюджетке ұлттық өнімнің едәуір бөлігі жұмылдырылады. Сондай-ақ салық арқылы білім беру мен денсаулық сақтау салаларына, экология жағдайына, зейнетақыға, әлеуметтік мәселелерді шешуге қаржы бөлінеді.

Салықтар өндіріп алу тәсілі бойынша: тікелей және жанама деп бөлінеді.

*Тікелей салықтар* мемлекет тарапынан кәсіпорындар мен тұрғындар табысына салынады (корпоративті салық, жеке табыс салығы, жер салығы, мүлікке салық, т.б.).

*Жанама салықтар* бағаға қосылады және тауарды сатқанда тұтынушылардан өндіріліп алынады. Оларға акциздер, қосымша құнға салық, кеден салығы жатады.

Салық көлемін анықтау тәсілі бойынша: пропорционалды (тұрақты), прогрессивті (үдемелі), регрессивті (кемімелі) болады.

*Пропорционалды* – табыс көлеміне қарамастан салық мөлшерлемесі өзгермейді.

*Регрессивті (кемімелі)*– табыс өскен сайын салық мөлшерлемесі азаяды.

*Прогрессивті (үдемелі)* – салық мөлшері табыстың өсуіне қарай өсіп отырады.

Қазақстанда салық республикалық және жергілікті болып бөлінеді. Республикалық салықтар – бұл міндетті салықтар, төлем сомасы республикалық бюджетке түседі. Жергілікті салықтың мөлшері жергілікті өкіметтің шешімімен анықталады.

Қазақстан Республикасында мынадай салықтың түрлері белгіленген:

- 1) корпоративті табыс салығы;
- 2) жеке табыс салығы;
- 3) қосымша құн салығы;
- 4) акциздер;
- 5) жер қойнауын пайдаланушылар салығы мен арнайы төлемдері;
- 6) әлеуметтік салық;
- 7) жер салығы;
- 8) көлік салығы;
- 9) мүлік салығы.

#### **8.4 ЛАФФЕР ҚИСЫҒЫ. ЛОРЕНЦ ҚИСЫҒЫ ЖӘНЕ ДЖИННИ КОЭФФИЦИЕНТІ**


Салықтар мемлекеттік бюджеттің қайнар көзі. Салықтың шектен тыс өсуі мемлекетке түсетін табыс көлемін қысқартуы мүмкін. Бұл теорияны ең алғаш американдық ғалым А.Лаффер ұсынды.

Оның ойынша, салық деңгейінің өте жоғары болуы бір жағынан кәсіпкерлердің өндіріске капитал салуға ынтасын төмендетеді, екінші жағынан, оларды салық төлемеудің жолдарын іздеуге итермелейді. Нәтижесінде бұл жағдай экономикалық өрлеуге кері әсерін тигізеді, әрі мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің қысқаруына әкеледі.

Мемлекеттік бюджеттің кірісі мен салық төлемдері ставкасының арасындағы байланысты көрсететін қисық **Лаффер қисығы** деп аталады.

8.1- суретте ординат бойында мемлекеттік бюджетке түсетін салықтық түсімдер ( $T$ ), абцисс бойында салық мөлшерлемесі ( $t$ ) бейнеленген.

Онда салық мөлшерлемесі белгілі деңгейге дейін ( $t^*$ ) көтерілгенде мемлекеттік бюджетке түсетін салық түсімдері ( $T_{\max}$ ) молаяды. Ал салық мөлшерлемесі одан жоғарылағанда ( $t_3$ ) мемлекеттік бюджетке салықтық түсімдер азаяды ( $T_1$ ), өйткені еңбек етуге және кәсіпкерлік қызметке ынта төмендейді, кәсіпкерлердің көпшілігі «көлеңкелі экономикаға» кетеді.




8.1 -сурет. Лаффер қисығы

Қоғамдағы табысты бөлудегі теңсіздікті анықтау үшін және соған сәйкес мемлекеттік саясатты қалыптастыру үшін Лоренц қисығы, Джинни коэффициенті және децильдік коэффициент қолданылады.

**Лоренц қисығы** - қоғамда табыстар ерекшелігінің маңызды индикаторы ретінде табыстарды бөлудегі теңсіздікті сипаттайтын қисық. AC - түзу сызықта абсолюттік теңдік көрсетілген, яғни 20% отбасы 20 % табыс алады. ABC - табыстың нақты бөлінуі (8.2 сурет)


ABC қисық сызығында қоғамда табыс теңсіздігі пайда болады.



8.2 сурет. Лоренц қисығы

8.3 – суретте Қазақстан Республикасы халқының табысы әртүрлі деңгейдегі децильдік топтары арасында табысты бөлудегі теңсіздік графигі (Лоренц қисығы) берілген. Ординат өсінде халықтың табыс үлесі (пайызбен), абцисса өсінде халық санының үлесі (пайызбен) берілген.

Графиктен көріп отырғандай халықтың 60 %- ның ұлттық табыстағы үлесі 40 %-ды құрайды, ал ұлттық табыстың 60 пайызы 40 % дәулетті топтарың үлесіне келеді.



8.3 – сурет Табысы әртүрлі деңгейдегі децильдік топтар арасында табысты бөлудегі теңсіздік (Лоренц қисығы)

*Халықтың 10 пайыздық (децильдік) (20 пайыздық (квинтильдік)) топтары бойынша халық табыстарының үлесі – халықтың әрбір 10 (20)-пайыздық тобына ие жалпы табыс көлемінің пайызы.*

**Джинни коэффициенті** (халықтың 10%-дық және 20%-дық топтары бойынша) – әркелкілік деңгейін санмен бағалау мүмкіндігін береді. Ол халықтың сан жағынан тең (децильдік, квинтильдік) топтары бойынша табыстардың нақты бөлінуінің ауытқу деңгейін белгілейді. Джинни коэффициенті мына өрнек арқылы есептеледі:

$$K_{дж} = \frac{ABC \text{ ауданы}}{ADC \text{ ауданы}}$$

Джинни коэффициенті 0-ден 1-ге дейін өзгереді. Джинни коэффициенті неғұрлым көп болса, табыстағы теңсіздік соғұрлым көп болады. Егер  $K_{дж}$  0-ге жақын болса, онда қоғам теңдік жағдайында болады, алл егер  $K_{дж} = 1$  болса, онда қоғамның

көпшілігі кедей, аз бөлігі тым бай болғаны, яғни табыстың көп бөлігі жеке топтардың қолында шоғырланғаны.

8.2 – кестеде Қазақстан Республикасы халқының 10 пайыздық (децильдік) топтары бойынша Джинни коэффициенті берілген.

Кесте 8.2 Қазақстан Республикасы халқының 10 пайыздық (децильдік) топтары бойынша Джинни коэффициенті

	2001	2005	2010	2012	2013	2014	2015	2016
Қазақстан Республикасы	<b>0,366</b>	<b>0,304</b>	<b>0,278</b>	<b>0,284</b>	<b>0,276</b>	<b>0,278</b>	<b>0,278</b>	<b>0,278</b>
Ақмола	0,344	0,297	0,266	0,276	0,267	0,277	0,270	0,268
Ақтөбе	0,382	0,296	0,271	0,275	0,259	0,261	0,269	0,244
Алматы	0,331	0,267	0,263	0,254	0,245	0,247	0,255	0,257
Атырау	0,372	0,309	0,215	0,213	0,206	0,213	0,219	0,228
Батыс Қазақстан	0,321	0,276	0,251	0,279	0,284	0,267	0,263	0,260
Жамбыл	0,310	0,222	0,221	0,236	0,217	0,225	0,221	0,221
Қарағанды	0,333	0,303	0,269	0,307	0,289	0,287	0,292	<b>0,293</b>
Қостанай	0,370	0,310	0,257	0,260	0,268	0,269	0,254	0,255
Қызылорда	0,280	0,248	0,226	0,240	0,225	0,223	0,210	0,202
Маңғыстау	0,385	0,284	0,180	0,174	0,194	0,203	0,210	0,186
Оңтүстік Қазақстан	0,313	0,242	0,210	0,203	0,202	0,197	0,194	0,204
Павлодар	0,318	0,263	0,250	0,257	0,227	0,224	0,226	0,233
Солтүстік Қазақстан	0,295	0,271	0,267	0,296	0,285	0,287	0,269	<b>0,280</b>
Шығыс Қазақстан	0,348	0,296	0,275	0,283	0,281	0,280	0,284	0,279
Астана қ.	0,345	0,306	0,291	0,238	0,231	0,232	0,224	0,219
Алматы қ.	0,309	0,233	0,240	0,246	0,250	0,250	0,271	<b>0,286</b>

*Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика агенттігі мәліметтері бойынша құрылған. Қазақстан 2016 жылы / Статистикалық жылнамалық, Астана, 2017. – 478 бет.*

Республика бойынша Джинни коэффициентінің жылдан жылға төмендегені байқалады, яғни қоғамдағы табыс теңсіздігінің біртіндеп азайғанын көруге болады.

**Децильдік коэффициент** - халықтың 10% ең бай бөлігі кірістерінің 10% ең төменгі деңгейде қамтамсыз етілген бөлігі кірістеріне пайыздық қатынасы.

Табысты қайта бөлудің мемлекеттік саясаты қайта бөлу құралдары салық жүйесі және трансферттік төлемдер (бюджеттен төленетін төлемдер) арқылы жүзеге асырылады.

## 8.5 МЕМЛЕКЕТТІК ШЫҒЫНДАР МУЛЬТИПЛИКАТОРЫ. САЛЫҚ МУЛЬТИПЛИКАТОРЫ. ТЕҢДЕСТІРІЛГЕН БЮДЖЕТ МУЛЬТИПЛИКАТОРЫ


Қысқа мерзім кезеңінде бюджеттік – салық саясатының шаралары мемлекеттік шығындар, салықтар және теңдестірілген бюджет әсерлерімен байланысты. Бұл саясаттың нәтижесі өндіріс көлемі мен ұлттық табыстың өсуінен көрінеді. Сондықтан мультипликаторлық әсерлер мемлекеттің бюджеттік-салық саясатының шараларын таңдауда маңызды роль атқарады.

**Мемлекеттік шығындар мультипликаторы (бюджеттік мультипликатор)**- мемлекеттік шығындарды өзгерту нәтижесінде ұлттық табыстың өсуіне әкелетін өндірістегі өзгерістер әсері.

Мемлекеттік шығындардың көп бөлігі әлеуметтік және шаруашылық мақсаттарға бағытталады. Сондықтан мемлекеттік шығындар халықтың тұтыну деңгейі мен жалпы инвестицияны өсіреді. Нәтижесінде өндіріс көлемі ұлғайып, өндірушілерге қосымша табыс алуға мүмкіндіктер туады. Сөйтіп ұлттық табыстың өсуінің оң әсері пайда болады. Бұл әсер мемлекеттік шығындар мультипликаторы деп аталады.

«Кейнс кресін» қолдану арқылы мемлекеттік шығындардың ұлттық табысқа әсерін анықтаймыз.

Егер мемлекеттік шығындар  $\Delta G$  көбейсе, онда жоспарланған шығындар қимығы жоғары – оңға жылжиды. Тепе-теңдік өндіріс көлемі  $Y_1$  - ден  $Y_2$  – ге  $\Delta Y = \Delta G \times m_g$  шамасына ұлғайады, мұнда  $m_g$  – мемлекеттік шығындар мультипликаторы (8.4-сурет).



8.4 – сурет Мемлекеттік шығындардың ұлттық табысқа әсері

Мультипликаторлық әсер шығындар  $\Delta G$  – ға өскенде басталады, ол өз кезегінде тұтынуды  $b \times \Delta G$  шамасына өсіреді, мұнда  $b$  – тұтынуға шекті бейімділік. Тұтынудың өсімі шығындар мен табысты көбейтеді, өскен табыс қайтадан тұтынудың өсуіне әкеледі. Сөйтіп жиынтық әсер тең болады:

- Мемлекеттік шығындардың бастапқы өзгерісі (өсуі)-  $\Delta G$ ;
- Тұтынудың бірінші өсімі -  $b \times \Delta G$ ;
- Тұтынудың екінші өсімі –  $b^2 \times \Delta G$ ;
- Тұтынудың үшінші өсімі –  $b^3 \times \Delta G$
- .....
- яғни  $\Delta Y = (1 + b + b^2 + b^3 + \dots)$ .

Сондықтан мемлекеттік шығындар мультипликаторы тең болады:

$$m_g = \Delta Y / \Delta G = \frac{1}{1-b}$$

*Мемлекеттік шығындар мультипликаторы* - мемлекеттік шығындар бір бірлікке өскенде ұлттық табыстың қаншалықты өсетінін көрсетеді.

Мұны Кейнстің *қарапайым мультипликаторы* деп атайды.

Мемлекеттік шығындар мультипликаторын теңдеулер жүйесін шешу арқылы табуға болады:

$$Y = C + I + G + X_n$$

$$C = a + b \times Y,$$

мұнда  $Y = C + I + G + X_n$  – макроэкономикалық тепе-теңдік;  
 $C = a + b \times Y$  – тұтыну функциясы.

Тұтыну функциясын макроэкономикалық теңдікке қою арқылы өндірістің тепе-тең деңгейін анықтауға болады.

$$Y = 1/1-b (a + I + G),$$

мұнда  $(a + I + G)$  – автономды шығындар, ұлттық табысқа ( $Y$ ) байланысты емес;

$1/1-b$  – мультипликатор, мемлекеттік шығындар мен басқа да автономды шығындардың бір бірлікке өсуі нәтижесінде экономикадағы ұлттық табыстың тепе-тең деңгейі қаншалықты өсетінін көрсетеді.



Мемлекеттік шығындар мультипликаторын анықтаудағы маңызды фактор тұтынуға шекті бейімділік -  $b$  (MPC).

Үдемелі салық жүйесі мемлекеттік шығындар мультипликаторының әсерін баяулатады. Салық мөлшерлемесі азайған сайын мультипликатор әсері көбейеді.

Бюджеттік-салық жүйесінде салық мультипликаторы маңызды орын алады.


Салықтық мультипликатор механизмі мемлекеттік шығындар мультипликаторы сияқты салықтың бір рет өзгерісіне тұтыну мен өндірістің бірнеше есе әсерін (реакциясын) білдіреді.

Егер салықтық төлемдер  $\Delta T$  –ға төмендесе, онда қолда қалатын табыс  $\Delta Y_d = Y - T$  көлемі  $\Delta T$  –ға өседі (8.5 –сурет). Соған сәйкес тұтыну  $\Delta T \times b$  өседі, жоспарланған шығындар қисығы жоғары-оңға жылжиды, тепе-тең өндіріс көлемі  $Y_1$  - ден  $Y_2$  –ге көбейеді:

$$\Delta Y = - \Delta T \times b / 1 - b,$$

мұнда  $\Delta Y / \Delta T = - b / 1 - b$  – салық мультипликаторы.

**Салық мультипликаторы** - тұтырудың салық өзгерісіне әсері (реакциясы).



8.5 – сурет Салықты төмендетудің ұлттық табысқа әсері

Егер мемлекетке салықтық төлемдер ағымдағы табыс динамикасына байланысты деп алсақ, онда салықтық функция былайша болады:

$$T = t \times Y,$$

мұнда  $t$  - шекті салық мөлшерлемесі

*Шекті салық мөлшерлемесі* - табыс бір бірлікке өскенде салықтың қаншалықты өсетінін көрсетеді:

$$t = \frac{\Delta T}{\Delta Y}$$

мұнда  $\Delta T$  – салық өзгерісі;  
 $\Delta Y$  – табыс өзгерісі.

Толық салықтық функция автономды және индуцирлі салықтардан құралады:

$$T = T_a + t \times Y,$$

мұнда  $T_a$  – автономды салықтар, табысқа байланысты емес (жылжымайтын мүлікке салық, мұраға салық),

$t$  - шекті салық мөлшерлемесі.

Салықтық функцияны ескергендегі қолда қалатын табыс:

$$Y_d = T - T_a - t \times Y.$$

Сонымен ашық экономикадағы тепе-теңдік өндіріс көлемі былайша болады:

$$Y = 1/1-b(1-t) + m' \times (a+I+G+g) - b/1-b(1-t) + m' \times T_a,$$

мұнда  $- b/1-b(1-t) + m'$  - ашық экономикадағы салық мультипликаторы.

Егер фискалдық саясат экономиканы кеңейтуге бағытталса, онда мемлекеттік шығындарды өсіреді, ал инфляцияны тежеуге бағытталса, онда салықтарды көтереді және керісінше.

Егер мемлекеттік шығындар мен автономды салық төлемдері бірдей мөлшерде өссе, өндірістің тепе-теңдік көлемі артады. Бұл жағдайда *теңдестірілген бюджет мультипликаторын* көрсетеді. Ол әрқашан 1 –ге тең немесе одан кем.

Егер мемлекеттік шығындар  $\Delta T$  ұлғайса, онда тепе-теңдік өндіріс көлемі мына шамаға артады:

$$\Delta Y = \Delta G \times b/1-b(1-t) + m'$$

Ал егер мемлекет бір мезгілде автономды салықтарды  $\Delta T_a = \Delta G$  шамасына көтерсе, онда тепе-теңдік өндіріс көлемі мына шамаға азаяды:

$$\Delta Y = -\Delta T_a \times b/1-b(1-t) + m'$$

Сонымен теңдестірілген бюджет мультипликаторы - мемлекеттік шығындар мен салықтық түсімдер бір бірлікке көбейген жағдайда, ұлттық табыстың қаншалықты өсетінін көрсетеді.

**Хаавельмо теоремасы.** Егер мемлекеттік бюджет теңдестірілген болса, онда мемлекеттік шығындар табыс өсуімен қаржыландырылады ( $\Delta T = \Delta G$ ). Мұндай тәуелділік *Ховельмо теоремасы* деп аталады. (Трюгве Ховельмо (1911-1999- норвеждік экономист, 1989 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты).

### ***Негізгі түсініктер***

Фискалдық саясат

Ынталандыратын бюджеттік-салық саясаты

Тежеуші бюджеттік-салық саясаты

Дискрециялық қазыналық саясат

Дискрециялық емес қазыналық саясат

Мемлекеттік бюджет

Мемлекеттік бюджет тапшылығы

Сеньораж

Инфляциялық салық

Құрылымдық тапшылық

Циклдік тапшылық

Лаффер қисығы

Лоренц қисығы.

Джинни коэффициенті

Мемлекеттік шығындар мультипликаторы.

Салықтық мультипликатор.

Теңдестірілген бюджет мультипликаторы.

Ховельмо теоремасы.

### ***Талдау сұрақтары:***

1. Фискалдық саясаттың мақсаттары.
2. Кіріктірме тұрақтандырғыштардың атқаратын ролі.
3. Бюджет тапшылық, оны қаржыландыру жолдары.
4. Мемлекеттік қарыз, оны басқару жолдары.
5. Инфляциялық салық және сеньораж.
6. Лаффер қисығы нені көрсетеді?
7. Лоренц қисығының мағынасы неде?
8. Джинни коэффициенті қалай анықталады?
9. Мемлекеттік шығындар мультипликаторын өндіріс көлеміне қалай әсер етеді?
10. Салықтық мультипликатор әсерін түсіндірініз.
11. Теңдестірілген бюджет мультипликаторының мәні неде?

## **IX тарау**

### **МОНЕТАРЛЫҚ САЯСАТ (АҚША-НЕСИЕ) САЯСАТЫ. БАНК ЖҮЙЕСІ**

9.1 Монетарлық саясаттың мақсаты мен құралдары

9.2 Несиенің мәні мен нысандары. Банктер

9.3 Қазақстан Республикасының банктік жүйесі

9.4 Салыстырмалы қатаң ақша саясаты және салыстырмалы икемді ақша саясаты

#### ***Қаралатын мәселелер***

Монетарлық (ақша-несие) саясаттың мақсаты. Мемлекеттің ақша-несие саясатын жүргізгенде қолданатын құралдары. Несиенің мәні, оның экономиканың дамуындағы алатын ролі. Қазақстанда қалыптасқан банктік жүйенің негізгі ерекшеліктері. Арзан ақша саясаты мен қымбат ақша саясатының нәтижелері.

## 9.1 МОНЕТАРЛЫҚ САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

**Монетарлық саясат** – жалпы экономикалық міндеттерге қол жеткізуге бағытталған мемлекеттің макроэкономикалық саясатының маңызды бөлігі.

Ол ақша-несие жүйесі саласында жүргізілетін мемлекеттік шаралар жиынтығын құрайды. Монетарлық саясат белгілі мақсаттарды көздейді. Экономикалық әдебиеттерде соңғы және аралық мақсаттарды қарастырады.

Соңғы мақсаттар:

- өндіріс көлемін өсіру;
- толық жұмысбастылық;
- инфляцияны төмендету;
- тұрақты төлем балансы.

*Соңғы мақсаттар* ақша-несие саясатының фискалдық, валюталық, сыртқы сауда саясаттарымен бірге жүзеге асырылатын мемлекеттің маңызды бағыттарына жатады.

*Аралық мақсаттар* жанама құралдар арқылы жүзеге асырылатын тікелей ұлттық банктің қызметіне байланысты мақсаттар. Оларға ақша массасы, пайыз мөлшерлемесі, айырбас бағамы жатады.

Мақсаттар белгілі құралдар арқылы қол жеткізіледі. Ақша-несие саясатының құралдарын *тікелей* және *жанама* деп бөледі.

**Тікелей құралдардың** мәні Ұлттық банк коммерциялық банктердің банктік емес секторға несие салымдарына шектеулер қояды. Белгілі уақыт аралығында коммерциялық банктердің несие операциялары арқылы өтетін ақша сомасына проценттік норма белгіленеді. Ол норма сақталмаған жағдайда айыппұл салынады. Тікелей құралдарға несиелеуге жеңілдіктер мен пайыз мөлшерлемесін тікелей реттеу жатады.

**Жанама құралдарға** ашық нарықтағы операциялар, міндетті резервтік норманы өзгерту, есептік мөлшерлемені өзгерту жатады.

**1. Ашық рыноктағы операциялар** – бұл Ұлттық банктің ашық рынокта ақша массасының көлемін реттеу мақсатында мемлекеттің құнды қағаздарын сатуы және сатып алуы. Мұның мағынасы: Ұлттық банк ақша эмиссиясын тоқтату және банктердің несиелік мүмкіншіліктерін шектеу мақсатында рынокта құнды қағаздарды сатып, бұл қағаздарды сатып алған банктердің резервтік шоттарынан белгілі бір соманы есептен шығару. Керісінше, ақша шығаруын және несиелерді беруді ынталандыру

үшін Ұлттық банк құнды қағаздарды өзіне қайта сатып алып, оның құнын банктердің резервтік шотына аударады.

**2. Резервтік норманы өзгерту** – ақша-несиені реттеуде қолданылатын өте қатаң құрал. Міндетті резервтер – бұл әрбір коммерциялық банктің өз салымдарының бір бөлігін міндетті түрде мемлекеттің Ұлттық банкінде сақтау қоры ретінде ұстауы. Ұлттық банк барлық банктік мекемелердің міндетті резервтік нормасын бір мезгілде өзгерту арқылы әрбір банк резервінің көлеміне тікелей әсер ете алады.

**3. Есептік ставканы өзгерту** – ақша көлемін реттеу мақсатында бірінші дәрежедегі банк несие мөлшерлемесін жиі өзгертіп отырады: пайыз мөлшерлемесін көтерсе, коммерциялық банктер алатын несиелерін азайтуға мәжбүр болады, керісінше төмендетсе, несие көлемін өсіреді.

Осы келтірілген құралдармен қатар ақша айналысын реттеу үшін басқа да әдістер қолданылады:

- **күрделі несиелік қаржының өсімін шектеу** – Ұлттық банк коммерциялық банктердің несиелік қаражаттарының бөлінуін пайыздық норма арқылы шектеп отырады;
- **ерікті келісімдер бойынша** Ұлттық банк коммерциялық банктермен өзара келісімге келеді.

## 9.2 НЕСИЕНІҢ МӘНІ МЕН НЫСАНДАРЫ

Ақша нарығының маңызды элементтерінің бірі - несие.

**Несие** (лат. *creditum* — несие, *credo* - сенемін, сенім білдіремін), белгілі-бір мерзімге, пайыз төлеу шартымен ақшалай немесе тауар түрінде берілетін қарыз.

Несие төмендегі принциптер бойынша беріледі:

1. Несиені қайтару принципі – белгіленген уақытта алынған құралдарды пайдаланғаннан кейін қайтару қажет болады.

2. Мерзімдік принцип – келісімшарт бойынша белгіленген уақытта қайтару.

3. Төлем принципі – несиені пайдаланғаны үшін ақы төлеу

4. Материалдық қамтамасыз қарыз алушы өзінің міндеттемесін бұзғанда кредитордың мүддесін қамтамасыз етуді қорғау қажеттілігі.

5. Несиенің дифференциалды сипаттамасы – әртүрлі қарыз алушыларға ыңғайлы бапты несие бөлу.

## **Несие қызметтері:**

**Ынталандыру қызметі** – экономикада ақша айналымын жылдамдату арқылы процестерді жылдамдату.

**Орын басу қызметі** – қолма қол ақшаның орнына несие ақшалар жүреді.

**Қор жинау қызметі** – ақша капиталын жұмылдыру, іске тарту.

**Қайта бөлу қызметі** – несиенің көмегімен әртүрлі салалардың арасында қаржылық құралдар қайта бөлініп отырады.

**Реттеу қызметі** – рыноктық экономикада несие экономиканы реттеу құралы ретінде құралады.

Несие бірнеше белгілеріне байланысты төмендегідей түрлерге бөлінеді:

Несие объектісі бойынша: коммерциялық, банктік.

Әрекет ету мерзімі бойынша. қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді.

Несие сипаттамасы бойынша: тұтынушылық, ипотекалық, мемлекеттік, халықаралық

**Коммерциялық несие** тауарлар мен қызметтердің өтуін тездету мақсатымен, төлем мерзімі кешіктірілген тауардың сатылуына да қолданылады. Оның объектісі - тауарлық формадағы құралдар.

Коммерциялық несие формасында жасалатын келісім құжатының қызметін вексель атқарады.

**Банктік несиені** кәсіпкерлерге және басқа қарыз алушыларға ақшалай қарыз формасында банктер береді. Несие беруші болып банк табылады.

**Мемлекеттік несиені** мемлекет қарыз алушы, ал несие беруші халық болады. Мұндай несие мемлекеттік қарыз, мақсатты пайызсыз қарыз, қазыналық міндеттемелер түрінде болады

Несие жүйесінің негізгі элементтері:

**I. Орталық (эмиссиялық банк).**

**II. Банктік жүйе:** коммерциялық банктер, жинақ банктері, инвестициялық банктер, ипотекалық банктер, басқа да мамандандырылған банктер.

**III. Сақтандыру ұйымдары:** сақтандыру компаниялары; зейнетақы қорлары.

**IV. Мамандандырылған банктік емес несие-қаржы институттары:** инвестициялық компаниялар, қаржылық компаниялар, қайырымдылық қорлары.

Несие жүйесіндегі негізгі рөлді банк атқарады. Банк – (итальян сөзінен –“орындық”) уақытша басы бос ақшаларды жинақтап, оларды пайыз алу арқылы қарызға (несие) беретін негізгі экономикалық институт. Банктер белсенді (активті) және енжарлы (пассивті) операциялар жүргізеді. Пассивті (енжар) операциялар арқылы банк ақша ресурстарын тартып жинақтайды, ал белсенді (активті) операциялар арқылы соларды орналастырады.

### **Банктердің қызметтері:**

1. Есеп айырысу мен несие беруде делдалдық қызмет атқару.
2. Ақшалай табыстар мен жинақтардың бір бөлігін капиталға айналдыру.
3. Айналымға несие құралдарын шығару (вексель, чек, банкнот).

Банктер қызметі және операция жүргізу сипаты бойынша төмендегідей түрлерге бөлінеді:

- орталық эмиссиялық;
- коммерциялық депозиттік;
- инвестициялық;
- жинақ;
- арнайы бағыттағы банктер.

Ақша массасы көлемінің жаңа ақшаларымен ұлғаюы банктік мультипликатор ( $m$ ) арқылы есептеледі:

$$m = \frac{1}{Y} * 100,$$

$Y$

мұндағы  $Y$  – міндетті резервтік мөлшерлеме (%), немесе

$$m = \frac{M}{R}$$

мұндағы:  $M$  – депозиттердің өсуі,  $R$  – резервтердің өсуі.

Банктік мультипликатор егер сырттан банктік жүйеге қандай бір ақша сомасы түскен болса, онда ақшаның ұсынысы банктік мультипликаторға көбейтілген бастапқы салымға тең сомаға дейін өседі.



### 9.3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Банктер және банктік іс-әрекеттер туралы» Жарлығы бойынша Қазақстанда банк жүйесі екі деңгейлі:

- 1 деңгейде – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі.
- 2 деңгейде – мемлекеттік, коммерциялық, бірлескен және шетелдік банктер.

- Несие саясатының негізгі субъектісі - Ұлттық банк. Ұлттық банктің міндеттері екі бағытта атқарылады:

1. Валюта жүйесінің бір қалыпты тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттің мүддесін қамтамасыз ету үшін жеке коммерциялық банктердің несие қызметіне әсер ету.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қызметтері мен міндеттері:

- мемлекеттер және коммерциялық банктермен белгілі бір келісім әрекет атқаратын заңды тұлға;
- Қазақстан Республикасының ақша-несие жүйесін басқару;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының сыртқы және ішкі және тұрақтылығын сақтау;
- банктік есеп-шот және валюталық қарым қатынастар жасау;
- ақша, несие, банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- ақша мен мемлекеттік құнды қағаздардың эмиссиясын жүргізу, Қазақстан Республикасының Үкімет кепілдігі бойынша ішкі және сыртқы қарыздарды өтеу;
- Коммерциялық банктермен несиелік жүйенің басқа мекемелерінің іс әрекеттеріне бақылау жүргізу;
- Ұлттық банктің Қазақстан Республикасы мүддесін әлемдік рынокта көрсету.

Екінші дәнгейдегі банктердің қызметтері:

- салымдар жинап, несие беру;
- есеп айырысу операциялары және есеп шот жүргізу;
- валюта және бағалы қағаздар мен операциялар жүргізу;
- несие беруде делдалдық қызмет атқару;
- ломбардтық және сейфтік операциялар жүргізу және т.б.


## 9.4 САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚАТАҢ АҚША САЯСАТЫ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ИКЕМДІ АҚША САЯСАТЫ

Орталық банк жоғарыда аталған құралдары арқылы ақша-несие саясатының мақсаттарын жүзеге асырады:

- 1) ақша жиынын белгілі бір деңгейде ұстап тұру – қатаң монетарлық саясат);
- 2) пайыз мөлшерлемесін ұстап тұру – икемді монетарлық саясат.

Ақша саясаттарының варианттары ақша рыногының графигінде әр түрлі бейнеленеді. Қатаң ақша саясаты ақша жиынын ақшаның ұсыныс қисығының вертикалды жағдайына сәйкес келетін деңгейінде орналасады. Ал икемді монетарлық саясатта ақшаның ұсыныс қисығы горизонталды түрде болады (9.1-сурет).

Ақша-несие саясатының вариантын таңдау көп жағдайда ақшаға сұраныспен байланыста болады. Мысалы, егер де ақшаға сұраныстың өсуі инфляциялық үрдістермен байланысты болса, онда ақша жиынын қалыпты ұстау үшін қатаң ақша саясатын пайдаланған жөн. Бұл жағдайда ақша ұсынысы вертикалды түрде бейнеленеді.



9.1-сурет

Ақша-несие саясаты бюджеттік-салық және сыртқы экономикалық саясатпен тығыз байланысты.

Егер де Орталық банк тұрақты айналым курсы ұстап тұруды көздесе, онда дербес, тәуелсіз ішкі ақша саясаты болуы мүмкін емес, өйткені айнымалы курсты ұстау мақсатындағы әрекеттер, валюталық резервтердің көбеюі және азаюы экономикадағы ақша жиынының өзгеруіне әкеледі. (Мысалы, валюта сатып алғанда экономикадағы ақша ұсынысы өседі). Салық-бюджет және ақша саясаттарын бір-біріне сәйкес келтіру белгілі қиындықтарды

тудырады. Егер мемлекет экономиканы мемлекеттік шығындарды көбейту арқылы ынталандырса, онда мұндай іс-әрекеттердің нәтижесі ақша саясатымен байланысты болады.

Қазыналық саясаттың нәтижесінде бюджетте тапшылық болса, онда мұндай жағдайда тиімді, тұрақты монетарлық саясат болмайды.

*Арзан ақша саясатының мақсаты* несиені арзандату және беру тәртібін жеңілдету арқылы халық шаруашылығын дамыту, сондай-ақ елдің жиынтық шығындары мен жұмыс орындарын молайту. *Қымбат ақша саясаты* ақша саясаты ақша ұсынысын қысқарту арқылы қоғамның жиынтық шығындары мен инфляция деңгейін төмендетуді көздейді. Осындай саясат нәтижелері төмендегі кестеде берілген.

Кесте 9.1 Монетарлық (ақша-несие) саясаттың нәтижелері

	Арзан ақша саясаты	Қымбат ақша саясаты
Қолданылады	Жұмыссыздық өскенде, экономика құлдырағанда	Жоғары инфляцияда
Іс-әрекеттер	Мемлекеттің құнды қағаздарды сатып алуы, міндетті резервтердің нормасын төмендету, пайыз мөлшерлемесін төмендету	Мемлекеттің құнды қағаздарды ашық рынокта сатуы, міндетті резервтердің нормасын көрсету, пайыз мөлшерлемесін көрсету.
Нәтиже:	Ақша ұсынысы молаяды, пайыз мөлшерлемесі төмендейді, инвестициялар өседі, шаруашылық белсенділігі өседі, жұмыссыздық төмендейді	Ақша ұсынысы қысқарады, пайыз мөлшерлеме өседі, инвестициялар қысқарады, шаруашылық белсенділігі төмендейді. Инфляция төмендейді

**Негізгі түсініктер:**

Монетарлық (ақша-несие ) саясат.

Ашық нарықтағы операциялар.

Міндетті резерв нормалары.

Банктік несие.

Коммерциялық несие.

Мемлекеттік несие.

Ипотекалық несие.

Халықаралық несие.

Есептік мөлшерлеме.

Қатаң ақша саясаты.  
Икемді ақша саясаты.

***Талдау сұрақтары:***

1. Монетарлық саясаттың аралық және соңғы мақсаттары
2. Несиенің негізгі қызметтері.
3. Қазақстанның банк жүйесінің негізгі ерекшеліктері.
4. Арзан ақша саясатының қолданылуы.
5. Қымбат ақша саясатының мәні.

## **Х тарау**

### **ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ**

10.1 Инфляция: мәні, себептері және түрлері

10.2 Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық зардаптары

10.3 Жұмыссыздық: мәні, себептері, түрлері. Оукен заңы

10.4 Еңбек нарығы және оны мемлекеттік реттеу

10.5 Инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысы.  
Филлипс қисығы

#### ***Қаралатын мәселелер***

Инфляцияның мәні. Сұраныс инфляциясы және ұсыныс инфляциясы дегеніміз не? Инфляцияның түрлері, оның әлеуметтік-экономикалық зардаптары. Инфляцияға қарсы мемлекеттің саясаты. Жұмыссыздықтың болу себептері мен түрлері. Оукен заңы нені білдіреді? Филлипс қисығы инфляция мен жұмыссыздықты қалай байланыстырады?

## 10.1 ИНФЛЯЦИЯ: МӘНІ, СЕБЕПТЕРІ, ТҮРЛЕРІ

**Инфляция** – елдегі жалпы баға деңгейінің тұрақты өсуінен ақшаның құнсыздануы. Бірақ бұл барлық тауарларға баға өседі деген емес. Инфляция деңгейі өте жоғары болғанның өзінде кейбір тауарларға баға тұрақты болады.

Мысалы: 1970-1980 жылдары АҚШ-та инфляция деңгейі өте жоғары болды, бірақ магнитофон, электр сағаттар, жеке компьютерге баға төмендеді.

Инфляция кешенді себептерден туындайды, олардың ең маңыздылары мыналар болып табылады:


- Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы, яғни шығындардың түсімдерден асып кетуі. Егер мемлекет мұндай тапшылықты ақша эмиссиясы арқылы жоятын болса, айналымдағы ақша көлемі молаяды.
- Тауарлар мен қызмет өндіру көлемінің қысқаруы, тауар тапшылығы.
- Кейбір өндірушілердің монополиялық жағдайда болуы, яғни олардың өзінің өніміне жоғары баға қоюы.
- Өндіріс шығындарының өсуі, яғни шикізат, материалдар, жалақы шығындарының өсуі.
- Елдің экономикасының ашықтығы, оның әлемдік байланыстарының өсуі инфляцияны шеттен әкелу қаупін молайтады.

Инфляцияны болу себептеріне байланысты сұраныс инфляциясы және ұсыныс инфляциясы бөледі.


**Сұраныс инфляциясы** – тауар көлеміне байланысты артық ақшаның пайда болуы. Бұл жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың бір біріне сәйкес келмей, сұраныстың ұсыныстан артып кетуі. Мұны кей жағдайда «аз тауардың соңынан көп ақшаның жүруі» деп те атайды. Тауарларға сұраныстың өсуі бағаның өсуіне әкеледі. Мәселен, тауарға сұраныс өскенде  $AD$  қисығы  $AD_1$  қисығына жылжиды, нәтижесінде баға  $P$  деңгейінен  $P_1$  деңгейіне өседі (10.1-сурет)

**Ұсыныс инфляциясы** – өндіріс шығындарының өсуіне байланысты бағаның көтерілуі. Шығындардың өсуі шикізатқа бағаның өсуіне, мемлекеттің саясатына, кәсіподақтардың іс әрекетіне байланысты болуы мүмкін. Мысалы: кәсіпорындардың іс әрекетіне келетін болсақ, олар жалақыны көтеруді талап етуі мүмкін. Бұл жағдайда кәсіпорынның шығындары өседі де, кәсіпкер тауар бағасын көтеруге мәжбүр болады. Суретте ұсыныс  $AS$  –дан

AS<sub>1</sub> жағдайына жылжығанда, баға P деңгейінен P<sub>1</sub> деңгейіне өседі (10.2 –сурет).



10.1- сурет



10.2 - сурет

**Құрылымдық инфляция** сұраныс инфляциясы мен ұсыныс инфляциясының ортасындағы аралық инфляция болып табылады. Ол салааралық сәйкестіктің бұзылу жағдайында туады. Жетілдірілген жаңа шикізаттардың, тауарлардың пайда болуынан сұраныс бір саладан басқа салаға ауысады. Ол сала нарықты толық қанағаттандыра алмағандықтан, саладағы тапшылық тауарлардың қымбаттауына әкеледі

Шведтік экономист Б.Хансен инфляцияны ашық және басылыңқы (жасырын) деп бөледі.

**Ашық инфляция** – бағаның тұрақты өсу жағдайында байқалады.

**Басылыңқы инфляция** – баға мен жалақы мемлекеттің қатаң бақылауында болғанда пайда болады. Ол тауар тапшылығында, өнім сапасының төмендеуінде, көлеңкелі экономикада, бартерлік іс-әрекетте байқалады.

Инфляцияны қарқынына байланысты бірнеше түрге бөледі:

- Баяу инфляция – баға деңгейі жылына баяу (10 %-дан төмен) өседі.

- Қарқынды инфляция – Баға деңгейі жылына 20 %-дан 200 %-ға дейін жылдам өседі.

- Ұшқыр инфляция – айналымдағы ақша саны мен баға өте күрт жылдамдықпен 200%-дан жоғары 1000%-ға дейін өседі.

Ұшқыр инфляцияның мысалы ретінде бірнеше елдерді айтуға болады. 1920-1923 жылдары Германияда инфляция қарқынының орташа шамасы айына 322 %-ды құраған. Никарагуада 80-ші жылдардағы азамат соғысы кезінде баға 33000 %-ға өскен. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Венгрияда 1945 жылғы тамыз айы мен

1946 жылғы шілде аралығында баға айына 19800 %-ға өскен. Ресейде жоғары ашық инфляция 1991-1995 жылдар аралығында болды, 1992 жылы баға 26 есеге өскен.

**Инфляция деңгейі** - жалпы орташа баға деңгейінің салыстырмалы өзгеруі

$$\pi = \frac{P - P_{-1}}{P_{-1}}$$

мұндағы  $\pi$  – инфляция деңгейі;  $P$  – ағымдық жылдағы орташа баға деңгейі;  $P_{-1}$  – алдыңғы жылдағы орташа баға деңгейі.

Инфляция деңгейін ТБИ арқылы есептеу:

$$\pi = \frac{\text{ТБИаж} - \text{ТБИбж}}{\text{ТБИбж}} * 100$$

мұндағы  $\pi$  – инфляция деңгейі; ТБИ аж(бж) – ағымдық жылдағы (базалық жылдағы) тұтыну бағасының индексі.

Инфляция деңгейін сандық есептеудің тағы да бір тәсілі «**70 санының ережесі**». Бұл әдіс баға деңгейінің екі еселенуіне қажетті жылдарды жылдам есептеуге мүмкіндік береді. Ол үшін 70 санын жылдық инфляция деңгейіне бөлу қажет.

$$\varphi = 70 / \pi$$

мұндағы  $\varphi$  – инфляция деңгейінің екі есе өсуіне қажетті жылдар;  $\pi$  – ТБИ -дың жылдағы өсу қарқыны, %.

## 10.2 ИНФЛЯЦИЯНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ

Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық зардаптарына ең алдымен инфляциялық салықты жатқызады. Ол заңды түрде белгіленбесе де, барлық халық үшін міндетті төлем.

Инфляциялық салықты былайша сипаттауға болады:

- мемлекеттің айналымға қосымша ақша шығару нәтижесінде табатын табысы (сеньораж);



- ақша қалдықтары құндарының (нақты) төмендеуі салдарынан ақша иелерінің шегетін шығындары;

- кемімелі (регрессивті) салық, табысы төмен адамдар өз табысының көп бөлігін инфляциялық салық түрінде төлейді.

Халық үшін инфляциядан келетін зиян оның болжануына байланысты болады. Соған орай инфляцияны болжанатын және болжанбайтын деп бөледі.

**Болжанатын инфляцияны** адамдар алдын ала біліп отырады. Сондықтан оған дайын болуы мүмкін. Мысалы, экономикалық субъектілер жылдық инфляция деңгейі 10 % болады деп жорамалдайтын болса, онда олар өздерінің атаулы (номиналды) табыстарын өзгертеді: келісім-шарттарда жалақысын көтеруді, аренда ақысын өсіруді алдын-ала қарастырады. Банктік операцияларда атаулы пайыздық мөлшерлеме нақтыға қарағанда 10% -ға өседі.

**Болжанбайтын инфляция** күтпеген жағдайда тосын пайда болады. Ол бағаның кенеттен өсіп кетуі салдарынан туындайды. Болжанбайтын инфляцияның әкелетін салдарлары:

- табыс пен байлықтың халық топтары арасында қайта бөлінуі: қарыз берушіден (кредиторлардан) қарыз алушыға (дебиторларға);
- халықтың нақты табысының төмендеуі, әсіресе, тұрақты табыс алатын әлеуметтік топтардың (зейнеткерлер, бюджеттік сала қызметкерлері);
- халықтың жинаған ақша қорының құнсыздануы;

Инфляцияның қоғамға әкелетін экономикалық және әлеуметтік зардаптары:

1. Елдің ұлттық табысы мен байлығы қоғамның әртүрлі топтарының арасында қайта бөліске түседі.

2. Инфляцияның жоғарғы қарқынмен өсуі ұзақ мерзімге жоспар жасауды қиын жолға қояды, кәсіпкерлердің тәуекелін өсіреді.

3. Қоғамның саяси тұрақтылығы бұзылады, әлеуметтік шиеленісті күшейте түседі.

4. Ұлттық тауарлардың бәсекеқабілеттілігі төмендейді, экспорт азаяды, жұмыссыздық өседі.

5. Шетелдің тұрақты валютасына сұраныс өседі, ол капиталдың шет елге ауысуына әкеледі.

6. Ақшаның құнсыздануы халықтың тұрмыс деңгейін төмендетеді.

7. Халықаралық қатынастарды, жұмыс күшін ұдайы өндіру шарттарын бұзады, экономикалық қылмыстар мен астыртын экономикалық дамуын жеделдетеді.

Инфляцияға шалдыққан мемлекеттер инфляцияға қарсы саясатты жүргізуге мәжбүр болады. Мемлекеттің инфляцияға қарсы саясатын экономиканы тұрақтандыру, баға мен жалақыны реттеу, қаржыны сауықтандыру, ақшаны эмиссиялауды қатал бақылауға алу сияқты жалпы экономикалық шараларды іске асыру арқылы жүргізіледі. Ал аса төтенше жағдайда ақша реформасы жасалады.

Қазақстанда жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшу терең экономикалық дағдарысты жеңумен қоса жүргізілді. Өндірістің құлдырауы экономиканың барлық салаларында жүріп жатты.

Қазақстан Республикасындағы өтпелі кезеңдегі инфляция себептеріне мыналарды жатқызуға болады:

- ұлттық экономикада өндірістің терең құлдырауынан болған тауар тапшылығы;
- өндірілген өнімдерге энергетиканың, материалдардың, еңбектің жоғары мөлшерде жұмсалуды;
- өз тауарлары мен қызметтеріне бағаны негізсіз көтеруге мүмкіндік берген жеке тауар өндірушілер монополизмі;
- мемлекеттік бюджеттің тапшылығы, оны бүркемелеу үшін мемлекет қағаз ақша шығарады;
- мемлекеттің өнімсіз шығындарының жоғары деңгейі;
- басқа мемлекеттердегі экономикалық дағдарыстардың ықпалы.

Реформаның барлық кезеңінде инфляция экономикалық дағдарыстың дәлелді сипаты болып табылады. Тұтыну бағалары 1992 ж. – 3006%-ды, 1993 ж. – 2266%-ды құрады. Инфляцияның айлық қарқыны көбіне 30% мөлшерінен асты, ал 1993 ж. қараша айында ол 55%-ға жетті. 1994 ж. сегіз ай мерзімінде инфляция деңгейі 1993 ж. осы мерзіммен салыстырғанда 608 %-дан 759%-ға көтерілді.

ҚР Ұлттық банкі жүргізген қатаң монетарлық саясат арқасында жағдай өзгеріп, инфляция айына 18-19 % деңгейінде тұрақтанды. Инфляцияның жалпы деңгейін сипаттайтын тұтыну бағаларының индексі Қазақстанда 1997 ж. – 11,2 %, 2000 ж. – 9,8 %, 2013 – 4,8 %, 2014 – 6,8 %, 2015 – 12,8 %, 2016– 8,5 % құрады

### 10.3 ЖҰМЫССЫЗДЫҚ: МӘНІ, СЕБЕПТЕРІ, ТҮРЛЕРІ. ОУКЕН ЗАҢЫ

**Жұмыссыздық** – экономикалық теорияның бұрынғы және қазіргі тарихындағы ең өткір мәселелерінің бірі. Жұмыссыздықтың болуын әртүрлі мектеп өкілдері әртүрлі түсіндіреді. Мысалы, мальтузиандық теория жұмыссыздықтың пайда болуын тұрғындардың тым артып кетуімен түсіндіреді. Кейнстік теория бұл құбылысты нарықтық сұраныстың тапшылығымен дәлелдейді, еркін кәсіпкерлік мектебінің теориясы – жұмыссыздық жалақы деңгейінің өсуінен туындайтынын айтады, яғни ол еркін болып табылады. Еркін кәсіпкерлік теориясының қазіргі өкілдері – “монетаристер” – осы көзқарастарды құптайды.

К. Маркстың қорлану теориясы мен қазіргі технологиялық теория жұмыссыздықтың болуын біріншіден – капиталдың қорлануымен, екіншіден – техникалық прогресс жетістігінен болатындығын айтады.

**Жұмыссыздық** – бұл жұмыс істегісі келетін еңбекке жарамды халықтың өндірісте жұмыспен қамтылмауы. Жұмыспен қамтылмау өндірістің тиімділігін арттыру, сонымен бірге жұмысшы күшінің бір бөлігін жұмыстан босатуға мүмкіндік жасайтын немесе оның құрылымына, сапасына жаңа талаптар қоятын ғылыми техникалық прогрестің салдары болуы мүмкін. Нарықтық экономикада жұмыссыздық дағдарыстар кезінде көбейеді. Нарық жоқ жағдайда жұмыссыздықтың көбею себебі мемлекеттің өндіргіш күштерді орналастырудағы тиімсіз құрылымдық саясаты болуы мүмкін.

Өнеркәсібі дамыған елдердегі жұмыссыздықтың себептерін талдай отырып, шетел авторлары олардың жекелеген түрлерін тудыратын нақты факторларын қарастырады. Мысалы, АҚШ Конгресі экономикалық статистика бойынша комиссиясының жүргізген зерттеуі, жұмыссыздықтың 70 түрін атаған. Олардың әрқайсысының өзінің ерекше себептері бар. Экономистер барлық жұмыссыздықтың түрлерін негізінен екі топқа жіктеп қарайды. Жұмыссыздықтың бірінші тобына – “жиынтық сұраныс өзгерісімен байланысты емес: фрикциондық, құрылымдық, технологиялық және басқа түрлерін” жатқызамыз.

Жұмыссыздықтың мынадай түрлері бар:

▲ **Жасырын жұмыссыздық** - өндірісте және мемлекеттік аппаратта артық жұмысшыларды қолдануы. Қазіргі болмыста олардың жұмыстарын аз жұмыс күшімен атқаруға болады.

▲ **Фрикциондық жұмыссыздық** – адамдар бір жұмыстан басқа жұмысқа, бір жерден басқа жерге жұмыс іздеу мақсатында ауысуы. Сондай-ақ мұндай жұмыссыздық жас мамандардың оқу бітіргеннен кейін уақытша жұмыссыз қалғанда пайда болады.

▲ **Маусымдық жұмыссыздық** – жұмыс күшінің тек маусымдық кезеңде жұмыс жасауы. Бұл кейбір ауыл шаруашылығы өндірісі саласында кездеседі, әсіресе, қайта өңдеу өнеркәсібінде, т.б.

▲ **Құрылымдық жұмыссыздық** - өндірістік қуаттың жетіспеуінің нәтижесінде болады: жеке саланың дамуының кері пропорционалды болуынан және ескі саланы жабу мен жаңа саланы дамытудың нәтижесі ретінде қараймыз.

▲ **Технологиялық жұмыссыздық** – адамдарды машинамен ауыстырудың нәтижесі, біліктілікті өзгертуді немесе басқа мамандықты игеруді талап етеді.

▲ **Циклдік жұмыссыздық** - өндірістің құлдырауынан туындайды, яғни экономиканың циклдік дамуымен байланысты.

XX-шы ғасырдың 60-шы жылдары М.Фридмен мен Э.Фелпс «ресурстардың толық қамтылуы» және «жұмыссыздықтың табиғи деңгейі» деген теорияларды ұсынды.

*Ресурстардың толық қамтылуы* – жұмысқа қосылмаған өндіріс қуатының деңгейін 10 -20 % деңгейінде ұстап тұру. *Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі* – жұмыспен толық қамтылған жағдайдағы жұмыссыздық деңгейі, ол жалпы жұмыс күшінің 5,5 - 6,5 пайызын қамтиды. Айтылған көрсеткіштер әр елде әртүрлі болуы мүмкін.

Толық жұмысбастылық деген жұмыссыздық мүлдем жоқ деген түсінік емес. Толық жұмысбастылық – циклдік жұмыссыздықтың болмауын білдіреді. Оның деңгейі фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздықтың қосындысын құрайды.

Нарықтық экономикада міндетті түрде жұмысшылардың тиімді резерві болады және жұмыссыздықтың табиғи деңгейі сақталады.

Жұмыссыздықтың табиғи деңгейіне бірнеше факторлар әсер етеді:

- демографиялық жағдайлар;
- жалақының минималды деңгейі;
- кәсіподақтардың саясаты.

Статистика агенттігі жұмыссыздық деңгейін анықтау үшін халықты бірнеше топқа бөледі:

Бірінші топ, жұмыс күші құрамына кірмейтіндер. Оларға 16 жасқа жетпеген жасөспірімдер мен арнаулы орындардағы адамдар зейнеткерлер, үй шаруашылығындағы әйелдер, студенттер жатады.

Екінші топ, жұмыссыздар – белсенді жұмыс іздеп жүрген еңбекке қабілетті адамдар.

Үшінші топ, жұмыс күші - жұмыс істейтін еңбекке қабілетті адамдар.

Экономикалық белсенді халық (жұмыс күші) – бұл еңбекке қабілеті бар және жұмыс істеуге дайын адамдар. Оның құрамына жұмысшылар және белсенді жұмыс іздеп жүргендер кіреді.

*Жұмыссыздық деңгейі* - жалпы жұмыс күшінің ішіндегі жұмыссыздардың алатын үлесі.

Жұмыссыздық деңгейі төмендегідей өрнек арқылы анықталады:

$$ЖД = \frac{ЖС}{ЖК} * 100$$

мұнда ЖД – жұмыссыздық деңгейі ; ЖС – жұмыссыздар саны; ЖК - жұмыс күшінің саны.

Жұмыссыздық нәтижесінде еңбекке қабілетті адамдардың бір бөлігі өнім өндіруге қатыса алмайды. Нәтижесінде қоғамға зиян келеді. Осы зиянның экономикалық бағасы циклдік үзіліске әкеледі. *Циклдік үзіліс*- ЖҰӨ-нің нақты көлемінің әлуатті ЖҰӨ көлемінен аз болуы. *Әлуатті ЖҰӨ көлемі* дегеніміз - жұмыспен толық қамтылған жағдайда өндірілген өнім көлемі.

*Циклдік үзіліс = әлуатті ЖҰӨ - нақты ЖҰӨ*

Кез - келген жұмыссыздық деңгейімен байланыста болатын экономикалық зиянды анықтау үшін, әлемдік практикада Оукен заңы қолданылады. Бұл заң американ экономисі Артур Оукеннің (1724-1780) есімімен аталған. Ол заң математикалық тұрғыдан жұмыссыздық деңгейі мен жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) көлемінің төмендеуі арасындағы байланысты көрсетеді. Оукен заңы бойынша: *егер жұмыссыздықтың нақты деңгейі табиғи деңгейден 1% - га асса, онда ЖҰӨ көлемінің төмендеуі 2,5% құрайды.* Оукен заңын мынадай теңдеу арқылы көрсетуге болады:

$$\frac{Y - Y^*}{Y^*} = -\gamma (u - u^*),$$

мұнда  $Y^*$ - әлуатті ЖҰӨ көлемі;  $Y$  – нақты ЖҰӨ көлемі;  $u$  – жұмыссыздықтың нақты деңгейі;  $u^*$ - жұмыссыздықтың табиғи деңгейі;  $\gamma$  – Оукен коэффициенті.


Егер нақты жұмыссыздық табиғи жұмыссыздықтан 1 пайызға жоғары болса, онда нақты өндіріс көлемі әлуаттіден  $\gamma$  пайызға төмен болады.

**Нақты жалақының қатаңдығы және жұмыссыздықты күту.**

Табиғи жұмыссыздықтың болуының бірнеше себептері бар:

1. Жұмыссыздықтан сақтандыру жүйелерінің жұмыс іздеу уақытын ұзартуы. Жұмыссыздарға берілетін жәрдемақы олардың жұмысқа орналасуға ынтасын төмендетеді, яғни жұмыс іздеу уақытын ұзартады. Бұл проблеманы шешудің бірден – бір жолы еңбек нарығының инфрақұрылымына мемлекеттік инвестиция салу (кадрларды қайта дайындау, бос жұмыс орындары туралы ақпаратты жеделдету, т.б).

2. Табиғи жұмыссыздықтың екінші себебі – жалақының қатаңдығы. Жалақының қатаңдығы «жұмыссыздықты күту» жағдайын тудырады. **Жұмыссыздықты күту** нақты жалақы тепе-теңдік деңгейден жоғарылағанда пайда болады. Жалақы «қатаңдығы» жұмыс орындарының жетіспеушілігіне әкеледі. 10.3-суретте  $w/p_0$  тепе-теңдік жалақы деңгейі,  $w/p_1$  – қатаң жалақы деңгейі. Қатаң жалақы деңгейінде ( $w/p_1$ ) еңбек ұсынысы еңбекке сұраныстан артады ( $S_L > D_L$ ), жұмысшылар сол жалақы деңгейінде жұмыс табуды «күтеді». «Жұмыссыздықты күту» ( $L_1 - L_2$ ) аралығында пайда болады.



10.3 - сурет

Жалақы қатаңдығының бірнеше себептері бар::

1. Мемлекеттің ең төмен жалақы туралы заң қабылдауы жалақының еркін өзгеруін шектейді.

2. Кәсіподақтардың монополиялық билігі. Көптеген елдерде жұмыс күшінің біраз бөлігі кәсіподақтарға біріккен. Жұмысшылардың жалақысы тепе-теңдікпен емес, кәсіподақтар мен фирма басшылары арасындағы келіссөздер негізінде анықталады. Дамыған кәсіподақ қозғалысы бар штаттарда жұмыссыздық деңгейі көбінесе жоғары. 1985 ж АҚШ мәліметтері бойынша, кәсіподаққа біріккен жұмысшылар үлесінің 10% -ға көтерілуі жұмыссыздық деңгейін 1,2% -ға жоғарылатқан. Кейбір елдерде мыс., Швецияда

жалақы проблемасы мемлекет деңгейінде шешіледі. Бұл елде кәсіподақтар жоғарғы деңгейде болғанымен жұмыссыздық деңгейі төмен.

3. Көптеген фирмалардың білікті мамандардан айырылып қалмау үшін жоғары жалақы белгілеуі. Мұнда тиімді ынталандырылатын жалақы жүйесі қолданылады. Бұл жүйе «жоғары жалақы еңбек өнімділігін арттырады» деген ұғымнан туындаған.

## **10.4 ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

*Еңбек нарығы – бұл нарықтың ерекше түрі, онда жұмыс күші тауарын сату және сатып алу жүзеге асады.* Осы жерде жұмыс күші құны мен жалдану жағдайы бағаланады. Еңбек нарығы тұрғындарды жұмыспен қамту көлемі мен динамикасын, жұмыссыздықтың сала бойынша, кәсіби – біліктілік, демографиялық және басқа да көрсеткіштерінің құрылымын көрсетеді.

Еңбек нарығында өте қабілетті және іскер жұмыскерлерге қатаң әрі қатал таңдау жүргізіледі. Ол еңбектің жоғары шапшаңдығын қамтамасыз етіп, іскерлік пен бастамшылдықты ынталандырады. Еңбектің тікелей әсер етуінің арқасында жоғарғы біліктілікті еңбектің дәрежесі көтеріледі, әрбір жұмыс орнының бағасы өседі, жұмыскерге және оның еңбегіне талап күшейеді.

Еңбек нарығындағы тепе - теңдік сұраныс пен ұсыныс негізінде қалыптасады. Еңбекке деген сұраныс мөлшері жалақы мөлшеріне кері пропорционалды байланыста болады. Жалақы мөлшері көтерілген кезде фирмалар нарықтық тепетеңдікті сақтау мақсатында жұмыс күшіне сұранысты төмендетеді, ал жалақы мөлшері төмендегенде еңбекке сұраныс артады. Жұмыс күшінің ұсынысы американдық ғалым- экономисі П. Самуэльсонның ойынша, төмендегідей факторлармен анықталады:

- тұрғындардың жалпы санымен;
- жалпы тұрғындар санындағы өз бетінше тұратындардың үлесімен;
- жыл немесе апта бойынша жұмысшының атқаратын орташа сағат санымен;
- жұмысшының жұмсайтын еңбегінің сапасы, саны және біліктілігімен .

Еңбек нарығы нарық түрлерінің ішіндегі ең жетілмегені болып табылады. Өзінің жұмыс күшін ұсынатын жұмыскерлер, әдетте, олардың еңбегіне сұраныстың бар немесе жоқтығы туралы мәліметтермен толық ақпараттанбаған. Олар өзі тұратын қалада бос жұмыс орнының барын толық білмейді. Ал басқа аймақта жұмыс орнының болуы туралы тіпті хабарсыз. Нарық жағдайында экономикалық еңбекті ауыстыру заңы жұмыс атқарады. Оның мәнісі мынада: өзінің экономикалық жағдайын жақсарту үшін белсенді жұмыс жасауы керек. Ол үшін білімін тұрақты жетілдіруі қажет және бүкіл өмір бойы еңбек еткен кезеңде қызмет түрін өзгерткені абзал.

Мысалы, американдықтар өмірінің еңбек еткен жылдарында жұмыс орнын орташа 7,5 рет ауыстырады. Жапонияда жұмысшының белгілі бір бөлігі өмір ойы жалдамалы еңбек етуіне қарамастан – жұмыстарын 2,6 рет ауыстырады. Батыс Еуропада бұл көрсеткіш Жапонияға қарағанда жоғары, бірақ АҚШ –та төмен. Дамыған елдердегі нарық өзінің өзгермелі конъюктурасына қарай жұмыскерлердің үштен екісін үнемі оқуға жібереді.

Қазақстанда еңбек саласына нарықтық қатынастарды енгізу 1991 жылы Қазақстан Республикасының «Еңбек ету туралы» Заңын қабылдаудан басталды, онда жұмыссыздық, еңбек нарығы, еңбекке сұраныс және ұсыныс, т.б. ұғымдар алғаш рет көрсетілді. Осы кезеңнен бастап жұмыссыздар тіркеліп, олардың саны 4 мыңнан астам адамды құрады, оның ішінде 75 пайызы әйелдер болды. Ал 2003 жылы жұмыссыздардың арнайы мекемелер бөлімшелерін, экономикалық тетіктер жүйесін ендіردі. Осы жағдайда мемлекет әлеуметтік саясатында бірнеше шараларды жүргізуге міндетті: әсіресе, жұмыссыздарға жәрдем ақы төлеу, біліктілікті арттыру мен жаңа жұмыстың әлеуметтік орнын құру және т.б.

10.1- кестеде Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары берілген. Қазақстанда 2015 жылы экономикалық белсенді тұрғындар (жұмыс күші) саны -8,88 млн., 2016 – 8,99 млн. құрады. Оның ішінде жұмыспен қамтылғандар саны 2016 жылы - 8,5 млн.

Жұмыссыздық деңгейі: 1996 – 13 %; 2001- 10,4%; 2005 -8,1 % 2010 – 5,8 %; 2015 - 5,1 %; 2016 – 5,0 %. Жастар арасындағы (15-28 жас) жұмыссыздық 2001 (16,1 %) жылмен салыстырғанда 2016 жылы 3,5-есеге қысқарып 4,1 % құрады.

Бұл Европа және ТМД елдерімен (18% - 40%) салыстырғанда өте төмен. Бұл нәтижеге «Жұмыспен қамту -2020» бағдарламасы, «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға» жобалары шеңберінде қол жеткізілді



**Кесте – 10.1 Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары**

	2001	2005	2010	2015	2016
<b>Жұмыс күші , мың адам</b>	<b>7479,1</b>	<b>7901,7</b>	<b>8610,7</b>	<b>8 887,6</b>	<b>8 998,80</b>
<b>Жұмыспен қамтылған халық, мың адам</b>	<b>6698,8</b>	<b>7261</b>	<b>8114,2</b>	<b>8 433,3</b>	<b>8 553,40</b>
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	3863,3	4640,5	5409,4	6 294,9	6 342,80
Өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер, мың адам	2835,5	2620,4	2704,8	2 138,4	2 210,50
<b>Жұмыссыздар, мың адам</b>	<b>780,3</b>	<b>640,7</b>	<b>496,5</b>	<b>454,2</b>	<b>445,5</b>
Жұмыссыздық деңгейі, %	10,4	8,1	5,8	<b>5,1</b>	5,0
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-24 жас) <sup>1)</sup>	19,1	13,4	5,2	4,2	3,8
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-28 жас) <sup>2)</sup>	16,1	11,5	6,6	4,4	4,1
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	7,6	4,3	2,2	2,5	2,2
Жұмыссыздықтың орташа ұзақтығы <sup>3)</sup> , айлар	...	14,6	8,9	6,8	6,9
<b>Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар, мың адам</b>	<b>3175,8</b>	<b>3476,9</b>	<b>3487,7</b>	<b>3 867,4</b>	<b>3 855,00</b>

*Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика агенттігі мәліметтері бойынша құрылған. Қазақстан 2016 жылы / Статистикалық жылнамалық, Астана, 2017. – 478 бет.*

Еңбек нарығын реттеу жүйесінде әртүрлі теориялық көзқарастар қалыптасқан. Мәселен, кейнстік тұжырымдама мемлекеттің белсенді саясатын жақтайды. Кейнс бойынша өндіріс пен жұмысбастылық өлшемі ұсыныс факторларымен емес, төлем қабілеті бар сұраныс факторларымен анықталады. Сондықтан жұмыссыздықтан құтылу жолдары: мемлекеттік шығындарды көбейту, салықтарды азайту, қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру. «Ұсыныс экономикасының» өкілдері, керісінше, еңбек нарығына мемлекеттің араласуын шектейді. Өйткені, олар жұмыссыздықты табиғи және әлеуметтік-экономикалық құбылыс деп есептейді. Қазіргі мальтузиандықтар жұмыссыздықтың басты себебі халық

санының өсуі дейді. Сондықтан жұмыстағы тұрақтылықты сақтау үшін тууды шектеу саясатын ұстануды ұсынады.

Дамыған батыс елдерінде еңбек нарығын реттеудің негізгі төрт бағыты бар:

1. Еңбек ресурстарының жұмысбастылығын көтеруді ынталандыру және мемлекеттік секторда жұмыс орындарын көбейту бағдарламасы.

2. Жұмысшылар мен қызметкерлерді қайта дайындау бағдарламасы.

3. Жұмысшыларды жалдауға ықпал ету бағдарламасы.

4. Жұмыссыздықты әлеуметтік сақтандыру бағдарламалары (жұмыссыздарға жәрдемақы).

Қазақстан Республикасында тұрғындарды жұмыспен қамтудың арнайы бағдарламасы жасалған. Еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып, жұмыссыздарды қайтадан оқыту шаралары қарастырылған, жастар, әйелдер, мүгедектерді жұмыспен қамтуға қамқорлықтар жасау көзделген. Кәсіпорындарда оларды жұмысқа алудың үлесі белгіленген.

Еңбек нарығын мемлекеттік реттеудегі маңызды шара еңбек ресурстарының сапасын көтеру және олардың құрылымын жетілдіру.

Жұмыссыздарға әлеуметтік көмек үш бағытта жүзеге асырылады:

▲ Жұмыссыздарға жәрдемақы. Оның деңгейі мен мерзімі әр елде әртүрлі. Жәрдемақы АҚШ-та жалақының 50%-ын, Францияда 40%-ын, Жапонияда 80%-ын құрайды. Жәрдемақыны төлеу мерзімі АҚШ пен Италияда – 26 апта, Ұлыбританияда – 45, Канадада – 50 аптаға дейін барады.

▲ Жұмыссыздарға қаржылық көмек.

▲ Жұмыссыздар мен олардың жанұяларына қаржылай көмек және коммуналдық қызметтерді өтеу.

Нарықты экономикасы дамыған елдерде еңбек нарығын жанама реттеу қолданылады. Оның негізгі құралдары: мемлекеттің ақшанесие, салық және амортизациялық саясаты жатады.

Сонымен еңбек нарығын мемлекеттік реттеу бұл – экономикалық, әкімшілік, заңнамалық, ұйымдастырушылық шаралар жиынтығы.


## 10.5 ИНФЛЯЦИЯ МЕН ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ. ФИЛЛИПС ҚИСЫҒЫ.

Ағылшын экономисі А.Ф.Филлипс 1958 жылы өзінің «1862-1957 жылдардағы Ұлыбританиядағы жұмыссыздық пен жалақы деңгейінің өзгерісі арасындағы арақатынас» деген мақаласында 100 жылдық статистикалық мәліметтерді өңдеу нәтижесінде аталған екі көрсеткіш арасында белгілі тәуелділіктің бар екенін жазды. Филлипстің айтуынша, жұмыссыздықтың 2,5-3,0 %-ға өсуі баға мен жалақының өсуін бірден баяулатады. Кейін американдық ғалымдар П.Самуэльсон мен Р.Солоу Филлипстің қисық сызығына өзгерістер енгізіп, жалақы ставкасын тауар бағалары өсуі қарқынымен ауыстырды.

Инфляция мен жұмыссыздық арасындағы кері тәуелділікті “Филлипс қисығы” көрсетеді (10.4-сурет).

Абцисса осінде жұмыссыздық деңгейі, ординат осінде тауар бағаларының өсу қарқыны бейнеленді. Қисық сызық өсі параметрлердің көрінісі. Егер үкімет жұмыссыздық деңгейі  $U_1$  (оған баға өсу қарқыны сай  $P_1$  келеді) өте жоғары деп есептесе, онда оны төмендету үшін ынталандыратын бюджеттік және ақша-несие шараларын қолданады, олар өз кезегінде сұранысты көбейтеді. Бұл өндірістің ұлғаюына, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына әкеледі. Жұмыссыздық нормасы  $U_2$  мөлшеріне дейін төмендейді, бірақ дәл сол мезгілде инфляция қарқыны  $P_2$ -ге дейін жоғарылайды.

(Инфляция деңгейі %)




10.4- сурет

Мұндай жағдайлар экономиканың дағдарысқа ұшырауына әкелуі мүмкін, сондықтан үкімет несие беруді тежеу, мемлекеттік бюджеттің шығыстарын кеміту және т.б. шаралар жүргізеді.

Нәтижесінде бағаның өсу қарқыны  $P_3$  деңгейіне төмендеп, ал жұмыссыздық өсіп, оның деңгейі  $U_3$  болады.

XX ғасырдың 70 жылдары көптеген елдерде Филлипс қисығын теріске шығаратын, яғни бір мезгілде жұмыссыздық пен инфляцияның болу жағдайлары байқалды. Экономикалық теорияда бұл құбылысты **стагфляция** деп атады. Сөйтіп жұмыссыздық пен инфляция арасындағы байланыс кері емес, тура тәуелділікке

**Стагфляция** - өндіріс көлемінің төмендеуі (жұмыссыздықтың өсуі) мен инфляция деңгейі өсуінің қатар болуы.



10.5 – сурет Стагфляция

Стагфляциялық дағдарыс 1974-1975 жылдардағы ұсыныстың кенеттен өзгерісінен пайда болды. ОПЕК елдерінің мұнай бағасын көтеруі инфляция деңгейін 10 %-ға өсірді. Жанар-жағар майға, энергия қуатына бағаның көтерілуі басқа салалардағы өндіріс шығындарының өсуіне әкелді. Нәтижесінде энергоқуатын көп пайдаланатын саладағы кәсіпорындар күйзеліске ұшырап, монополистердің бағаны одан да жоғары көтерулеріне қолайлы жағдайлар туды. Сөйтіп өндірістің құлдырауы бағаның өсуімен қатар жүрді.

Сонымен экономикалық реттеу тәжірибесі көрсеткендей, Филлипстің қисық сызығы тек қысқа мерзімді экономикалық жағдайларда қолдануға келеді, өйткені ұзақ мерзімді жоспарда (5-10 жыл) жұмыссыздықтың жоғары болуына қарамастан инфляция үдей береді.

### ***Негізгі түсініктер***

Сұраныс инфляциясы  
Ұсыныс инфляциясы  
Ашық инфляция  
Жабық (басылыңқы) инфляция  
Ұшқыр инфляция  
Баяу инфляция  
Қарқынды инфляция  
Болжанатын инфляция  
Болжанбайтын инфляция  
Жұмыссыздықты күту  
Табиғи жұмыссыздық  
Циклдік жұмыссыздық  
Құрылымдық жұмыссыздық  
Фрикциондық жұмыссыздық  
Еңбек рыногы  
Филлипс қисығы

### ***Талдау сұрақтары:***

1. Инфляцияның мәні мен түрлері.
2. Инфляция шығындары.
3. Инфляцияға қарсы саясат, оның әдістері.
4. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі.
5. Оукен заңы. Жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық зардаптары.
6. Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу

## **XI тарау**

### **АШЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІК**

11.1 Ашық экономика: түсінігі, түрлері

11.2 Бір мезгілдегі ішкі және сыртқы тепе-теңдік

11.3 Манделл-Флемингтің ашық экономика үлгісі

#### ***Қаралатын мәселеле***

Ашық экономиканың мәні мен белгілері. Ашық экономиканың шағын және үлкен түрлерінің ерекшеліктері. Ішкі және сыртқы тепе-теңдік дегеніміз не. Сыртқы тепе-теңдікті орнатудағы мемлекеттің ролі. Манделл-Флемингтің ашық экономика үлгісінің мәні.

## 11.1 АШЫҚ ЭКОНОМИКА: ТҮСІНІГІ, ТҮРЛЕРІ

Ашық экономика мынадай екі жағдайға негізделеді:

1) Елдер тауарлар мен қызметтерді экспорттайды және импорттайды.

2) Елдер әлемдік қаржы нарығында несие алады және береді.

Ашық экономикада өндірілген өнімді төрт негізгі құрауыштарға бөлуге болады :

▼ отандық тауарлар мен қызметтерді тұтыну;

▼ отандық тауарлар мен қызметтерге инвестициялық шығындар;

▼ отандық тауарлар мен қызметтерді мемлекеттің сатып алуы;

▼ елдің ішінде өндірілген тауарлар мен қызметтер экспорты.

Осылардың жиынтығын теңдеу арқылы көрсетуге болады:

$$Y = C + I + G + X_n.$$

Ашық экономиканы кіші (шағын) және үлкен (ірі) деп бөледі.

Кіші (шағын) ашық экономика – кішігірім елдің экономикасы оның әлемдік нарығындағы үлесі аз ғана, ол әлемдік пайыз мөлшерлемесіне айтарлықтай әсер ете алмайды. Сондықтан пайыз мөлшерлемесі сырттан берілген, экзогендік түрде қабылданады.

Үлкен (ірі) ашық экономика – оның ауқымына байланысты пайыз мөлшерлемесі елдің ішіндегі экономикалық процестер әсерінен қалыптасады. Ірі елдің экономикасы (АҚШ, Жапония, Қытай, Германия). Бұл елдер әлемдік қор жинағы мен инвестицияның едәуір бөлігіне ие болғандықтан әлемдік пайыз мөлшерлемесіне айтарлықтай әсер ете алар.

Ашық экономиканың негізгі белгілері:

- ЖҰӨ -дегі сыртқы сальдо квотасы;
- өндіріс көлеміндегі экспорт үлесі;
- тұтытудағы импорт үлесі;
- ішкі инвестицияға қатысты шетелдік инвестицияның үлесі.

Ашықтық деңгейі сыртқы сауда көлемі мен үкіметтің саяси бағытына байланысты. Мысалы: Ұлыбритания салыстырмалы ашық экономика болып табылады, өйткені ол сыртқы саудаға тәуелді. АҚШ экономикасы жабық экономикаға жақын, өйткені оның дамуына сыртқы сауда көп әсер етпейді.

## 11.2 БІР МЕЗГІЛДЕГІ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІК.

Макроэкономикалық тепе-теңдік – экономикалық жүйенің балансталған жағдайы, экономикалық жүйенің тұтас тепе-теңдігі.

Ішкі тепе-теңдік – толық жұмысбастылық пен инфляциясыз жағдайдағы сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігі.

Ішкі тепе-теңдік проблемасы бюджеттік-салық және ақша-несие саясаты көмегімен жиынтық сұранысты реттеу арқылы шешіледі.

Сыртқы тепе-теңдік – валюта бағамының тағайындалған (тұрақты) және құбылмалы режиміндегі төлем балансының нөлдік сальдосы немесе елдің валюта рыногындағы тепе-теңдігі. Валюта рыногындағы тепе-теңдік бұл - елге валюта түсімдері мен шетелдерге валюта төлемдерінің сәйкестігі.

Ашық экономиканың классикалық үлгісі мемлекеттік реттеуді қажет етпейді. Төлем балансының теңсіздігі ішкі бағалардың өзгеруінің автоматты механизмі мен алтын валюта резервтерінің бір елден басқа елге қозғалысы арқылы өздігінен реттеледі.

Бір мезгілдегі ішкі және сыртқы тепе-теңдіктің Кейнстік механизмі мемлекеттік реттеу шараларына сүйенеді.

### **Тұрақты валюта бағамы жағдайындағы ішкі және сыртқы тепе-теңдік**


Бастапқыда ашық экономиканың кейнстік үлгісі тағайындалған валюта бағамына негізделді. Бұл принцип 1944 жылғы Бреттон-Вуд жүйесінің негізін құрды және ол 1970 жылға дейін өмір сүрді. Валюта бағамының тұрақтылығы IS-LM-VP үлгісіндегі VP қисығының тұрақтылығын білдіреді. Сондықтан ішкі және сыртқы тепе-теңдік ақша несие (LM қисығының) және қаржылық (IS қисығының өзгерісімен) саясаттар өзгерісі арқылы қалыптасты.

Ашық экономикадағы алғашқы жағдай суретте берілген. Өндіріс көлемі -  $Y_1$ , пайыз мөлшерлемесі  $R_1$  деңгейінде орналасқан. Экономикада не ішкі, не сыртқы тепе-теңдік байқалмайды. Нақты өндіріс көлемі әлеуетті ( $Y_2$ ) деңгейден төмен (11.1-сурет).

Экономиканың нақты жағдайы IS, VP қисықтарынан төмен орналасқан. Бұл біріншіден, тауар нарығында тепе-теңдіктің жоқ екендігін, екіншіден, төлем балансының тапшылығын білдіреді. Тепе-теңдік тек ақша нарығында бар (LM қисығындағы  $E_1$  нүктесі). Толық жұмысбастылық және өндіріс көлемі  $Y_2$  болғандағы үш нарықтағы тепе-теңдікті қалай орнатуға болады?




BP қисығы тұрақты болғандықтан  $E_2$  нүктесінде тауар және ақша нарықтарының қисықтары қиылысуы тиіс. Кейінгік теорияға сәйкес



11.1-сурет

мемлекет қандай шаралар жүргізуі қажет? Ең алдымен тауар нарығында тепе-теңдік орнату қажет. Ол үшін мемлекеттік шығындарды көбейту керек. Сонда тауар нарығының қисығы IS оңға  $IS'$  қисығына жылжиды (11.2-сурет)



11.2 - сурет

Егер пайыз мөлшерлемесі  $R_1$  деңгейінде сақталса, онда  $Y_3$  өндіріс көлемін өндіретін едік. Бірақ онда ақша рыногындағы тепе-теңдік бұзылады. ( $E_3$  нүктесі LM қисығынан төмен жатыр). Валюта рыногында да теңсіздік күшейе түседі, өйткені өндіріс көлеміне


байланысты таза импорт өседі. ( $E_3$  нүктесі  $BP$  қисығынан алыс жатыр).

Ондай жағдайды болдырмас үшін мемлекет экспансиялық (ынталандыратын) қаржы саясатымен бірге қатаң ақша-несие саясатын жүргізуі қажет, яғни Ұлттық банк ақша ұсынысын қысқартуы тиіс. Бұл  $LM$  қисығын солға-жоғары  $LM'$  қисығына жылжытады. Осындай бір-біріне қайшы екі әрекетті үйлестіру арқылы, кейншілдердің ойынша,  $Y_2 R_2$  деңгейінде бір мезгілде ішкі және сыртқы тепе-теңдікті ( $E_2$  нүктесінде) орнатуға болады. Алайда мұндай саясат көп елдерді ұзақ күйзеліске әкелді. Сөйтіп Бреттон-Вуд валюта-қаржы жүйесі «құбылмалы» бағам жүйесіне ауыстырылды. Бреттон-Вуд жүйесінің құбылмалы бағамға ауыстырылуы кейнстік үлгіге түзетулер енгізуді талап етті.

### Құбылмалы валюта бағамы жағдайындағы ішкі және сыртқы тепе-теңдік

Енді  $BP$  қисығы құбылмалы болғанда ішкі және сыртқы тепе-теңдік қалай орнайтынына тоқталамыз.

Алғашқыда экономика «ішкі» тепе-теңдік жағдайында (11.3 - сурет). Валюта рыногының қисығы ( $BP$ ) ішкі тепе-теңдіктен ( $E_1$  нүктесінен) жоғары-солға орналасқан.




11.3-сурет

Төлем балансының тапшылығы (валютаның елден таза кетуі) ұлттық валютаның девальвациясына әкеледі. Нәтижесінде  $BP$  қисығы оңға-төмен  $BP'$  қисығына жылжиды. Бұл төлем балансын жақсартады (валюта бағамының төмендеуі тауар экспортын ынталандырады, импортты тежейді). Таза экспорттың өсуі жиынтық сұраныстың өсуіне әкеледі.


Нәтижесінде тауар нарығының қисығы IS жоғары-оңға IS' қисығына жылжиды. Валюта бағамының өзгерісі ақша нарығы өзгерісіне тікелей әсер етпейтіндіктен LM қисығы сол күйінде сақталады.

Ұлттық валюта девальвациясының шамасын дұрыс анықтаған жағдайда тепе-теңдіктің үш қисығы бір нүктеде (E<sub>2</sub>) қиылысады. Пайыз мөлшерлемесі мен өнім көлемі өседі ( $Y_2 > Y_1$ ,  $R_2 > R_1$ ) (11.4-сурет).



11.4-сурет


Екінші жағдайда ішкі тепе-теңдік төлем балансының оң сальдосына сәйкес келеді. BP қисығы ішкі тепе-теңдіктен (E<sub>1</sub> нүктесінен) төмен, оң жағында орналасады (11.5-сурет).



11.5-сурет

Капиталдың келуі ұлттық валютаға сұранысты молайтады да, ақша ревальвациясына әкеледі. BP қисығы солға-жоғары BP'-қа жылжиды. Бұл импорттың өсіп, экспорттың қысқаруына әкеледі.

Нәтижесінде жиынтық сұраныс қысқарады. Тауар нарығының қисығы  $IS'$  қисығына солға-төмен жылжиды. Үш қисықтың  $IS$ ,  $LM$  және  $BP$  қиылысу нүктесінде ( $E_2$ ) бір мезгілдегі тепе-теңдік орнайды) (11.6-сурет). Өндірістің нақты көлемі мен пайыз мөлшерлемесі бастапқыдан төмен болады ( $Y_2 < Y_1$ ,  $R_2 < R_1$ ).



11.6 - сурет

Жоғарыда сипатталған валюта бағамы өзгерісінің бір мезгілде «ішкі» және «сыртқы» тепе-теңдіктің орнауына әсері импорт пен экспорттың жылдам өзгеруін болжайды. Өйткені кейінгі «ашық» экономика үлгісі қысқа мерзімге арналған.

### 12.3 МАНДЕЛЛ-ФЛЕМИНГТІҢ АШЫҚ ЭКОНОМИКА ҮЛГІСІ

**Манделл-Флеминг үлгісі** – тұрақты және құбылмалы айырбас бағамы жағдайларында жүргізілетін экономикалық саясат нәтижелерін бағалау мақсатында қолданылатын шағын ашық экономика үлгісі.

Манделл-Флеминг үлгісі бойынша шағын ашық экономика әлемдік экономиканың тек аз ғана бөлігін құрайды, сондықтан оның дамуы үшін барлық параметрлер әлемдік рыноктан, яғни сырттан беріледі.

Ашық экономика үшін Манделл-Флеминг үлгісі ең алғаш рет XX ғасырдың 60-шы жылдарында қалыптасты және IS-LM үлгісінің жетілдірілген нысаны болып табылады. Екі үлгі де қысқа мерзім кезеңін және бағаның тұрақтылығы мен өндіріс көлемінің (жиынтық табыстың) өзгеруін қарастырады. Олардың айырмашылықтары IS-LM жабық экономиканы, Манделл-Флеминг ашық шағын экономиканы қарастырады.

Манделл-Флеминг үлгісі үш теңдеуді қарастырады:


$$Y = C(Y - T) + I(R) + G + Xn(e), IS;$$

$$M/P = L(r,y), LM;$$

$$R = R^*.$$

Бірінші теңдеу тауар нарығын сипаттайды, екіншісі – ақша рыногын, үшінші теңдеу ішкі пайыз мөлшерлемесінің ( $R$ ) әлемдік пайыз мөлшерлемесіне ( $R^*$ ) байланысты анықталатынын көрсетеді.

Манделл-Флеминг үлгісінің графигі 11.7 -суретте берілген. Көлденең сызық әлемдік пайыз мөлшерлемесін бейнелейді.



11.7-сурет

Сызбаның өзіне тән екі ерекшелігі бар:


1. IS қисығы айырбас бағамына байланысты. Айырбас бағамының өсуі қисықты солға жылжытады және керісінше.
2. Үш қисық бір нүктеде қиылысады.

Бірақ үш қисық бір нүктеде қиылыспайды деп те болжауға болады.


Ол жағдайда графиктің екі нұсқасы пайда болады:

1. Айырбас бағамы төмен болғанда IS және LM әлемдік пайыз мөлшерлемесі қисығынан жоғары нүктеде қиылысады. Бұл жағдай шет ел инвесторларын берілген ел экономикасына капитал салуға ынталандырады. Нәтижесінде валюта бағамы көтеріледі, IS қисығы төмен-солға  $IS^*$  қисығына жылжиды (11.8-сурет).

2. IS және LM қисықтары әлемдік пайыз мөлшерлемесі деңгейінен төмен нүктеде қиылысады. Бұл жағдайда берілген ел инвесторлары капиталды сыртқа шығаруға тырысады. Нәтижесінде валюта бағамы төмендейді, IS қисығы жоғары-оңға  $IS^*$  қисығына жылжиды (11.9-сурет).



11.8-сурет



11.9-сурет

Сөйтіп, тепе-теңдік LM, IS қисықтары мен әлемдік пайыз мөлшерлемесі деңгейіндегі көлденең сызық қиылысқан нүктеде тұрақты орнап отырады.

***Негізгі түсініктер:***

Ашық экономика.

Шағын экономика.

Үлкен экономика.

Ішкі тепе-теңдік.

Бір мезгілдегі ішкі және сыртқы тепе-теңдік.

Манделл-Флеминг үлгісі.

Ішкі пайыз мөлшерлемесі.

Әлемдік пайыз мөлшерлемесі.

***Талдау сұрақтары:***

1. Ашық экономика дегеніміз не?
2. Шағын және үлкен ашық экономиканың ерекшеліктері.
3. Сыртқы және ішкі тепе-теңдікке сипаттама беріңіз.
4. Манделл-Флемингтің ашық экономика үлгісіне сипаттама беріңіз.

## ХІІ тарау

### ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

12.1 Төлем балансы: мәні, баптары мен құрылымы

12.2 Валюта нарығы. Валютаның еркін айналымдағы және тағайындалатын бағамы.

#### *Қаралатын мәселелер*

Төлем балансының макроэкономикалық мәні. Сауда балансы, ағымдық операциялар балансы және капитал қозғалысының балансы. Төлем балансы шоттарының өзара байланысы. Орталық банктің ресми валюталық резерві. Макроэкономикалық саясаттың төлем балансы жағдайына әсері. Төлем балансының тапшылығы мен артықшылығы. Валюта нарығының түсінігі. Валютаның икемді және тұрақты бағамы жүйесі. Атаулы және нақты валюта бағамы. Қысқа және ұзақ мерзім кезеңдеріндегі атаулы және нақты валюта бағамдарының сәйкестігі. Макроэкономикалық саясаттың тепе-теңдік нақты валюта бағамына әсері. Икемді және тұрақты валюта бағамдары режимдерінің салыстырмалы тиімділігі.

## 12.1 ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ: МӘНІ, БАПТАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

**Төлем балансы** – мемлекеттің әлемдік нарықтағы экономикалық іс-әрекеттерінің көрінісі, айнасы

Төлем балансы – резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы белгілі бір уақыт кезеңіндегі экономикалық операцияларды жиынтық түрде көрсететін статистикалық есеп.

Халықаралық валюта қорының анықтамасы бойынша төлем балансы құрамына мыналар кіреді:

1) **Ағымдық операциялар шоты** – тауар мен қызметтер экспорты мен импорты, таза инвестициядан таза табыстар және таза трансферттік аударымдар (мемлекеттік және жеке тұлғалардың)

2) **Капитал қозғалысы мен қаржы операцияларының шоты** – ұзақ мерзімдік инвестициялар (тікелей және қоржындық); қысқа мерзімдік капиталдар қозғалысы шотына активтермен жасалған халықаралық мәмілелер кіреді: акция, облигация, жылжымайтын мүліктен түскен табыс және шетелден сатып алынған активтерге шығындар.

3) **Ресми резервтер өзгерісі** – мемлекеттің алтын қоры, әлемдік баға мен валюта бағамының өзгерісіне байланысты алтын валюта резервін қайта бағалау, елдегі алтынның бір бөлігін алтын қорына ауыстыру, ХВҚ-ның кейбір елдерге SDR беруі, шетел валютасының резервін пайдалану.

<b>I. Ағымдық операциялық шоты</b>	
Кредит	Дебет
1. Тауар экспорты	2. Тауар импорты
<i>Сауда балансының сальдосы</i>	
3. Қызметтер экспорты (туристік қызметтерден табыс)	4. Қызметтер импорты (туризмге шығындар)
5. Таза факторлық табыстар	
6. Таза ағымдық трансферттер	
<i>Ағымдық операциялар сальдосы</i>	
<b>II Капитал қозғалысы мен қаржы операциялар шоты</b>	
7. Капиталдың келуі	8. Капиталдың шетке шығарылуы
Капитал қозғалысы мен қаржы операциялар сальдосы	
<i>Қорытынды сальдо</i>	
<b>III Ресми резервтерді өзгерту</b>	

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бойынша стандартты төлем балансы үш бөлімнен тұрады:

**1. Ағымдағы операциялар шоты** - резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы тауарлардың, көрсетілетін



қызметтердің, бастапқы кірістердің және қайталама кірістердің ағындарын көрсетеді. Ағымдағы операциялар шотының сальдосы экономиканың ішкі жинақ мен инвестициясының теңгерімін көрсетеді;

**2. Капиталмен операциялар шоты** - өндірілмеген қаржылық емес активтермен және капиталдық трансферттер мен сыртқы экономикалық операцияларды қамтиды;

**3. Қаржылық шот** - резиденттер мен бейрезиденттер арасындағы қаржы активтерімен және міндеттемелерімен операцияларды және нақты ресурстардың экспорты мен импортын қаржыландыру көздерін көрсетеді.

12.1 кестеде Қазақстан Республикасының төлем балансы берілген.

Кесте 12.1 Қазақстан Республикасының төлем балансы

Төлем балансының шоттары	2012	2013	2014	2015	2016
<b>Ағымдағы операциялардың шоты</b>	<b>1 057,7</b>	<b>1 273,5</b>	<b>6 139,8</b>	<b>-5 134,4</b>	<b>-8 925,7</b>
<b>Сауда балансы</b>	<b>38 145,2</b>	<b>34 792,3</b>	<b>36 245,5</b>	<b>12 671,4</b>	<b>9 193,2</b>
Экспорт	86 931,1	85 595,4	80 309,5	46 515,9	37 262,5
Импорт	48 785,8	50 803,2	44 064,0	33 844,4	28 069,3
<b>Қызмет балансы</b>	<b>-7 929,9</b>	<b>-7 073,7</b>	<b>-6 298,1</b>	<b>-5 106,3</b>	<b>-4 756,0</b>
Экспорт	4 828,2	5 384,7	6 618,1	6 476,0	6 306,8
Импорт	12 758,1	12 458,4	12 916,2	11 582,2	11 062,8
<b>Бастапқы кірістер балансы</b>	<b>-28 117,1</b>	<b>-25 147,7</b>	<b>-22 476,7</b>	<b>-11 149,4</b>	<b>-12 969,5</b>
Резервтер мен Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы	1 028,0	1 162,1	1 176,8	1 027,5	1 119,8
Тікелей инвестициялардан кірістер	24 753,0	22 510,9	19 763,9	9 197,4	11 540,0
<b>Қайталама кірістер балансы</b>	<b>-1 040,6</b>	<b>-1 297,3</b>	<b>-1 330,8</b>	<b>-1 550,2</b>	<b>-393,3</b>
<b>Капиталмен операциялар шотының балансы</b>	<b>15,4</b>	<b>-6,4</b>	<b>29,3</b>	<b>131,7</b>	<b>269,6</b>
<b>Қаржылық шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)</b>	<b>4 319,3</b>	<b>-303,2</b>	<b>-7 094,1</b>	<b>-9 324,4</b>	<b>-8 632,2</b>
<b>Тікелей инвестициялар</b>	<b>-8 034,4</b>	<b>-4 591,1</b>	<b>-2 857,7</b>	<b>-13 511,1</b>	<b>-3 167,6</b>
Қаржылық активтерді таза алу	1 792,3	1 976,9	2 633,5	3 315,1	3 464,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	13 648,1	10 011,3	7 224,6	6 172,8	16 975,1
<b>Портфельдік инвестициялар</b>	<b>17 387,9</b>	<b>6 033,6</b>	<b>1 038,8</b>	<b>-5 887,9</b>	<b>739,3</b>
Қаржылық активтерді таза алу	15 068,2	8 503,0	6 473,8	-9 524,5	-1 250,2
Міндеттемелерді таза қабылдау	-2 319,7	2 469,4	5 434,9	-3 636,6	-1 989,5
<b>Орта- және ұзақ мерзімді борыштық құралдар</b>	<b>-4 130,1</b>	<b>-5 273,9</b>	<b>-2 506,1</b>	<b>-4 241,0</b>	<b>-4 191,7</b>
Қаржылық активтерді таза алу	1 775,4	267,5	488,0	-2 108,1	-1 558,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	5 905,5	5 541,4	2 994,0	2 132,9	2 633,3
<b>Қысқа мерзімді борыштық құралдар</b>	<b>2 793,7</b>	<b>6 672,6</b>	<b>-1 207,4</b>	<b>3 682,7</b>	<b>8 371,0</b>
<b>Қателер және қалып қойғандар</b>	<b>-1 060,3</b>	<b>-3 950,1</b>	<b>-9 008,4</b>	<b>-5 089,3</b>	<b>-232,5</b>
<b>Жалпы баланс</b>	<b>4 306,5</b>	<b>2 379,7</b>	<b>-4 254,9</b>	<b>767,7</b>	<b>256,4</b>
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-4 306,5	-2 379,7	4 254,9	-767,7	-256,4

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мәліметтері негізінде құрылған  
**Төлем балансы шоттарының өзара байланысы**

Ағымдық шот пен қаржы шотының байланысын былай көрсетуге болады

Макроэкономикалық тепе-теңдік

$$Y = C + I + G + X_n$$

$$Y - C - G = C - I - G - X_n - (C + G)$$

$$S_n = S_n = I + X_n, \quad S_n - \text{ұлттық қор}$$

жинағы

$$(I - S) + X_n = 0 \text{ (ҰБ-тың араласуынсыз икемді валюта бағамы режиміндегі төлем балансы),}$$

мұнда:  $(I - S)$  – капитал қозғалысы мен қаржы операцияларының сальдосы,  $X_n$  – ағымдық операциялар сальдосын көрсетеді.

Макроэкономикалық тепе-теңдіктен қаржы шоты мен ағымдық шоттардың бір-біріне теңесіп отыратындығын көреміз.

$$X - M = X_n = - (I - S) = S - I$$

сыртқы баланс      ішкі баланс

Төлем балансының ағымдық операциялар бойынша тапшылығы көбінесе капиталдың таза келуімен қаржыландырылады.

$$X_n < 0 \Rightarrow X - M < 0 \Rightarrow X < M$$

$$I - S > 0 \Rightarrow I > S \text{ шетелден валюта келеді.}$$

**(қарыздар)**

Егер инвестиция ұлттық жинақ қорынан жоғары болса ( $I > S$ ), онда инвестиция шетелдерден қаржыландырылады. Мемлекет әлемдік рынокта қарыздар болады.

Керісінше, егер ұлттық жинақ қоры инвестициядан жоғары болса ( $S > I$ ), онда артық жинақтаулар шетелдіктерді несиелеуге жұмсалады.  $X > M \Rightarrow X_n > 0$ , бұл жағдайда мемлекет әлемдік рынокта кредитор болады.

Сонымен ағымдық операциялардың активті сальдосы капиталдың кетуіне әсер етеді, өйткені ағымдық шоттағы артық қаржы шетелде қозғалмайтын мүлік алуға, қарызға беруге жұмсалады.

$$X_n > 0 \Rightarrow X - M > 0 \Rightarrow X > M$$

$$I - S < 0 \Rightarrow I < S \text{ валюта шетелге кетеді.}$$

**(кредитор)**

Мұндай төлем балансының реттелуі тек ұлттық банктің ешқандай араласуынсыз, ресми валюталық резервті өзгертпеген жағдайда жүзеге асырылады. Валюта бағамының икемді болуы (еркін болуы) ағымдық және қаржылық шоттарды автоматты түрде теңестіріп отырады.

### Ұлттық Банктің ресми валюта резервтері.

Ұлттық Банк шетел валютасын валюта қорынан сатуы және сатып алу арқылы валюта бағамына әсер етеді. Ресми валюта резервтеріне алтын, шетел валютасы, ХВҚ-ғы мемлекеттің несиесі, SDR несиесі алудың арнайы құқы кіреді. *SDR (Special Drawing Rights)* - Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) жасанды шығарған резерв пен төлем құралдары. Банк шоттарында ақшалай емес нысанда жазбалар түрінде көрсетіледі, банкноттар түрінде шығарылмайды.

*Төлем балансының тапшылығы* Ұлттық Банктің ресми қорын қаржыландыруы арқылы жойылады. Бұл жағдайда ішкі нарықта шетел валютасының ұсынысы артады. Ұлттық валютаның ұсынысы қысқарады да, айырбас бағамы салыстырмалы көтеріледі, нәтижесінде ұлттық экономикаға *тежеушілік әсер етеді*.

*Керісінше, төлем балансының активті сальдосы* Ұлттық Банктің ресми резервін өсіреді. Шетел валютасының ұсынысы қысқарады, ұлттық валютаның ұсынысы ұлғаяды, ал оның айырбас бағамы – салыстырмалы төмендейді. Нәтижесінде экономикаға *ынталандырушылық әсер етеді*.

Ұлттық Банктің шетел валютасын сату және сатып алу жағдайы ресми резервтермен операциялар деп аталады. Бұл валюта қоры операциялары тағайындалған валюта бағамын сақтап отыру үшін қолданылады. Ақырында ағымдық шот сальдосы, қаржы шотының сальдосы, ресми резервтер өзгерісінің қосындысы 0-ге тең болуы тиіс.

$$CAB + CA + \Delta OR = 0,$$

мұнда: CAB – ағымдық шот сальдосы;

CA – қаржылық шот сальдосы;

$\Delta OR$  – Ұлттық Банктің ресми резерв өзгерісі.

Қысқа мерзім кезеңінде ағымдық шот, қаржылық шот және төлем балансы сальдолары қор жинағы мен инвестиция көлемін анықтайтын бюджеттік-салық саясаты мен әлемдік пайыз мөлшерлемесі сияқты факторлар әсерінен өзгеруі мүмкін.

Ұлттық қор жинағының шамасы бюджеттік-салық саясатының шараларына байланысты. **Ынталандыратын фискалдық саясат ұлттық қор жинағының (Sn) қысқаруымен бірге жүргізіледі.** Бұл қаржы шотының оң сальдосын және ағымдық операциялардың теріс сальдосын қалыптастырады.

**Тежеуші фискалдық саясат ұлттық қор жинауды ұлғайтады,** бұл қаржы шотының тапшылығы мен ағымдық операциялар шотының активті сальдосына әкеледі.

**Әлемдік пайыз мөлшерлемесінің өсуі** қаржы шотының тапшылығы мен ағымдық шоттың оң сальдосына әкеледі. Әлемдік пайыз мөлшерлемесінің төмендеуі керісінше нәтиже береді.

### **13.2. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ. ВАЛЮТАНЫҢ ЕРКІН АЙНАЛЫМДАҒЫ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАЛАТЫН БАҒАМЫ**

Отандық әдебиеттерде валюта рыногында мынадай анықтама береді: *валюта нарығы - шетелдік валютаны және шетелдік валютадағы төлем құжаттарын сату-сатып алу жөніндегі әлеуметтік-экономикалық және ұйымдық қатынастар жүйесі.*

Жалпы алғанда валюта нарығы – валюта мәмілелері жасалатын нарық, яғни онда белгілі атаулы валюта бағамы бойынша бір елдің валютасы екінші елдің валютасына айырбасталады.

Еліміздің ішкі валюталық рыногы қалыптасу кезеңінде. Еліміздің коммерциялық банктері сыртқы қарыздарын өтегенде рынокқа валютаның айтарлықтай көлемін шығарады. Бұл ұлттық валютамызға да әсерін тигізеді.

**Валюта бағамы** – бір елдің валютасын екінші елдің валютасына айырбастағандағы валюталардың қатынасы.

Қазіргі кезде валюта бағамын белгілеуде екі әдіс бар:

- 1) Валютаның еркін айналымдағы бағамы (құбылмалы);
- 2) Тағайындалатын валюта бағамы (тұрақты).

**Валютаның еркін айналымдағы (құбылмалы) бағамы бойынша** бағам ұсыныс пен сұраныс әсерінен қалыптасады.

Бұл әдістің тиімділігі: ол автоматты түрде түзетіліп төлем балансының артықшылығы мен тапшылығы жойылады.

Валютаның құбылмалы бағамына әсер ететін факторлар:

**1. Тұтынушы талғамының өзгеруі.** Басқа елдің тауарына деген тұтынушының талғамы, көзқарасы сол елдің валютасына әсер етеді. Мысалы, жапондық тауарлардың сапасы жоғары болса, онда тұтынушылар ол тауарларды көбірек алады. Соған байланысты шетел валютасына сұраныс туады.

**2. Табыстың салыстырмалы азаюы.** Бір елдің ұлттық табысы басқа елдің ұлттық табысына қарағанда салыстырмалы жоғары болса, ол елдің валюта бағамы төмендейді.

**3. Бағаның салыстырмалы өзгеруі.** Егер бір елде баға өссе, ал басқа елде қалыпты болса, онда жергілікті тұтынушылар басқа елдің салыстырмалы арзан тауарларын тұтынады. Сөйтіп шет ел валюталарына сұранысты көбейтеді. Нәтижесінде ұлттық валюта құнсызданады.

**4. Салыстырмалы нақты пайыз мөлшерлемесінің өзгеруі.** Қатаң ақша-несие саясатын жүргізу нәтижесінде инфляцияны ескергендегі нақты пайыз мөлшерлемесі басқа елдерге қарағанда жоғары болса сол ел инвестициялауға тиімді елге айналады. Нәтижесінде ұлттық валютаға сұраныс туады.

**5. Алыпсатарлық.** Түрлі жорамалдарға байланысты (инфляцияның өсу қаупі, пайыз мөлшерлемесінің төмендеуі) тұлғалар ұлттық валютасын басқа қалыпты валюталарға айырбастауға ұмтылуы сол валютаға сұранысты тудырып, ұлттық валютаға қарағанда қымбаттады.

Құбылмалы валюта бағамының кемшіліктері:

- Белгісіздік және сауданың нашарлауы.
- Сауда жағдайы. Елдің экономикасы халықаралық нарық валютасының бағамына төмендегідей жағдайда нашарлайды. Валюта бағамына тәуелді болады.
- Тұрақсыздық. Ішкі экономикаға жағымсыз әсер етеді.

**Тағайындалатын (тұрақты) валюта бағамы.** Ұлттық валюталардың қатынасы заңды түрдегі валюталық паритетке негізделіп ресми түрде белгіленеді. Тұрақты валюта бағамы жүйесінде Ұлттық банк сыртқы және ішкі валюталардың салыстырмалы бағасын немесе валюта паритетін тағайындап отырады.

Құбылмалы валюта бағамы жағдайында валюта тапшылығы автоматты түрде жойылады. Ал тұрақты валюта бағамы жағдайында бұл проблеманы мемлекет шешуі керек. Валюта тапшылығын жою төмендегідей әдістермен жасалады:

- Резервтерді қолдану. Бұл ең жеңіл тәсіл. Өйткені мемлекет иелігіндегі валюта қоры бағам ауытқулары байқалған кезде қолданылады. Бірақ бұл әдістің кемшілігі егер теріс сальдо ұзақ уақыт байқалатын болса, онда бұл саясаттан бас тарту керек болады.
- Сауда саясаты. Бұл мемлекеттің бағамды бір қалыпта ұстау мақсатында импортты шектеп, экспортты ынталандыру саясаты. Импортты квота, қосымша кеден салығын салу

арқылы шектейді. Алайда мұндай жасанды шектеулер экономиканың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

- Валюталық бақылау. Мемлекет шетке тауар шығарушыларға шетел валютасын тапсыруға міндеттейді. Жиналған валютаны шетелден тауар әкелушілерге бөліп береді. Сөйтіп импорт пен экспортты теңестіреді. Бұл әдістің кемшіліктері: сауданың бұзылуы, алалаушылық, таңдаудың шектелуі, «қара базар».
- Ішкі макроэкономикалық реттеулер. Салық және ақша саясаттарын жүргізу арқылы шетел валютасына сұранысты шектейді.

Реттеу нысанына қарай валюта бағамын атаулы және нақты деп бөледі.

**Атаулы (номиналды) валюта бағамы** - екі ел валюталарының салыстырмалы бағасы. Атаулы валюта бағамын белгілеу үшін «валютаның айырбас бағамы» ұғымы қолданылады.

**Нақты валюта бағамы** - екі елде өндірілген тауарлардың салыстырмалы бағасы.

Сондай-ақ ұлттық валюта бағамын девизалық және айырбас бағамы деп бөледі.

*Девизалық бағам* – шетел валютасы бірлігімен есептелген ұлттық валюта бағасы.

*Айырбас бағамы* – ұлттық валюта бірлігімен есептелген шетел валютасының бағасы.

Валюта бағамының режиміне байланысты айырбас бағамының қозғалысы әртүрлі аталады. Құбылмалы баға жағдайында тепе-теңдік бағаның төмендеуі валютаның **құнсыздануы** деп аталса, ал көтерілуін валютаның **қымбаттауы** дейді. Тұрақты бағам режимінде бұл процестер сәйкесінше **девальвация** және **ревальвация** деп аталады.

Қазіргі айырбас бағамының қалыптасу үлгілерінің бірі пайыздық паритет теориясы мен сатып алу қабілеті паритетін біріктіруге негізделген. Ол бойынша екі валютаның айырбас бағамының өзгерісі олардың сатып алу қабілетінің айырмашылығын көрсетеді.

**Сатып алу қабілетінің паритеті (ППС)** – валюталардың сатып алу қабілетін теңестіру үшін қолданылатын *валютаның айырбас бағамының деңгейі*. ППС тұжырымдамасына сәйкес, халықаралық бәсеке халықаралық саудаға қатысатын тауарлар мен қызметтердің ішкі және сыртқы бағаларын бір деңгейге әкеледі. Оның негізгі идеясы – бірыңғай баға заңы, яғни кез-келген тауар жалпы нарықта бірыңғай бағаға ие. Бұл заңның маңызы: сыртқы

бағаны ішкі бағаға және керісінше ауыстыруға мүмкіндік беретін екі баға теңдігінің болуы.

***Негізгі түсініктер:***

Төлем балансы.

Ағымдық операциялар шоты.

Қаржы (капитал) шоты.

Ресми резервтер.

Сауда балансы.

Шетелден таза факторлық табыстар.

Таза ағымдық трансферттер.

Таза шетелдік активтер.

Таза капиталдық трансферттер.

Капиталдың келуі және капиталдың кетуі.

Төлем балансының тапшылығы және артықшылығы.

Тағайындалатын валюта бағамы.

Құбылмалы валюта бағамы.

Нақты бағам.

Атаулы бағам.

Девизалық бағам.

Айырбас бағамы.

Девальвация.

Ревальвация.

Сатып алу қабілетінің паритеті (ППС).

***Талдау сұрақтары:***

1. Төлем балансы, оның негізгі баптары.
2. Төлем балансының тапшылығы және артықшылығы.
3. Тағайындалатын валюта бағамы, құбылмалы валюта бағамы.
4. Нақты айырбас бағамы және атаулы айырбас бағамы.
5. Сатып алу қабілетінің паритеті дегеніміз не.

## **XIII тарау**

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА ЖӘНЕ САУДА САЯСАТЫ**

13.1 Халықаралық сауда: мәні, факторлары, теориялары

13.2 Сауда саясаты: протекционизм және фритредерство

13.3 Халықаралық сауда жүйесіндегі Қазақстанның алатын орны

#### ***Қаралатын мәселелер***

Халықаралық сауда, оның негізгі принциптері. Импорт пен экспорттың экономикалық мәні. Халықаралық сауданың классикалық және неоклассикалық тұжырымдамалары. Протекционизм. Протекционистік саясатты жүргізудегі мемлекеттің ролі. Тарифтік және тарифтік емес шектеулер. Еркін сауда саясаты. Халықаралық саудада экономикалық қатынастарды реттейтін халықаралық ұйымдар. Қазақстанның халықаралық саудадағы ролі.



### 13.1 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА: МӘНІ, ФАКТОРЛАРЫ, ТЕОРИЯЛАРЫ

*Халықаралық сауда* – әртүрлі мемлекеттердің ұлттық шаруашылықтарының арасында жүретін тауар мен қызмет айырбасы. Халықаралық сауданың негізі – халықаралық еңбек бөлінісі. Халықаралық еңбек бөлінісі жеке елдердің мамандандырылуын сақтайды. Олардағы өндіріс қызметінің әртүрлі саласын белгілі түрге мамандандырады. Нәтижесінде өндіріс пен ғылыми техникалық қызметтерді тауарлармен айырбастау жағдайын туғызып, халықаралық сауда дами түседі.

Халықаралық қатынастардың басты нысандарына жататындар:

- халықаралық еңбек бөлінісі;
- тауарлармен қызмет көрсетудегі дүниежүзілік сауда;
- халықаралық несие;
- өндірістік факторлардың халықаралық ауысуы;
- халықаралық валюта-қаржы қатынастары;
- халықаралық ғылыми-техникалық байланыстар;
- экономикалық интеграция.

Халықаралық еңбек бөлінісі мен тауар айырбасына әсер ететін төрт негізгі фактор:

1. *Әлеуметтік-жағрафиялық факторлар* – жағрафиялық орналасу, халықтың құрылымы, саны және де олардың шаруашылық тәжірибесі
2. *Табиғи экономикалық факторлар* – табиғи климаттық жағдайлар, жер шаруашылығы құралдары, табиғи кен байлықтары
3. *Техникалық экономикалық факторлар* - жеке елдердің экономикалық және ғылыми техникалық даму деңгейі әртүрлі болуымен анықталады,
4. *Ғылыми-техникалық прогресс.* Халықаралық еңбек бөлінісі өнімдердің тұрақты түрде жаңаруына, тауарлар ассортиментінің және олардың техникалық күрделілігінің шапшаң өсуіне әкеледі.

Сыртқы сауда – тауарды әкелуден түсетін және шығарудан құралады. Әрбір елдің сыртқы сауда нәтижесі сауда балансынан көрінеді. Егер шығарылған тауар құны әкелінген тауар құнынан артық болса, онда оны сауда балансының оң сальдосы деп атайды. Керісінше жағдай болғанда пассивті сауда балансын құрайды.

Халықаралық сауданың тиімділігі теориясына айтарлықтай үлес қосқан ағылшын экономистері А.Смит, Д.Рикардо, Дж.С.Т.Милль болды.

**Абсолютті артықшылық теориясының** негізін қалаған А.Смит. Оның теориясы бойынша халықаралық сауда әртүрлі елдердегі тауар өндірісінің абсолютті шығындарының айырмашылығына негізделуі тиіс.

А.Смиттің ойынша, *әрбір ел басқа елге қарағанда, еркін нарық жағдайында өндірісіне аз шығын жұмсайтын тауарға маманданғаны дұрыс.*

А.Смит әр елде белгілі тауарларды аз шығынмен өндіруге мүмкіндік беретін ерекше табиғи жағдайлар мен ресурстар бар екенін атап көрсетті.

А.Смиттің абсолютті артықшылық теориясын толықтырған және әрі қарай дамытқан Д.Рикардо болды. Ол өзінің салыстырмалы артықшылық теориясын ұсынды. Ол өзінің «Принципы политической экономии» (1817) еңбегінде, егер екі елдің біреуі абсолюттік артықшылыққа ие болмаса, онда елдер арасында сауданың қалай мүмкін болатындығын дәлелдеген.

**Салыстырмалы артықшылық теориясы** – мамандандырылған өндіріс пен сауданы басқа мемлекетпен салыстырғанда баламалы шығындары аз болуы қажет. Сонда жалпы өнім де жоғары деңгейде болады.

Салыстырмалы артықшылық теориясында сыртқы сауданың шарты абсолюттік шығындар айырмашылығы болуы міндетті еместігін және абсолюттік артықшылық болмаса да, сыртқы сауданың тиімді екенін пайымдады.

Рикардоның ойынша, елдер салыстырмалы арзан тауарларды сыртқа шығарып (экспорттап), ал өз еліне қарағанда шет елдерде аз шығын кететін тауарларды әкелуі (импорттауы) тиіс. Әр ел басқа елге қарағанда абсолюттік шығындары жоғары болса да салыстырмалы шығындары төмен өнімдер өндіруге мамандануы керек.

Ағылшын экономисі Дж.С.Т.Миль тауар айырбасы қандай баға арқылы жүзеге асырылады деген сұраққа жауап бергісі келді. Оның ойынша, импортталатын (сырттан әкелінетін) тауарлар бағасы экспортталатын (сыртқа шығарылатын) тауарлар бағасымен өлшенеді. Басқаша айтқанда, айырбас бағасы импорт пен экспортты теңестіретін сұраныс пен ұсыныс заңына байланысты анықталады. Мильдің халықаралық сауда теориясы: *тауарына сұраныс бар*

*және шетел тауарларын көп қажет етпейтін ел әрқашанда ұтады* деген қағидаға негізделеді.

Қазіргі батыс экономистері (неоклассикалық теория өкілдері) Д.Рикардоның халықаралық сауда теориясын одан әрі дамытып жетілдірді. Бұл бағыттағы теорияның дамуына зор үлес қосқан швед ғалымдары Эли Хекшер және оның шәкірті Бертиль Олин, американдық ғалым П.Самуэльсон (Хекшер-Олин үлгісін математикалық түрде экономикалық тәжірибеге бейімдеп берді) болды. Сондықтан аталмыш үлгіні батыста Хекшер-Олин-Самуэльсон үлгісі деп атайды.

Хекшер-Олин үлгісін *өндіріс факторлары сәйкестігінің* теориясы деп атайды. Әр елде тарихи және географиялық ерекшеліктеріне байланысты өндіріс факторлары – еңбек, капитал және жер ресурстары әркелкі орналасқан. Соған байланысты неоклассиктердің тұжырымдауы бойынша: жұмыс күшінің артықшылығы бар елдерге көп еңбек жұмсалатын тауарларды өндіруге маманданған (экспорттаған) тиімді, ал капитал артықшылығы бар елдер капиталды көп қажет ететін тауарларды экспорттағаны дұрыс.

Хекшер-Олин үлгісі бірнеше рет тексерілді. Американдық экономисі В.Леонтьев 1954 жылы өзінің мақаласында: «1947 жылы капитал артықшылығына ие АҚШ елі еңбекті көп қажет ететін тауарларды шетке шығарды» деп жазды. Бұл әрине Хекшер-Олин теориясына қайшы келді. Аталмыш сәйкессіздік «Леонтьев қайшылығы (парадоксы)» деген атқа ие болды.

### **13.2 САУДА САЯСАТЫ: ПРОТЕКЦИОНИЗМ ЖӘНЕ ФРИТРЕДЕРСТВО**

Мемлекеттік сыртқы сауда саясаты екі типте жүргізіледі: протекционизм және фритредерлік.

**1. Протекционизм ( латынша «protectio» - қорғау)** – жергілікті тауар өндірушілерді шетелдік бәсекелестерден қорғау саясаты.

Протекционизм капиталдың алғашқы қорлануы кезінде (XVI-XVIII ғғ) пайда болды. Оның теориялық негізін меркантилистер құрды және бас кезінде Францияда кең тарады. Ресейге І Петрдің билік еткен кезеңінде келді.

Протекционистік саясатты жақтаушылардың аргументтері:

1. Протекционизм ұлттық реурстарды пайдалану деңгейін көтереді.

2. Протекционизм импорттық салықтарды қолданып экономикалық тиімділікті арттырады.

3. Протекционизм өзінің экономикалық дамуында келеңсіз жағдайларға ұшыраған салаларды көтеруге мүмкіндік береді.

4. Протекционизм тек өте үстіртін жағдайларда (төлем балансы тапшылығы, ұлттық экономиканы шетелдік субъектілердің бәсекесінен қорғау үшін) қолданылады.

Сондай-ақ протекционизмді жақтаушылар оның әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарын атап көрсетеді:

- протекционизм елдердің қауіпсіздік қабілетін ұстауға жағдайлар жасайды. Әр ел өзінің ұлттық қауіпсіздігіне қажетті стратегиялық маңызды салалардың (ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, металлургия т.б.) дамуын қамтамасыз етуі қажет.

- протекционизм өмір сүру деңгейі мен сапасы төмен елдерді дамыған елдерден қорғау үшін қажет;

- протекционистік саясат кейбір әлеуметтік топтар мен экономикалық қызметтерді (крестьяндықты, ұлттық қолөнерді) сақтап қалуға мүмкіндік береді.

**Фритредерлік (ағылшынша «freetrade» - еркін сауда) саясат** - ішкі рынокқа шетел капиталы мен қызметтерді енгізуді қолдау.

Фритредерлік XVIII ғасырда Ұлыбританияда пайда болды.

Еркін сауданы жақтаушылардың аргументтері:

1. Фритредерлік еркін саудаға қатысушы елдердің тұрмыс деңгейі мен сапасын көтереді.

2. Фритредерлік бәсекенің дамуына жағдайлар жасап, отандық өндірушілердің жаңа, сапалы тауарлар өндіруге ынтасын көтереді.

3. Фритредерлік жаңа рыноктардың дамуына мүмкіндік тудырады.

4. Фритредерлік өндірістік ресурстардың елдер арасында оңтайлы бөлінуін қамтамасыз етеді.

Протекционистер және фритредерліктердің көзқарастарын салыстыра келе мынадай тұжырым жасауға болады: протекционистер қысқа мерзімдік мүдделерді көздейді, фритредерліктер ұзақ мерзімдік мақсаттарға негізделеді. Алайда нақты елге протекционизм тиімді, ал фритредерство зиян деп

немесе керісінше, айтуға болмайды. Италиян экономисі В.Парето айтқандай: «Нақты елдің нақты мерзімдегі экономикалық және әлеуметтік жағдайын біле отырып, ол елге сол уақытта қандай саясаттың қажет екенін анықтап алу қажет - протекционистік пелде еркін сауда ма».

Сауда саясаты тарифтік немесе тарифтік емес құралдар арқылы жүзеге асырылады. Сыртқы сауданы шектеудің кең тараған әдісі – **импорттық тарифтер**: кеден (баж) салығы. Кеден салығы шетел тауарларына салынады, нәтижесінде тауарлар қымбаттайды, сұраныс азаяды. Кеден салықтары фискалдық қызмет атқарады, яғни ол мемлекет бюджетін толықтырудың негізгі көзі болып табылады.

Алайда импортқа салық отандық тұтынушыларға біршама зиян әкеледі, өйткені тарифтерді енгізу импорттық тауарларды қымбаттатады, нәтижесінде отандық сатып алушылар қосымша салық төлейді.

**Экспорттық тариф** - мемлекеттің экспорттық тауарларды реттеу үшін қолданатын құралы. Экспорттық тариф ішкі бағаны әлемдік деңгейден төмендетеді, нәтижесінде ішкі тұтыну өседі де оның экспорты қысқарады. Бұл жағдайда ұлттық өндірушілер зиян шегеді, ал сатып алушылар ұтады, өйткені баға әлемдік деңгейден төмен.

Отандық өндірушілерді қорғау үшін протекционистік саясатта кеден тарифтерімен қатар баламалы әдіс, экспорттық субсидиялар қолданылады.

**Экспорттық субсидиялар** – үкіметтің экспорттық тауар өндірушілерге көрсететін қаржылық көмектері. Экспорттық субсидиялар бірнеше нысанда болады:

- экспортер-фирмаларға төмен пайызбен займдар беру
- шетелдерде экспорттық өнімдерді өткізу үшін үкіметтен шығындар бөлу
- экспортталатын өнім көлемін көбейту үшін салық жеңілдіктерін беру.

Экспорттық субсидиялар экономиканың экспорттық салаларының дамуына жағдайлар жасайды және ұлттық өндірушілерге әлемдік рынокта бәсекелік артықшылық тудырады.

XX ғасырдың 30-шы жылдары халықаралық саудада жаңа кедергілер пайда болды – тарифтік емес. Тарифтік емес

шектеулерге мыналар жатады: а) сапа стандарты; ә) санитарлық шектеулер; б) құрал-жабдықтардың экологиялық талаптарға сәйкестігі; в) импортқа лицензия беруге шектеулер қою; г) нақты елдерде кейбір тауарлар түрін сатуға әкімшілік тиым салу.

Ең кең тараған тарифтік емес шектеулердің бірі – импорт пен экспортқа квота енгізу. *Импорттық квота* – импорттық тауарлардың көлемін сандық шектеу. Импорттық квотаның екі түрін ажыратады: а) абсолюттік квота – берілген елге әкелуге рұқсат етілген тауарлар көлемі; ә) тарифтік квота – төмен ставка бойынша белгілі уақыт аралығында нақты тауар әкелуге рұқсат беру.

*Экспорттық квота* – экспорттық тауарлар көлемін сан жағынан шектейтін әдіс. Экспорттық квота ел экономикасы үшін экспорттың алатын ролін көрсету үшін қолданылады. Мысалы, соңғы ХХ ғасырдың он жылдығында ЖІӨ -гі экспорт үлесі АҚШ пен Жапонияда 10%-ды, Англия мен Францияда – 24%-ды, Германияда – 34%, Бельгияда – 70%-ды құрады.

Тарифтік емес шектеулерге сондай-ақ демпинг жатады. **Демпинг** – экспорттер-өндірушілердің сыртқы рынокта тауарларын ішкі бағадан төмен бағамен сатуы. Демпингтің тұрақты және уақытша түрлері болады.

*Тұрақты демпинг* – фирмалардың сыртқы рынокта монополиялық пайда табу үшін ұзақ уақыт бойы тауарларын әлемдік рыноктан төмен бағамен сатуы.

*Уақытша демпинг* – тауарларды сыртқы рынокта өзіндік құнынан төмен бағамен сату. Демпингтің бұл түрі бәсекелесін рыноктан ығыстырып монополиялық билік орнату үшін уақытша қолданылады.

Халықаралық саудада экономикалық қатынастарды реттеу үшін халықаралық ұйымдар құрылды. Олардың қатарына жатады:

ГАТТ – тарифтер мен сауда туралы басты келісім. Оған қатысушылардың сауда қатынастары қабылданған нормалар мен ережелер негізінде айқындалады. ГАТТ 1948 жылдан бастап әрекет етеді. Бұл ірі халықаралық ұйымның шеңберінде сыртқы саудаға қатысты барлық проблемаларды талқылау үшін мүше елдер арасында келіссөздер, консультациялар, кездесулер өткізіледі. ГАТТ – тың толық құқылы мүшелерінің саны 1990 жылы 96 – ға жетті.

ЕАСТ – Еуропалық еркін сауда ассоциациясы 1960 жылдан бастап жұмыс істейді. Бұл ассоциацияға 6 Батыс Еуропалық елдер

кіреді. ЕАСТ – тың негізгі мақсаты өзара еркін сауда жағдайын қалыптастыру.

ЮНКТАД - БҰҰ – ның сауда және даму конференциясы. Бұған 170- ке жуық мемлекет кіреді. Ол көптеген халықаралық экономикалық қатынастардың дамуына және реттелуіне қолдау жасайды.

ЭЫҰ - Экономикалық Ынтымақтастық ұйымы 1985 жылы құрылды. 1992 жылғы қарашада оның құрамына жаңа жеті мемлекет, оның ішінде Қазақстан кіргеннен кейін аталған бірлестіктің қызметі елеулі түрді жанданды.

ЭЫҰ-ның негізгі міндеті – мүше елдердің үздіксіз әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін, аймақ мемлекеттері экономикасының шаруашылық байланыстарының әлемдік жүйесіне дәйекті түрде және бірте-бірте кірігуі үшін жағдай жасау болып табылады.

Экономикалық реформаларды қаржыландыру, ұлттық экономиканың жекелеген салаларын дамыту жөніндегі арнайы жобаларды іске асыруға арналған заемдар мен несиелерді алу көзқарасы тұрғысынан Қазақстан Халықаралық Валюта қоры, Дүниежүзілік банк, Еуропалық Қайта құру және Даму банкі, Азиялық Даму банкі, Ислам Даму банкі сияқты халықаралық ұйымдармен ынтымақтастыққа басымдықты рөл береді.

### **13.3 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРНЫ**


Қандай да болмасын елдің, оның жеке аймағының әлемдік маңызы оның экономикалық әлуетімен, әлемдік тауар өндіру, технология, қаржы жүйесіндегі орнымен, жалпы экономикалық серпінділігімен анықталады.

Қысқа мерзім ішінде Қазақстанды егеменді тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзінің 120-дан астам елі мойындады. Минералды ресурстарға бай Қазақстан шетел капиталын өзіне тартып, 200-дей біріккен кәсіпорын құрылды. Өнеркәсібі дамыған елдермен (АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея т.б.) халықаралық экономикалық қатынастарды дамыту жүзеге асуда. Осындай игі істер АСЕАН елдерімен, әсіресе – Индонезия, Малайзия, Сингапурмен жасалуда. Түркия, Иран, Сауд Арабиясы елдерімен ынтымақтастығы артып келеді. Ресей, Өзбек, Қырғыз елдерімен экономикалық қатынастар басым бағыттарда ұстауда. Еуропа экономикалық одақ елдерімен Қазақстанның

экономикалық қатынаста болуы үлкен стратегиялық мүдделілікті байқатады.

Дәстүрлі экономикалық қатынастарды Қазақстан барлық ТМД елдерімен және Шығыс Еуропамен жалғастыруда. Қытаймен өзара ұзақ мерзімді қатынас жаңа деңгейге көтерілді. Қазақстан қазіргі кезде дүниежүзіндегі 60-тан астам елдермен сауда қатынастарын жүргізуде.

Қазақстан экономиканы реформалауда шетел капиталын бәсекелестік негізінде тартуды алға қоюда. Ол экономиканың күрделі мәселесін шешіп қана қоймайды, жаңа технологияны әкелуді, экспорттық өнімнің бәсекелік қабілетін арттыруды көздеп, ішкі нарықты өзімізде шығарылған тауармен толтыруды мақсат етеді.



13.1 – сурет Қазақстанның сыртқы сауда айналымы, млн. АҚШ доллары

*Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика агенттігі мәліметтері бойынша құрылған. Қазақстан 2016 жылы/Статистикалық жылнамалық, Астана, 2017. – 478 бет.*

Жоғарыда атап өткеніміздей, экспорттық өндірісті дамыту Қазақстанда басым бағыттарға ие болуда. Қазақстан Республикасы ТМД елдерімен кең көлемде экономикалық байланыстар жасап келеді.



2016 жылы Қазақстанның достастық елдермен сыртқы сауда айналымы барлық тауар айналымының 28,5 пайызын құрады. (13.1 - кесте)

Демек, республика үшін негізгі серіктес болып ТМД елдері жатады, оның ішінде біріншісі – Ресей. Республикадағы экспорттық құрылымның негізін ірі – тонналық өнімдер – мұнай, астық, көмір, руда және концентраттар, қара металл прокаты, мыс, мырыш, қорғасын құрайды. Осы өнімдерді алыс жаққа тасу экономикалық жағынан тиімсіз, себебі оларды қымбаттатып жібереді. Сондықтан Қазақстан үшін таяу көршілермен сауда – саттық жасау пайдалы.

Кесте 13.1 Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы

млн. АҚШ доллары

	2012	2013	2014	2015	2016
Тауар айналымы – барлығы	132 807,2	133 506,0	120 755,3	76 523,5	62 113,6
оның ішінде:					
ТМД елдері	33 530,3	33 553,6	28 599,5	20 970,3	17 691,2
әлемнің басқа елдері	99 276,9	99 952,4	92 155,8	55 553,2	44 422,4
Экспорт - барлығы	86 448,8	84 700,4	79 459,8	45 955,8	36 736,9
оның ішінде:					
ТМД елдері	11 417,7	10 881,5	11 052,5	7 908,3	6 327,6
әлемнің басқа елдері	75 031,1	73 818,9	68 407,3	38 047,5	30 409,3
Импорт - барлығы	46 358,4	48 805,6	41 295,5	30 567,7	25 376,7
оның ішінде					
ТМД елдері	22 112,6	22 672,1	17 547,0	13 062,0	11 363,6
әлемнің басқа елдері	24 245,8	26 133,5	23 748,5	17 505,7	14 013,1

*Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика агенттігі мәліметтері бойынша құрылған. Қазақстан 2016 жылы/Статистикалық жылнамалық, Астана, 2017. – 478 бет.*

IMD - Дүниежүзілік бәсекеге қабілеттілік рейтингісінің қорытындысы бойынша 2017 жылы Қазақстан 15 орынға көтеріліп, 32 орынды иеленді. Осылайша, Қазақстан 2014 жылғы ұстанымға қайта оралды (2014 жылы - 32 орын, 2015 жылы - 34, 2016 жылы - 47).

Бұл рейтингте (IMD) мемлекеттердің мына факторлар бойынша бәсекеге қабілеттілігі талданады:

- 1) Экономикалық қызмет;
- 2) Үкіметтің тиімділігі;
- 3) Бизнес тиімділігі;
- 4) Инфрақұрылым.

IMD - Дүниежүзілік бәсекеге қабілеттілік рейтингінде Қазақстан төрт фактордың ішінен: «Үкіметтің тиімділігі» (19-орын, 12-позиция) және «Бизнес тиімділігі» (23-орын, плюс 21) бойынша ең мықты позицияларға ие болды.

IMD Дүниежүзілік бәсекеге қабілеттілік рейтингісі 1989 жылдан бері өткізіліп отырған елдердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың беделді көзі ретінде танылған танымал мекеме. Қазіргі уақытта оның бағалауы әлемнің 56 елін қамтиды.

Көптеген жылдар бойы IMD мамандары әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігін және оны анықтайтын факторларды зерттеу нәтижесінде бәсекеге қабілеттілік үшін «алтын ережелерді» әзірледі. Ол ережеге сәйкес әр ел өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағыттайды.

Олар мына тәртіпте жасалады:

- Тұрақты және болжамды заңнама;
- Экономиканың икемді құрылымы;
- Дәстүрлі және технологиялық инфрақұрылымға инвестициялар;
- Жеке жинақ пен ішкі инвестицияларды ынталандыру;
- Шетелдік тікелей инвестицияларды тарту арқылы экспорттың агрессиялық деңгейін арттыру;
- Басқару мен әкімшіліктің сапасын, тиімділігін және ашықтығын арттыру;
- жалақы, еңбек өнімділігі мен салықтардың өзара тәуелділігі;
  - Елдегі ең төменгі және ең жоғары кірістер арасындағы айырмашылықты төмендету және орта тапты нығайту;
  - Білім беруге, әсіресе, орта білімге, сондай-ақ қызметкерлердің үздіксіз дамуына үлкен инвестициялар.

Қазіргі кезде мемлекетпен қатар мемлекеттен тыс құрылымдар да халықаралық қатынастардың субъектілері болып табылады, яғни жекелей алғанда БҰҰ және оның органдары: Бас Ассамблея, Кауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, Қамқорлық туралы Кеңес, Халықаралық сот, Секретариат.

БҰҰ құрылым белсенді және мақсатты қызметінің нәтижесінде халықаралық шиеленістердің түйінін шешу, келісімдік процестерді жолға қою, мемлекеттердің мүдделерін түйістіру, халықаралық құқық нормаларының сақталуын қамтамасыз ету, агрессияны айыптау, халықаралық проблемаларды шешуде консенсустық мәдениет пен бейбітшілік сүйгіштікті қалыптастыруға кең жол ашылады. БҰҰ ерікті халықаралық ұйым болғандықтан ол өзіне мүше елдердің еркі негізінде ғана қызмет ете алады.

1992 жылы 2-наурызда Қазақстанның БҰҰ-ға кіруі өзінің маңызы жағынан тарихи акция болды. Қазақстан БҰҰ-ға әлемдік қоғамдастықтың қатардағы жаңа мүшесі ретінде ғана емес, сонымен бірге қазіргі заманның ең бір өзекті халықаралық проблемалары бойынша белсенді позиция ұстанатын, ядролық қарусыздану жолындағы қозғалыстың алғы шебінде тұрған мемлекет ретінде енді.

***Негізгі түсініктер:***

Халықаралық сауда.

Импорт.

Экспорт.

Протекционизм.

Фритредерлік.

Ипорттық тариф.

Экспорттық тариф.

Экспорттық субсидиялар.

Импорттық квота.

Экспорттық квота.

Демпинг.

***Талдау сұрақтары:***

1. Қандай саясат тиімді: протекционизм немесе фритредерлік.
2. Сауда саясатының құралдары.
3. Тарифтік шектеулерді енгізу нәтижелері.
4. Қандай тарифтік емес шектеулерді білесіз.
5. Халықаралық саудада экономикалық қатынастарды реттейтін халықаралық ұйымдар.
6. Халықаралық саудадағы мемлекеттің алатын орны

## XIV тарау

### ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

- 14.1 Экономикалық өсу: мәні, факторлары, көрсеткіштері мен типтері
- 14.2 Экономикалық өсудің неокейнстік (Харрод-Домар) үлгісі
- 14.3 Экономикалық өсудің неоклассикалық (Солоу) үлгісі
- 14.4 Экономикалық өсудің посткейнстік үлгісі
- 14.5 Экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі мемлекеттің ролі

#### *Қаралатын мәселелер*

Экономикалық өсу дегеніміз не, оған қандай факторлар әсер етеді және оның қайнар көзі неде. Экономикалық өсудің экстенсивті және интенсивті түрлерінің бір-бірінен айырмашылығы. Экономикалық өсудің әртүрлі үлгілерінің өзіндік ерекшеліктері. Экономикалық өсуді реттеудегі мемлекеттің ролі.

## 14.1 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ: МӘНІ, ФАКТОРЛАРЫ

*Экономикалық өсу* – барлық елдер үшін негізгі экономикалық проблема. Экономикалық әдебиеттерде экономикалық өсу түсінігін әржақты пайымдайды. Бір экономистер экономикалық өсуді әлеуетті және нақты жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) көбеюі деп түсіндірсе, басқалары экономикалық өсуді өндірістік қуаттың өсуі, адам басына шаққандағы нақты өнім көлемінің өсуі деп сипаттайды.

Отандық әдебиеттерде экономикалық өсуді нақты өнім көлемінің ұзақ мерзімді өсуі ретінде қарастырады. Экономикалық өсу – ұлттық өнімнің сан жағынан көбеюі мен сапа жағынан жетілдірілуі.

Экономикалық өсу арқылы халықтың шексіз қажеттілігі мен шектелген ресурстар арасындағы қарама-қайшылықтар шешіледі, халық арасындағы әртүрлі топтар арасындағы кірістер айырмашылығы азаяды, қоршаған ортаны қорғау мәселелері шешіледі және т.б.

Ең соңғы жүз жылдықта әлемдегі ЖІӨ көптеген елдерде бір адам жанына есептегендегі өлшемі арта түсуде. Экономикалық өсу 80 жылдардағы дамушы елдерде кездесетін өнім көлемінің төмендеуі мен өндірістің күрт азаюына қарамастан жиі кездесетін құбылысқа айналды. Экономикадағы ұзақ мерзімді даму тренді көптеген елдерде тұрақты сипатқа ие.

Кесте 14.1 Соңғы 15 ғасырдағы халықтың өсуі мен бір адам басына шаққандағы өнім көлемі (орта жылдық өсу қарқыны)

	Халық	Бір адамға шаққандағы өнім көлемі
Аграризм (500-1500ж.ж.)	0,1	0,0
Дамыған аграризм (1500-1700 ж.ж.)	0,2	0,1
Сауда капитализмі (1700-1820 ж.ж.)	0,4	0,2
Капитализм (1820-1980 ж.ж.)	0,9	1,6

*Дерек көзі: Сакс Дж. Д., Ларрен Ф.Б. Макроэкономика. Глобальный подход. М.: Дело 1996. б.599.*

1820-1980 ж.ж.-ғы индустриалды мемлекеттердің бір адамға шаққандағы орташа жылдық өндірістің өсу қарқыны 1,6 %. Сол кездегі халық саны әр жыл сайын 1 %-ға арта түсті.

Қазіргі заманғы экономикалық өсулерді талдау барысында Э.Медисон соңғы бес ғасырды 4 этапқа бөлді: аграризм, дамыған аграризм, сауда капитализмі және капитализм. Өсу қарқыны төртінші сатыға дейін өте төмен деңгейде қала берді. Тек капитализм сатысында ғана күрт өзгерді.

С.Кузнец Англия, АҚШ және Германия сияқты елдерінде экономикалық өсу қарқынының күрт жоғары көтерілуі өндірістік революция кезеңінде пайда болды деп санайды, әрине егер де капитализм алдыңғы қатарлы жүйе ретінде болса ғана.

Мәселелер бойынша пікірталастар әлі орын алып отыр: неге экономикалық өсу алдымен бұл елдерде жылдамдатылады, неге басқаларында емес? Сонымен қатар кейбір авторлар экономикалық өсудегі алғышарттарды дінде байқаса (М.Вебер), ал басқалары бұл процесті технология мен жеке меншік институттарының пайда болуымен байланыстырады (Д.С. Норс).

Қалай болғанмен де экономикалық өсу процессінде экономика құрылымындағы аса маңызды эволюциялық өзгерістер болып тұрады.

Қазір экономикалық өсудің ең негізгі ерекшелігі өндіріс пен жұмыспен қамтудың жалпы көлеміндегі ауылшаруашылық секторы үлесінің төмендеуі болып табылады. Мысалы: кедей мемлекеттерде (Бразилия, Корея) ауылшаруашылығындағы халықтың жұмыспен қамту үлесі 20-25 % аралығында, ал индустриалды мемлекеттерде – 5 % шамасында.

Аграрлық сектордың үлесі төмен болу себебі ұсыныс (өндірістік еңбектің қарқынды өсуі) пен сұраныс саласына байланысты: Энгель заңына сәйкес тұрғындардың жан басына шаққандағы кірісінің артуы азық-түлік өнімдеріне тұтынушылардың сұраныс үлесі азаяды.

Аграрлық сектор үлесінің төмен болу себебінің кері жағы өнеркәсіп үлесінің өсуі, сонан соң қызмет көрсету сферасының артуы.

Қазіргі экономикалық өсудің тағы бір ерекшелігі урбанизация (индустрияны дамыту салдары ретінде). Ірі фирмалармен орындалатын өнеркәсіптік өндірістер бір-біріне біршама жақын орналасқан. Оның себебі жалпы инфрақұрылыммен қолданып, шығындарды үнемдеу мақсатында (агломерация әсері) шоғырлану.

Бұл проблемаларды талдау келесіні сипаттайды, табиғи ресурстардың молдығы немесе жетіспеушілігі экономикалық

өсудің аса маңызды факторы болып табылмайды. Әлемдік тәжірибеде табиғи ресурстарға кедей мемлекеттерде экономикалық өсу қарқыны жоғары деңгейге жете алатынын, ал табиғи шикізаты мол мемлекеттерде экономикалық өсу керісінше төмен бола алатынын көрсетеді. Осыған байланысты экономикалық өсудің негізгі факторы ретінде адам капиталына салынатын инвестиция роліне көңіл бөлген жөн.

Бұдан экономикалық өсу түсінігі қысқа мерзімді тербеліс ретінде емес, ал ұлттық шаруашылықтың ұзақ мерзімді тенденциясы (ұлттық өнімнің артуы) ретінде қаралады. Ұзақ мерзімді кезеңде бірлескен сұраныстарға емес, бірлескен ұсыныстардың өсуіне әсер ететін факторларға көңіл бөлу керек.

Экономикалық өсудің қайнар көзі неде?

Экономика өсуінің қайнар көзі – экономикалық ресурстар, экономикалық мүдделер мен ынталандыру. Олар атқаратын қызметтің көлемін ұлғайтуға және сапасын арттыруға белгілі уақыт кезеңінде барынша мүмкіндік жасайды.

Экономикалық дамудың ерекше қайнар көзі инвестиция (күрделі қаржы) болады. Бүгін салынған қаржы көлемі келешектегі табысты ұлғайтуды көздейді. Бұған Жапония елі айқын дәлел: халық шаруашылығын дамытуға жұмсалған жоғарғы деңгейдегі инвестиция әлемдік қауымдастықта оны дамыған мемлекеттің қатарына көтерілуге ықпал жасады. Экономикалық өсудің сапалық жаңа типінің түпкі мақсаты адам болып табылады. Оның ГТР жетістігімен қаруланған білімін, еңбегін де айта аламыз. Сондай-ақ оның барлық кездегі көп түрлі тұтыныстар әлеуметтік-экономикалық прогрестің басты критерийі болмақ.

Экономикалық өсу процесі өзара байланысты бірнеше факторларға байланысты. Макроэкономикада экономикалық өсу факторларының 3 тобын бөліп қарастырады:

**1) Ұсыныс факторлары:**

- табиғи ресурстардың сапасы мен көлемі;
- еңбек ресурстарының сапасы мен көлемі;
- негізгі капитал қорының көлемі;
- технология деңгейі.

**2) Сұраныс факторлары:**


- баға деңгейі, тұтыну шығындары, инвестициялық шығындар;
- мемлекеттік шығындар, таза экспорт.

**3) Бөлу факторлары:**

- ресурстарды өндірісте толық әрі ұтымды пайдалану;
- ресурстарды пайдаланудың тиімділігі.

Экономикалық өсуде ең маңызды орынды ұсыныс факторлары алады. Жоғарыда берілген экономикалық өсу факторларының өзара байланысын өндіріс мүмкіншіліктер сызбасы бейнелейді. Бұл берілген технология деңгейінде, берілген еңбек пен табиғи ресурстар көлемінде өндіруге болатын әр түрлі игіліктер сәйкестігін көрсетеді (14.1-сурет).

### Инвестициялық тауарлар



14.1 - сурет Өндіріс мүмкіндіктері қисығы

Экономикалық өсуді өлшеу үшін нақты өнімнің жалпы (ЖҰӨ, ЖІӨ) немесе адам басына шаққандағы көлемінің абсолютті өсімі мен өсім қарқыны қолданылады.

$$\Delta Y = Y_t - Y_{t-1} \text{ немесе } Y_t = \Delta Y_t / Y_{t-1}$$

мұндағы:  $t$  – уақыт индексі.

Экономикалық өсу көрсеткіштері:

- Өсу коэффициенті = есептік кезең көрсеткіші / базистік кезең көрсеткіші
- өсу қарқыны = өсу коэффициенті  $\times$  100%
- өсім қарқыны = өсу қарқыны – 100%

*Номиналды (атаулы) экономикалық өсу* – ағымдық бағамен есептелген экономикалық өсу.

*Нақты экономикалық өсу* – базалық бағамен есептелген экономикалық өсу.

Қоғамдық өндірістің типіне байланысты өнімнің өсу жылдамдығы мен өндіріс факторлары көлемі өзгерісінің арасындағы сәйкестік әртүрлі болуы мүмкін. Соған байланысты экономикалық өсудің бірнеше типтерін ажыратады:

Экономикалық өсуді екі типке бөледі:



*Экстенсивті* – тұрақты техника негізінде еңбектің орташа өнімділігін сақтай отырып қосымша қорларды пайдалану арқылы өнім көлемін көбейту.

*Интенсивті (қарқынды)* – бұл технология деңгейін көтеру арқылы өнім көлемін көбейту, яғни өндіріс факторларының тиімділігін арттыру арқылы өнімді ұлғайту.

*Аралас* – факторлардың өсуімен қатар техника мен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнім көлемінің өсуі.

Экономикалық өсу факторларын көбінесе экономикалық өсу типіне қарап топтастырады. Мысалы, экстенсивті факторларға капитал көлемін, еңбек көлемін ұлғайту, ал интенсивті факторларға технологиялық прогресс, масштаб арқылы үнемдеу, жұмысшылардың білім деңгейін көтеру, ресурстарды бөлуді жақсарту, т.б. жатқызады.

## 14.2 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ НЕОКЕЙНСТІК (ХАРРОД-ДОМАР) ҮЛГІСІ

Экономикалық өсу үлгілері:

- қарапайым кейнстік үлгі (Е.Домар мен Р.Харрод);
- неоклассикалық үлгі (Солоу үлгісі).

Домар мен Харродтың үлгісі бір үлгі ретінде қарастырылады. Бірақ олардың бір-бірінен зерттеу объектісі бойынша да, экономикалық мағынасы бойынша да өзгешеліктері бар. Домар үлгісі 1840 жылы ұсынылды. Өндіріс технологиясы Леонтьевтің өндіріс функциясы негізінде берілген. Онда капиталдың шекті өнімділігі тұрақты, ал ресурстар артық. Домар үлгісінде еңбек ұсынысы өте жоғары болғандықтан баға деңгейі де тұрақты болады. Өндіріс көлемі бір ғана ресурс *капиталға* тәуелді. Экономикадағы сұраныс пен ұсыныстың өсу факторлары *инвестиция өсімі* болып табылады.

$$\Delta Y_{AD} = \Delta I \times m = \Delta I \times 1 / 1-b = \Delta I \times 1/ s$$

мұнда:  $m$  – шығындар мультипликаторы;

$b$  – тұтынуға шекті бейімділік;

$s$  – қор жиынына шекті бейімділік.

Жиынтық ұсыныстың молаюы

$$\Delta Y_{AS} = \lambda \times \Delta k$$

мұнда:  $\lambda$  – капиталдың шекті өнімділігі (тұрақты),

$\Delta k$  – инвестиция көлеміне байланысты сондықтан былай жазуға болады:

$$\Delta Y_{AS} = \lambda \times I$$

Тепе-теңдік экономикалық өсу сұраныс пен ұсыныс теңескенде қалыптасады

$$\Delta I / S = \lambda \times I \quad \text{немесе} \quad \Delta I / I = \lambda \times S$$

Сонымен Домар үлгісі мынадай алғышарттарға негізделеді:

- үлгіде тек игіліктер нарығы қарастырылады;
- өндіріс технологиясы Леонтьев функциясы арқылы беріледі;
- факторлар өзара орын ауыстырмайды;
- еңбек нарығында артықшылық;
- капиталдың орташа өнімділігі және қор жинау нормасы тұрақты.

Харрод үлгісінде де игіліктер нарығы беріледі. Оның тек өзіне тән ерекшеліктері бар:

- инвестиция эндогенді өзгермелі болады, Домарда ол экзогенді өзгермелі;
- капитал сыйымдылығы тұрақты ( $k/y$ );
- кәсіпкерлердің іс әрекеті сұранысты күтуіне байланысты.

### **14.3 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ НЕОКЛАССИКАЛЫҚ (СОЛОУ) ҮЛГІСІ**

Р.Солоудың экономикалық өсу үлгісі - қор жинағы, еңбек ресурстарының және ғылыми-техникалық прогрестің халықтың өмір сүру деңгейі мен оның динамикасына әсер ету механизмін бейнелейтін экономикалық өсудің неоклассикалық үлгісі.

Р.Солоу үлгісі 1956 жылы дүниеге келді және ол қор жинағы, капитал қорлануы арасындағы өзара байланысты көрсетеді.

Р.Солоу Кейнс үлгісіндегі динамикалық тепе-теңдік тұрақсыздығының себебі, өндіріс факторларының бірін-бірі алмастыра алмайтындығында екендігін өзінің үлгісінде көрсетіп берді. Ол үлгіде Леонтьев функциясының орнына Кобб-Дугластың өндіріс функциясы пайдаланылды. Бұл функцияда өндіріс факторлары субституттар болып табылады, яғни олар бірін-бірі алмастырады. Р.Солоу үлгісі мынадай алғышарттарға негізделеді:

- өндіріс факторлары нарығында бәсеке жетілген және толық жұмысбастылық бар;
- игіліктер рыногында баға икемді;
- капиталдың кемімелі шекті өнімділігі;
- масштаб әсерінің тұрақтылығы;
- ығысудың (капиталдың тозуы) тұрақты нормасы;
- инвестициялық лагтардың болмауы.

Р.Солоу үлгісі алдымен техникалық прогресс жоқ масштаб әсерінің тұрақтылығы жағдайында қарастырылады. Кейін үлгіге капитал қоры нормасының өзгерісі нәтижесіндегі технологиялық жетістіктер енгізіледі.

Солоу үлгісі экономикалық динамиканы сипаттайтын теңдеулерден құралады.

Ұсыныс тұрақты масштаб әсері бар өндіріс функциясы арқылы өрнектеледі:  $Y = F(K, L)$  және кез келген  $z > 0$  үшін:  $zF(K, L) = F(zK, zL)$ . Онда, егер  $z = 1/L$ , онда  $Y/L = F(K/L, 1)$ , мұндағы  $Y/L$  – бір жұмысшыға шаққандағы орташа еңбек өнімділігі,  $K/L$  – бір жұмысшыға шаққандағы капиталмен қаруландыру.

Егер  $Y/L = y$ ;  $K/L = k$  деп белгілеп, жоғарыдағы функцияны былайша өрнектеуге болады:  $y = f(k)$ .

Сонымен бір жұмысшыға шаққандағы өндіріс көлемі оның капиталмен қаруландыру функциясы болып табылады, яғни бұл функция өнімділік және капиталмен қаруландыру арасындағы тәуелділікті көрсетеді. Аталмыш өндіріс функциясының тангенс бұрышы капиталдың шекті өніміне сәйкес келеді. Капиталмен қарулану өскен сайын капиталдың шекті өнімділігі кеміп отырады.

Солоу үлгісіндегі жиынтық сұраныс инвестиция және тұтынумен анықталады:  $y = i + c$ , мұндағы,  $i$  – бір жұмысшыға шаққандағы инвестиция,  $c$  – бір жұмысшыға шаққандағы тұтыну. Табыс қор жинағының нормасына байланысты тұтыну мен қор жинағының арасында бөлінеді. Тұтынуды төмендегідей өрнектеуге болады:

$$C = (1 - s)y$$

$$s - \text{қор жинағы, } y = c + i = (1 - s)y + i, \text{ бұдан } i = s * y$$

Тепе-теңдік жағдайында инвестиция қор жинағына тең және табысқа пропорционал болады.

Сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдік шарты төмендегідей өрнектеледі.

$$F(k) = c + i \text{ немесе } f(k) = i / s$$


Тауар нарығындағы ұсынысты өндіріс функциясы анықтайды, ал капитал қоры өндірілген өнімге деген сұранысты анықтайды. Өнім көлемінің динамикасы капитал көлеміне тәуелді. Капитал көлемі инвестиция мен капиталдың ығысуы әсерінен өзгереді. Инвестиция капитал қорын өсіреді, ал ығысу – азайтады.

Инвестиция қордың қарулануы мен жинақ нормасына тәуелді, бұл экономикадағы ұсыныс пен сұраныстың теңдігінен туындайды:  $i = s * f(k)$ .


$k$ -ның кез келген мәні үшін жинақ нормасы өнімді инвестиция мен тұтынуға бөледі:  $y = f(k)$ ,  $i = s * f(k)$ ,  $c = (1 - s) * f(k)$  (14.2-сурет)

Амортизация төмендегідей жағдайларда ескеріледі: жылдағы капиталдың тозуының салдарынан капиталдың тұрақты бір бөлігі ығысып отырады ( $d$  – ығысу нормасы), онда ығысу көлемі капитал көлеміне пропорционал болады және мынаған тең:  $d * k$

Бұл жағдай 14.3 -суретте бейнеленген.



14.2 -сурет



14.3-сурет

Инвестиция мен ығысудың капитал қорының динамикасына әсерін былайша өрнектеуге болады:  $\Delta k = i - dk$

Немесе инвестиция мен қор жинағының теңдігінен төмендегіні алуға болады:  $\Delta k = s * f(k) - dk$ .

Капитал қоры ( $k$ ) ( $\Delta k > 0$ ), инвестиция ығысу шамасына тең болғанша өседі:  $S * f(k) = dk$

Бұл жағдайдан кейін бір жұмысшыға есептегендегі капитал қоры өзгермейді, өйткені әсер етуші екі күш бір-біріне теңеледі ( $\Delta k = 0$ ). Инвестиция ығысуға тең болған кездегі капитал қорының деңгейі *еңбектің қормен қаруландыруының тепе-теңдік деңгейі* деп

аталады және  $k^*$  арқылы белгіленеді. Экономика  $k^*$  жеткен кезде ұзақ мерзімдегі тепе-теңдікке ие болады.


Тепе-теңдік тұрақты деп есептеледі, өйткені  $k$ -ның алғашқы мәнінен тәуелсіз экономика тепе-теңдік  $k^*$  мәніне ұмтылады.

Егер де алғашқы  $k_1 < k^*$  болса, онда жалпы инвестиция ( $s \cdot f(k)$ ) мәні ығысудан ( $dk$ ) үлкен болады және капитал қоры таза инвестиция көлеміне өседі.

Қор жинағының нормасы қор мен қаруландырудың тұрақты деңгейіне әсер етеді. Қор жинағы нормасының өсуі  $S_1$ -ден  $S_2$  инвестиция қисығын жоғары оңға,  $S_1 \cdot f(k)$ -дан  $S_2 \cdot f(k)$  деңгейіне қозғайды (14.4-сурет).

Бастапқы жағдайда экономика капиталдың тұрақты қор жинағына,  $k^*_1$ -ге тең, бұл жерде инвестиция ығысуға тең.

Инвестиция қор жинағы нормасының ( $i'_1 - i_1$ ) деңгейіне өскеннен кейін, капитал қоры ( $k^*_1$ ) тең және ығысу ( $dk_1$ )-ге тең болып бұрынғы қалпында қалды. Мұндай шарттарда инвестиция ығысуды үлкейтеді, демек капитал қорының деңгейі  $k^*_1$ -ден  $k^*_2$  өседі деген сөз.



14.4-сурет

Қор жинағының нормасы неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым өнім көлемі мен капитал қоры тұрақты тепе-теңдік жағдайына ұмтылады.

Қор жинағы нормасының өсуі қысқа мерзім кезеңіндегі экономиканың өсуін жылдамдатады. Бұл жағдайда экономика жаңа тепе-теңдік нүктесіне жетеді.

Дегенмен, қор жинағының үрдісі де, қор жинағының нормасы да, экономиканың тұрақты өсуі механизмін түсіндіре алмайды. Тек экономиканың бір тепе-теңдік жағдайдан екінші тепе-теңдік жағдайға көшуін көрсетеді.

Солоу үлгісін жетілдіру үшін екі алғышартты кезек-кезек алып тастаймыз. Бірінші – халықтың саны тұрақты және жұмыспен қамтылғандар тұрақты болады.

Екінші – технологиялық прогресс жоқ деп есептейміз.

Халықтың саны тұрақты  $n$  қарқынымен өседі. Бұл қормен қаруландыруға инвестиция және ығысумен қатар әсер ететін жаңа фактор болып табылады. Бір жұмысшыға шаққандағы капитал қорының өзгерісі төмендегідей бейнеленеді:

$$\Delta k = i - dk - nk \text{ немесе } \Delta k = i - (d + n)k$$

Халық санының өсуі ығысу сияқты қормен қаруландыруды төмендетеді. Капитал қорының төмендеуі нәтижесінде емес, ол өскен халыққа қайта бөлу арқылы болады. Бұл жағдайда капиталдың ығысуын қамтамасыз ететін және пайда болған жаңа жұмыс орындарын капиталмен қамту үшін қажетті инвестиция көлемі болуы тиісті.  $n * k$  мәні бір жұмысшыға шаққанда қанша қосымша капитал қажет болатындығын көрсетеді.

Экономикадағы тұрақты тепе-теңдік шартын тұрақты қормен қаруландыру ( $k^*$ ) жағдайында төмендегідей жазуға болады:

$$\Delta k = s * f(k) - (d + n)k = 0 \text{ немесе } s * f(k) = (d + n)k$$

Бұл жұмыспен толық қамтылған жағдайда бейнелейді.

Экономиканың тұрақты жағдайында капитал және бір жұмысшыға шаққандағы өндірілетін өнім, басқаша айтқанда қормен қаруландыру ( $k$ ) және еңбектің өнімділігі ( $y$ ) тұрақты болады. Бірақ халық саны өскенде қормен қаруландыру тұрақты болу үшін, халық қандай қарқынмен өссе, капитал соншалықты өсуі керек.

$$\Delta Y / Y = \Delta L / L = \Delta K / K = n$$

Сонымен халық санының өсуі тепе-теңдік жағдайындағы экономиканың үздіксіз өсуінің негізгі бір себебі болып есептеледі.

Халықтың өсу қарқынының ұлғаюына байланысты  $(d + n) * k$  қисығының бұрыштық коэффициенті өседі, мұндай жағдай тепе-теңдік қормен қарулану деңгейінің ( $k^*$ ) төмендеуіне немесе  $y$ -тің төмендеуіне әсер етеді.

### ***Р. Солоу үлгісіндегі технологиялық өзгерістер нәтижесі.***

Р.Солоу үлгісінің негізгі идеясы экономикалық өсу капиталмен қарулану есебінен емес, ғылыми-техникалық прогресс нәтижесінде жүзеге асырылуы тиіс. Үлгіге техникалық прогресті қосу алғашқы өндіріс функциясын өзгертеді. Бұл жағдайда өндіріс функциясы былайша бейнеленеді:

$$Y = F(K, L * E),$$

мұндағы  $E$  – еңбек тиімділігін көрсететін өзгермелі, ал  $(L * E)$  – тұрақты еңбек тиімділігі..

Неғұрлым  $E$  үлкен болған сайын, осы берілген жұмысшылар соғұрлым өнімді көп өндіреді.

Егер бір жұмысшыға шаққандағы еңбек тиімділігі  $E$  тұрақты  $g = 0,03$  қарқынымен өседі деп жорамалдасақ, онда әр бірліктен қайтарымдылық  $3\%$ -ға өседі. Өйткені жұмыс күші  $n$  қарқынымен, ал қайтарымдылық –  $g$  қарқынымен өссе, онда тепе-теңдіктің тұрақты жағдайындағы өнім көлемі  $n+g$  қарқынымен өседі.

### ***Қор жинағының «алтын ережесі»***

Қор жинағының «алтын ережесін» 1961 жылы америкалық ғалымы Э.Фельпс ұсынды. Ол ереже бойынша» дамыған экономика жағдайында халықтың жан басына шаққандағы тұтыну өзінің максималды деңгейіне капиталдың шекті өнімі экономикалық өсу қарқынына тең болғанда жетеді.

«Алтын ережеге» сәйкес келетін капитал қорының оңтайлы (оптималды) жағдайында мына шарт орындалуы тиіс:

$$MPK = d,$$

Мұндағы  $MPK$  – капиталдың шекті өнімі,  $d$  – амортизация, ал егер халық өсімінің қарқыны мен техникалық прогресті есепке алатын болсақ, онда  **$MPK = d + n + g$** .

«Алтын ережеге» сәйкес келетін **капитал қорының оңтайлы нормасы** тұтынудың максималды деңгейіне сәйкес келетін тепе-теңдік экономикалық өсуді қамтамасыз етеді.

Қорытатын болсақ, «алтын ережеге» сәйкес келетін капитал қорын анықтау - бұл капитал қорының оңтайлы нормасы мәселесін шешу дегенді білдіреді.

Егер экономикадағы капитал қоры «алтын ереже» жағдайынан үлкен болса, онда қор жинағының нормасын төмендететін бағдарлама қажет. Мұндай бағдарлама тұтынуды көбейтеді және инвестицияны төмендетеді. Экономика тепе-теңдік қалпынан шығып, «алтын ережеге» сәйкес келетін пропорцияға жетеді.

Егер де қарастырылып отырған кезеңде экономикада капитал қорының мөлшері төмен болса, онда қор жинағының нормасын көтеруге бағытталған бағдарлама қажет. Бұл бағдарламаның барысында инвестиция өседі және тұтыну төмендейді, бірақ капиталдың қоры өскен соң, белгілі бір уақыттан кейін тұтыну өсе бастайды. Нәтижесінде экономика жаңа тепе-теңдік жағдайына жетеді, бұл жағдай «алтын ережеге» сәйкес болады, демек тұтыну бастапқы жағдайынан жоғарылайды.

Жоғарыда қарастырған Солоу үлгісі экономиканың өсуінің ұзақ мерзімдегі механизмін сипаттайды. Мұнда экономика тепе-теңдікте болады және факторлар толық қамтылады.

Әл-ауқаттылықтың тұрақты өсуінің негізі ретінде техникалық прогресс қарастырылады және жоғары тұтынуды қамтамасыз ететін оңтайлы вариантты табуға мүмкіндік береді.

#### **14.4 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ ПОСТКЕЙНСТІК ҮЛГІСІ**

Экономикалық теориядағы посткейнстік бағытындағы кембридж мектебінің өкілдері – Дж. Робинсон, Н.Калдор, Ж.Милисс және т.б. өндірістік функция негізінде экономикалық өсуді факториалды талдауды теріске шығарды. Олар келесідей жорамалдады: егер еңбек пен капиталды техникалық бірлік ретінде емес, ал құн формасында көрсетсе, онда капитал мен еңбек «көлемі» жалақы мен пайда арасында кірісті үйлестіру салдарына байланысты ауытқып отырады. Сондықтан оларың көзқарастары бойынша ресурс шығындары мен өндіріс өнім арасында функционалды байланыс жоқ.

Бұдан басқа посткейнстік теория келесіні ескерген: неоклассикалық үлгілер негізінде қалыптасқан, экономикада жетілген бәсеке қатынасы үстем етеді.

Кембридж мектебінің өкілдері нарықты толық жұмыспен қамту мен өндіріс факторы арасында қоғамдық өнімді тарату үлгісін шығарды.

Экономикалық өсудің посткейнстік теориясы келесі алғы шарттарға негізделді (Дж. Робинсон моделі бойынша):

I. Рұқсат етілген өндірістің техникалық шарттары:

- табиғи ресурстарға шек жоқ;
- техникалық прогресс экзогенді өлшем ретінде қарастырылады;
- барлық кәсіпорындар бір экономикалық жүйеге интегралданған;
- жалғыз өзгермелі фактор – еңбек ресурсы.

II. Инвестициялық саясат кәсіпкердің жігерлі бастауынан құрылады:

- өз жұмысына сүйіспеншілік;
- жаңашылдыққа бейімділік;
- үлкен әлеуметтік топтармен басқару.



Демек, пайда кәсіпкердің тіршілік әрекеті индикаторы болып табылады (Дж. Робинсон бұл пайымдауды Й.Шумпетерден пайдаланған).

III. Қорды құру шарты:

Пайда мен жалақыдан қор жинағына түрлі шекті (MPS) бейімділік бар, олай болса қор табыс негізінде қалыптасады.

IV. Нарықтың бәсеке шарты келесі өрнекте көрсетілген:

$$P = (1 + \mu) * \frac{W}{a},$$

Мұнда  $P$  – баға,  $W$  – номиналды жалақы мөлшерлемесі;  $a$  – тікелей еңбек шығындар бірлігіне есептелгендегі орташа өнім өнімділігі;  $\mu$  – монополизация көрсеткіші немесе табыс құрушы үстеме.

V. Жалақы мөлшерлемесін құру. Қысқа мерзімде  $W$  тұрақты, ал ұзақ мерзімде – еңбек өнімділігінің өсуіне тікелей пропорционалды.

VI. Қаржылық нарықты құру шарты:

- инфляциялық саясатын ынталандырушы қызмет;
- мемлекеттік несие саясатының теріс активті ролі;
- инвестицияның көп бөлігі фирмаларды өзін-өзі қаржыландыру бойынша орындалады;
- банктер делдал болып табылады, онда пайыздық мөлшерлеме ролі азаяды.

VI. Өндірістің бастапқы қор факторлары келесіге байланысты:

- өндірістік қуат;
- еңбек күші;
- техникалық білім.

Алғышарттарға сүйене отырып, Робинсон өзінің экономикалық өсу моделін құрды. Кейнстік талдаудың негізінде автор кірісті үйлестіру өрнегін енгізді:

$$P_f = \frac{1}{1 - (1 - S_r) + \beta}.$$

Мұнда  $P_f$  - қоғамдағы тепе-теңдік табыс деңгейі;  $S_r$  – қор үлесі;  $\beta$  – тұтынуға жұмсалатын өнеркәсіптік табыстың үлесі.

Теңдеудің екі жағын негізгі капитал көлеміне бөле отырып, Робинсон табыстың қажет нормасын табады:

$$r = \frac{1}{S} * g,$$

мұнда  $r$  – табыс нормасы,  $S$  - жалпы қор жинағына орташа бейімділік;  $g$  – қордың тепе-теңдік өсу қарқыны.

Домар-Харрод моделі сияқты, экономикалық өсудің посткейнстік моделі де ішкі тұрақтылығы болған жоқ және мемлекеттің араласуын қажет етті. Робинсонның пікірінше, мемлекеттік іс-шаралар кірісті үйлестіру саласында орын алу керек, және келесіден құрылуы тиіс:

а) үстеме табысты алуға бағытталған активті салық саясаты (тәжірибе жүзінде, бұл саясат барысында ұлттық капиталдың «қашуына» әкеліп соқтырады);

ә) әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі;

б) кірістің өсу қарқыны туралы кәсіподақ, бизнес пен үкімет арасында келісімге тұру.

### **Конвергенция үлгісі**

Соңғы 25 жылда жүргізілген көптеген зерттеулерде дамушы елдер (Бразилия, Мексика) және Шығыс Азия елдері (Корея, Сингапур, Тайвань) сияқты мемлекеттерде басқа көптеген индустриалды дамыған елдерге қарағанда орташа даму (өсу) қарқыны жоғарырақ болды.

Бұның негізінде гипотеза туындады, егер жоғары өсу қарқыны болашақта да сақталса, онда нашар дамыған елдер нәтижесінде – (бір адам басына шаққанда табыс деңгейі жоғары елдерді) жетіп алады. Басқаша айтқанда, конвергенция үлгісі табысы төмен елдер, көшбасшы елдерді қуып жетпегенше тез дамиды, бірақ содан кейін бұл елдер экономикалық өсу қарқыны баяулайды және көшбасшы елдердегі өсу қарқынымен бірдей болады.

Бұдан конвергенция теориясында әлемдік экономикадағы кедей және бай елдердің экономикалық дамуындағы айырмашылықты қысқарту және олардың өсу қарқынын түйістіру жайлы маңызды тенденциялар берілген.

Конвергенция теориясының өкілдері екі жағдайды қарастырып кеткен. Біріншіден, бай елдерден төмен дамыған елдерге жәрдем ретінде капиталдың құйылуы. Екіншіден, мемлекет кірістерінің айырмашылығы болғандықтан, олардың технологиялық айырмашылығы болады, егер артта қалған мемлекеттердің алдыңғы қатарлы техникамен қолданса, онда көшбасшы мемлекеттің даму деңгейіне сай болады.

Бірақ конвергенция жайлы фактілік мәліметтер қарама қайшы келген. Сондықтан конвергенция өкілдерімен қатар, бұл гипотезаға

қарсы басқа көзқарастар да бар (олардың пікірінше түйістіру тенденциясы өте әлсіз).

Бұл келесі себептермен түсіндіріледі. Біріншіден, конвергенцияны туғызатын факторлар тек дамушы елдердің саяси әлеуметтік және экономикалық институттары шетел технологиясы мен капиталдың құйылуына көмек көрсете білген жағдайда ғана жәрдем бола алады. Мысал ретінде Шығыс Азия мемлекеттерінің екі он жылдық аралығындағы жылдамдатылған өсу қарқынын келтіруге болады. Қарама-қарсы жағдайда конвергенцияны белгілейтін күштің әсері әлсірейді.

Конвергенция әлсіздігінің екінші себебі П.Ромер мен Р.Лукастың экономикалық өсудің жаңа теорияларына сүйенеді, яғни сыртқы әсерлерге байланысты. Олардың пікірінше, бұл елдің басқа нашар дамыған елдерге қарағанда бір жан басына шыққандағы адам капитал деңгейінің бастапқыда артықшылыққа ие болса, онда лидерлігін ұзақ мерзімге дейін сақтауға мүмкіндік туады, яғни кедей мемлекеттермен салыстырғанда инвестиция мен жаңа қорлардың көп бөлігін тартады.

Бұл болжам дамушы елдер үшін жұбанышты жағдай емес. Конвергенция туралы фактілік мәліметтердің әр тектілігіне қарамастан, Шығыс Азия мемлекеттерінің тәжірибесі оптимизм мен үмітке сендіреді.

## **14.5 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ РОЛІ**

Экономикалық өсудің тиімділігі мен сапасы Қазақстан үшін маңызды мәселе. Ұзақ мерзім бойы еліміздің экономикалық дамуының нәтижесі жалпы қоғамдық өнімнің сан жағынан өсу арқылы бағаланып отырды. Кәсіпорындардың қалыптасуы мен дамуы іс жүзінде олардың өздерінің өнімдерін сатудан түскен табыстар есебінен шығындарын өтеу қабілетімен байланысты болмады.

Экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі мемлекеттің ролі туралы әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Олардың негізгілері:

- ең алдымен қоғамда заңдылық пен тәртіпті орнату қажеттілігі. Заңдардың сақталмауы еңбек ресурстары мен табиғи ресурстардың дұрыс пайдаланбауына әкеледі;

- әлеуметтік тауарлар мен қызметтердің тапшылығы, инфрақұрылымның жеткілікті деңгейде дамымауы экономикалық

өсуге тежеуші болады. Ал қоғамдық тауарлар мен қызметтерді тек мемлекет қамтамасыз ете алады;

- міндетті жинақ пен капитал салымдарын мелекет тарапынан реттеудің қажеттігі.

Қоғамның жалпы даму деңгейін айқындайтын экономикалық өсу - бұл қоғамдағы пайдалылық көлемінің ұлғаюы, демек, халықтың өмір сүру деңгейінің артуы. Экономикалық өсу әлеуметтік тұрақтылықпен үйлескенде ғана маңызыды болады. Ол бірқатар теңдестірілген мақсаттарға жетуді көздейді:

- өмір сүру ұзақтығын арттыру, ауру мен жарақаттануды төмендету;

- білім мен мәдениет деңгейін көтеру; тұтынуды жақсарту және тұтынуды ұтымды ету;

- әлеуметтік тұрақтылық және олардың болашағына сенім; кедейлікті еңсеру, барынша жұмысқа орналасу;

- қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік; қылмысты азайту.

- Экономикалық өсудің тиімділігі «өнімділік тиімділігі» бүкіл көп қырлы тұжырымдамасының өсуі ретінде түсіндіріледі, атап айтқанда:

1) тауарлар мен қызметтердің сапасын арттыру, олардың ішкі және әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2) жаңа тауарлар мен қызметтерді бұрын игерілмеген және жаңа қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін игеру;

3) елдің халықаралық еңбек бөлу жүйесіндегі аумақтық, ресурстық-экономикалық артықшылықтарын ескере отырып, өндірістің мамандануын және ынтымақтастығын тереңдету;

4) менеджменттің дағдыларын арттыру және фирмалар ішінде еңбек өнімділігін арттырудың тиімді мотивациясын пайдалану;

5) елдің салалары мен өңірлері бойынша өндірістік ресурстардың бөлінуін жақсарту;

6) шектеулі өндірістік ресурстардың шығындарын барынша азайтуға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды дамыту.

Қазақстанның экономикалық саясаты экономикалық тиімді секторларын қолдауға бағытталған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасы болашақта отандық тауар өндірушілерді барынша қолдауға, қазақстандық тауарлардың ішкі және сыртқы нарықтарына кеңейтуді көздейді.

Қазақстанның «Қазақстан-2030» Стратегиясында ұзақ мерзімді басымдықты мақсаттар мен іске асыру стратегиясы айқын көрсетілген, оның бірі - шетелдік инвестициялардың жоғары деңгейі бар дамыған нарықтық экономикаға негізделген

экономикалық өсу. Тиімді экономикалық өсудің стратегиясы күшті нарықтық экономикаға, мемлекеттің белсенді рөліне және айтарлықтай шетелдік инвестицияларды тартуға негізделген.

Экономикалық өсудің тиімділігі мен сапасын арттырудың маңызды бөлігі адами факторға инвестицияларды арттыру болып табылады. Адам факторы - бұл адамның табысты қалыптастыру қабілеті. Бұл санат тек тектік қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар адамның білімі мен біліктілігін де қамтиды. Адами капиталға салынған инвестициялар уақыт өте келе жеке адамға да, қоғамға да қайтарылады.

Қазақстанда экономикалық өсудің жаңа сапасын қалыптастыру тұтынушылардың қанағаттану деңгейін арттыруға бағытталған кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға бағытталған, нарықтық реформаларды жүзеге асырумен байланысты, кәсіпкерлер мен өндірушілердің өндірістегі шығармашылық бастамаларын дамытуға байланысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2005 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Егер осыдан он жыл бұрын жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніміміз 700 доллардан сәл ғана асса, 2004 жылдың соңында ол 2700 долларға жетті, ендеше биылғы жылы біздің жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніміміз 3000 доллардай болады деген болжамымыз бар» деген болатын. Сондай-ақ Президент 2010 жылы жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімді 5800 АҚШ долларынан асатын мөлшерге, яғни Чехия, Венгрия, Польша, Малайзия сияқты елдердің бүгінгі деңгейіне жеткізуге күшіміздің жететіндігіне сенім білдірген болатын. 2015 жылы жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніміміз 10 509,9 долларды құрады.

Сонымен Қазақстан Республикасының экономикалық өсуге қол жеткізу барысындағы міндеттері:

1. Мемлекеттің белсенділігімен қатар экономикаға араласуды шектеу.
2. Қатаң монетарлық, фискалдық шектеулер қою.
3. Шетелге қаржылық инвестиция шығару туралы стратегия құру.
4. Құқықтық қорғау.
5. Энергетикалық және басқа да табиғи ресурстарды өңдеу.
6. Инвестициялық саясатты жүзеге асыру.
7. Индустриалдық технология стратегиясын жасау.
8. Өндіріс диверсификациясын жүргізу.
9. Өндіріс салаларының бәсекелік қабілеттілігін дамыту.

***Негізгі түсініктер:***

Экономикалық өсу.

Атаулы экономикалық өсу.

Нақты экономикалық өсу.

Экстенсивті экономикалық өсу.

Интенсивті экономикалық өсу.

Харродтың экономикалық өсу үлгісі.

Домардың экономикалық өсу үлгісі.

Солоудың экономикалық өсу үлгісі.

Э.Фелпстің «Алтын ережесі».

***Талдау сұрақтары:***

1. Экономикалық өсудің факторлары мен тұрпаттары.
2. Солоу үлгісі.
3. Өсімнің факторлық үлгісі.
4. Қорланудың «алтын» қағидасы.
5. Адам капиталына инвестициялар.
6. Сыртқы әсерлер.
- 7.

## XV тарау

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ (ЦИКЛ) ТЕОРИЯСЫ

15.1 Экономикалық кезең (цикл): мәні, сатылары, көрсеткіштері

15.2 Экономикалық кезең түрлері мен факторлары

15.3 Экономикалық кезең себептерінің теориялық тұжырымдамалары

#### *Қаралатын мәселелер*

Экономикалық кезең (цикл) дегеніміз не? Ол қандай сатылардан тұрады. Экономикалық кезең жағдайында экономикалық көрсеткіштерді ауытқу деңгейіне байланысты қандай түрлерге бөледі? Экономикалық кезеңдерді ұзақтылығына (толқындар) байланысты қалай жіктейді? Өндіріс қозғалысының кезеңдік себептеріне экономикалық теорияда қалыптасқан теориялық көзқарастар. Экономиканың кезеңдік даму жағдайындағы мемлекеттің экономикалық саясаты.


## 15.1 ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ (ЦИКЛ): МӘНІ, САТЫЛАРЫ, КӨРСЕТКІШТЕРІ, ФАКТОРЛАРЫ

Экономикалық кезең (цикл) – бұл экономика деңгейінің құлдырауы мен көтерілуінің бірнеше жылдар аралығында қайталануы. Кейбір жеке экономикалық циклдер бір – бірінен ұзақтығы мен қарқындылығына байланысты айырмашылықтары бар. Алайда ол циклдерді әр ғалым әртүрлі атағанымен олар бірдей сатылардан өтеді. Экономикалық цикл сатылары 61-суретте берілген.

**1. Ең жоғарғы саты немесе экономикалық өркендеу** жағдайында өндіріс толық қарқында жұмыс істейді. Экономика еңбекпен толық қамтылған. Бұл сатыда баға деңгейі өсу тенденциясына бейім және өндіріс өте жоғары деңгейде болады. Тауар өндірісі тұтынуға сәйкес келмеген жағдайда шектен тыс өнім өндіріледі.

**2. Құлдырау немесе дағдарыс сатысы.** Экономикалық өркендеуден кейін құлдырау келеді, өндіріс көлемі қысқара бастайды. Соның нәтижесінде жұмыссыздық көбейеді, адамдардың табыстары төмендейді. Табыс аз болғандықтан тауарларға сұраныс азаяды да, кәсіпорындардың пайдасы қысқарады. Бірақ көптеген тауарға баға төмендей қоймайды. Баға деңгейі тек тоқырау кезінде төмендеп кетуі мүмкін.

**3. Ең төменгі саты немесе тоқырау сатысы.** Бұл сатыда өндіріс пен жұмысбастылық деңгейі ең төменгі межесіне жетеді. Сондықтан тоқырау кезеңі ең ауыр өтпелі экономикалық жағдайды сипаттайды. Экономистер іскерлік циклдің бұл сатысының қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді түрлерін бөледі.



15.1 – сурет Экономикалық кезең (цикл) сатылары



**4. Көтерілу немесе жандану сатысында** өндіріс көтеріле бастайды. Жұмысбастылық өсіп, толық жұмыспен қамту деңгейіне жақындайды. Жандану күшейе бастағандықтан баға да көтеріледі, сөйтіп өндірістің толыққанды жұмыс істеуіне мүмкіндік туады.

Экономиклық кезең жағдайында экономикалық көрсеткіштерді ауытқу деңгейіне байланысты мынадай түрлерге бөледі:

а) *циклге байланысты* – өндірістің жиынтық көлемі, өндіріс қуатының деңгейі, ақша агрегаттары, ақша айналымының жылдамдығы, бағаның жалпы деңгейі, корпорациялардың пайдалары, қысқа мерзімдік пайыз мөлшерлемесі. Бұл көрсеткіштер өрлеу кезінде жоғарылайды, құлдырау кезінде төмендейді.

ә) *циклге қарсы* – жұмыссыздық деңгейі, банкротқа ұшырағандар саны, дайын өнім қорларының көлемі. Бұл параметрлер, керісінше, өрлеу кезінде төмендейді, құлдырау кезінде жоғарылайды.

б) *циклге байланысты емес* – экспорт көлемі. Оның өзгеру динамикасы экономикалық цикл фазаларына тәуелді емес.

Экономикалық кезеңдерге әсер ететін факторларды сыртқы және ішкі деп бөледі.

**Сыртқы факторлар** – экономикалық жүйеге тәуелсіз факторлар. Оларға халық санының өзгеруі, соғыстар, төңкеріс, басқа да шиеленістер, жаңа жерлерді игеру, жаңа кен орындарын ашу, ғылыми-техникалық прогресс жатады.

**Ішкі факторлар** – экономикалық жүйемен байланысты факторлар. Ондай факторларға тұтытудағы, инвестициядағы, жұмысбастылықтағы, мемлекеттің экономикалық саясатындағы өзгерістер, тауар және ақша қайшылықтары, тұтыну мен ұсыныс арасындағы қайшылықтар, капиталдың артық қорлануы, капиталдың физикалық қызмет көрсету мерзімін жатқызады.

## 15.2 ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕЗЕҢНІҢ (ЦИКЛДІҢ) ТҮРЛЕРІ

Экономикалық кезеңдерді жіктегенде екі белгі қолданылады: ұзақтығы немесе циклдің мерзімділігі. Ұзақтығына байланысты бірнеше түрлерге бөледі (2-кесте)

Китчин тауарлық запастар қозғалысындағы қаржы шоттары мен сату бағасын талдау негізінде, өзінің назарын, 2-ден 4 жылға дейін болатын, қысқа толқындарды зерттеуге аударған.

Жуглярдың циклдердің ұзақтығы 7-12 жыл, осы циклдің басқаша аттары бизнес – цикл, өнеркәсіптік цикл, орташа цикл. Бірінші өнеркәсіптік цикл 1825 жылы Англияда болды. Осы кезде

машиналық өндіріс металлургияда, машина жасауда және басқа жетекші салаларда билік жүргізуге кіріскен болатын. 1847-1848 жылдардағы дағдарыс АҚШ-та басталған, соның бірнеше Еуропалық елдерге де тараған, осы дағдарысты мән жағынан қарағанда өнеркәсіптік цикл деп атауға болады.

1946ж. С.Кузнец «Ұлттық табыс» деген еңбегінде мынадай қорытындыға келді: ұлттық табыстың, тұтынушылық шығындардың, өндірістік жабдықтарға сол сияқты ғимараттарға, құрылыстарға жасалған жалпы инвестициялардың көрсеткіштері өзара байланысты жиырма жылдық ауытқулардың бар екенін айқындайды және құрылыста осы ауытқулардың амплитудасы салыстырмалы ең үлкен болады.

### Экономикалық цикл түрлері

Экономикалық цикл түрлері	Ұзақтығы	Себептері, ерекшеліктері
Дж. Китчиннің қысқа толқындары	2-4 жыл	Алтынның әлемдік қорының тербелісі ЖҰӨ-нің, инфляцияның, жұмысбастылықтың тербелісіне әкеледі
К. Жуглярдың “орташа толқындары”	10 жыл	Ақша айналысындағы өзгерістер, кредиттік жүйенің мәселелері ЖҰӨ-нің тербелісіне, инфляцияға, жұмыссыздыққа әкеледі
Кузнецтің циклдері	18 – 25 жыл	Экономикалық циклдердің себептері күрделі құрылыспен байланысты
Кондратьевтің “ұзын толқындары”	40-60 жыл	Басты қозғаушы күш – технологиялық өндірістегі технологиялық базаның өзгеруі мен оның құрылымдық қайта құрылуы
Форрестердің циклдері	200 жыл	Энергия қуаты мен материалдарға байланысты
Тоффлердің циклдары	1000-2000 ж.	Цивилизацияның дамуымен, олардың жоғалуымен немесе жаңа сатымен байланысты

Циклдік теорияны жасауда айрықша орынды Николай Дмитриевич Кондратьев (1892-1938жж.) алады. Ол Петербург университетінің түлегі, кейіннен сонда профессор болған. Экономика институты ғылыми кеңесінің мәжілісінде 1926 жылы 6

ақпанда жасаған «Конъюктураның үлкен циклдары» баяндамасы оған әлемдік атақ әкелді. Зерттеудің толық нәтижесі осы атпен 1928 жылы шыққан кітапта баяндалды. Экономикалық циклдардың 7-11 жылға созылатындығы белгілі болса, бұдан басқа да 48-55 жылға созылатын ұзақ циклдардың бар екендігі белгілі бола бастады. Мәселен, Н.Д.Кондратьев мынадай үлкен циклдерді қарастырды. Ол (цикл) қоғамдық өндірістің технологиялық базасының радикалды өзгеруімен және оның құрылымдық қайта құрылуымен түсіндірілді.

ТМД елдерінде 1990 жылдары экономикалық дағдарыстың жаңа типі пайда болды – бұл өндіруі жетпеген дағдарыс. Себеп КСРО-ның құлауына байланысты бұрынғы одақтас республикалардың өзара экономикалық байланыстарының үзілуі және жаңадан егеменді мемлекеттердің құрылуы. Сондай-ақ статистикалық мәліметтердің көрсетуінше, өндіруі жетілмеген экономикалық дағдарыстың алғышарттары КСРО-ның құлдырауынан ұзақ уақыт бұрын қалыптаса бастаған, дәлірек айтсақ 70-ші жылдардың кезінде бастаған. Сол кездің өзінде жанар-жағар және шикізат салаларының өндірісінде құлдырау байқалған: көмір мен мұнай, темір рудасын өндіру қысқарған, шойын мен болат балқыту кеміген. Бұл экономикалық ұдайы өндіріс мүмкіндіктерінің тығырыққа тірелгендігін көрсетті және ол жағдай ауыл шаруашылығында байқалды. Нәтижесінде соңғы 20 жылда астық, картоп, көкөніс басқа да өнімді өндіру көлемі өзгеріссіз қалып, ал елдегі тұрғындар саны шамамен 20%-ға артты.

Мәселенің бұлай күрделенуі әскери шығындарға қаражаттың мол жұмсалыуымен және тұрғындардың ақшалай табысының кәдімгідей өсуімен байланыстырылады. Тіпті 1990 жылы тұрғындардың ақшалай табысы 17%-ға өсіп, ал тауар мен қызмет көрсетуді қанағаттандыра алмаған сұраным 238 млрд. рубльге жетті. Қазақстан жалпы одақтық халық шаруашылығы кешенімен тығыз интеграцияда болғандықтан, бұл жерде де өнеркәсіп өндірісінің қысқаруы белең алды. Ақшалай табыстың өсуі, өнеркәсіп өндірісінің қысқаруы тауар мөлшерімен қамтамасыз етілмеді. Қанағаттандырылмаған сұраным республикада 1990 жылы 16,5 млрд. рубльден асып кетті немесе 76%-дан астам жылдық тауар айналымы мен ақылы қызмет көрсетуді құрады. өндірістің құлдырауы соңғы 4-жылда да жалғасты.

Экономикалық дамудың 1997-2000 жылдары ЖІӨ, өнеркәсіптік өндіріс, инвестиция көлемі және басқа да негізгі көрсеткіштер өсе бастады. Дегенмен, экономикалық дамудың оң динамикасы сол жылдардағы жаһандық қаржылық дағдарыспен

айтарлықтай баяулады. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде 1997 жылы басталған дағдарыс Қазақстан экономикасына кері әсерін тигізді.

Сол кездегі макроэкономикалық деңгейде жүргізілген шаралар:

- «зейнетақы реформасын жүзеге асыру;
- мемлекеттік мүлікті жекешелендіру және басқару процестерін жетілдіру;
- отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі кешенді шараларды іске асыру –
- қаржы саласындағы реформаларды тереңдету;
- әлемдік нарықтардағы баға жағдайындағы қолайсыз өзгерістерге тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру туралы шешім қабылданды.

1999 жылдың екінші жартысынан бастап Қазақстан қоғамы макроэкономикалық тұрақтылықты, экономикаға инвестициялардың тұрақты өсуін, Қазақстанның ұлттық қорын және Қазақстанның даму банкінің құруды және өңдеу өнеркәсібін дамытуды мемлекеттік қолдауға бағытталған экономикалық өсу кезеңіне өтті.

2003 жыл нарықтық экономика институттарының табысты жұмыс істеуінің басталуымен сипатталады. Экономиканың жекеменшік секторы, салықтық, сауда және инвестициялық заңнама қалыптасты және нығайып келеді. Мұның бәрі тауарлар мен капиталды еркін алға жылжытуды қамтамасыз етті. 2003 жылы 2000 жылмен салыстырғанда ЖІӨ 13% -ға өсті.

2008 жылы басталған әлемдік қаржы дағдарысы өте күрделі болды. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «шкала бойынша бүгінгі жаһандық дағдарыс соңғы 70 жылда ең ірі болып табылады» деп айтқан болатын. Бұл дағдарыс, отызыншы жылдардағы «Ұлы депрессияға» қарағанда үлкен болды. 2008 жылғы қаржы дағдарысының салдарын еңсеру үшін әлемнің жетекші экономикасы 9,4 трлн астам теңге жұмсады, бұл әлемдік ЖІӨ-нің 15% құрады.

Жаһандық қаржы дағдарысының себептері АҚШ-тың ипотекалық бағалы қағаздар нарығынан басталып біртіндеп қор нарығына тараған дамыған елдер экономикасындағы активтерге бағаның шектен тыс өсуіне байланысты болды. Қаржы нарығының инфрақұрылымы мен субъектілері брокерлер, кеңесшілер, аудиторлар, заңгерлердің активтер құнын тұрақты өсіруі нәтижесінде қаржылық пирамидалар пайда болуына әкелді.

Көптеген елдерде қайта қаржыландыру ставкасы төмендеді, өтімділік артты, халықтың банк депозиттері бойынша кеңейтілген кепілдіктер берілді, атаулы көмек көрсетілді, кейбір банктер ұлттандырылды. Сарапшылардың пікірінше, қаржы дағдарысының негізгі себептері шектен тыс несиелендіру, мақсатсыз инвестициялар салу және тәуекелдерді басқару тиімсіздігі болды.

Бұл жағдайда, мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары: ішкі сұранысты ынталандыру, инфрақұрылым мен энергетиканы дамыту, сондай-ақ еңбек нарығындағы және халықты әлеуметтік қорғау жүйесін, тұрғын үй құрылысы және жылжымайтын мүлік нарығын қолдау, ауыл шаруашылығы үшін қолдау, экспортқа бағдарланған өндірістерді, шағын бизнес реттеу қаржы және банк жүйесі болды.

Әлемдік экономикалық тұрақтандыру курсы анықтауда 2009 жылдың сәуір айында Лондонда болған «Жиырмалық топ» саммиті маңызды рөл атқарды. Мемлекет және үкімет басшыларының кездесуі әлемдік экономикалық дағдарысты еңсеруге арналды. Саммитте миллиардтаған жұмыс орындарын үнемдеуге және өндірісті 4% -ға ұлғайтуға мүмкіндік беретін келісілген 5 триллион долларлық келісілген салық шаралары мақұлданды.

Тиісті елдердің орталық банктері, ең алдымен, пайыздық мөлшерлемелерді төмендету және баға тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы экономикалық өсуді ынталандыру саясатын жүргізуге бел байлады. Саммиттің қорытынды құжатында дағдарыстың негізгі себептері қаржы секторындағы құлдырау, қаржылық реттеу мен қадағалаудағы сәтсіздіктер делінді. Осыған орай, қаржы жүйесіндегі халықаралық стандарттарды құру, реттеу мен қадағалауды күшейту қажет деп көрсетілді.

### **15.3 ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ (ЦИКЛ) СЕБЕПТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ**

Өндіріс қозғалысының циклдік себептеріне экономикалық теорияда қалыптасқан бірнеше теориялық көзқарастар бар.

К. Маркс артық өндірудің циклдік дағдарысының реттілікпен қайталану себептерін тұрақты капиталдық оқтын-оқтын жаппай жаңаруымен қарастырған. Марксистердің айтуы бойынша, экономиканың циклдік дамуы өндірістің нәтижесін иемденудің жеке капиталистік формасының арасындағы қайшылықтарға байланысты. Капиталдың қорлануы, өндіргіш күштердің дамуы өндірістің қоғамдасуын жоғарылатады, яғни капиталдың

шоғырлануы және орталықтануы, индустриялық орталықтар мен ірі капиталистік кәсіпорындарының қалыптасуы. Марксизм теориясында аграрлық дағдарыстар капиталистік дағдарыстардың ерекше көрінісі болып табылады. Олардың себебі ортақ: капитализмнің негізгі қайшылығы, бірақ ерекшеліктері бар:

- а) жерге шаруашылық объекті ретінде монополияның болуы;
- б) аграрлық секторда баға белгіленудің ерекшеліктері;
- в) табиғи фактордың әсері;
- г) ауыл шаруашылығының даму дәрежесінің өнеркәсіптігінен төмен болуы.

Ағылшын экономисі Дж.Кейнстің ойынша, цикл фазасының алмасуы күрделі қаржы мөлшерімен байланысты, ол пайда мөлшері мен пайыз мөлшері арақатынасымен түсіндіріледі. Дағдарыс сонда ғана болады, егер пайда мөлшері пайда мөлшеріне дейін төмендесе, кәсіпкердің өндірісті дамытуға қаржы салу ниеті жойылады.

Неоклассиктер мен неокейнсшілдер циклдік дамуының себебіне капитал запасының өндіріс шарттарына үйлесу процесін жатқызады. Жыл сайын ұдайы өндірілетін көлемімен және осы мезгілге дейінгі жинақталған запасының арасында тепе-теңдік пропорция бар. Осы тепе-теңдік бұзылмағанша циклдік ауытқулардың болуы мүмкін емес. Осы екі бағыттарының циклдік теориядағы айырмашылығы тепе-теңдіктің сипаты мен себептері.

Американ экономисі Милтон Фридмен басқарған «монетаристік мектеп» өкілдері циклдік дамудың басты себептерін ақша факторынан іздейді. Дағдарыстар мемлекеттің ақша саясатының нашар жүргізуінен туындайды.

Циклдердің себептерін зерттеген бағыттардың бірі - психологиялық теориялар. Психологиялық теориялардың бір бағыты 19-20ғғ. пайда болды, өкілдері У. Джевонс пен В.Парето. Циклдік дамуын тауар нарықтарындағы және қор биржасындағы кәсіпкерлердің іс - әрекетімен байланыстырады, яғни баға мен құнды қағаздардың бағамының одан әрі өсу күтімдерінің себептерімен. 20ғ. басында психологиялық теориялардың екінші бағыты пайда болған және А.Пигудың теориясымен байланысты. Басты себепті өндірушілердің өндірістік капитал салымының ерекшелігімен байланыстырады. Р.Лукастың шығарған экономикалық тепе-теңдік теориясы шаруашылық субъектілерінің тәртібі және олардың экономикалық мәліметті қабылдауының ерекшеліктеріне негізделеді. Бұл теорияның басты ойы – ақша массасының күтпеген өсуі және осымен байланысты бағалардың өсуімен байланысты акселерациялық механизмнің өзара әсері.

Сыртқы фактордың әсеріне тоқтаған Виксель, Шпитгоф, Шумпетер деген зерттеушілер. Қазіргі кезде циклдердің себептерін зерттеуде математикалық әдістер қолдануда.

Алғашқы дағдарыс 1825 жылы Англияда басталған. Содан кейін ол 1836 ж., 1841 ж., 1847 жылы АҚШ, Англия мен Франция, Германияны қамтыды. 1857 жылғы дағдарыс бірінші дүниежүзілік циклдік дағдарыс болып саналады. Одан кейін 1873, 1882, 1990, 1907 жылдарда қайталанды. Экономикаға үлкен шығын әкелген 1920-1921, 1929-1933, 1937-1938 жж. экономикалық дағдарыстар. “Ұлы тоқырау” атын алған өте терең және ұзақ дағдарыстың сипаты 1929-1933 жылдарда болған еді.

***Негізгі түсініктер:***

Экономикалық кезең (цикл).

Дағдарыс.

Экономикалық өрлеу.

Тоқырау.

Жандану.

Экономикалық циклдің ішкі факторлары.

Экономикалық циклдің сыртқы факторлары.

Қысқа мерзімді экономикалық цикл.

Орта мерзімді экономикалық цикл.

Ұзақ мерзімді экономикалық цикл.

***Талдау сұрақтары:***

1. Экономикалық кезең (цикл), оның түрлері.
2. Экономикалық циклдің сатылары (фазалары).
3. Экономикалық циклдердің себептері.
4. Инфляцияның экономикалық циклге әсер етуі.
5. Мемлекеттің антициклдік саясаттың құралдары.
6. ҒТП және экономикалық өсу.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мамыров Н.Қ., Есенғалиева Қ.С., Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2003. - 432 б.
- 2 Макроэкономика. Оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарғандар: Ә.Ә.Әбишев, К.А.Хубиев.- Алматы: Экономика баспасы, 2008. – 368 б.
- 3 Агапова Т.А., Серегина С.Ф. Макроэкономика: учебное пособие / Т.А.Агапова, С.Ф.Серегина.- 9-изд., дополненное. – М.: Маркет ДС, 2209.- 416 с.
- 4 Макроэкономика / под ред Яковлевой Е.Б. СПб.: Поиск, 1997. – 380 с.
- 5 Макроэкономика. Оқу құралы/ А.И.Ғиззатова, А.А.Ким - Алматы, «Бастау» баспасы, 2014. - 408 бет.
- 6 Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р. Макроэкономика: Учебник для вузов. 4-ое изд. – СПб.: Питер, 2011.- 448 с.
- 7 Тарасевич Л.С., Гальперин В.М., Гребенников П.И., Леусский А.И. Макроэкономика: учебник / Общая ред Тарасевича Л.С.- СПб.: 1999. – 320 с.
- 8 Дорнбуш Р., Фишер С. Макроэкономика – М.: Изд-во МГУ: 1997.-574 с.
- 9 Кенжеболатова М.Ш. Макроэкономика: Оқу құралы.- Астана: С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ баспасы, 2009. – 170 б.
- 10 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика агенттігі мәліметтері бойынша құрылған. Қазақстан 2016 жылы / Статистикалық жылнамалық, Астана, 2017. – 478 б.

### **Қазақстан Республикасы Заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдаулары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулылары мен басқа да нормативті құжаттар**

- 1 "Бизнестің жол картасы - 2020" Мемлекеттік Бағдарламасы. Бағдарламаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 Қаулысы.
- 2 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
- 3 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»



атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

4 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 10 қаңтар. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

**Бауэр Майра Шакибаевна**

**Макроэкономика**

Оқу құралы

Теруге жіберілді – 5.02.18  
Пішімі 64x80 <sup>1/16</sup>  
Шартты баспа табағы 13,1

Басуға қол қойылды – 6.02.18  
Тапсырыс № 1458  
Таралымы 100 дана

---

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің баспасы, 2018 ж.  
010011, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 62 а, тел. 393917